



**ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ МОҢҒОЛ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**


**I
ТОМ**



**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ**

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ**

Құл-Мұхаммед М. А., *бас редактор*
Тәжин М. М., *бас редактордың орынбасары*
Нұрғазин Н. М., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж. М.
Әбусейітова М. Қ.
Әуезов М. М.
Байпақов К. М.
Бұрханов К. Н.
Ертісбаев Е. Қ.
Зиманов С. Э.
Кекілбаев Ә.
Қасқабасов С. А.
Мағауин М. М.
Мәмбеев С. А.
Нұрпейісов Ә. К.
Нысанбаев Ә. Н.
Рахмадиев Е. Р.
Сұлтанов Қ. С.
Сүлейменов О. О.
Тасмағамбетов И. Н.
Хұсайынов К. Ш.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ



МӘДЕНИ МҮРА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ МОҢҒОЛ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

I
ТОМ

МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ
ШЕЖІРЕСІ

Алматы
“Дайк-Пресс” 2006



**ББК 63.3 (5 Қаз)
М 68**

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:**

**Әбусейітова М. Қ. (төрайым),
Муминов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

*Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми-
мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған*

Н. Базылхан

Ғылыми редакторлары
М. Қ. Әбусейітова, Б. Базылхан

М $\frac{0503020905}{00(05)-06}$

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-798-15-X

© Н. Базылхан, түпнұсқалық транскрипциясы, ғылыми-мағыналық аудармасы, түсіндірмелері, көрсеткіштері, 2006
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

Алғы сөз

Қазақстан тарихына қатысты көршілес елдерде соғды, парсы, қытай, орыс, араб, моңғол, ойрат, манжұр тілдерінде әр алуан замандарда жазылған шығармаларды зерттеп, көне қолжазбалар, кітаптар түріндегі деректемелерден төл тарихымыз туралы ақпарат-деректерді анықтап, ана тілімізде топтап шығару тұрғысында бұған дейін там-тұмдап атқарылып келген жұмыс «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін жоспарлы түрде, сан салалы, ауқымды көлемде жүзеге асырылып келеді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Шығыстану» секциясы осындай деректемелер қатарында Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелерін үш том етіп шығаруды белгілеген болатын.

Осыған орай Қазақстан тарихына қатысты Моңғолиядағы деректемелерді табу, анықтау, зерттеу үшін ұйымдастырылған Шығыстану экспедициясы көп жұмыс атқарды. Экспедицияның міндеті Моңғолияның далалы, таулы жерлерінде орнатылған және өлкетану мұражайларында сақталған, көне түрік өркениетіне байланысты түрік бітіктас, тасмүсін, ескерткіштерді анықтау, зерттеу, археографиялық, мәтіндік талдау жасау, эстампаждық, көшірмелік нұсқаларын алу, деректанулық материалдарды жинастыру, архитектуралық өлшемдерін жасау, сақталу жағдайларын анықтау болды. Археографиялық экспедиция барысында жинастырылған және өңделген материалдардың бір бөлігі **«Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің жинағы (Орхон, Енисей, Талас)»** атты ғылыми басылымда жарияланды.

Көне түрік дәуірінің бітіктастары мен ескерткіштері ең көп шоғырланған Моңғолияның орталық өлкелері — Арханғай, Бұлғын, Өвөрханғай, Төв аймақтары. Осы аймақтарда шоғырланған көне

түрік дәуірінің бітіктастары мен ескерткіштерінің көпшілігі далада алғаш орнатылған орнында тұр. Сонымен қатар байырғы түріктердің атақонысы Моңғол-Алтай тау жоталарындағы көне түрік дәуірінің ескерткіштері жүйелі түрде арнайы зерттелмей келеді.

Экспедиция кезінде Күлтегін, Білге қаған, Тұнықұқ, Күлічүр, «Шивээт улаан», «Идэр», Ел Етміш қаған, Алтын Тамған Тархан, Онгин, т. б. ескерткіш кешендері мен Татпар қаған, Чойр, Тэс, Долоодой, Тэвш сияқты бітіктастар, көптеген тасмүсіндер мен археологиялық табылымдар егжей-тегжейлі тексеріліп, археографиялық, палеографиялық, мәтіндік зерттеулер жүргізілді. Көне түрік мәтіндерінің эстампаждық көшірмелері негізінде таңба-әріптерінің даулы тұстары тиянақты түрде зерделенді.

Орхон, Енисей, Талас бойында жүргізілген экспедиция барысында 2000 дана цифрлық, 950 дана түрлі-түсті фотосуреттер түсірілді. 100 минуттық бейнетаспа жазылды. 600 бітіктас пен ескерткішке архитектуралық өлшемдер жасалып, сызба суреттері дайындалды. 15 ірі ескерткіш кешеннің жалпы план-жобасы жасалды. 25 дана көне түрік бітіктас пен жазуға археографиялық, деректеметанулық, мәтіндік талдау жасалды. 10 көне түрік бітіктас пен ескерткіштің қолкөшірме, эстампаждық, калькалық көшірмелері алынды. Сонымен қатар бұрын-соңды зерттелмеген бірнеше ескерткіш кешендері, тасмүсіндер, сандықтас, қорған балбалдар (Баян-Өлгий аймағында) тізбегі де табылды, олардың орналасу координаттары (Жердің бойлық, ендік сызықтары бойынша) жаңадан анықталды, пландық, архитектуралық өлшемдер жасалды.

Экспедиция кезінде Ұланбатыр қаласы Моңғолия ұлттық тарихи музейінде сақтаулы тұрған Түрік Елінің бірегей тұлғасы Білге қағанның алтын тәжі, күміс әшекей, асыл тастар, барлығы 2800 дана зат-бұйымдардың фото, цифрлық суреттері алынды.

Бұл археологиялық жәдігерлерді 2001 жылы Білге қағанға арналған ескерткіш кешенін зерттеген Моңғолия мен Түркияның бірлескен археологиялық экспедициясы (экспедиция жетекшісі профессор Довдойн Баяр) тапқан болатын. Бұл көмбе қазынаның

табылуын көне түрік ескерткіштерін зерттеудегі ғасыр жетістігі десе асыра айтқандық емес.

Жалпы Моңғолиядағы Көне Түрік Елінің бітіктас, ескерткіш кешендерін зерттеу, қорғау, сақтау, жаңғырту, насихаттау істерінде Моңғолия үкіметі тарапынан мүмкіндігінше (Ресей, Жапония, Түркия және т. б. елдердің көмегімен) іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Алайда мыңдаған ескерткіштерді зерттеуге, қорғап сақтауға Моңғолияның қаражаттық әрі ғылыми-зерттеу күші жеткіліксіз екені анық.

Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Моңғолияда 2004 жылы жүргізілген археологиялық экспедиция барысында көптеген келеңсіз жайттарды көрдік. Көне түрік бітіктас, шарбақтас, балбал сияқты кешендердің бөлшектері малшылардың тас қорасына құрылыс материал болып кетіп жатыр, кейбір жазулы тастар бұрынғы орнынан табылмай, қайда, кім алып кеткені белгісіз, ежелгі заманның қорған, бейіттерін малшылар өз еркімен қазып, бұзып жатыр. Мұндай жайттарды бақылап отыруға Моңғолияның мүмкіндігі шамалы екені де түсінікті. Жағдай осылай болғанда көне түрік өркениетінің Моңғолиядағы асыл мұралары түрлі себептермен із-түзсіз жоғалып кетпейді деген кепілдік жоқ.

Моңғолия мен Түркия еларалық келісінде (1997 жылғы бес жылдық келісім) тек қана үш ірі (Күлтегін, Білге қаған, Тұнықұққа арналған) ескерткіш кешенді сақтау, қорғау, жаңғырту аталған. Ал ашық аспан астындағы қалған мыңдаған далалық бітіктас, ескерткіштер, көне қала қорғандары жайы қарастырылмаған, тіпті сөз де болмаған.

Сондықтан Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы көлемінде бұған ерекше назар аударылса игі болар еді. Ол үшін Моңғолиядағы қазақ халқының байырғы мәдени мұраларын зерттеу, қорғау, жаңғырту, насихаттау іс-шаралары ұзақ мерзімді жобалар бойынша жүзеге асырылуы қажет.

Жалпы, Еуразиялық кеңістіктегі далалық көшпелі өркениеттің мұралық құндылықтарына қамқорлық — Қазақстан Республикасының Орталық Азия мемлекеттері арасындағы көшбасшы болу

жолындағы рухани-стратегиялық қадамдарының бірі. Осыған орай көне мәдени мұралардың тарихи тұрғыдан ғылыми зерттелу өрісін пәрменді түрде кеңейту, үздіксіз насихаттау, ұрпақаралық құндылықтарды сақтай отырып, байырғы болмыс тарихы сабағына асқан іждағаттылықпен қарау міндеттері туындап отыр дегіміз келеді.

Экспедиция құрамы Ұланбатыр қаласындағы Моңғолия Ұлттық орталық мұрағатында көне моңғол, манжұр, қытай тілдеріндегі мұрағат деректерін іздестіру, тексеру, анықтау жұмыстарын жалғастырды. Аталмыш мұрағатта Манжұр-Цин дәуірінің (1723—1911 жылдар), Боғда хандық моңғол дәуірінің 300 дана тарихи құжаттары анықталды. Олардың ішінен Қазақ хандығы, Алтай-урианхайлықтар, Тарбағатай өлкелеріндегі қазақтар туралы жазылған 48 парақ ксерокөшірме алынды. Алайда бұл алынған ксерокөшірмелер Моңғолия Ұлттық орталық мұрағатындағы ілгерідегідей құжаттардың бір парасы ғана екеніне көз жетті. Бұларға қоса Моңғолия Ұлттық тарихи мұрағаты мен Моңғолия Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген құжаттардың түпнұсқалары сақтаулы және олар әлі жете зерттелмеген.

Бұл құжаттарда қазақ-жоңғар қатынастары, қазақ хан, сұлтандары мен басқа да билік иелерінің хаттары, Іле, Тарбағатай, Қобда өңірінің елдері туралы, Манжұр-Цин империясы кезіндегі (1723—1911 жылдар) Қобда, Улиастай амбаны тарапынан жазылған хат-құжаттар, Қазақ, Урианхай елдерінің жері мен елі, шекарааралық қатынастар туралы, Ресей мен Моңғолияда көшіп-қонып жүрген қазақтар туралы, Боғда ханның тұсындағы қазақ, бейс, тайжы, гүң секілді билік өкілдерінің хат-құжаттары және т. б. құнды деректер қамтылған.

Моңғолия тарапынан мұрағат құжаттарының түпнұсқалық көшірмесін алуға ешбір кедергі жоқ. Алайда, алдағы уақыттарда осы мәліметтердің алынуы қиындамайды деген де кепілдік жоқ. Сол себептен Моңғолиядағы осындай тарихи құжаттарды одан әрі анықтау үшін арнайы археографиялық экспедициялар жасақтау және мұрағат материалдарының көшірмелерін ұтымды игеру ісін қаржыландыру мәселелері де шешімін табуы керек.

Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелерін зерттеудің нәтижелері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында түркі тілді деректемелер сериясының бірінші томында біршама қамтылған болса, көне моңғол тіліндегі «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын Тобчы» секілді жәдігерлердің аудармалары, басқа да деректемелер мен мұрағаттық құжаттар «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» сериясы бойынша төмендегідей үш томға топтастырылып беріліп отыр.

I том. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. Моңғолдың құпия шежіресі;

II том. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр;

III том. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. Деректер мен мұрағаттық құжаттар.

Бірінші томға енген «Моңғолдың құпия шежіресі» атты тарихи туынды туралы ғылыми ортада ол әуел баста көне ұйғыр бітігімен жазылған деген пікір қалыптасқан. Алайда бұл бастапқы түпнұсқа сақталмаған. 1382 жылы қытай иероглифтерімен жазылған, моңғол тілінде дыбысталуына қарай қытай иероглифтерімен таңбаланған нұсқа Пекин мұражайында сақталған. Жазба мұра ғылыми жұртшылыққа орыс қытайтанушысы П. И. Кафаровтың 1866 жылы жариялаған қысқаша аудармасы арқылы танылған. Кейінгі уақыттарда Ш. Озава, Э. Хейниш, П. Пеллио, С. А. Козин қатарлы ғалымдар туындыны орыс, жапон, француз, неміс тілдеріне аударып, бірқатар құнды зерттеулер жүргізді. Моңғолияның өзінде Ц. Дамдинсүрэн, Ш. Гаадамба, Д. Цэрэнсодном қатарлы ғалымдар бұл салада көп еңбек сіңірді. «Моңғолдың құпия шежіресінің» көркем аудармалары бірталай тілдерде жарияланды. Бұлардың қатарында М. Солтанияұлының тәржімелеуімен 1979 жылы Баян-Өлгийде шыққан, 1998 жылы Алматыда, 2002 жылы Ұланбатырда шыққан қазақ тіліндегі көркем аудармасын айтуға болады.

Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері сериясының екінші томы болып табылатын «Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негі-

зін салған төрелік жосығының туыңдыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр» туындысы — зерттеуші ғалымдар қысқартып «Лұ. Алтын тобчы» деп атайтын тарихи шығарма — Орталық Азиядағы байырғы көшпелілердің XIII—XVII ғасырлардағы тарихы туралы мол дерек береді. Моңғолтанушы-аудармашы Жүкел Хамай көне моңғол әрпімен жазылған шығарманың түпнұсқасынан жасаған тәржіме ғылыми әрі танымдық талаптарға сай болып шыққан, мәтіннің тарихи-лингвистикалық қыр-сыры толық ескерілген.

Моңғолияны мекендеген керей, найман, жалайыр, қоңырат, меркіт, уақ тайпаларының ортағасырлық тарихынан мол дерек білдіретін бұл екі тарихи шығарманы қазақ тіліне аударушылар бұған қоса ежелгі моңғол тілінде жазылған мәтіндегі сөз, сөз тіркестерінің қазіргі моңғол тілінің сөз бітімінен бөлек, тіпті қазақ тілінің сөз құрылымына біртабан жақын екеніне назар аударады. Осыған орай бірінші томда тарихи шығарма тіліне бірсыпыра лингвистикалық талдау жасалып, түпнұсқа мәтіндегі көне түрік тілдері мен қазіргі қазақ тілінің сөз қолданысындағы көптеген сөздердің ұқсас екендігі дәлелге келтіріледі. Осының негізінде екі аудармашы да бұл екі тарихи шығарманың тілін қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеудің ерекше маңыздылығына назар аударады.

Қазақстан тарихы туралы орыс, парсы, қытай, түркі деректемелері серияларымен қатар Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері сериясының үш томында да халқымыздың өткен ғасырлардағы өмірін зерделеп, тұтас тарихымызды түзуге қажетті дерек-ақпарат мол деуге толық негіз бар.

М. Қ. Әбусейітова,
ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының директоры,
т. ғ. д., профессор

«Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақша алғашқы ғылыми аудармасы жайында

«Моңғолдың құпия шежіресі» XIII—XIV ғасырлардағы моңғол тілін, тарихын, әдебиетін, этномәдениетін зерттеу үшін елеулі мұра болып қана қоймайды, сонымен бірге ол байырғы түрік тайпаларының, этносаяси бірлестіктерінің тілін, тарихын, әдебиетін, этномәдениетін салыстыра зерттеу үшін де құнды мұра екені даусыз. Олай дейтініміз — қазіргі Моңғолия жерінде белгісіз дәуірден біздің заманымыздың VI—XIII ғасырларына дейін көне түрік, ұйғыр, қырғыз, керей, найман, қоңырат, татар сияқты түрік тайпалары мекендеді. Бұл тайпалар шығысындағы моңғол тайпаларымен көршілес қарым-қатынаста болды. Сондықтан да бұл туындыда тарихи-деректеметанулық тұрғыдан түріктану мен моңғолтану үшін, тіпті далалық көшпелілердің тарихи бітім-болмысын зерттеу үшін қажет дерек-мәлімет мол.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақша алғашқы аудармасы 1979 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Өлгий қаласында жарық көрген еді. Оны әдеби-көркемдік тұрғыда аударуға жазушы, журналист Мағауия Солтанияұлы көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ аударманың өлең жолдарын тәржімелеуге ақын Имашхан Байбатырұлы атсалысты. Бұл қазақша көркем аудармаға моңғол ғалымы, академик Ц. Дамдинсүрэннің аталмыш туындының көне моңғол тілді нұсқасынан қазіргі моңғол тіліне икемдеп назиралаған әдеби аудармасы негіз болды. Мағауия Солтанияұлының аудармасын алғаш оқып көргенімде оны оқырман қауымға ұсынуға әбден болатындығына көзім жеткен еді. Сол кезде осы аударманың жауапты редакциясын басқардым. Ол уақытта бұл аударманың жарыққа шығуына біршама кедергілер де

болған. Одан бері де міне отыз жылдай болыпты. Аталмыш қазақша алғашқы әдеби аударма 1990 жылы Алматы қаласында, 2002 жылы Ұланбатыр қаласында қайта басылып шықты.

Қазір міне қазақша алғашқы ғылыми аудармасы ұсынылып отыр. Мен 1967—1970 жылдары «Моңғолдың құпия шежіресінің» көне тілдік мәтінін көне түрік, қазіргі түрік тіл-сөйленістері негізінде, әсіресе түрік тілдерінің қыпшақ тобының диалектикалық ерекшеліктерін кеңінен ескере отырып, ғылыми негізде аударуды бастаған едім. Алайда түрлі себептерге байланысты ол істі толық аяқтай алмадым.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» бұл алғашқы аудармасы ойдағыдай атқарылды деп ойлаймын. Мұнда шежіренің көне моңғол тілді түпнұсқа мәтінінің ғылыми транскрипциясы жаңадан қарастырылды, байырғы тілдің фонологиялық заңдылықтары ескерілді, әрбір сөз, сөз тіркестері мен этномәдени көне атаулардың нақты семантикасы, мағыналық ерекшеліктері, грамматикалық жүйесі толықтай зерделенді. Сондай-ақ көне мәтіннің мағыналық аудармасы жасалып, ғылыми түсіндірмелері, есімдер, этнос атаулары, географиялық көрсеткіштері дайындалған.

Белгілі бір тілдің тарихы дегеніміз сол тілде сөйлеуші этностың, халықтың, ұлттың тарихы дегенмен парапар. Жалпы алғанда, алтай тіл білімінде түрік, моңғол және тұңғыс-манжұр тілдерін туыстас, төркіндес деп санайтын болсақ, онда қазақ және моңғол тілдері төркіндес әрі осы тілдер тобының негізгі өзек тілі болып табылады. Мәселен, көне түріктерден бұрынғы замандарда түрік, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдері қандай болды деген сұраққа диахрондық сараптау, тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы ғана жауап бере аламыз. Байырғы жазба ескерткіштерді тарихи-деректеметанулық, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы да осында. Осы қырынан қарағанда «Моңғолдың құпия шежіресі» секілді көне тілдік жазба ескерткіштерді зерттеу маңызды, сол арқылы тілді, тіл тарихын, этнос тарихын, оның этносаяси, этномәдени даму заңдылықтарын, өзгеру, алмасу сынды сан қилы құбылыстарын айқындауға әбден болады.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» сол замандардағы тарихи болмыс мейлінше шынайы хатталған. Бұл бірегей туынды түрік, моңғол және т. б. этностардың тарих, этнография, тіл, әдебиет, фольклор және т. б. көптеген салаларының зерттеулері үшін құнды мағлұматтарға аса бай. Сондықтан да «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» сериясының бірінші томы болып жарияланып отырған «Моңғолдың құпия шежіресінің» алғашқы ғылыми аудармасы түріктану, моңғолтану, алтай тіл білімі зерттеулері үшін де құнды деп білемін.

Б. Базылхан,
*филология ғылымдарының докторы,
профессор*

Ғылыми аудармашыдан

Қазақ халқының тарихы терең тамырлы, бай да текті. Қазақ ұлтының қалыптасуының да өзіндік тарихы бар. Ол — «басы барларды идірген, тізесі барларды бүктірген» далалық көшпелілердің ерлік пен батырлыққа толы тарихы. Ол — Қазақстан Республикасының егемен де еркін көк байрағына жету жолындағы ерлік күрес тарихы.

Далалық көшпелі өркениеттің ортағасырлық тарихын зерттеуде егжей-тегжейлі ғылыми жүйелі талдау жасалуы тиісті күрделі мәселелер баршылық. Атап айтқанда сол байырғы дәуірдегі түрік, моңғол тектес этностардың шығу тегі, тілі, наным-сенімдері, салт-дәстүрлері және т. б. жақтары мен өзгешеліктеріне байланысты, сондай-ақ олар орнатқан қағандық, хандық тәрізді этносаяси бірлестіктердің құрылысы, құрамы, бітім-болмысы секілді толық анықталмаған, даулы жайттарды ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет.

Түрік тектес этностардың ортағасырлық тарихындағы ұзақ кезеңдер Моңғол империясымен, оның негізін қалаушы Шыңғыс қаған жүргізген империялық саясатпен, әсіресе, саяси-әскери іс-әрекеттермен, ірі-ірі жорықтармен тығыз байланыста өрбіді.

Жалпы, дүниежүзілік шығыстануда «түріктану» «моңғолтанусыз», ал «моңғолтану» «түріктанусыз» әрқайсысы өз алдына бөлек зерттелген, сонымен қатар түрік-моңғол этносаяси, этномәдени байланыстары мен өзара қарым-қатынастары туралы зерттеулер ғылыми нақты объектіден ысырылып, тек «таза ұлттық» сипатта болғанын атап айту керек. Дегенмен бүгінге дейінгі тарихи зерттеулерде бұл мәселелерге қатысты жүздеген тарихи деректемелер зерделенген. Бұл ретте моңғол дәуірі деп аталатын XII—XIV ғасырларда бүгінгі Еуразиялық кеңістікте, сондай-ақ Орталық Азия және Қазақстан жерінде өмір сүрген этностарға байланысты тарихи деректемелерді, әсіресе археологиялық, этногра-

фиялық, лингвистикалық, деректеметанулық айғақтарды ғылыми тұрғыдан аса байыптылықпен екшелей отырып, кешенді түрде қарастыру қажеттілігі туындайтыны сөзсіз.

Сонымен қатар көне түрік, моңғол, қытай, манжұр, парсы, араб, армян, грек, үнді, тибет, таңғыт және т. б. тілдердегі жазба деректемелерді тарихи-салыстырмалы әдіспен бір арнаға тоғыстырудың маңызы зор.

«Моңғолдың құпия шежіресін» осы тұрғыдан зерттей келе жасаған ғылыми аудармамыздың құрылымы жайында мына мәселелерді ескерткіміз келеді.

Бірінші. Біз «Моңғолдың құпия шежіресінің» түпнұсқалық мәтінінің ғылыми транскрипциясын тарихи-лингвистикалық көптеген жайттарды ескере отырып жаңадан қалпына келтіріп, өзіміздің пайымдауымыз бойынша жасадық. Ол үшін транскрипциялық мәтіннің арқауы ретінде бірқатар іргелі ғылыми-зерттеу еңбектері негізге алынды¹.

Екінші. «Моңғолдың құпия шежіресінің» түпнұсқалық мәтінін зерттеушілер фонологиялық бірнеше ереже бойынша таңбалап келген. Біз көне моңғол тілінде екі дауысты аралығындағы (интервокал) фонемалық қызметінен айырыла бастаған, бәсең айтылатын «γ, g, w» дауыссыздарды кішігірім таңбамен, мысалы,

¹ Дашцэдэн Т. «Монголын нууц товчоо». Галиг. Улаанбаатар, 1985; Oozawa Shigeo. Genchoo Hishi Zenshaku. Tokyo, T. 1–6. 1984–1989; Mongγol-un niyuča tobčiyān-u seyiregūlūl tayilburi. Eldengtei, Ardajab seyiregūlūn tayilburilaba. Öbür mongγul-un surγan kümüjil-ün qoγu-a. Köke qota, 1986; Mongγol-un niyuča tobčiyān. Yekemingyaday Irinčin-ü sergügelte. Öbür mongγul-un yeke surγayuli-yin keblel-ün qoγu-a. Köke qota, 1987; Цэрэнсодном Д. Монголын нууц товчоо. Эрдэм шинжилгээний орчуулга тайлбар. Улаанбаатар, 2000; Чоймаа Ш. «Монголын нууц товчоон», Лувсанданзаны «Алтан товч» эхийн харьцуулсан судалгаа. Улаанбаатар, 2002; Erich Henisch. Manghol un niuca tobca'an (Yuan-ch'au Pi shi). Die Geheime Geschichte der Mongolen. Aus der chinesischen Transcription (Aus Ye The-hui) im mongolischen Wortlaut hergestellt von. Leipzig, 1937; Pelliot Paul. Histoire secrete des Mongols. Restitution du texte Mongol et traduction francaise des chapitres 1 et 6. Oeuvres posthumes de Paul Pelliot. Paris, 1949; Louis Ligeti. Histoire Secrete des Mongols. Akademiai Kiado. Budapest, 1971; Гадамба Ш. Mongγol-un niyuča tobčiyān. Qudam (ijayur erten-ü) mongγol bičig-iyer mongγol bičig uqay-a sudulul-un egüden-eče Sangjimituba-yin γadamba-yin tösügelen niγtalaju sergügegsen seyiregūlge eke, tayilburi. Ulayān-bayatur, 1990; Сумьябаатар Б. «Монголын нууц товчоо» Үсгийн галиг. Улаанбаатар, 1990.

«qara^ʔul, ni^ʔu^{ca}, ažu^ʔu, kö^gün, büle^ge, ma^wu, du^wa» және т. б. түрінде таңбаладық.

Түсіндірме берілген сөздердің әуелі көне тұлғалық латынша транскрипциясы, содан кейін көне моңғолша айтылуы берілді. Мысалы, qara^ʔutay tergen — қараұтай терген және т. б.

Үшінші. Біздің алға қойған негізгі мақсатымыз көне моңғол тілінен қазіргі қазақ тіліне сөзбе-сөз ғылыми аударма жасау болатын. Өйткені аталмыш туындының сөзбе-сөз ғылыми аудармасы тарихи-деректеметанулық ғылыми зерттеулер үшін өте-мөте қажет. Мысалы, көне моңғол тілінің грамматикалық құрылымындағы байырғы және қазіргі түрік тілдеріне ұқсас, тәркіндес, әсіресе қазақ тілінің грамматикалық сөзжасам ерекшеліктерімен бірдей, ұқсас тұлғаларын мейлінше қамтып сөзбе-сөз аударма жасаған едік. Мәтінде септік жалғауларын моңғолшада «-» және қазақшада «+» белгілерімен ажыратып көрсеткен едік. Мысалы: moŋɣol-un моңғол+дың, teŋgeŋ-e^{ce} тәңірі+ден, mergen-dür мерген+дүр және т. б. Осылайша ол аударма толық жасалды. Алайда байырғы сөз тіркестері мен сөйлем құрылысын осылайша аудару ғылыми зерттеулер үшін аса құнды болғанымен, жалпы қалың оқырман қауым үшін тым күрделі болып шығады. Сондықтан бұл жолы түпнұсқалық сөзбе-сөз аудармасын емес, қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық ғылыми аудармасын ғана беріп отырмыз.

Төртінші. Мағыналық ғылыми аударманың оқырман қауымға түсінікті болуына күш салдық. Дегенмен туындының мұндай аудармасын жасауда әдеби-көркем аударманың талаптары қойылмағанын ескертеміз. Көне моңғол тілінен қазіргі қазақ тіліне ғылыми аударуда көне тілдің семантикалық өрісін толықтай жеткізу үшін қазақ тілінің аса бай лексикалық қорынан мағынасы желілес реликт сөздерді мейлінше қамтуға баса назар аудардық. Әрине сол замандардағы сөздердің мән-мағынасының өзіндік ерекшеліктері болғандығы анық. Соның өзінде мәтіндегі байырғы сөздердің семантикалық өрісі, белгілі бір сөздің мағыналық аумағы қазіргі қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздердің білдіретін мағыналық желісінен тым алшақтап кетпегенін аңғаруға болады. Сондай-ақ ғылыми аударманың күрделілігі де сол, біздің зерттеуімізге қамтылмай қалған қазақша сөз тұлғалар, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер жоқ, олар «түгелдей толық қамтылып сарапталды, іс бітті» деуден аулақпыз.

Бесінші. Ғылыми аударманың соңында берілген көрсеткіштерде туындының көне моңғолша түпнұсқалық транскрипциялық тізімі беріліп, одан кейін олардың қазақша аудармасы берілді. Сондай-ақ туындының көне моңғолша — қазіргі қазақша сөздігін толық жасаған едік. Ондай сөздік ғылыми зерттеулерге лайықты болғандықтан, бұл ретте оны да осы туындының болашақтағы кешенді толық басылымының еншісіне қалдырып отырмыз. Сонымен қатар түпнұсқа мәтінде баяндалған түрік, моңғол тектес этностар, кісі, жер, су, лауазым атаулары, этномәдени ұғымдар, тарихи оқиғаларға байланысты хронологиялық түсіндірмелер тиянақтап жасалғанымен, баспаға дайындалған көлеміне байланысты қысқартылып, шағын түрде ғана беріліп отыр. Бұлардың бәрі де алдағы кешенді толық ғылыми аударманың құрамында жарияланатын болады.

Сөйтіп бұл еңбек «Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақ тіліндегі түпнұсқалық тұңғыш ғылыми аудармасы болып жарыққа шығып отыр.

Осы орайда кітаптың дайындалу барысында арнайы ақыл-кеңес берген т. ғ. д., профессор Әбусейітова Меруерт Қуатқызына, филол. ғ. д., профессор Базылхан Бұқатұлына, Моңғолия Ұлттық мемлекеттік университетінің ғалымдары филол. ғ. д., профессор Т. Дашцэдэн, т. ғ. д. Х. Нямбуу, филол. ғ. д. Ц. Шагдарсүрэн, филол. ғ. д. Ш. Чоймаа, филол. ғ. д., манжұртанушы Г. Буянтогтох, Моңғолия Археология институтының бөлім меңгерушісі, т. ғ. д., профессор Д. Баяр, филол. ғ. к. Е. Жанчив қатарлы азаматтарға айрықша алғыс айтамыз.

Жұмыс барысында байырғы түрік тілдеріндегі жұрнақтардың семантикалық салыстырмаларын дұрыс қолдануда арнайы кеңес берген ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, филол. ғ. д., профессор Қажыбеков Ерден Задаұлына, этномәдени сөздерді дәлме-дәл аударуға көмектескен Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры, т. ғ. к., доцент Нұрсан Әлімбайға және қытайтанушы, т. ғ. к. Бақыт Еженханұлына ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

Сондай-ақ мәтіннің көне моңғолша-қазақша көрсеткіштерін жасауда айрықша көмек көрсеткен Жазгүл Жұмабайқызына, Арстек Нұрбекұлына дән ризалық білдіріп, рақмет айтамыз.

Н. Базылхан

Шартты қысқартулар мен белгілер

- МҚШ**
DLT, I–IV Моңғолдың құпия шежіресі
Divanü Luğat-it-Türk tercümesi. Çeviren Besim Atalay.
Ankara, 1985. Cilt I. S. 1–530; cilt II. S. 1–366;
Ankara, 1986. Cilt III. S. 1–462; cilt IV. S. 1–886.
- Eldengtei,**
Ardajab –
MNT, 1986 Mongğol-un niyuča tobčiyān-u seyiregölül tayilburi.
Eldengtei, Ardajab seyiregölün tayilburilaba
Öbür mongğul-un suryan kümüjil-ün qoriy-a.
Köke qota, 1986.
- Haenisch –**
MNT, 1939 Wörterbuch zu Manghol un niuca tobca'an
(Yüan-ch'ao pi shi). Geheime geschichte der
Mongolen von Erich Haenisch. Leipzig, 1939.
- Irinčin – MNT,**
1987 Mongğol-un niyuča tobčiyān. Yekemingyaday
Irinčin-ü sergügelte. Öbür mongğul-un yeke
surayuli-yin keblel-ün qoriy-a. 1987 on, Köke
qota.
- Ligeti – HSM,**
1971 Historie Secrete des Mongols par Louis Ligeti,
Akademiai Kiado. Budapest, 1971.
- Oozawa –**
Genchoo Hishi,
1984 Oozawa Shigeo. Genchoo Hishi Zenshaku. Tokyo,
1984. 1.
- Oozawa –**
Genchoo Hishi,
1985 Oozawa Shigeo. Genchoo Hishi Zenshaku. Tokyo,
1985. 2.

- Oozawa** —
Genchoo Hishi,
1987
Šagja-Toli, 1998
Oozawa Shigeo. Genchoo Hishi Zenshaku. Tokyo, 1987. 4.
Mongyol ügen-ün tayilburi toli. Šagja nayirayulun jokiyaba. Eriküy-e kilbar bolyan jokiyaysan mongyol ügen-ü tayilburi čandmuni-yin erike. Begejing, 1998.
- Sayisiyal** —
Čingyis qayan-u
tobčijan, 1987
Sayisiyal Yokiyaba. Čingyis qayan-u tobčijan. Öbür mongyul-un arad-un keblel-ün qoriy-a. Köke qota, 1987.
Degedü debter. 1–668; Douradu debter. 669–1377.
- Sečenčoytu-**
Mongyol üges-ün
ijayur, 1988
γadamba —
MNT, 1990
Mongyol üges-ün ijayur-un toli Öbür mongyul-un arad-un keblel-ün qoriy-a. Köke qota, 1988.
Mongyol-un niyuča tobčijan. Qudam (ijayur erten-ü) mongyol bičig-iyer mongyol bičig uqay-a sudulul-un egüden-eče Sangjimituba-yin γadamba-yin tö sügelen niytalaju sergügegsen seyiregülge eke, tayilburi. Ulayan-bayatur, 1990.
- Базылхан** —
Қаз. моң. тарихи
грамматикасы,
Фонетика-1,
1999
Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Фонетика). Алматы, 1999.
- Базылхан** —
Қаз. моң. тарихи
грамматикасы,
Морфология-2,
2000
Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Морфология). Алматы, 2000.
- Базылхан** —
ҚМС, 1977
Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік (Қазақ-монғол толь). Улаанбаатар, 1977.
- Базылхан** —
МКТ, 1984
Базылхан Б. Монғол-қазақ толь (Моңғолша-қазақша сөздік). Өлгий, 1984.

- Баярсайхан, Отгонтуул** — Mongyol manju toli, 1997
- Баярсайхан М., Отгонтуул Т. Mongyol manju toli. Улаанбаатар, 1997.*
- Владимирцов** — 2002
- Владимирцов Б. Я. Работы по истории и этнографии монгольских народов. М., 2002.*
- Гаадамба** — МНТ-ны зарим асуудал, 1990
- Гаадамба Ш. Монголын нууц товчооны судлалын зарим асуудал. Улаанбаатар, 1990.*
- Дашцэдэн** — МНТ, 1985
- Дашцэдэн Т. «Монголын нууц товчоо» Галиг. Улаанбаатар, 1985.*
- Джувейни.** Tarih-i-Jahan Gusha
- Tarih-i-Jahan Gusha. Чингис хан. История завоевателя мира записанная Ала-ад-дином Ата-Меликом Джувейни. Перевод с текста Мирзы Мухаммеда Казвини на английский язык Дж. Э. Бойла, с предисловием и библиографией Дэвида О. Моргана. Перевод текста с английского на русский язык Е. Е. Харитоновой. М., 2004.*
- ДТС**
- Древнетюркский словарь. М.-Л., 1969.*
- Захаров** — ПМРС, 1875
- Захаров Иван. Полный маньчжурско-русский словарь. СПб., 1875.*
- Қазақ тілінің сөздігі.** 1999
- Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 1999.*
- Қазақ ТТС. 1-т.**
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. А-Ә. Алматы, 1974.*
- Қазақ ТТС. 2-т.**
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г. Алматы, 1976.*
- Қазақ ТТС. 3-т.**
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том. Ғ-Ж. Алматы, 1978.*
- Қазақ ТТС. 4-т.**
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К. Алматы, 1979.*
- Қазақ ТТС. 5-т.**
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том. К-Қ. Алматы, 1980.*

- Қазақ ТТС. 6-т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. Қ.
Алматы, 1982.
- Қазақ ТТС. 7-т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ-П.
Алматы, 1983.
- Қазақ ТТС. 8-т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. П-Т.
Алматы, 1985.
- Қазақ ТТС. 9-т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-том. Т-Ү.
Алматы, 1986.
- Қазақ ТТС. 10-т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. Ү-Я.
Алматы, 1986.
- МҚШ — 1979 Моңғолдың құпия шежіресі. Моңғолша үшінші
рет басылуына сәйкес қазақша бірінші рет
басылуы (Моңғолшадан аударған: Мағауия
Сұлтанияұлы. Жалпы редакциясын басқарған:
Базылхан Бұқатұлы. Редакция алқасы:
Базылхан Бұқатұлы, Имашхан Байбатырұлы).
Өлгий, 1979.
- Поппе — *Поппе Н. Н.* Монгольский словарь Мукаддимат
Мукаддимат ал-Адаб, 1938 ал-Адаб. Часть I—II. М.-Л., 1938.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, I—1 Том первый. Часть 1. Гласные. СПб., 1893.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, I—2 Том первый. Часть 2. Гласные. СПб., 1893.
Алфавитный указатель 1—66.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, II—1 Том второй. Часть 1. Согласные. СПб., 1899.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, II—2 Том второй. Часть 2. Согласные. СПб., 1899.
Алфавитный указатель 1—64.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, III—1 Том третий. Часть 1. СПб., 1905.
- Радлов — *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий.
ОСТН, III—2 Том третий. Часть 2. СПб., 1905. Алфавитный
указатель 1—98.

- Радлов** —
ОСТН, IV—1 *Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. Том четвертый. Часть 1. Согласные. СПб., 1911.*
- Радлов** —
ОСТН, IV—2 *Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. Том четвертый. Часть 2. СПб., 1911. Алфавитный указатель 1—107.*
- Рашид ад-Дин**
— СЛ, I—1 *Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга первая / Перевод с персидского А. А. Хетагурова, Редакция и примечания проф. А. А. Семенова. М.-Л., 1952.*
- Рашид ад-Дин**
— СЛ, I—2 *Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга вторая / Перевод с персидского О. И. Смирновой, примечания Б. И. Панкратова и О. И. Смирновой, редакция проф. А. А. Семенова. М.-Л., 1952.*
- Рашид ад-Дин**
— СЛ, II *Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 2 / Перевод с персидского Ю. П. Верховского, примечания Ю. П. Верховского и Б. И. Панкратова, редакция проф. И. П. Петрушевского. М.-Л., 1960.*
- Рашид ад-Дин**
— СЛ, III *Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 3. Перевод с персидского А. К. Арендса, под ред. А. А. Ромаскевича, Е. Э. Бертельса и А. Ю. Якубовского. М.-Л., 1946.*
- Севортян** —
ЭСТЯ, 1—3 *Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. Т. 1; 1978. Т. 2; 1980. Т. 3.*
- ССТМЯ** *Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Л., 1975. Т. 1; 1977. Т. 2.*
- Цэвэл** —
МХТТТ, 1966 *Цэвэл Я. Монгол хэлний товч тайлбар толь. Улаанбаатар, 1966.*
- Цэрэнсодном** —
МНТ, 2000 *Цэрэнсодном Д. Монголын нууц товчоо. Эрдэм шинжилгээний орчуулга тайлбар. Улаанбаатар, 2000.*

Чоймаа — МНТ, АТ, 2002	Чоймаа Ш. «Монголын нууц товчоон», Лувсанданзаны «Алтан товч» эхийн харьцуулсан судалгаа. Улаанбаатар, 2002.
Шастина — АТ, 1973	Лувсанданзан. Алтан тобчи («Золотое сказание»). Перевод с монгольского, введение, комментарии и приложения Н. П. Шастиной. М., 1973.
ЭСТЯ — 4	Этимологический словарь тюркских языков. М., 1989. Т. 4.

* — прототұлға, ілкі тұлғалар

> < — бағытта дамыған, өрбіген, туындаған

() — сөз, сөз тіркесінің мағынасын түсіндіру, толықтыру,
айқындау

- — түпнұсқаның транскрипциясында қосымшалардың
ажыратылуы

+ — жалғану, бірігу, жалғау-жұрнақтардың ажыратылуы

// — бірдей, ұқсас, тең дәрежеде

(МҚШ-1) — «Моңғолдың құпия шежіресі» түпнұсқасындағы
жолы

-γ -g -w — екі дауысты аралығындағы бәсеңсіген дыбыстар
(мысалы: qa'ap > qa'a:n «қаан» деп оқылады)

көне түрік бітік: — көне түрік бітік тілінде

көне ұйғ: — көне ұйғыр бітік тілінде

көне моң: — көне моңғол тілінде

қаз: — қазіргі қазақ тілінде

моң: — қазіргі моңғол тілінде

қыр: — қазіргі қырғыз тілінде

хакас: — қазіргі хакас тілінде

тува: — қазіргі тува тілінде

манжұр: — көне манжұр тілінде

қыт: — қытай тілінде

араб-парсы: — араб-парсы тілдерінде

Кіріспе

I. «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІНІҢ» (МҚШ) ғылыми зерттелуі жайында

1. Туындының атауы

Бұл туынды алғаш зерттеле бастағаннан бері дүниежүзі ғалымдары тарапынан олардың ғылыми зерттеу деңгейлеріне байланысты әртүрлі аталды. Туындының қытайша көшірмесінің бастапқы парағында «Юань-чао ми-ши» және «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань» деген қытай иероглифті жазуы бар. Оны зерттеушілер орысша «Монгольский обыденный сборник», «Сокровенное сказание», «Тайная история монголов», ағылшынша «Yüan-ch'ao pi-shi», «The Secret History of the Mongols» деп және т. б. аударды.

Қытайша мәтіннің басталуы: «Юань-чао ми-ши», «Чин-киси кахан-ну кужаур» (Юаньчао миши, Шыңғыс қағанның тегі) деген осы екі жол. И. Иринчин, Б. И. Панкратов «Юань-чао ми-ши» дегені Мин дәуірінде қытайлықтар осы төрт иероглифті атауын қайтадан моңғолшаға аударып «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань», яғни «Юань мемлекетінің жасырын тарихы»¹ деп берген атауы дейді. И. Иринчин қағандардың «алтын ұрпақ, алтын босаға, алтын арқан» және т. б. этномәдени атауларының мән-мағынасына сүйеніп, егер бұл туындының аталуы қайткен күнде де шартты десек, онда «Алтын тобчийан» деп аталу ықтималдығы көп дейді.

¹ Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. Секретная история монголов, 15 цзюаней. Т. 1. Текст. Издание текста и предисловие Б. И. Панкратова. М., 1962 (Памятники литературы народов Востока. Тексты. Большая серия. VIII) С. 10–11; Mongyol-un niyuča tobčiyān. Yekemingyaday Irinčin-ü sergügelte. Öbür mongyul-un yeke suryayuli-yin keblel-ün qoriy-a. Köke qota, 1987.

И. Иринчин Рашид ад-Дин өз шығармасын осы сынды жазба нұсқалардың бірі «Алтан дафтарға»² негіздеп жазған дейді.

1926 жылы Моңғолиядан табылған, XVII ғасырда жазылған Лүбсанданзанның «Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр» («Lubsangdanzan. Erten-ū qad-un ündüsülegsen törü yosun-u zokial-i tobčilan quriyaγsan **Altan tobči** kemekü orušibai») ³ деген тарихи туындысы осы «Юань-чао ми-ши» деп қытайша аталған туындының моңғолдық бір қолжазба нұсқасы. Сондай-ақ «**Altan tobči**» ⁴ / Алтан товч, «Qad-un ündüsün quriyangγui **Altan tobči** / Хураангуй Алтан товч» деген тарихи туындыларды да атауға болады. Бұл екі туынды — бұрынғы жазба тарихи туындыларды молынан пайдаланған, Шыңғыс қағанның, одан кейінгі хандардың билік-төрелігі жайындағы деректерді келтірген, әсіресе МҚШ-ның мазмұнын толықтыра түскен нұсқалар.

«Алтын товч», «Эрдэнийн товч», «Түүхийн товч» және т. б. туындылардың моңғолша атаулары — дәстүрлі тарихнамалық атаулар. Көне моңғол тілінде «**tobčiyan / tobči**» — 1) тұжырымды жинақ, топшыланған тарих; 2) топтастыру, топшылау, қысқарту, ықшамдау; 3) топшы, тобық, түйме, түйін деген мағыналарды білдіретін сөз. В. В. Радлов **torčiyau** — «**тупчийан** — историческое сочинение» деп мысал келтірген⁵.

«Лу. Алтын тобчының» өзінде де «құрастырып түйіндеген — Алтын тобчы» делініп бұл атау сөздің мәнін аңғартып тұр. Одан

² «... в исторических книгах, имеющих в императорской сокровищнице, хранимых эмирами и называемых Алтан дафтар.: / Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга 2. М.-Л., 1952. С. 16.

³ Ғылыми зерттеулерде «Лу. Алтын тобчы» деп аталатын туындының сутралық нұсқасын (моңғолша атауы: «Судар бичгийн хүрээлэн /Сутра жазбалардың институты/») Моңғолия Ғылыми комитетінің тұңғыш басшысы Онхудын Жамьян (1864–1930) Хан Хэнтій аймағы Баянтүмэн қошуын Юншээбүү руының Дари тэйжі (төре) деген адамынан 1926 жылы тауып алып, өзі қылақаламмен 244 бет етіп жаңадан көшірген.

⁴ Жамцарано Ц. Ж. Списки летописи Altan tobči / Жамцарано Ц. Ж. Монгольские летописи XVII века (Труды института востоковедения XVI). М.-Л., 1936. С. 53–59; Чоймаа — МНТ, АТ, 2002.

⁵ Радлов — ОСТН, III–1. С. 1905; III–2. С. 1513; Eldengtei, Ardajab-MNT, 1986.

кейінгі кезеңдерде моңғол тілді тарихнамасында қазіргі қолданыста кеңінен тараған «teüke>түүх (тарих), šaštir>шаштир (шежіре)» деген атаулары қалыптасқан.

Шыңғыс қаған Шікі-Құтұққа билік төрелікті жүргізуде заң-құқықтарды реттеп отыратын «Көк дәптерге» хаттауды бұйырған. Бұл Рашид ад-Диннің шежіресінде айтылған «Алтын дәптермен» ұқсас нақты тарихи дерек деген сөз. Шыңғыс қағанның кезінде де далалық көшпелілердің ежелгі тарихнамалық дәстүрі өз жалғасын тауып, үздіксіз жүріп жатқандығы түсінікті. Демек «алтын дәптер, көк дәптер, «ақ (?)» дәптер» және т. б. дәптерлерде империя тарихы парақталып жазылып отырған деуге әбден болады. Бізге жеткен тарихи туындылардың саны мардымсыздығына қарамастан, сондай дәстүр жалғасып келгендігінде дау жоқ.

Сондай-ақ бұл туындының о баста «Чин-киси кехан-ну кужаур — Шыңғыс қағанның тегі» деп басталуына орай туынды осылай аталды деген пікірді жақтаушылар бар. Бұл болжамды Ишихама Жюнтаро, Б. И. Панкратов, И. Рахевилз, Ш. Чоймаа⁶ және т. б. ғалымдар қолдайды. Ол негізсіз де емес. Өйткені, осы туындының соңына дейін дерлік Шыңғыс қаған билігі дәуірі баяндалып, қалған бөлігінде оның үшінші ұлы, тақ мұрагері Өгедей қаған туралы сөз қозғайды.

Б. И. Панкратов аталмыш туындының қытайша нұсқасында «Юань-чао ми-ши («Юань» мемлекетінің құпия тарихы)» дегенді «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань»⁷ деп аударып, мәтіннің бастапқы парағына қыстырма етіп берген деп қорытынды жасайды.

Сөйтіп, зерттеушілер «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань» дегенді негізгі атау ретінде қарастырып, «Moŋɣol-un niyuča tobčiyau» тұлғасында транскрипциялап келеді. Бұл туындының нақты алғашқы өз атауы ма, одан басқа атауы болды ма, болмады ма, ол жағы ілкі көне ұйғыр жазулы түпнұсқасының жоқтығынан белгісіз болып отыр.

Дегенмен, біз қытайша көшірілген нұсқасындағы «Moŋɣol-un niyuča tobčiyau» деген атауды қолдандық, сол негізде қазақша ғылыми тұрғыдан сөзбе-сөз «**Моңғолдың жасырын топтамасы**» деп аудару керек. Мұның тарихи-деректемелік тұрғыдан бірнеше

⁶ Чоймаа — МНТ, АТ, 2002.

⁷ Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. С. 11.

себебі бар. Бұрын қазақша көркем-әдеби аудармасында «Моңғолдың құпия шежіресі» деп берілген болатын. Бұл атау қазіргі әдеби-көркемдік тұрғыдан оңтайлы болғанымен, туындының «*Moңғол-un niyuca tobciyan*» деген атауының нақты тарихи семантикасын бере алмайды, «құпия шежіре»⁸ деген жасанды аударма. Демек, тарихи кезеңдердегі тарихи туындылардың нақты атауын бүгінгі заман талабынан қарастырып аударуға бола бермейтін жақтары да осы. Басқаша айтқанда, қазақ тілінде қалыптасқан атауларды ғана сол заманға таңып қолдана беруге болмас. Мысалы, осы ғасырларға орай Шыңғыс «сұлтан», Шыңғыс «шежіресі» деп айтуға, жазуға әсте болмайды. «Топчыйан» атауының түрік тілдерінде кездесетінін В. В. Радлов өз сөздігінде келтіргенін жоғарыда айттық.

Біз жоғарыда «*tobciyan* — топчыйан» деген сөздің мағынасын айтып кеттік. Ал, «*niyuca* — ниғұча» деген сөз жасырын, ешкімге көрсетпейтін, кім көрінген көре бермейтін деген мағынаны білдіреді. Бұл атау қазақ тіліндегі «нық, нығыз, нығыздалу» деген сөздермен тұлғалық әрі семантикалық тұрғыдан төркіндес. Шағатай дәуірінің түрік тілді сөздіктерінде *jasurun*⁹ — жасырын деп қолданылған. Демек «*niyuca tobciyan*» — жасырын топтастырылған жинақ, жасырын түйінделген жинақ, жасырын сақтайтын түйіндер жинағы, нығыздалынған жасырын жинақ, жасырын топтамалар деген мәнді білдірмек. Бір сөзбен айтқанда, «моңғолдың нығыздалып түйінделген тарихи топтамалар жинағы» деген сөз.

Алайда оқырманға үйреншікті болып кеткен, ғылыми айналымға енген «Моңғолдың құпия шежіресі» деген бұрынғы атауын осы басылымында да қолдануға тура келді. «Моңғолдың құпия шежіресі» — Темүжіннің арғы ата-бабасын таратып келе жатқан шежірелердің және Моңғол империясының этносаяси-тарихи оқиғаларға қатысты топтамалық туындыларының жасырын тарихи жинағы.

Бұл туынды Темүжін Шыңғыс қаған атанған кезден бастап ордалық тарихшылар топтастырып жазып отыратын жасырын туынды болды, яғни мұның өзі құпия, жасырын мұрағаттық

⁸ «Шаджара» арабша «ағаш, бұтақ, шежіре» дегенді, ал «хуфия» «далда, таса» дегенді білдіреді.

⁹ *Поппе Н. Н.* Монгольский словарь Мукаддимат ал-Адаб. Часть I—II. М.-Л., 1938. С. 250.

шығарма. Шыңғыс қағаннан кейін де Жошы, Шағатай, Өгөдей ұлыстарында да жеке-жеке ордалық тарихнама тұжырымдар жазылып, ұлы құрылтай кезінде топтастырылып бекітілетін болған. Ол жасырын топтаманы оқуға, көруге тек қағанның ұрпақтарының ғана хақысы болған көрінеді. Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» туындысы да солардың бірінен көшіріліп жазылған.

Біздің пікірімізше, «Моңғолдың құпия шежіресінің» жазылуына Шыңғыс қағанның өзі тікелей қатысқан, қағанның бұйрығымен хаттала бастаған деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар бұл туындының жазылуына түрік тектес біліктілер де қатысқаны даусыз. Жалпы, мұндай этномәдени дәстүр, яғни қағанның, билік иелерінің өмір жолын баяндаған бітіктастар мен жазба ескерткіштер ұлы Түрік Елі кезінде де болды. Татпар, Білге, Күлтегін, Тұнықұқ, Ел етміш қаған және т. б. қаған, билік иелерінің көне түрік бітіктастары соның айғағы. Көне түрік дәуірінің тасқа қашалған тарихымен қатар қағазға хатталғандары да көп болғандығы түсінікті. Бірақ бізге жеткені бітіктастар ғана болып отыр. Бәлкім, қағазға хатталған тарихтың өмір сүру мерзімінің аздығын жете түсінгендіктен болар, көне түріктер «мәңгі тастарды сөйлетіп» асыл мұра қалдырғаны таңғажайып құбылыс, далалық сұңғылалық, данышпандық екені хақ.

2. Қытайша көшірме нұсқасының зерттелуі

«Моңғолдың құпия шежіресінің» түпнұсқасы көне ұйғыр бітігімен байырғы моңғол тілінде жазылған. Оған күмәніміз жоқ. Алайда сол ілкі түпнұсқасы табылмай отыр. Бізге жеткені көне моңғол тіліндегі жазба мәтінінің айтылымы бойынша қытай иероглифтерімен белгіленген (транскрипцияланған) нұсқасы.

Зерттеушілердің пікірінше, бүкіл қытайды билеген Құбылай ханның (1216–1294) «Юань мемлекеті» (1260–1368) құлазыған тұста Мин мемлекетінің (1368–1644) билік иелері моңғолдардың тілін үйренуді көздеген, астыртын саяси мақсатта 1368–1382 жылдары туындының мәтінін таңбалау, аудару, басып шығару істерін жүргізе бастаған¹⁰. Сөйтіп 1382 жылғы белгіленген нұсқасы

¹⁰ Дамдинсүрэн Ц. Монголын уран зохиолын тойм. Нэгдүгээр дэвтэр. XIII–XIV зууны үе. Улаанбаатар, 1957. 42; Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. С. 11–12.

бойынша қытайша «Юань-чао ми-ши» — Юань мемлекетінің құпия тарихы деп аталып кеткен. Осы нұсқаны Мин мемлекеті кезінде Хо-Юань-цзе, Ма-ша и-хей, Махмад (?) деген адамдар қытай тілінде қысқаша аудармасымен ағаш (оймыш) баспа қалыбымен шығарыпты дейді белгілі ғалым И. Иринчин¹¹. Одан кейін Цин мемлекеті кезінде (1644—1911) қытайлықтар оны ықшамдап аудару, көшіру сияқты істерді атқарыпты. Алайда, олар моңғол тілін жетік білмегендіктен, оның толық аудармасын жасай алмай келген. Жалпы алғанда, МҚШ-ның қытайша үш түрлі көшірме нұсқасы бар. Олар «Гу Гуан Цидің көшірмесі (1776—1835)», «Е Де Хуенің көшірмесі (1864—1927)» және 15 дәптерлі «Цянь Да Синнің көшірмесі (1728—1804)»¹².

Бұл жазба ескерткіштің әлемге танылуы ХІХ ғасырдың аяғында ғана мүмкін болды. 1872 жылы орыс қытайтанушысы Петр Иванович Кафаров (1817—1878) патша сарайының жасырын кітапханасынан осы мұраның толық көшірмесін сатып алады. Бұл 15 дәптерлі «Цянь Да Синнің көшірмесі» екен. П. И. Кафаров сатып алған көшірмесінің қытайша жазылған сөздерінің транскрипциясын орыс әрпімен дайындайды. Ол 1878 жылы Пекинге келген моңғолтанушы А. Позднеевке «Юань-чао ми-шидің» аталмыш көшірме нұсқасын тапсырады¹³ (ол нұсқа Санкт-Петербург университеті кітапханасының шығыс бөлімшесінде, шифр Ху1. 1264 / Позд. № 152). А. Позднеев осы нұсқаны 1897 жылы жариялады¹⁴. 1933 жылы П. Пеллио да осы нұсқаның фотокошірмесін алып, Пекин ұлттық кітапханасына тапсырған.

1962 жылы Б. И. Панкратов осы 15 дәптерлі нұсқасының фотокошірмесін толық жариялады¹⁵.

¹¹ Irinčin — MNT, 1987. 14—15.

¹² Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. С. 7—9; Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 13—19.

¹³ Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. С. 15.

¹⁴ Позднеев А. М. О древнем китайско-монгольском историческом памятнике «Юань-чао ми-ши». Санкт-Петербург. Переиздано в: ИИРАО, 1884. № 3—6. С. 245—259. Приложена «Таблица основных иероглифов, составляющих алфавит древней китайско-монгольской летописи — Юань-чао ми-ши». Транскрипция палеографического текста «Юань-чао ми-ши». История монгольской литературы, лист 1-й. Факультет восточных языков СПб-кого Университета. Санкт-Петербург, 1897.

¹⁵ Панкратов Б. И. Предисловие / Юань-чао-би-ши. С. 11—12.

1980 жылы ҚХР Ішкі Моңғолия ғалымдары Элдэнтэй, Оюундалай жоғарыда аталған үш нұсқа көшірмелерді өзара салыстыра тексеріп, одан біршама қателіктер мен олқылықтарын анықтап, арнайы кітап етіп шығарды¹⁶.

3. Мәтін берілген құрылым

МҚШ-ның қытайша белгіленген бірнеше нұсқасы бар дедік. Негізінен МҚШ-ның мәтіні — 12 дәптер, 282 бөлімнен тұрады. Туындының дені Шыңғыс қаған билік құрған дәуірге, қалған бөлігі Өгөдей қағанның заманына арналған.

МҚШ-ның қытайша белгіленген нұсқасының құрылымы:

1. Мәтін. Көне моңғол тіліндегі мәтінді қытай иероглифтерімен дыбыстап белгілеген.

2. Қытайша түсіндірме аудармасы. Әрбір сөздің, сөз тіркесінің және сөйлемнің жанына мағыналық немесе түсіндірме аудармасы болып табылатын қытайша «қыстырма» аудармасы берілген. Мысалы:

- а) **Ман-хо-лун** **ню-ча** **то-ча-ань**
 /атау/ /құпия/ /тарих/
- ә) **Чин-ги-си** **ха-хан-ну** **ху-ча-ву-ел**
 /адам аты/ /билік иесі/ /түбі/
- б) **Тие-ге-лие** **тиен-ке-ли** **е-че** **ча-иа-а-то** **туо-рие-ке-сиен**
 /үсті/ /аспан/ /жалғау/ /жаратылу/ /туған/
- пей-ел-тие** **чи-но-а** **а-цу-у**
 /көк түс/ /қасқыр/ /еді/

Осы қыстырма аудармасы көне тілдің семантикалық мән-мағынасын анықтауға біршама септігін тигізеді. Кейбір тұстарында күрделі болғандықтан аударылмай қалған сөздер де бар¹⁷. Сондай-ақ мәтін берілген әрбір сөздің жанынан «адам аты, жер аты, өзен-су аты, ру аты, жұрнақ, жалғау» деген секілді шағын

¹⁶ Элдэнтэй, Оюундалай. «Моңғолдың құпия шежіресі» (қытай тілінде: Menggu mi shi). ҚХР. Ішкі Моңғолия ұлттық баспасы, 1980.

¹⁷ Цэрэнсодном Д. «Монголын нууц товчооны» хятад хадмал орчуулгад орхигдсон үг хэллэгийн учир // Mongolica. An international annual of Mongol studies. Vol. 6 (27). Ulaanbaatar, 1995. 65–72.

жазумен қыстырма беріп отырған. Ғалымдар алғашқы нұсқаның көне тілінен қытай иероглифіне белгілеп таңбалаған адам екі тілді жетік меңгерген маман болса керек деп есептейді.

3. Қытайша мазмұндық қысқаша аудармасы. Туындының мазмұны туралы түйін ретінде аударып берілген мәтіндері. Зерттеуші ғалымдар МҚШ транскрипцияланған қытай иероглифтерінің санын 502, 554 және 571 деп есептеген¹⁸. МҚШ-ның қытайша белгіленген көшірмелерінің зерттеулерінде біршама қиын тұстары бар. Атап айтқанда, қытайша нұсқасында көне моңғол тілінің фонологиялық заңдылықтарын қытай иероглифімен дәлме-дәл таңбалай алмаса керек. Қытай тілінің иероглифтерінде көне моңғол тілінің фонетикалық ерекшеліктерін жуықтатып қана берген тәрізді. Сондықтан зерттеуші ғалымдар түпнұсқаны қалпына келтірген транскрипцияларында белгілі бір сөздің бірнеше нұсқа-үлгісін ұсынып келеді. Бұл МҚШ-ның қытайша нұсқасының даулы тұстарын аңғартады. Демек, қытай иероглифтерімен таңбаланған нұсқасын әлі де егжей-тегжейлі зерттей түсу қажет екенін ескергеніміз жөн.

4. Мәтіннің аудармалары

П. И. Кафаров моңғол тілін білмегендіктен қытайша аударма негізінде орыс тіліне алғаш рет аударған¹⁹. 1931 жылы Э. Хейниш МҚШ-ның екі тарауының қалпына келтірген мәтінін, аудармасын, түсіндірмесін, ал 1937 жылы толық транскрипциясын, 1939 жылы мәтіннің моңғолша-немісше сөздігін жасады²⁰. 1941 жылы С. А. Козин

¹⁸ Haenisch — MNT, 1939. 190–191; *Bayar D. Mongyolun niuca tobciyan-u (Neyitü yurban debter). Öbür mongyul-un arad-yin keblel-ün qoriy-a. Köke qota, 1981. yutayar debter. 1100–1469 (1–233); Сумьябаатар Б. Mongyolun niuca tobciyan. Үсгийн галиг. Улаанбаатар, 1990. 968 (927–953); Сумьябаатар Б. Монголын нууц товчоо хэдэн үгтэй вэ / Угсаатан судлал. Tomus XVI, Fasc. 1–23. Улаанбаатар, 2004. 88–90.*

¹⁹ *Палладий (Кафаров П. И.). Старинное монгольское сказание о Чингисхане или «Анекдотические сказания о Чингис-хане». Пер. с кит., прим., архим. Палладия / Труды членов Российской духовной миссии в Пекине. Т. IV. 1866. С. 3–258.*

²⁰ *Haenisch E. Untersuchungen über das Yüan-ch'ao pi-shi die geheime Geschichte der Mongolen. Nr. 4. Bd. 41 der Abhdl. d. Kl. d. Sachs. Ad. W., Leipzig, 1931; Haenisch E. Manghol un niuca tobca'an (Yüan-ch'ao pi-shi) die geheime Geschichte*

МҚШ-ның мәтіндік толық транскрипциясын²¹ «Лу. Алтын тобчы» туыңдысының транскрипциясымен қатар беріп, орыс тіліне аударып, сөздігін жасаған²². С. А. Козин МҚШ-ның 12 дәптерінде, яғни түпнұсқада жоқ атауларды (1. «Родословная и детство Темучжина (Чингиса)». 2. «Юность Чингиса» және т. б.) ойдан шығарып айдарлап берген.

МҚШ-ның бастапқы алты дәптерін П. Пеллио француз тіліне аударған, ал шәкірті Л. Анбис бұл аударманы дайындап 1949 жылы жариялады²³. А. Мостарт МҚШ-ның зерттеулері жайында бірнеше ғылыми мақала жариялап, 1953 жылы «МҚШ-ның бірнеше аудармасы» деген атпен жеке кітап етіп шығарды²⁴. МҚШ-ны 1948 жылы А. Темір қазіргі түрік (осман) тіліне²⁵, 1955 жылы П. Поуха чех тіліне²⁶, 1962 жылы Л. Лигети мажар тіліне²⁷, 1970 жылы С. Калужинский поляк тіліне аударыпты²⁸. 1972 жылы И. Рахевилз сөздік көрсеткіштері мен ағылшынша аудармасын жариялады²⁹. 1982 жылы В. Кливез француз тіліне

der Mongolen, aus der chinesischen Transcription im mongolischen Wortlaut wiederhergestellt. Leipzig, 1937; Haenisch — MNT, 1939; *Haenisch E.* Die geheime Geschichte der Mongolen. Leipzig, 1948.

²¹ Козин С. А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием *Mongyol-un niyuca tobciyan*. Юань чао би ши. Монгольский обыденный сборник. Т. 1. Введение в изучение памятника, перевод, тексты, глоссарий. М.-Л., 1941.

²² Қараңыз: Козин С. А. Сокровенное сказание. Параллельные тексты *Altan tobci nova / Erten-ü had-un ündüsülegsen törü yosun-u jokial-i tobci lan xuriyausan altan tobci kemekü orošibai*. С. 321–397.

²³ *Pelliot Paul.* Le tetre mongol du Yuan tcha'o pi-shi. *Toung Pao*. Vol. XIV, 1913; *Pelliot Paul.* Histoire secrete des Mongols. Restitution du texte Mongol et traduction francaise des chapitres 1 et 6. Paris, 1940, 1949; *Pelliot P. et Hambis L.* Histoire des campagnes de Gengis khan, Gheng-wou ts'in-Tcheng lou, tome I. Leiden, 1951.

²⁴ *Mostaert Antoine.* Sur quelques passages de L Histoire secrete des Mongols, HJAS XIII, 1950. 285–361; XIV, 1951. 329–403; XV, 1952. 285–361. Separement: XX et 1–227 pages. Harvard-Yenching Institute, Cambridge, Massachusetts, 1953.

²⁵ *Temir A.* *Mogollarin Gizli Tarihi*. Tercüme, 1 baski, 1946; 2 baski. Ankara, 1986.

²⁶ *Poucha P.* *Taina kronika Mongolu*. Praha, 1955; *Poucha P.* *Die Geheime Geschichte der Mongolen als Geschichtsquelle und Literaturdenkmal*. Praga, 1956.

²⁷ *Ligeti Lajos.* *A Mongolok Titkos Története*. Budapest, 1964.

²⁸ *S. Kaluzynski.* *Tajna Historia Mongolow // Anonimowa kronika Mongolska z XIII w.* Warszawa. PIW, 1970.

²⁹ *Rachewiltz I.* *De Index to the secret. History of the Mongols*. Bloomington, 1972; *The Secret History of the Mongols translated by I. de Rachewiltz 'Papers on*

аударған³⁰. 1990 жылы У. Онон ағылшын тіліне жаңадан көркем аударма жасады³¹.

МҚШ-ның толық аудармасын жапон зерттеушілерінен 1907 жылы Нака Мичио, 1942 жылы Ширатори Куракиши³², кейбір иероглифтердің зерттеулерін Хаттори Широо жасаған болатын³³. Ал 1985—1989 жылдары МҚШ-ның жапонша толық аудармасын жаңа түсіндірмелер мен салыстырмалы іргелі зерттеуді қоса белгілі моңғолтанушы Озава Шигео 6 том етіп жариялады³⁴.

Моңғол ғалымдарынан алғаш рет Цэнд гүң³⁵ бірлі-жарым зерттеулер жүргізіп, қытайша қысқаша аудармасын қазіргі моңғол тіліне аударған. МҚШ-ның көне моңғол тіліндегі нұсқасынан қазіргі моңғол тіліне әдеби-көркем аударма жасаған ғалым — Ц. Дамдинсүрэн³⁶. Ол бұл көркем аудармасында С. А. Козин айдар тағып атаған 12 дәптердің орысша мазмұндық атауларын сол қалпында қолданған. Және бұл аудармасы 1947, 1957, 1976, 1990 жылдары қайтадан жарияланды. С. А. Козиннің және

Far Eastren History'. Published by Australian national university (in serial from) Canberra Australia, 1971—1984.

³⁰ Woodman Cleavis. The Secret History of the Mongols translated by the Francis Woodman Cleavis. Published by Harvard university Press, 1982.

³¹ The History and the Life of Chinggis khan (The Secret history of the Mongols). Translated and annotated by Urunge Onon. Leiden, New York, Kobenhaven, Koln, 1990.

³² Shiratori Kurakishi. Onyaku Mobun genchoo hishi. Tokyo, 1942.

³³ Hattori Shiroo. Genchoo Hishi Mookogoo wo arawasu kanji no kenkyu. Tokyo, 1946.

³⁴ Ozawa Shigeo. Genchoo Hishi Zenshaku. Tokyo, 1984—1989. 1—6.

³⁵ Цэнд гүңнің қолжазба аудармасының бірінші дәптері Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының кітапханасында және екінші дәптері Моңғолия ұлттық кітапхана қорында сақтаулы. Ол қолжазба аудармасын Ц. Дамдинсүрэн «жарым-жартылай қысқаша ғана аударған» деп бағалайды. Қараңыз: Дамдинсүрэн Ц. Монголын уран зохиолын тойм. Нэгдүгээр дэвтэр. XIII—XIV зууны үе. Улаанбаатар, 1957.

³⁶ Дамдинсүрэн Ц. Нууц товчооны оршил ба анхны гурван бүлэг ШУ. Улаанбаатар, 1941. № 1. 15—43; Нууц товчооны IV бүлэг. ШУ, Улаанбаатар, 1941. № 2. 14—21; Нууц товчооны V бүлэг. ШУ, Улаанбаатар, 1942. № 4. 31—44; Нууц товчооны VI бүлэг. ШУ, Улаанбаатар, 1942. № 5. 15—22; Нууц товчооны VII бүлэг. ШУ, Улаанбаатар, 1942. № 6. 32—37; Mongyol-un niyuca tobciyan. Qayusin mongyul kele-ese odu-yin mongyul bicig-yin kele-ber Cengdü-yin Damdingsüreng orciyulba. Öbür mongyul-un arad-un keblel-ün qoǵu-a. 1947; Монголын нууц товчоо Дамдинсүрэн Ц. // Ред. Ш. Гаадамба. Улаанбаатар, 1976; Монголын нууц товчоо (хуучин монгол хэлнээс одоогийн монгол бичгийн хэлээр Цэндийн Дамдинсүрэн орчуулав). Ред. Ш. Гаадамба. Улаанбаатар, 1990.

Ц. Дамдинсүрэннің бұл әдеби еркін аудармалары негізінде қазақ³⁷, бурят³⁸, қалмақ³⁹, тува⁴⁰, поляк, чех, қытай және т. б. тілдердегі көркем аудармалары Моңғол империясы тақырыбына қалам тартқан жазушылар пайдаланған бірден-бір үлгі-нұсқа болды.

Бұл орайда МҚШ-ның «Моңғолдың құпия шежіресі» деп аталған алғашқы қазақша көркем аудармасы туралы пікірімізді айта кетейік. Қазақша көркем аудармасына бірден-бір негіз моңғол ғалымы Ц. Дамдинсүрэннің қазіргі моңғол тіліне әдеби аудармасы болды. Бұл көркем аударма МҚШ-ның негізгі желісінен, тарихи мазмұнынан тым алшақтап кетпеген. Алайда ол сол байырғы дәуірдің этномәдени, этнолингвистикалық әрі тарихи оқиғалары жайындағы мағлұматтарды айқындау, ғылыми зерттеу деңгейінен қарағанда талап деңгейінен шыға алмайды. Шын мәнінде, 1979 жылы Моңғолияның Өлгий қаласында басылып шыққан қазақша аудармасының алғы сөзінде белгілі ғалым Б. Базылхан «бұл шежірені біріншіде оқырман қауымға арнап, екіншіде ғылыми мінбеге арнап екі түрмен аударуға болады» деген еді⁴¹. Ғалым көркем аудармалар ғылыми деректанулық түпнұсқалық аударма бола алмайтынын және әдеби аударма XII–XIII ғасырлардағы түрік, моңғол тектес этностардың тілдік табиғатын, этномәдени болмысының сан қилы заңдылықтарын айқындауға қауқарсыз екенін ескерткен. Десек те аудармашы Солтанияұлы Мағауияның қазақ тіліндегі әдеби аудармасы көркем де нақышты берілген, алғашқы жол салушы туынды екенін атап өткен дұрыс. Бұл аударма 1990, 2002 жылы Алматы, Ұланбатыр қалаларында қайтадан басылып шықты⁴².

³⁷ Моңғолдың құпия шежіресі. Моңғолша үшінші рет басылуына сәйкес қазақша бірінші рет басылуы (Моңғолшадан аударған: Мағауия Солтанияұлы. Жалпы редакциясын басқарған: Базылхан Бұқатұлы. Редакция алқасы: Базылхан Бұқатұлы, Имашхан Байбатырұлы). Өлгий, 1979.

³⁸ Монголой нюуса тобшо. Сокровенное сказание монголов. Ч. Р. Намжилов ой оршуулга. Пер. С. Козина. Улан-Уде, 1990.

³⁹ Сокровенное сказание монголов. Анонимная монгольская хроника 1240 г. (На старомонгольском, калмыцком, русском, бурятском языках). Элиста, 1990.

⁴⁰ Моолдуң чажыт төөгүзү (Моол дылдан тывазынче К. Д. Бижек, Б. Энхдалай очулдурган). Новосибирск, 2003.

⁴¹ Базылхан Б. Қазақша аудармаға алғы сөз / МҚШ, 1979.

⁴² Моңғолдың құпия шежіресі. Алматы, 1998; Моңғолдың құпия шежіресі (Моңғолша төртінші басылуына және жаңа аудармасына сәйкес қазақша жөнде-

1992 жылы Пекинде Ұлттар баспасынан Уәлібек Төребатұлы, Міркәмал Жәлелханұлы, Әбдірашит Тойлыбайұлы МҚШ-ны қазақша латын жазуымен аударып жариялады⁴³. Алайда аудармашылар бірнеше тұстарында шағын түсіндірме бергеніне қарамастан, бұл да көркем аударма. Ол аудармаға Ішкі Моңғолия ғалымы Баярдың зерттеу нұсқасы арқау болғанын аудармашылар атап көрсетеді.

МҚШ-ның қазіргі моңғол тіліндегі соңғы кездегі сөзбе-сөз ғылыми аудармалары ішінде Д. Цэрэнсодномның еңбегін⁴⁴ ерекше айтқан жөн. Бұл еңбекте бұрынғы зерттеулердегі пікір-ұсыныстар едәуір ескерілген және қазіргі моңғол тілінің сөздік қорындағы сарқыншақ тұлғалар мейлінше қамтылған деуге болады.

5. Мәтінді ғылыми транскрипциялау, қалпына келтіру зерттеулері

МҚШ-ның ғылыми транскрипциясының тарихи-деректеме-танулық тұрғыдан маңызы зор. Өйткені XII—XIII ғасырлардағы көне тілдің табиғатымен хатталған бұл туындының ілкі түпнұсқасы табылмағандықтан, зерттеуші ғалымдар қытайша белгіленген нұсқасы арқылы байырғы қалпына келтіру істерін жүргізіп келеді. Сондай-ақ сол заманнан бізге жеткен байырғы жазба ескерткіштермен, олардың тілдік заңдылықтарымен салыстыра зерттеген жұмыстар да баршылық. МҚШ-ның мәтінін қалпына келтіру жөніндегі ғылыми зерттеулер әлі де атқарылып келеді. Оған көптеген елдердің ғалымдары атсалысып, өз еңбектерін жариялады.

МҚШ-ның ғылыми транскрипциялық зерттеулерін П. И. Кафаров, С. А. Козин, Э. Хейниш, П. Пеллио,

ліп, толықтырылып үшінші рет басылуы. Аударушы С. Мағауия. Сарашылар: Б. Базылхан, К. Бикүмар). Ұланбатыр, 2002.

⁴³ *Moŋğoldiŋ qurıya ŧejiresi. Awdargandar: Wali bek Törebat ulı, Mirkamal Jalelqan ulı, Abdıraŧit Toylibay ulı. Pekin: Ulttar baspasi, 1992.*

⁴⁴ *Цэрэнсодном Д. Монголын нууц товчоо. Эрдэм шинжилгээний орчуулга. «Цог» сэтгүүл. 1990. № 1. 116—151; № 2. 136—151; № 3. 122—145; № 4. 5—62; Dalangtai-yin Čerengsodnam Mongğol-un niyuča tobčıyan-u orčıyuly-a tayilburı. Begejing, 1993. Цэрэнсодном Д. Монголын нууц товчоо. Эрдэм шинжилгээний орчуулга тайлбар. Улаанбаатар, 2000.*

Л. Лигети⁴⁵, Баяр⁴⁶, Ш. Озава⁴⁷, Т. Дашцэдэн⁴⁸, Б. Сумьябаатар⁴⁹, И. Рахевилз⁵⁰ және т. б. ғалымдар жасады. Моңғол ғалымы Ш. Чоймаа 2002 жылы Ұланбатыр қаласында МҚШ мен «Лу. Алтын тобчының» салыстырмалы ғылыми транскрипциясын жариялаған⁵¹. Бұл екі туындыны арнайы салыстыра зерттеген ғылыми еңбек екені анық.

Сонымен қатар МҚШ-ның көне тілдік нұсқасын, байырғы бітік жазуын қалпына келтіру, ғылыми түсіндірме беру зерттеулерін Д. Баяр, Ш. Озава, Элдэнтэй, Ардаажав⁵², И. Иринчин⁵³, Ш. Гаадамба⁵⁴ және т. б. ғалымдар жасады. Бұл ғалымдардың еңбектері МҚШ-ның зерттелуіне қатысты біршама тың зерттеулер болып табылады.

Жалпы алғанда МҚШ-ның алғашқы хатталған нұсқасы көне ұйғыр бітігі⁵⁵ негізінде қалыптасқан жазумен жазылған. Зерттеуші

⁴⁵ *Historie Secrete des Mongols* par Louis Ligeti, Akademiai Kiado. Budapest, 1971.

⁴⁶ *Bayar*. *Mongyolun niyuča tobčıyan-u* (Neyitü yurban debter). *Öbür mongyul-un arad-yin keblel-ün qoriy-a. Köke qota*, 1981. Terigün debter, 1–394; Ded debter. 395–1099; yutayar debter. 1100–1469 (1–233).

⁴⁷ *Oozawa Shigeo*. *Genchoo Hishi Zenshaku*. Tokyo, 1984–1989. 1–6.

⁴⁸ *Дашцэдэн Т.* «Монголын нууц товчоо» Галиг. Улаанбаатар, 1985.

⁴⁹ *Сумьябаатар Б.* *Mongyolun niyuča tobčıyan*. Үсгийн галиг. Улаанбаатар, 1990.

⁵⁰ *The Secret History of the Mongols* translated by I. de Rachewiltz 'Papers on Far Eastren History'. Published by Australian national university (in serial from) Canberra. Australia, 1971–1984.

⁵¹ *Чоймаа Ш.* «Монголын нууц товчоон», Лувсанданзаны «Алтан товч» эхийн харьцуулсан судалгаа. Улаанбаатар, 2002.

⁵² *Mongyol-un niyuča tobčıyan-u seyiregülül tayilburi*. Eldengtei, Ardajab Seyiregülün ü tayilburilaba *Öbür mongyul-un suryan kümüjil-ün qoriy-a. Köke qota*, 1986.

⁵³ *Mongyol-un niyuča tobčıyan*. Yekemingyaday Irinčin-ü sergügelte. *Öbür mongyul-un yeke suryayuli-yin keblel-ün qoriy-a. Köke qota*, 1987.

⁵⁴ *Mongyol-un niyuča tobčıyan*. Qudam (ijayur erten-ü) mongyol bičig-iyer mongyol bičig uqay-a sudulul-un egüden-eče Sangjimituba-yin yadamba-yin töсүgelen niytalaju sergügegsen seyiregülge eke, tayilburi. Ulayan-bayatur, 1990; *Гаадамба Ш.* *Mongyol-un niyuča tobčıyan* (Монголын утга зохиол, утга зохиол судлал. Хэл бичгийн ухааны докторын (дээд эрдэмтийн) зэрэг хүртэх гол бүтээлийн хураангуй). Улаанбаатар, 1992.

⁵⁵ Ұйғыр бітік (көне ұйғыр жазуы) — көне түрік тілінде «uuyur bitik» деп аталды. Бұл — көне соғды курсивтік жазуына негізделген көне түрік тілінің «трансформациялық» белгіленімдік жазуы. Моңғолдар «уйгуржин монгол бичиг / ұйғыр моңғол бітігі», «монгол бичиг / моңғол бітік» деп атайды. Қазір ҚХР Ішкі Моңғолиядағы моңғол ұлттарының ресми жазуы.

ғалымдар да сол байырғы нұсқаның тұлғасын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Ал Шыңғыс қаған империясы XIII ғасырда түрік тектес этностар кеңінен қолданып жүрген ұйғыр бітігін тікелей алып, көне моңғол тіліне бейімдеп қолдана бастады⁵⁶. Осы жазу негізінде Моңғол империясының ресми жазуы қалыптасты, сол кезеңнен бастап ресми ісқағаздары хатталып тұрды, оның қолданылу өрісі де кеңейді. Бұған Түрік Елінің, Ұйғыр этносаяси бірлестіктерінің көне түрік бітік жазуымен қатар қолданыла бастаған көне соғды жазуымен, оған негізделген көне ұйғыр бітігімен қашалған бітіктастары, жазба деректемелері (Тұрпан жазба нұсқалары) толық дәлел бола алады⁵⁷.

6. «Моңғолдың құпия шежіресі» тілінің ерекшеліктері

МҚШ-ның тілі жайында алғашқы шағын зерттеуді 1959 жылы Ц. Дамдинсүрэн жасаған еді⁵⁸. Б. Я. Владимирцов, Н. Поппе, Г. Д. Санжеев, Ш. Озава, Д. Төмөртоого және т. б. ғалымдар өз

⁵⁶ Қытай деректемелері ішінде «Юань шидің» 124-інші тарауында Шыңғыс қаған Найман хандығын жаулап алғанда ұсталған ұйғыр бітікші Тататұңғаның қойнынан ұйғыр жазулы алтын таңба-мөр шыққан делінетін аңыз бар. Көптеген зерттеушілер де осыған негіздеп моңғолдар ұйғыр жазуын қолдана бастаған дейді (Қараңыз: Владимирцов Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхаского наречия. Введение и фонетика. Л., 1929). Алайда бұл аңызға күмәнмен қарайтындар да бар (Қараңыз: Шагдарсүрэн Ц. Монголчуудын үсэг бичгийн товчоон (үсэгзүйн судалгаа). Нэмж зассан хоердугаар хэвлэл. Улаанбаатар, 2001. 28; Danjan Tatatungya-yin namtar-daki mongyol üsüg biçig-yin tuqai medege-yi naribçilaqu-anu Mongyol kele biçig. № 104. Köke qota, 1986. 24–31).

⁵⁷ Бұл жайында толығырақ қараңыз: Базылхан Б. Основные аспекты истории письменности у степных кочевников Центральной Азии / Урбанизация и номадизм в Центральной Азии: история и проблемы. Материалы международной конференции. Алматы, 2004. С. 258–269. Бір ғана айғақ — Татпар қағанның бітіктасы (582 ж.) көне соғды жазуымен жазылған. Ал қазіргі Моңғолияның солтүстік-батыс өңірінен табылған көне ұйғыр жазулы «Долоодойн» бітіктасы да бар. Ол бітіктас VIII–IX ғасырларда қашалған.

⁵⁸ Дамдинсүрэн Ц. Монголын уран зохиолын тойм. Нэгдүгээр дэвтэр. XIII–XIV зууны үе. Улаанбаатар, 1957. 62–72.

еңбектерінде біршама мәселелерін сөз етеді. П. Фийце туындының лексикалық бірліктерінің кері алфавиттік сөздігін жасады⁵⁹.

«Моңғолдың құпия шежіресі» көне моңғол әдеби тілінде жазылған. Туындының тілі өте шешен әрі бай және тілдік жүйе құрылымының толық қалыптасқанын айғақтайды. Демек, туынды жазылған көне моңғол әдеби тілі XIII ғасырда бірден пайда бола қалған жоқ. Оның да өз алдына даму тарихы болған. Десек те оның XIII ғасырдан бұрынғы тілдік болмысын хаттаған жазба нұсқалар табылмай отыр. Сол себептен әртүрлі болжамдар, пікірлер айтылып келеді.

МҚШ-ның тілі жайында арнайы ғылыми зерттеу жүргізілмеген. Бұл орайда МҚШ-ның тілін байырғы түрік тілдерімен, әсіресе қазіргі қазақ тілімен, оның өте бай сөздік қорымен салыстыра зерттеу қызықты тақырып екені сөзсіз. Мұның өзі XII—XIII ғасырлардағы көшпелі түрік, моңғол тектес этностар тілінің табиғатын зерттеу болып шығар еді. Мәтінде берілген сөздердің дыбыстық құрамын, мән-мағынасын түрік тілдерінің, әсіресе қазақ тілінің арнасымен түсіндіруге толық негіз бар. МҚШ-дағы мәтіннен байырғы түрік, моңғол тілдерінің фонологиялық ортақ құбылыстарын, грамматикалық ұқсас заңдылықтарын байқауға болады. Сөз басында моңғолша «s» дыбысы қазақ тіліндегі «t» дыбысымен сәйкеседі. Мысалы: *söni* > шөнө — *tün* > түн. Орын алмасқан тұстары да бар: *šidün* > шүд — *tiš* > тіс.

Мәтіннің түпнұсқасындағы ерекшелігін көрсету үшін бастапқы үш жолдың аудармасын қазіргі моңғол⁶⁰, тува⁶¹ және қазақ тілінде беріп көрейік (Асты сызылған жалғаулар төркіндес тұлғалар дегенді білдіреді).

МҚШ мәтінінде	Қазіргі моңғол тілінде	Қазіргі тува тілінде	Қазіргі қазақ тілінде
Moŋɣol+un niʷu:ča tobčiyan	Монгол+ын нууц товчоо	Моол+дуң чажыт төөгүзү	Моңғол+дың жасырын топтамасы

⁵⁹ Vietze H. P. Erich Mater Herwig Zeuner Rücklaufiges Wörterbuch zu Manghol un Niuca Tobca'an. Leipzig, 1969.

⁶⁰ Цэрэнсодном Д. Монголын нууц товчоо. Эрдэм шинжилгээний орчуулга тайлбар. Улаанбаатар, 2000. 31.

⁶¹ Моолдуң чажыт төөгүзү (Моол дылдан тывазынче К. Д. Бижек, Б. Энх-далай очулдурган). Новосибирск, 2003.

Čiŋγiis qa'a:n+nu huža'u:r	Чингис хаан+ы язгуур	Чингис хаан+ның өгбези	Шыңғыс қаған+ның құзар тегі
De ⁸ ere Tengeri+eče žaya'a:+tu töre+gsen Börte-Činu ažu'u:	Дээр Тэнгэр+ээс заяа+т төр+сөн Бөртэ Чоно ажгуу	Үстүкү Дээр+ден чаяат+танып төрүт+түн+ген Бөрте-Чино	Дергей Тәңірі+ден жараты+лып ту+ған Бөрте-Чыну еді

МҚШ тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі — созылыңқы дыбыстар (aa, ee, oo, öö, uu, üü) пайда болу сатысында болды. Сөздің құрамындағы «aa, oo, үү, өө, үү» екі дауысты аралығындағы интервокал «b, γ, g, w» дауыссыздардың мүлде бәсең айтылуы соны аңғартады. Мысалда көрсетілгеніндей көне моңғолша *niyu:ča* > *ni'u:ča* > *niwu:ča* > ***ni'u:ča*** > нууц (жасырын); көне моң. *qaγan* > *qa'a:n* > *qa^ha:n* > *qa'a:n* > хаан⁶² (қаған) тұлғасында дамыған сатылардың соңғысында болды деген сөз⁶³. Демек, МҚШ-ның тілі байырғы моңғол тілінің ***ni'u:ča*** («ніүүча»), ***qa'a:n*** («қаан») деген дыбысталуында айтылған. Бұл заңдылықтарды, әсіресе қазақ және моңғол тілдеріндегі айырмашылықтар мен ортақтықтарды Б. Базылхан «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» деген еңбегінде кеңінен талдаған.

Бұл жердегі назар аударарлық тұсы қазіргі қаз. ***qarawul*** > **қарауыл** деген сөз МҚШ-да ***qara'u:l*** (МҚШ–1348) сол тұлғасында жазылғандығы, солай айтылғандығы дер едік. Шын мәнінде де аталмыш екі сөздің жазылуы мен айтылуы бірдей, мағынасында да айырмашылық жоқ. Сонда тарихи даму сатысын Б. Базылханның⁶⁴ жаңа тұжырымдамасы бойынша түсіндірсек былайша болмақ. Созылыңқы дауыстылар пайда болудың үрдісімен, яғни 4-інші түрі «***uqa*** > ***uγa*** > ***uha*** > ***uwa*** > ***u'a*** > ***a***» даму сатысымен аталмыш сөзді салыстырып көрсетейік:

⁶² Дыбыстардың бәсеңсуі дегеніміз қазіргі осман-түрік тілінде «дағ» дегенді «даа», орыс тілінде «чего» дегенді «чево» деп айтатыны сияқты құбылыстар.

⁶³ Бұл жайында қараңыз: Төмөртоғоо Д. Основа исторической фонетики монгольских языков. Автореф. дисс. ... д. филол. н. Улаанбаатар, 1994. (52 с.). С. 20.

⁶⁴ Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Фонетика). Алматы, 1999. 70–78-бб.

Са-тысы	1	2	3	4	5	6	7	Тіл
*	qaraqul >	qaraqul >	qarahul >	qarawul>	qara'ul >	qarawil >	қарауыл	қаз.
		qaraqul >	qarahul >	qarawul>	qara'u:l >	qaruul >	харуул	моң.
		qaraqul >	qarahul >	qarawul>	qara'ul >	qarool >	кароол	қыр. хак.
Мер-зімі		VIII ғасыр			XIII ғасыр		XXI ғасыр	

Көне түрік бітік тілінде дәл «қарауыл» мағынасында **qaraqul(+l)** тұлғасы (Тұнықұқ бітіктасы, 34-жолда) кездеседі. Кестеден аталмыш сөздің МҚШ-да белгіленген көне моң. qara'u:l тұлғасы мен қазіргі қазақ тіліндегі qara'uil тұлғасының фонологиялық табиғатының жақындығы байқалады. Бұл бір ғана мысалдан сол дәуірлерде түрік, моңғол тектестердің тілінде фонологиялық аса күрделі айырмашылықтар болмағанын аңғаруға әбден болады. Басқаша айтқанда, сол кездердегі түрік, моңғол тілдес этностар өзара ымдаспай-ақ түсініскен болса керек. Демек МҚШ-ның көне моңғол тілінің материалдары кейінгі ортағасырлық түрік тілінің, әсіресе қазіргі қазақ тілінің тарихи даму сатыларын хронологиялық тұрғыдан сараптау үшін құнды деректер екені даусыз.

Фонологиялық тұрғыдан сараптағанда көне моңғол тілі мен қазақ тіліндегі фонемалар негізінен ұқсас. МҚШ тілінде қатаң «q, k» және ұяң «γ, g» дауыссыздары толық сақталған. Ал бұл қазіргі халха-моңғол тілінде фонемалық қызметінен айырылған, «q, k» — «x»-мен, «γ, g» — «r»-мен (кирилл алфавитімен) таңбаланғандықтан ажыратылып айтылмайды. Бұл үрдіс қазіргі қырғыз тілінде де бар.

Мысалы: моң. külüg > хулэг — қаз. külük > көлік/күлік; — külük > қыр. көлүк

моң. qara > хар — қаз. qara > қара; qara > қыр. кара

моң. aqa > ах — қаз. aqa > аға > аға; aqa > аға > қыр. ага және т. б.

МҚШ-да сөз басында «h» көмей дыбысы да бәсең айтылған, жиі болмаса да кездесіп тұрған. Алайда өте әлсіз дыбысталынған көрінеді. Мысалы: hužayur > ^hužayur > jažuyur > язгуур (құзары, түп-тегі); hon > ^hon > он (жыл); harban > arban > арав, арван (он) және т. б.

МҚШ-да көптік жалғаулары өте жиі қолданылған. МҚШ-да кездесетін көптік жалғаулары: -t, -ut, -üt, -s, -d, -ud, -üd, -n, -nar,

-**ner** тұлғаларда ұшырасады. Мысалы: *ökin* (қыз) — *ökit* (қыздар), *kögün* (ұл) — *kögüd* (ұлдар), *bayatur* (батыр) — *bayatut//bayatud* (батырлар), *qan* (хан) — *qad* (хандар), *balayasu//balayasun* (қала) — *balayat* (қалалар), *qorči* (қорамсақты оқшы) — *qorčın* (қорамсақты оқшылар), *noyan* (ноян) — *noyat* (нояндар), *küregen* (күйеу) — *küreget* (күйеулер), *harban* (он) — *harbad* (оңдар), *miñyan* (мың) — *miñyad* (мыңдар), *tümen* (түмен) — *tümed* (түмендер), *noqay* (ит, ноқай) — *noqas, noqad* (иттер, ноқайлар), *aqa* (аға) — *aqa+nar* (ағалар), *degü* (іні) — *degü+ner* (інілер) және т. б.

Тіпті сөз, сөз тіркестерінің құрамдары да көптік тұлғада қолданылады. Мысалы: *harbad-un noyat* — «ондардың нойандары» деген сияқты. Сонымен қатар көне моңғол тілінің өзіндік ерекшелігі бола бастаған көптік жалғаулары ру, тайпа, ел, этностар атауларында ұдайы қолданылған. Мысалы: *Belgünütei-Belgünü+d*, *Bügünütei-Bügünü+d*, *Oñyun-Oñyu+t*, *Süldün-Süldü+s*, *Mañqun-Mañqu+t*, *Tayičiyun-Tayičiyu+t*, *Kerej-Kerej+id*, *Merkin-Merki+t*, *Kibčay-Kibčay+ut*, *Kañli-Kañli+n*, *Uyiyur-Uyiyu+d*, *Qitay-Qita+d*, *Oros-Oros+ut* және т. б.

«Лу. Алтын тобчының» тілін арнайы зерттеген М. Н. Орловская сол туындыда кездесетін көптік жалғаулары қазіргі моңғол тіліндегідей, кейде МҚШ-да кездесетін байырғы тұлғалары да ұшырасады дейді⁶⁵. Мысалы: *qa+d* > хаад «хандар», *od* > од «жұлдыздар» және т. б.

Мұндай көптік жалғаулар көне түрік бітік тілінде де қолданылған. Мысалы, *oq-oq+us // oγ+uz*, *tarqan-tarqa+t*, *tölen-töle+s*, *tardun-tardu+š* және т. б.

МҚШ-да аталық, аналық текті ажыратып тұлғалайтын категория болған делінеді. Мысалы: *žin* (егіз) аналық текті білдіреді, *qoyar* (екі) аталық текті білдіреді, *-tau*, *-tei*, *-tu*, *-tü*, *-jin*, *-γčın* жалғаулары сөздің аталық, аналық тегіне байланысты қолданылған. Мысалы: *nidün-tür-iyen γaltu kögün* (көзінде от+ты ұл), *nidün-tür-iyen γaltay ökin* (көзінде от+ты қыз). Алайда алмастырылып кеткен тұстары бар. Мысалы: *Moñyolžin Qoyai-gergei+tü* (Моңғол+жын Қоғай кербез+ді), *Boroγčın Qoyai-gergei+tü* (Бороғчын Қоғай кербез+ді), *Uñyañqa-žin* (Ұрыйаңқай+жын), *Qunažin bodo* (Құнажын сиыр). Бұл құбылыс қазақта аң-жануарларды еркек, ұрғашы деп ажыратып атаумен үндес.

⁶⁵ Орловская М. Н. Язык «Алтан тобчи». М., 1984. С. 74–76.

Сөйлем құрылысында айтарлықтай түсініксіз жүйе жоқ. Қазіргі қазақ тілінің сөйлем құрылысынан мүлде басқа деуге болмайды. Дегенмен байырғы көне моңғол тілінің қолданыстық ерекшеліктерін байқауға болады. Көне моңғол тілінде көне түрік тіліндегідей (қазіргі қазақ тіліндегідей) зат есім, етістіктің бірінші, екінші, үшінші жаққа жіктелуі, яғни жіктеу категориясының қосымшалары жоқ. Мысалы: *bi irebe* — мен келдім, *ta irebe* — сіз келдіңіз, сіздер келдіңіздер, *bida irebe* — біз келдік, *tede irebe* — солар келді және т. б.

Сондай-ақ етістіктің болымсыздығын білдіретін *ese* > эс (қаз. -ма, -ме, -ба, -бе және т. б. секілді) тұлғасы сөздің құрамында емес, оның алдында жеке дара күйінде тұрақты қолданылады. Мысалы *ese ögbe* (бермеді), *ese bolıaba* (болдырмады), *ese üžksen* (көрмеген), *ese uqabaı* (ұқпады) және т. б. Сөзбе-сөз аударып келтірсек *ese ögbe* — еш берді, *ese bolıaba* — еш болдырды дегенге саяды. Бұл қазіргі түрік тілдеріндегі «еш, ес, es» тұлғаларымен төркіндес сияқты. Қазақ тілінде «ештен кеш жақсы», «еңбегі еш болды», «еш болмаса» дегендегі «еш» осы *ese* тұлғасымен төркіндес болса керек. МҚШ-дағы бұл тұлғаның түп-төркіні **e+se* > *ese* > эс. Қазақ тілінде *e+* түбірге *e+ді*, *e+кен*, *e+мес* секілді сөзжасамымен ұқсас. МҚШ-да *e+* түбірі *e+ne* (бұ, бұл, осы), *e+de* (бұлар), *e+yimü* (бұндай, осындай), *e+nde* (бұнда, осында), *e+düi* (бүйтіп, өйтіп) және т. б. синкреттік тұлғаларда да жиі кездеседі.

II. «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІНДЕ» аталатын түрік, моңғол этностары жайында

«Моңғолдың құпия шежіресінде» түрік-моңғол этностары жайында өте мол деректер бар. МҚШ-ның көне моңғол тілінде жазылғандығын айтқан болатынбыз. Енді сол көне моңғол тілі МҚШ-да аталатын қай этностікі деген сұрақ туындайды. Я. Шмидт, А. М. Позднеев, В. Я. Владимирцов⁶⁶ XII—XIII

⁶⁶ «В XII в. монголы, делившиеся тогда на многие племена и роды, говорили на разных наречиях и говорах, отличавшихся друг от друга; современные монгольские наречия являются потомками некоторых из них. Общего же языка у монголов не было и в ту пору. Среди этих племен выделялись два племени, керенты и най-

ғасырлардағы көне моңғол әдеби тілінің негізі сол кездердегі іргелі ұлыстар — керейлер мен наймандардың тілі деген болжам айтқан, бұл болжамды Н. Поппе⁶⁷, Э. Хейниш, Г. Д. Санжеев⁶⁸ және т. б. ғалымдар негізінен қолдады.

Сонымен қатар Л. Лигети⁶⁹, Х. Пэрлээ⁷⁰, Л. Викторова⁷¹ және т. б. ғалымдар көне моңғол әдеби тілінің негізі қытаңдардың тілі

маны, как более цивилизованные; они имели сношения с культурными народами Азии, с уйгурами, жившими тогда в Притяньшаньи и в особенности керейты общались также с Китаем, северной частью которого владели тогда джурджени, народ тунгусского происхождения и с Тангутским царством (Си-Ся). Среди керейтов и найманов было распространено христианство несторианского толка. По-видимому монгольский письменный язык возник именно у этих племен до эпохи Чингис-хана. За это говорит следующее: прежде всего на найманское происхождение монгольской письменности указывает одна легенда, гласящая, что Чингис-хан после победы своей над найманами познакомился с принципом письма от одного уйгура, служившего канцлером у найманского государя, и ввел письменность у себя для нужд державы. ... Если верно о том, что монгольская письменность возникла у найманов, этот рассматриваемый диалект мог быть древне-найманским наречием» / Владимирцов Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхаского наречия. Введение и фонетика. Л., 1929. (12+436). С. 19–20.

⁶⁷ Н. Поппе былай дейді: «Письменно-монгольский язык был как полагают, первоначально языком письменности керейтов, а после их он стал достоянием господствующего класса чингисовой империи» / Қараңыз: Поппе Н. Грамматика письменного монгольского языка. М.-Л., 1937. С. 13.

⁶⁸ Г. Д. Санжеев болса, Б. Я. Владимирцовтың көне моңғол әдеби тілінің ерекшелігін қазіргі ойраттар сақтаған, тек қана ойраттардың ішінде керейлер бар дегені толық дәлелденбейді деген пікір білдіреді. Ол өзінің пікірін былай тұжырымдаған: «Но если верно, что старописьменный монгольский язык по своим особенностям напоминает современный ойратский язык, то надо сказать, что во-первых, принадлежность керейтов к ойратам не может считаться доказанной, ибо эти керейты, разгромленные Чингис-ханом, были рассеяны повсеместно, в том числе и среди предков современных казахов; во вторых, те ойратские черты могли быть свойственными тогда и прочим монгольским диалектам... Таким образом диалектная основа старописьменного монгольского языка не может считаться установленной даже приблизительно» / Санжеев Г. Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Т. 1. М., 1953. С. 15; Сонымен қатар қараңыз: Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык. М., 1964. С. 8–9; Бұл да соныкі. Лингвистическое введение в изучение истории письменности монгольских народов. Улан-Удэ, 1977. С. 4–6.

⁶⁹ Ligeti L. Mots de civilization de Haut Asie en transcription chinoise. Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. T. I. 1950–1951.

⁷⁰ Пэрлээ Х. Кидан нар тэдний монголчуудтай холбогдсон нь. Улаанбаатар, 1959.

⁷¹ Викторова Л. Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. М., 1980. С. 155–183.

(қыдаңдар немесе жетісулық қарақытайлар) болды деген ұсыныс жасады. Қытаңдардың тілі туралы қытай, манжұр деректемелерінде кездесетін *tenggi* > тэнгэр «тәңірі», *ilichi* > ил хан «ел хан», *šawa, soba* > шувуу «құс», *gür-han* > гүр хан, *tiyin* > чығын «тегін», *say* > сайн «жақсы», *kusu* > хүч «күш», *moli* > морь «ат», *taoli* > туулай «қоян», *jau* > зуу «жүз», *taw* > тав «бес», *honin* > хонь «қой», *nohay* > нохой «ит», *naig* > нар «күн», *saig* > сар «ай», *bouli* > боол «құл», *towus* > тоос «тозаң», *hajil-wali* > айл «ауыл», *telichin* > тэргүүн «бастапқы» және т. б. сөздерді Х. Пэрлээ, Л. Викторова келтіреді. Бұл сөздерді көне түрік, моңғол, манжұр тілдері тұрғысынан да түсіндіруге толық негіз болғанымен, олар моңғол тіліне етене жақын дейді Л. Викторова.

Алайда зерттеушілер тарапынан керейлер мен наймандардың және қытаңдардың тілдері қандай болды, олардың ерекшеліктері қандай деген сұраққа толымды жауап табылмай, ғылыми тұрғыдан анық дәлелденбей келеді.

Осыған байланысты туындайтын өзекті бір мәселе — XII—XIII ғасырлардағы көшпелілердің этнотектілігі, тілдік табиғаты туралы мәселе. Бір сөзбен айтқанда, ол «Моңғолдың құпия шежіресінде» аталатын этностардың, ұлыстардың, этносаяси бірлестіктердің түрік тілдес немесе моңғол тілдес болғанын анықтауға саяды. Бұл үшін Орталық Азияда, әсіресе қазіргі Моңғолия жерінде XII—XIII ғасырларда мекен еткен этностар жайында тарихи жазба, археологиялық және т. б. деректемелер жете зерттелуі қажет. Осыған орай сол дәуірлерде жазылған, түрік, моңғол текті көшпелі этностар жайында алғашқы мағлұмат беретін кейбір археологиялық, жазба деректемелерден бірнеше мысал келтіре кетейік.

1. Шыңғыс қағанның тас жазуы. 1224—1225 жж.

Моңғол дәуірінен бүгінге жеткен, көне моңғол тілінде қашалған бірнеше бітік-тас, ескерткіштер бар. Олардың бірі — Шыңғыс қаған дәуірінде 1224—1225 жылдары бәдізделген тас ескерткіш⁷². «Чингисийн чулууны бичиг (Шыңғыс қағанның тас жазуы)» деп

⁷² Шагдарсүрэн Ц. Монголчуудын үсэг бичгийн товчоон (Үсэгзүйн судалгаа). Нэмж зассан хоердугаар хэвлэл. Улаанбаатар, 2001. 49; Жанчив Е. Чингисийн чулууны бичиг / Сонгодог монгол бичгийн өмнөх үеийн дурсгалууд. Улаанбаатар, 2005. 23—24.

аталып кеткен бұл ескерткіш сұрғылт сары құмдақ тастан жасалған. Өлшемі 2 x 0,66 x 0,22 м. 1832 жылы Бурятия, Қарқыра (Хархираа) өзені маңынан табылған. Мәтінде Шыңғыс қағанның Хорезмге жорығынан кейін ұлы құрылтайда Шыңғыстың інісі Қасардың ұлы Иесүңке батыр 335 құлаш алыстағы нысананы мергендікпен атқаны сөз болады, бұл оқиғаға арнап осы ескерткіш қойылған. Оның түпнұсқасы Санкт-Петербург Эрмитажында сақтаулы.

Көне моңғолша мәтіні	Қазақша сөзбе-сөз аудармасы
1. Čiŋγis qan-i	Чыңғыс хан+ның
2. Sartayul erke taguliju bayuju qamuy moŋγol ulus-un	Сартағұл ерік(+ті) жау+лап бағып қамұқ моңғұл ұлыс+тың
3. noyad-i Buqa Ajigay qunγsan-dur	нойандар+ы Бұқа Ажығай(+да) құрылған+дүр
4. Yisünke ontudur-un yurbaп jayud yučin tabun aldas	Иесүңке оқ тигізер+дің үш жүз отыз бес құлаш
5. -tur ontudluqa	+дүр (жерге) оқ тигізді.

2. Күйік қаған таңбасының (мөр) жарлығы⁷³. 1246 ж.

Өгөдейдің ұлы Күйік қағанның Рим папасы 4-інші Иннокентийге 1246 жылы парсы тілінде жіберген хатында екі жерде ұйғыр бітік жазуымен көне моңғол тіліндегі қызыл бояулы 6 жол мәтінді таңба басылған. Оның түпнұсқасы Ватикандағы құпия мұрағатта сақтаулы. Мәтіннің мағыналық аудармасы «Мәңгілік Тәңірінің күші-дүр ұлық Моңғол ұлысының теңіз (талай) ханының жарлығы, ел бұлқа (жау) // ел халыққа еріктілерге жетсе бас иіңдер, айбын көрсетпеңдер // қорқыңдар»:

Көне моңғолша мәтіні	Қазақша сөзбе-сөз аудармасы
1. Möŋke Tenγeri-yin	Мәңгі Тәңірі-нің
2. küčün-dür Yeke moŋγol	күш-дүр Иеке моңғол
3. ulus-un dalay-yin	ұлыс-тың телегей-дің
4. qanu jarliγ el bulqa	хан-ының жарлығы ел бұлғақ
5. erkin-dür kürbesü	еркін-дүр жетсе
6. büsirtügei ayutuγai	бүгіліңдер қорқыңдар

⁷³ Шагдарсүрэн Ц. Монголчуудын үсэг бичгийн товчоон (Үсэгзүйн судалгаа). Нэмж зассан хоердугаар хэвлэл. Улаанбаатар, 2001. 50; Жанчив Е. Гүюг хааны тамгийн бичээс / Сонгодог монгол бичгийн өмнөх үеийн дурсгалууд. Улаанбаатар, 2005. 25.

Бұл жерде «мәңгі, Тәңірі, талұй, ел, ұлус, күч» сияқты көне түріктік болмыстың көптеген қырларын моңғол хандары жалғастыра қолданғанын байқауға болады. Жалпы Шыңғыс хан әулетінің осындай жарлықтарының бастамасы Тәңірлік танымға негізделген. Алайда, кейбір нұсқаларда, мысалы, Тегеран музейінде сақтаулы Елхан Әбу-Саидтің (1325 ж.) жарлықтарындағы мөрлерде суннилік калима келтірген исламдық өзгерістер көрінеді.

Шыңғыс қаған орнатқан империяның ресми атауы көне моңғол тілінде **qatıy moŋğol ulus, yeke moŋğol ulus** — қамұқ (күллі) моңғол ұлысы, ұлық моңғол ұлысы деп белгіленгенін байқауға болады.

Бұдан басқа Төреген қатұнның жарлықты ескерткіші, Мөңке қаған ескерткіші (1257 ж.) және тасқа, қағазға, ағашқа жазылған ірілі-ұсақты екі жүзден астам басқа да жазба нұсқалар табылып отыр.

3. «Тарих-и жаһангушай». 1252–1260 жж.

Парсы жылнамашысы Ала ад-Дин Ата Мәлік Жувейнидің (1225–1283 жж.) «Тарих-и жаһангушай» шығармасы⁷⁴. Жувейнидің жазуынша, ол сол кездері «Трансоксания, Түркістан, Мачын, Қытай» арқылы Шыңғыс қаған ұрпақтарының ордасына жеткен⁷⁵.

⁷⁴ *Абусеитова М. Х. Тарих-и Джахангушай / Абусеитова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв. Алматы, 2001 (426 с. + вкл. 4 с.). С. 18–27.*

⁷⁵ «Местом обитания татар, их происхождения и рождения была огромная степь, ширина и длина которой таковы что путь от одного ее края до другого занимает семь или восемь месяцев. На востоке она граничит с землями китаев, на западе — со стороной уйгуров, на севере — с землями киргизов, и рекой Селенгой (sknki), а на юге — с владениями тангутов и тибетцев. До появления Чингисхана у них не было (общего) вождя или правителя. Каждое племя или два племени жили отдельно; они не были едины, и между ними не стихали войны и не прекращалась вражда»; «Монгольские племена и роды многочисленны; но самыми знаменитыми сегодня стали князья, возвысившиеся над другими благодаря своему благородству и величию, вождями которых были предки и прародители Чингисхана и от которых он ведет свой род...»; «В те дни Онг-хан, вождь керантов и сакиатов (saqyz?) был первым среди племен по силе и достоинству и превосходил их по количеству утвари и снаряжения и по числу людей. В те дни монголы не были едины и не подчинялись один другому», «он направил посланников и к другим племенам; и те, кто пришел к нему с выражением покорности, как ойраты, конураты (унгираты-qnqwrat), были приняты в число его союзников и военачальников...» / *Tarih-i-Jahan Gusha. Чингисхан. История завоевателя мира записанная Ала-ад-дином Ата-Меликом Джувейни. Перевод с текста Мирзы Мухаммеда Казвани на английский язык Дж. Э. Бойла, с предисловием и библиографией Дэвида О. Моргана. Перевод текста с английского на русский язык Е. Е. Харитоновой. М., 2004. С. 9, 27–28.*

«Моңғолдар — «татар» және олар қытай, ұйғыр, қырғыз, таңғұтпен, тибеттермен шекаралас орналасқан. Сондай-ақ қият, керейт, сакият, найман, ойрат, қоңырат, қанқлы және т. б. атаулар аталады.

4. «Жамиғ ат-тауарих». 1298—1317 жж.

Рашид ад-Диннің (1247—1318 жж.) «Жамиғ ат-тауарих»⁷⁶ шығармасында түрік, моңғол тайпалары жайында көп мағлұмат берілген. Онда туркмандар — қыпшақ, қалач, қаңлы, қарлұқ және т. б.; моңғол деген атпен аты шыққандар жалайыр, татар, ойрат, меркіт; моңғолдарға ұқсас, ежелден өз ұлыстары бар керейттер, наймандар, онғұттар; бұлар сияқты барлығы дарлекин деп аталатын, ежелден атаулары бар қуңғырат, құралас, икирас, елжігін, ұрыянқат, кілінғұт және т. б.; нағыз моңғолдар нирун деп анықталған.

Жувейни түрік, моңғол тектестерді ажыратып атамаған болса, Рашид ад-Дин анық ажыратып бергенімен, толымды емес, тіпті «түрік, моңғол» этностары ол кездері этнотек тұрғысынан сараланбаған секілді баяндаған.

Х. Ховорс⁷⁷, Г. Е. Грумм-Гржимайло⁷⁸ аталмыш этностарды түрік тілдес деп қарастырады, алайда олардың күмәнданған

⁷⁶ «С течением времени эти народы разделились на многочисленные роды, /да и/ во всякую эпоху из каждого подразделения возникали /новые/ подразделения и каждое по определенной причине и поводу получило свое имя и прозвище, подобно, каковой народ теперь в целом называют туркменами /туркман/, они же разделяются на кипчаков, калачей, канлыев, карлуков и другие относящиеся к ним племена; /или как/ народы, которые в данное время славны под именем монголов, как джалаиры, татары, ойраты, меркиты и прочие, /равно/ подобно некоторым другим народам, которые были похожи на монголов и из которых имел /свое/ государство, как кераиты, найманы, онгуты и /другие/ подобные им, вроде народов, которые с древних времен до настоящего известны под именем: кунгират, куралас, икирас, эджигин, урянкат, килингут и других, которых всех называют монголами — дарлекинами, /или/ вроде народа нирунов, кои суть настоящие монголы, — все они и их подразделения будут /ниже/ подробно описаны. Хотя внешний вид, наречия и говоры /тиорков/ близки друг другу, однако, сообразно различию характера...» / Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга первая (перевод с персидского А. А. Хетагурова. Редакция и примечания проф. А. А. Семенова). М.-Л., 1952. С. 73—77.

⁷⁷ Howorth H. H. History of the Mongols from the Ninth to the Nineteenth Century. Vol. 1—3. London, 1876—1888. Vol. 4. Supplement and Indexes. London, 1927.

⁷⁸ Грумм-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Том второй. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. Составлен Г. Е. Грумм-Гржимайло. Л., 1926. (898 с.). С. 409—418.

тұстары да баршылық. Ал Н. А. Аристов⁷⁹, М. Тынышпаев, Ә. Х. Марғұлан⁸⁰, С. Аманжолов⁸¹ оларды түрік текті деп, түрік тілдес екеніне күмән келтірмейді. Әсіресе С. Аманжолов қазақ тілінің тарихи диалектологиялық негіздеріне сүйене отырып, олардың түрік тілдес екенін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі дәлелдеп берді.

Белгілі алтайтанушы Б. Базылхан былай деп жазады: «қазіргі Моңғолияның жерінде XIII ғасырға дейін түрік тілді керей, найман, меркіт, жалайыр, қоңырат, ұйғыр, қырғыз, татар тайпалары мекендеген. Бұл кездегі түрік тайпалары ұлан-байтақ кең өңірде мекендеп тұрғанымен, халқы, малы, ат-көлігі көп болғанымен, өзара бірлік-берекесі болмады. Ұра қашқан, жұла қашқан соғысы ата-бабасынан бері жалғасты. Осының кесірінен түрік тайпалары ыдырап тозуға бейім тұрды. Мінеки осы кезді Шыңғыс хан ұтымды пайдаланып моңғол тайпаларын береке-бірлікке шақырып, 1206 жылы «біріккен моңғол мемлекетін» орнатқан соң, көршілес түрік тайпаларын жаулап алды. Түрік тайпаларының ерлерін, ат-көлігін, малын иелікке алды. Сөйтіп оны «моңғол шабуылы» атты жорығына пайдаланды»⁸².

С. Мураяма⁸³, Л. Л. Викторова⁸⁴ наймандардың этнотектілігін тым әріден бастап, көне түрік дәуіріндегі сегіз оғұздармен байланыстырып (көне моң. «найман» — сегіз), түрік тілдес тайпалар деген тұжырым жасайды. Моңғол ғалымы Х. Пэрлээннің тұжырымы бойынша моңғол тектестердің шығу тегі «дүнхү» —

⁷⁹ Аристов Н. А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен. Бишкек, 2003. С. 126–128.

⁸⁰ Марғұлан Ә. Х. Қазақ жазуының тарихы // Жұлдыз. 1984. № 8. 203–205-бб.; Марғұлан Ә. Х. Найман, Керей, Оңгіттердің жазулары // Жұлдыз. 1991. № 4. 70–76-бб.

⁸¹ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть первая. Алма-Ата, 1959. С. 7–126.

⁸² Базылхан Б. Моңғолия қазақтарының тілі және оның кейбір алтай тілдеріне қатысы. Алматы, 1993.

⁸³ Murayama S. Sind die Naiman Turken oder Mongolen? / Central Asiatic Journal. 1959. Vol. № 3. P. 188–198.

⁸⁴ Викторова Л. Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII–XIII вв.) / Ученые записки ЛГУ. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. 1961. № 305. С. 137–155.

«ляоси-сяньби» — «қытаң», «шивей» — «менгү шивей» — «моңғол» болып таралған⁸⁵. Бұл тұжырымды Ж. Надмид те қолдайды⁸⁶.

Моңғолия тарихшысы Д. Гонгор «Халх товчоон» деген іргелі еңбегінде былай дейді: «біздің пайымдауымызша, XI—XII ғасырларда моңғол тектестерді шығу тегіне орай «үш өзендік моңғолдар» деп атаған дәстүріміз бойынша «Қамұқ моңғол» деген ұлыс орнатқан нақты моңғолдар, моңғол тектілігі анық білінген жалайыр, меркіт, татар, Ой иргет сынды моңғол тайпалар, салт дәстүрі, шаруашылығы, бейне-келбеті моңғолдармен ұқсас, өздерін «моңғол» атап жүрсе де кейбір ғалымдар түрік тектестер болуы ықтимал деген керей, найман, оңғұт секілді моңғолданған түрік немесе түріктенген моңғол тайпалары деп қарастыруға болатын секілді. Сонымен қатар VI—IX ғасырларда моңғол жерінде билік еткен түрік тектес түрік, ұйғыр, қырғыздардың қалған бөліктері, сондай-ақ жүрчіт секілді тайпалары да қатар өмір кешкенін жоққа шығара алмаймыз...»⁸⁷.

Л. Викторова түрік, моңғол тектестердің этнотектілігіне байланысты мынадай сабақтастық даму жолдарын ұсынады⁸⁸:

Мерзімі	Түрік тілдес этностар	Моңғол тілдес этностар
б. з. д. III ғ. — б. з. IV ғ.	«хүннү» «батыс сяньби»	«дүнхү» «сяньби», «ухуань» > «юйвынь» «тоба», «муюн» > «тогон»
V—XI ғасырлар	«түрік», «юаньхэ» (хойху, ойхор), гаогюй» және т. б. Орталық Азия тайпалары	«хи (татабы)» > улянха > шығыс ұрыянқай а-ша (тогон) > хоры қытаң (қытай) >
X—XII ғасырлар	хойху, цзубу (найман, керейіт, меркіт?)	қытаң (қытай) > қара қытай шивэй (дада, отыз татар, улохэу) >
XII—XIII ғасырлар	найман, керейіт, меркіт (цзубу), оңғұт	моңғол, тайчығұт татар, жалайыр, оңғырат, ұрыянқай

⁸⁵ Пэрлээ Х. Кидан нар ... 1959. 15—17. Бұл атаулар жөнінде қараңыз: Е Лунли. История государства киданей (Цидань го чжи). Перевод с китайского, введение, комментарий и приложения В. С. Таскина. М., 1979. С. 336—342; 549—600.

⁸⁶ Надмид Ж. Монгол хэл, түүний бичгийн түүхэн хөгжлийн товч тойм. Улаанбаатар, 1967. 9—15.

⁸⁷ Гонгор Д. Халх товчоон. Халх Монголчуудын өвөг дээдэс ба Халхын хаант улс. (VIII—XVII зуун) I. Улаанбаатар, 1970. 45—46.

⁸⁸ Викторова Л. Л. Монголы. Происхождение... 1980. Схема № 1.

ҚХР Ішкі Моңғолия ғалымы Сайшаалдың жазуынша «Темүжін туған XII ғасырдың соңғы ширегінде моңғол ұлтының негізгі өзегі болған нирун (nirun), дөрлүген (dörlügen) екі сала моңғолдар Онон, Керлен, Туыл үш өзеннің бас ағысы бойында мекендеп тұрған. Онда татар, қоңғырат, жалайыр, керейт, оңғұт, меркіт, ойрат, найман секілді басты-басты моңғол тілдес тайпалар шығыста Ергүне өзені, қазіргі Ішкі Моңғолия Көлүн, Бұйыр аймағына дейін, батыста Алтай тауының батыс сілемдеріне дейін, солтүстікте Байкалға, Енисей, Ертіс өзендеріне дейін, оңтүстікте Қажыл тауы, қазіргі Аққорғанға дейін алып кеңістікте ежелден бері мыңдаған жылдар мекендеп келді. Боржығын (Bojigin) тайчығұт сияқты «моңғол орталық тайпалардың» шығысында Ергүне өзені, Көлүн, Бұйыр көлінен солтүстікте татар, қоңғырат секілді тайпалар, «моңғол орталық тайпалардың» оңтүстігі Аққорғаннан солтүстікте оңғұт тайпасы, «моңғол орталық тайпалардың» батыс оңтүстігі Орхон, Туыл өзендері бойында керейіт тайпасы, керейіттерден әрі Алтай тауы бойында найман тайпасы, «моңғол орталық тайпалардың» батыс жағы Селеңге өзені бойында меркіт тайпасы, «моңғол орталық тайпалардың» батыс солтүстігі Байкалдан батыста ойрат тайпасы, Байкалдан шығыста барғұжын төркімнің барғұт секілді тайпалары мекендеді» деп қарастырады⁸⁹.

Д. Майдар⁹⁰ «Шыңғыс қаған және моңғол империясы» атты еңбегінде «б. з. д. III ғ. — б. з. X ғ. аралығында қазіргі Моңғолия жерінде моңғол-түрік тектес (хүннү, сяньби, нирун, түрік, ұйғыр, қытаң секілді) көшпелі тайпалар еуразиялық кеңістікте мекен етті, моңғолдар шивейлермен туыс, олар жайында көне түрік бітіктастарында «отыз татар» деп белгілеген, сөйтіп олар «мен-у шивей» аталған, қазіргі Моңғолия шекарасынан кең көлемде ұлан-ғайыр еуразиялық кеңістікте төрелік билікті орнатқан Хүннү, Түрік, Моңғол үш ірі империя болды» дейді.

Ш. Нацагдорж «Чингис хааны цадиг (Шыңғыс қағанның өмірбаяны)» атты еңбегінде «наймандар болса «моңғолданған түріктер» немесе «түріктенген моңғолдардың» қайсысы екені

⁸⁹ *Sayisiyal Yokiyaba. Čingyis qaγan-u tobčiyān. Öbür mongγul-un arad-un keblel-ün qoriγ-a. Köke qota, 1987. Degedü debter. (1–668). 18–19.*

⁹⁰ *Майдар Д. Чингис хаан ба монголын эзэнт гүрэн. Улаанбаатар, 1990. 28, 140.*

белгісіз, ал керейлер наймандарға қарағанда «моңғолдау» моңғол тектестер» деп қарастырады⁹¹.

Ш. Ишжамц «шығыс түріктердің кіндік жері Алтай тауы, ұйғырлардікі Селеңге өзені, енисей қырғыздарынікі Ұбсы көлі маңында болғандықтан, оларды сырттан келген жаулаушылар деуге болмайды... Олар да моңғолдар сияқты жергілікті этностар... моңғол, түрік этностардың тарихы мен мәдениетінің шығу тегі, бастауларында көптеген ортақтық бар екенін айрықша атап өткен жөн»⁹² дейді.

Ш. Бира «хүннұлардың алғаш мемлекет құрған тарихи тәжірибесінен кейін де ол үрдіс қайталанып, моңғол және оған көрші жүрген сяньби, жұжан, түрік, ұйғыр, қытаң сынды өзара жақын, алыс моңғол және түрік тайпалары да төрелікті мемлекеттерді орнатқан. Осының арқасында көп ғасырлық ежелгі мемлекеттік дәстүр өз жалғасын тауып нақты моңғол дәуірімен қауышты» деп тұжырымдайды⁹³. «Моңғолдар Алтын Орда, Шағатай дәуірінде мұсылмандықты қабылдап, барлас, дұғлат, жалайыр және т. б. моңғол тектестер түріктеніп жатса да, билік пәрменділігінен айырыла қоймаған» дейді.

Л. Билэгт те осындай пікір-ұстанымдарды айтты⁹⁴ және «көне түріктердің қалыптасуы дәл қазіргі моңғол даласында болды» деп тұжырымдады. Сонымен қатар шивэйлердің тұңғыс-манжұр және моңғол тілдес деген шығу тегіне байланысты пікірлерді шолып, бұл мәселені ашық, әлі толымды шешілмеген деп қарастырып, қытай жазбаларындағы шивэйлер туралы мәліметтерді келтіреді⁹⁵.

XII–XIII ғасырларда Орталық Азияны мекендеген этностардың басым көпшілігі негізінен қазіргі қазақ (және бүгінгі башқұрт, татар, қырғыз, өзбек және т. б.) халқының құрамындағы ру-тайпаларда кездеседі. Мұны зерттеушілер екі түрлі түсіндіріп келгенін біз жоғарыда айттық.

⁹¹ Нацагдорж Ш. Чингис хааны цадиг. Улаанбаатар, 1991. 16–17.

⁹² Ишжамц Ш. Монголын төр ес, нүүдэл иргэншил, сэргэн мандалтын асуудал / *Mongolica*. 1991, 1992. Vol. 2(23), 3(24). 5–16.

⁹³ Бира Ш. Монголын түүх соел, түүх бичлэгийн судалгаа (Бүтээлийн эм-хэтгэл). III. Улаанбаатар, 2001. 204, 294.

⁹⁴ Билэгт Л. Тюрки и монголы // *Studia Arheologica. Institute Historiae Academiae Scientiarum Mongoli. Tomus XVII. Fasc 14*. Улаанбаатар, 1999. С. 153–176.

⁹⁵ Билэгт Л. Роль Шивэйских племен в этногенезе монголов // *Studia Ethnologica. Institute Historiae Academiae Scientiarum Mongoli. Tomus XVI. Fasc 1–23*. Улаанбаатар, 2004. С. 45–54.

Біріншісі — олар моңғол дәуірінде моңғол тілдес этностар болып, қазақ және т. б. түрік тектес халықтардың қалыптасуында елеулі рөл атқарған, «**түріктенген**» **моңғол этностар**.

Екіншісі — олар байырғы Түрік Елінің Шығыс қанатының, Ұйғыр этносаяси бірлестігінің ұрпақтары, **түрік тілдес түрік этностар**, Шыңғыс қаған орнатқан империяның құрамында болғандар, оның жорықтарына қатысқандар. Төменде зерттеушілер «түріктенген» моңғол этностар, түрік тілдес түрік этностар деп әрқалай түсіндіріп келген **Керей, Найман, Жалайыр, Меркіт, Оңғұт, Қоңырат** этностары жайындағы негізгі мағлұматтарды саралап беруді жөн санадық.

* KEREY > КЕРЕЙ

1. Түрік тілді түрік этнос атауы.
2. Жері: Orqun > Орхон, Тоғұла > Туыл өзендерінің бойы, Ötüken > Өтүкен, Қаңғау > Қаңғай тау жотасы.
3. VII–IX ғасырларда ең ірі түрік тектес этносаяси бірлестік болып, Тоғуз Оғуз > Тоғыз оғыз («тоғыз тайпалықтар») аталды.
4. XII–XIII ғасырларда Kerey > Керей ұлысы аталды. МҚШ-да моң: Kerey+t irgen > Керей+лер елі (еркін) деп аталды.
5. Қытай деректемелерінде: «Кей-лие»?
6. Керей ұлысының лауазымдық атақтары көне түрікше: Qurçaqus Buuııq қап > Құрчақұс Бұйрық хан, Тууıııl қап > Тұғұрыл хан, Ерке-Qага > Ерке Қара, Тау Темір > Тай темір, Буқа Темір > Бұқа Темір, Kereidei > Керейдей, El-qutur > Ел-құтұр, Qulbaıı > Құлбары, Şayur bek > Чағұр бек, Bilge bek > Білге бек және т. б.
7. «Керей» сөзінің этимологиясы белгісіз. Qага — қара, keriye — қарға, kerege — кереге, киіз үй, үй қанаты, kerey — кері-қара түсті, Кејге > Кейре өзені және т. б.
8. Қазақ халқының Орта жүзі құрамындағы іргелі тайпа⁹⁶. Сондай-ақ Кіші жүз құрамындағы керейіт тайпасы да осы ұлыстың жұрнағы. Қазақша атаулары: Абақ Керей, Ашамайлы Керей, Керейіт (Уақ Керей?).

⁹⁶ Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында (Құрастырған Ә. Пірманов). Алматы, 2000. 194-б.

*** NAYMAN > НАЙМАН**

1. Түрік тілді түрік этностың атауы.
2. Жері: *Altay* > Алтай тау жотасы.
3. VII–IX ғасырларда ең ірі түрік тектес этносаяси бірлестік болып *Sekiz Ouz* > Сегіз оғыз («сегіз тайпалықтар») аталды.
4. X–XI ғасырларда «*Sekiz Ouz* > Сегіз Оғұз» деген атаумен іргелі этносаяси бірлестікке айналды.
5. XII–XIII ғасырларда *Nauma* // *Nauman* > Найман ұлысы аталды. МҚШ-да көне моң: *Nauma+n irgen* > Найма+лар елі (еркін) деп аталды.
6. Қытай деректерінде: Най-ма.
7. Найман ұлысының лауазымдық атақтары көне түрікше: *İnanču Bilge Buqu qan* > Ынанчү Білге Бұқұ хан, *Bay Buqa* > Бай Бұқа, *Buurguq qan* > Бұйрық хан, *Küçülük qan* > Күшілік хан, *Köksaw Sabraq* > Көксау Сабрақ және т. б.
8. «Найман» сөзінің этимологиясы белгісіз. Моң: *Nauma* > Найм – сегіз, *Nauma* – Найма өзені⁹⁷ және т. б.
9. Қазақ халқының Орта жүзі құрамындағы іргелі тайпа. Қазақша атауы: Найман.

*** JALAYIR > ЖАЛАЙЫР**

1. Түрік тілді түрік этностың атауы.
2. Жері: *Onon* > Онон, *Kegulen* > Керулен өзені, *Kentei* > Кентей тау жотасының солтүстік-шығысы.
3. VII–IX ғасырларда ірі түрік тектес этносаяси бірлестік болып *Bayıgqu* > Байырқұ, *Toquz Bayıgqu* > Тоғыз Байырқұ аталды.
4. XII–XIII ғасырларда *Jalayir* > Жалайыр елі аталды. МҚШ-да моң: *Jalayir* > Жалайыр деп аталды.
5. Қытай деректерінде: ?.
6. Жалайырлардағы лауазымдық атақтар көне түрікше: *Mıqalı* > Мұқалы, *Arqai-Qasar* > Арқай Қасар, *Bala* > Бала және т. б.
7. «Жалайыр» сөзінің этимологиясы белгісіз.
8. Қазақ халқының Ұлы жүзі құрамындағы іргелі тайпа. Қазақша атауы: Жалайыр.

⁹⁷ *Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Аристов Н. А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен. Бишкек, 2003. С. 182.*

* **MERKIT > МЕРКІТ**

1. Түрік тілді түрік этностың атауы.
2. Жері: Selenge > Селеңге өзені, Kentei > Кентей тау жотасының солтүстігі.
3. VII–IX ғасырларда түрік тектес этносаяси бірлестік болып Üç Oғuz > Үш Оғұз аталды.
4. XII–XIII ғасырларда Merkit > Меркіт елі аталды.
5. МҚШ-да моң: Merkin + t > Merkit және Үш Меркіт деп аталды.
6. Меркіттердің лауазымдық атақтары көне түрікше: Тоқтоға бек > Тоқтоға бек, Qut > Құт, Töküs-beki > Төкүс бек және т. б.
7. Қытай деректерінде: ?.
8. «Меркіт» сөзінің этимологиясы «berik > merkin > мергендер, мерген тайпалықтар»?
9. Қазақ халқының Орта жүзі керей тайпасы абақ керей құрамындағы ру. Қазақша атауы: Меркіт.

* **Oғyut > ОҢҒҰТ**

1. Түрік тілді түрік этностың атауы.
2. Жері: Selenge > Селеңге өзені, Kentei > Кентей тау жотасының солтүстігі.
3. VII–IX ғасырларда түрік тектес этносаяси бірлестік болып Üç Qıgıqan > Үш құрықан аталды.
4. XII–XIII ғасырларда Oғyut > ОҢҒҰТ елі аталды.
5. МҚШ-да моң: Oғyup + t > Oғyut (ОҢҒҰНДАР) деп аталды.
6. ОҢҒҰТТЫҢ лауазымдық атақтары көне түрікше: Alaquş-Diqitqugi > Алақұс-Дықытқұры және т. б.
7. Қытай деректерінде: ?
8. «ОҢҒҰТ» сөзінің этимологиясы белгісіз.
9. Қазақ халқының Орта жүзі құрамындағы уақ ру. Қазақша атауы: Уақ.

* **Qoғyirat // Oғyirat > ҚОҢЫРАТ**

10. Түрік тілді түрік этностың атауы.
11. Жері: Kerülen > Керулен өзені, Buуur köli > Бұйұр көлі.
12. VII–IX ғасырларда ең ірі түрік тектес этносаяси бірлестік болып, Üç Qıgıqan > Үш құрықан аталды.

13. XII—XIII ғасырларда Qoŋyirat > Қоңырат, Оңғырат елі деп аталды.
14. МҚШ-да моң: Qoŋyiran + t > Qoŋyirat деп аталды.
15. Қоңыраттың лауазымдық атақтары:
16. Қытай деректерінде: ?
17. «Қоңырат» сөзінің этимологиясы белгісіз (қоңыр+ат?, қоңыр өзені?)
18. Қазақ халқының Орта жүзі құрамындағы ру. Қазақша атауы: Қоңырат.

Қазіргі қазақ халқының қалыптасуына елеулі үлес қосқан керей, найман, жалайыр, қоңырат, уақ, меркіт және т. б. тайпалар түрік тілді түрік тектес тайпалар болған. Бұрын шығыстанушылар моңғолдар XIII ғасырда пайда болды немесе қазақтар XV ғасырда пайда болды деген ғылыми негізсіз, «саясаттанған» байламдарын ортаға салатын. Кейбір зерттеушілер керей, найман т. б. ұлыстар толығымен түріктенген немесе моңғолданған деген секілді пікірлерін ұдайы алға тартып келеді.

Егер тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық болмысқа ден қоятын болсақ, көптеген мәселелердің қыр-сыры ашылмақ. Біздің пікірімізше, көне түрікше сөйлейтін этнос пен көне моңғолша сөйлейтін этнос өзара түсінісе білді дегіміз келеді. Себебі, Түрік Елі дәуірінде де, Моңғол империясы кезеңінде де түрік, моңғол этностар қатар тірлік кешті, аралас-құралас өмір сүрді. Қайткен күнде де бұл ортақ түсіністік, ұйытқылық өзек жағдайлары XIII ғасырдан былай өзара біршама алшақтап, «этномәдени келбеттері» ажыратыла, саралана бастады деуге болады. Оның тілдік бір ғана дәлелі көне моңғол тілінде жіктік жалғаудың орнына жіктеу есімдіктері ғана қолданылуын айтсақ та жеткілікті. Мысалы, көне түрік бітік: **ақа+бен // мен > ақа+мен > ақапim > аҫауim > аҫа+m > «ағам»**, көне моңғолша **ақа+бен // мен > ақа+мен > ақа-min+u > ақ-min > «ах минь» (ағам)**.

Көне түріктер мен моңғол тектестер V—XII ғасырларда тілдік тұрғыдан өзара түсіністі ме, тіпті де XIII—XIV ғасырларда олар бір-бірімен бір тілде сөйлесті ме, әлде бірінің тілін бірі біле білді ме? Тарихи-лингвистикалық тұрғыдан белгілі бір ғана ататілден туыс, төркіндес тілдер өзара алшақтай бастаған, салаланып кеткен дәуір ұзақ уақытқа созылған. Бұл заңдылық түрік, моңғол тілді

этностарға да тән. Сондай-ақ түрік, моңғол тілді этностар бірден даралана қоймаған, олардың ортақ өмір кешкен замандары ұзақ болды. VII ғасырдағы көне түрік бітік тілінің құрылымы мен XIII ғасырдағы көне моңғол тілінің құрылымы едәуір алшақтап кеткен. Ал VII—XI ғасырларда көне түріктер мен көне моңғол тектестер өзара тілмашсыз түсінісетін дәрежеде, қазіргі қазақ пен қырғыз тілі секілді болды деуге негіз бар. Жазба деректері табылған тілдік айғақтардың аралығы 600 жыл шамасында. XIII—XIV ғасырларда олардың тілдік табиғатында емін-еркін сөйлеспесе де, біршама түсінісуге болатындай лексикалық, грамматикалық тұлғалардың бірдейлігі, тілдесу дәрежесі жақын болды дегіміз келеді. Ал қазіргі түрік, моңғол тілдестердің ішінде қазақ және моңғол тілдері лингвистикалық тұрғыдан жақын тілдер.

Сонымен, XIII—XIV ғасырларда Еуразияның сайын даласында өмір кешкен көптеген түрік, моңғол тектес этностардың тарихын, тілін, этномәдениетін ғылыми зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасып келе жатыр. Болашақта олардың археологиялық, тарихи, этномәдени болмыстарының зерттелуіне орай бұған дейінгі тұжырымдардың жаңадан тиянақталатыны да анық.

Моңғолдың құпия шежіресі (Moңyol*-un** ni'уса tobci'an)

Бірінші дәптер

1-бөлім

1. Čiŋyis¹ qaγan²-nu huža^γur³
2. De^kere⁴ Teŋgeri-eče⁵ žaya^γatu⁶ töreksen⁷ Börte Činu⁸ ažu^γu.
3. Kergeri⁹-inü Qoγai-Maral¹⁰ aži^γai. Teŋgis¹¹ ketülzü irebe¹².
4. Onan¹³ müren-nü teri⁸ün-e Burqan-Qaldun¹⁴-na nuntuqlažu
5. töreksen Bata čiqan¹⁵ ažu^γu.

Шыңғыс қағанның құзар тегі Дергей жоғары Тәңірден жарасты туған Бөрте-Чынұ екен. Кербезі (әйелі) Қоғай Марал екен. (Олар) теңіз кешіп келді. Онон өзенінің басы Бұрқан-Қалдұнда мекендеп, (сонда) туған Бата-Чықан екен.

2-бөлім

6. Bata čiqan-nu kö⁸ün¹⁶ Tamača. Tamača-yin kö⁸ün Qoričar Mergen¹⁷
7. Qoričar Mergen-nü kö⁸ün A^γužam Boro^γul¹⁸, A^γužam Boro^γul-un kö⁸ün

* **Moңyol** — моңғұл, моңғол, маңғұл тұлғасында оқылады. Бұл сөздің этимологиясын: Moң+gol (Mон // Mөн+өзені), Moң+ғұл (Moң+ұл тайпа (+ұл-көптік жалғауы) — Iginčip — MNT, 1987. 1) Moң+ағұла (моң+тауы), Mөңке+Tәңрі+ғал > Mөн+ғал > Moңғол (Mәңгі—Tәңрі+от «мәңгілік тайпа, мәңгі ел») (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. 1–2), ma // ba > ban+ud > ban+(g)+ud > man(g)+ud > manggul > monggol (ба // бид — біз) «біздің ел, бада, бида ұлысы» (γadamba — MNT, 1990. 221), мың+қол (мыңқол) және т. б. түрде жорамалдайды. Қыт: «mang huo-lu, menggu, meŋ+gü», тува: «моол» деп айтылады, араб-парсы: «могул, могол, моғұл» түрінде хатталды.

Moң+γul // Moң+gol > Moң+ғұл, Moң+ғур // Maң+ғұл // Maң+ғұт // Maң+ғыт // Даңғыт // Дағұр және т. б. атаулар өзара байланысты. Moңғол империясының ірге тасын қалаушы «Хамұқ Moңғол» (күллі моңғол) деген этноним атауымен тығыз байланысты аталды. «Үеке Moңyol Ulus» — Ұлық Moңғол Елі (ұлысы) деп аталуы Moңғол империясының ресми атауы.

** **-un** — үн. Ілік септігінің жалғауы. Түпнұсқада өте жиі ұшырайды. Көне түрік бітік: «-in, -iŋ, -niŋ, -niŋ, -uŋ, -üŋ» және қаз. -ның², -дың², -тың² жалғауларымен ұқсас, бір желілес.

8. Salı Qaça'u, Salı Qaça'u — yin kösün **Jeke-Nidün**¹⁹, Jeke-Nidün-nü kösün Simsoči

9. Simsoči-yin kösün Qarču.

Бата-Чықанның ұлы Тамача, Тамачаның ұлы Қорычар мерген. Қорычар мергеннің ұлы Ағұжам-Бороғұл, Ағұжам-Бороғұлдың ұлы Салы-Қачағұ, Салы-Қачағұдың ұлы Иеке-нідүн, Иеке-нідүннің ұлы Семсочы, Семсочының ұлы Қарчү.

3-бөлім

10. Qarču-yin kösün Boržiyiday-Mergen, **Moңyolžin**²⁰ Qo'ai kergei-tü ayu'u

11. Boržiyiday-Mergen-nü kösün Toroјilžin **Bayan**²¹, Boroјčin Qo'ai kergei-tü

12. Borolday Suyalbi žala'utu dayir boro qoyar **külük**²²-üd **aqtas-tu**²³

13. büle^e. Toroјilžin-u kösün **Du^wa-Soqor**²⁴, Dobun Mergen

14. qoyar büle^e.

Қарчүдың ұлы Боржығытай мерген. (Ол) Моңғолтек Қоғай кербезді еді.

Боржығытай мергеннің ұлы Тороғылжын бай. Оның Бороғчын қоғай кербез зайыбы бар, Боролдай Суялбы деген жас жігіт жалшысы мен жауыры боз екі жүйрік аты болатын. Тороғылжынның ұлы Туа соқыр және Тобұн мерген екеуі болатын.

4-бөлім

15. Duwa-Soqor maңlay dunda qaуça nidütü qurban ne^sürid qažar-a

16. qaraqū büle^e.

Туа соқырдың маңдай тұсында жалғыз көзі бар, үш көш жердей алыстағыны көретін өткір болатын.

5-бөлім

17. **Niken**²⁵ üdür Duwa-Soqor, Dobun Mergen de^sü-lü^e-be^sen Burqan-Qaldun

18. dekere qarba. Du^wa-Soqor Burqan Qaldun de^{ker}-eče qaražu

19. **Tüñkelik qoruqan**²⁶ huru'u Niken bölök **irkin**²⁷ ne^süzü orožu

20. ayisuqu-yi qaražu üžežü

Бір күні Туа соқыр, Тобұн мерген інісімен бірге Бұрқан-Қалдун тауының үстіне шықты. Туа соқыр Бұрқан-Қалдун тау

үстінен қараса, Түңкелік бұлаққа қарай бір бөлек жұрт көшіп келе жатқанын көреді.

6-бөлім

21. Ükülerün: «Tede ne^süzü ayısuqun irkin-nü dotora
22. niken qara^yutay tergen²⁸-ü ölzige²⁹-de niken ökin sayin biyu kü^sün- e ese
23. ökteksen bö^sesü Dobun-Mergen de^sü-de^sen čima+da quyuya» ke^sežü
24. Dobun-Mergen de^sü-yü^sen üzere ilebe.

Ол бұй дейді: «Осы көшіп келе жатқан жұрттың көші ішінде бір күймелі арбаның орындығында бір жақсы қыз бар екен. Егер біреуге айттырмаған, ешкімге тимеген болса, Тобұн мерген інім саған сұрап берсем», — деп Тобұн мерген інісін көріп келуге жібереді.

7-бөлім

25. Dobun-Mergen tede irkin-dür³⁰ kürü^sesü, ünenkü qo^yai sayin
26. aldar nere yeketei Alan-Qo^yai neretei kü^sün-e-ber ökte^sei
27. üdü^süi ökin ažu^yu.

Тобұн мерген сол көшіп бара жатқан жұртқа жетіп, (қызды көрсе), шынында хас қоғайдың өзі екен, оның ат-атағы мәшһүр Алан-Қоғай деген екен. Ол атастырылмаған, біреуге берілмеген қыз екен.

8-бөлім

28. Tede bölök irkin ber Köl³¹ Barγužin Tö/r?/küm³²-ün ežen
29. Barγuday Mergen-nü ökin Barγužin Qo^yai neretey ökin-i Qori Tümed³³-ün noyan³⁴
30. Qorilartay Mergen-e ökteksen ažu^yu. Qori Tümed-ün qažar-a
31. Arıy Usun³⁵-na Qorilartay Mergen-nü Barγužin Qo^yai+ača
32. töreksen Alan-Qo^yai neretey ökin tere

Сол бөлек жұрт болса, Көлі Барғұжын Төркіннің иесі Барғұтай мергеннің қызы Барғұжын-қоғай деген қызды Қоры Түметтің нояны Қорылартай мергенге берген. Қоры Түметтің жері Арық су деген жерде Қорылартай мергеннің Барғұжын Қоғайынан туған Алан-Қоғай атты қызы осы екен.

9-бөлім

33. Qorılartay Mergen Qorı Tümed-ün qažar-tur-ıyan **buluqan keremün**³⁶
 34. körö^{se}etei qažar-ıyan qorılaldužu ma^wulaldažu
 35. Qorılar **oboγ-tu**³⁷ bolžu Burqan-Qaldun-nu körö^{se}esün
 36. körö^{se}üli sayıtu, qažar sayın ke^{se}en Burqan-Qaldun-nu ežed
 37. Burqan **bosqaysan**³⁸ Šinči Bayan Uriyañqay-dur ne^{se}üzü ayısun ažu^yu.
 38. Qorı Tümed-ün Qorılartay Mergen-ü ökin Ariγ Usun-na
 39. töreksen Alan Qo^yai-yi tende quyužu Dobun Mergen-ü abuysan
 40. yosun teimü.

Қорылартай мерген, Қоры Түметтің бұлғын, тиін секілді аң-құсы мол, жері қорықты жер деп танылып, араздасып Қорылар деген ру болып бөлініп, Бұрқан-Қалдұнның аң киігі мол, жері шұрайлы деп Бұрқан-Қалдұнның киелері Бұрқан тұрғызған (?) Шінші-Бай деген ұрыяңқайға көшіп келген еді.

Қоры Түметтің Қорылартай мергеннің қызы Арық суда туған Алан-Қоғайды сонда сұрап, Тобұн Мергенге алып берген жосығы осылай екен.

10-бөлім

41. Alan Qo^yai Dobun-Mergen-dür irežü qoyar kö^{se}ün töre^{se}ülbi
 42. Bügünütey, Belgünütey nereten büle^{se}e.

Алан-Қоғай Тобұн мергенге тиіп, Бүгүнүтей, Белгүнүтей деген екі ұл туады.

11-бөлім

43. Duwa-Soqor aqa-inu dörben kö^{se}ütü büle^{se}e. Tedüi atala
 44. Duwa-Soqor aqa-inu üküi boluba. Duwa-Soqor üküi boluysan-u
 45. qoyına, dörben kögüt-inü Dobun-Mergen **abaqa**³⁹-yuyan
 46. **uruγ**⁴⁰-a ülü bolıan, doromžilažu qaqaçažu gežü ne^{se}übe.
 47. Dörben obuytan bolžu Dörben **irkin**⁴¹ tede bolba.

Ағасы Туа соқырдың төрт ұлы болатын. Сол кездерде Туа соқыр ағасы да қайтыс болады. Туа соқыр ағасы қайтыс болған соң оның төрт ұлы Тобұн мерген немере ағасын руласқа санамай, кемсітіп тастап көшіп кетеді.

Төрт рулы болып Дөрбен (Дөрбет) жұрты солар болды.

12-бөлім

48. Tegün-ü qoyına niken üdür Dobun-Mergen To'оҗақ-Üндүр de^{ker}e
 49. köre^eelere qarba. Hoy dotora Uriyaңqaday kü^eün čögü-buyu⁴²
 50. alažu qabırqar-inu abid⁴³-inu širažu büküy-i žoluyažu

Содан кейін бір күні Тобұн мерген Тоғұчақ биік деген тауда аң аулауға шығады. Орман ішінде Ұрыяңқайдай руының адамымен үш жасар бұғыны сойып, қабырғасын және төстігін қақтап жатқанда жолығады.

13-бөлім

51. Dobun-Mergen ükülerün: «Nökör, širolyada⁴⁴» kežü^eü.
 52. «Ögsü» ke^ežü, a^yušigitu žildu⁴⁵ arasun-inü abču, čögü-buyu-yin
 53. miqa kübčün-i Dobun-Mergen-ne ökbe.

Тобұн мерген:

«Ерден сауға, мергеннен сыралғы» дегенде, ол «берейін» деп, өкпелі жүлдесі мен терісін өзі алып, үш жасар бұғының етін тұтас-тай Тобұн мергенге береді.

14-бөлім

54. Dobun-Mergen tere čökü-buyu-i ačižu ayisurun ža^yura
 55. niken yada^yu kü^eün, kö^eün-be^een kötölžü yabuqu-i žolyažu

Тобұн мерген сол үш жасар бұғыны қанжығалап келе жатқанда ұлын жетектеген бір кедей адам кездесіпті.

15-бөлім

56. Dobun-Mergen: «Ya^yun kü^eün či» ke^een asaqu^yasu, tere kü^eün
 57. Ükülerün: «Bi Ma^yaliq Baya^yudai⁴⁶, yadažu yabulai. Tere göre^eesün-ü
 58. miqan-ača nada ök, bi ene kö^eün-be^een Čimada öksü» kežü^eü.

Тобұн мерген «Кімсің?» деп сұрайды. Ол кісі: «Мен Мағалық. Байағұдай руынанмын. Қиналып зорға келемін. Ана аңның етінен маған берші, мен мына ұлымды саған берейін» депті.

16-бөлім

59. Dobun-Mergen tere üge⁴⁷-tür čögü-buyu-yin örele yuya-inu
 60. ququlžu ökčü, tere kö^eün-ni-inu ačiražu, ker⁴⁸ dotora
 61. žaružu aqu бүле^e.

Тобұн мерген оның сөзін мақұлдап, үш жасар бұғының бір санын кесіп беріп, сол ұлды үйіне әкеліп, малай етіпті.

17-бөлім

62. Tejin atala, Dobun-Mergen üküi bolba. Dobun-Mergen-i üküi boluysan-u
63. qoyina, Alan-Qoyai ere üküi üüi böset, qurban köüt töreülbi.
64. Buyu-Qatayi, Buqatu-Salzi, Bodunčar-Muñqaq pereten büle^e.

Содан кейін Тобұн мерген қайтыс болады. Тобұн мерген қайтыс болған соң Алан-Қоғай жесір бола тұра, Бұғұ-Қатағы, Бұқатұ-Салжы, Бодұнчар-Мұңқақ деген үш ұл туады.

18-бөлім

65. Urida Dobun-Mergen-eče töreksen Belgünütei, Bүgүнütei qoyar kögüt
66. inu eke-yü^een Alan-Qo^ʷai-in ečine ügüleldürün:
67. «Ene eke bidan-u, aqa-degü üye-qaya⁴⁹ kü^eün üküi, ere üküi^{üi}
68. Bö^eetele, ede qurban kö^eüt töre^eülbi. Ger dotora qača
69. Ma^ʷaliq-Baya^ʷutai kü^eün buyu. Ede qurban kö^eüt te^eün-üküi büi-že» ke^een
70. Eke-jü^een ečine keleldüküi-ji Eke an-u Alan-Qoyai uqažu,

Бұрын Тобұн мергеннен туған Белгүнүтей, Бүгүнүтей деген екі ұлы шешесі Алан-Қоғайдан жасырын сырласады: «Осы біздің анамызда (әкеміздің) аға-інісі, бауыр адамы жоқ, ері жоқ жесір бола тұра үш ұл тапты. Ал біздің үйде жалғыз байағұдай Мағалық қана бар. Осы үш ұл соныкі шығар» деп шешесінің сыртынан сөз етіп жатқанын шешесі Алан-Қоғай сезіп қояды.

19-бөлім

71. Qabur niken üdür köñšilemel qonin⁵⁰ činažu, Belgünütei,
72. Bүgүнütei, Buyu-Qatayi, Buqatu-Salzi, Bodunčar-Muñqaq, ede tabun⁵¹
73. kö^eüt-ijen žergelen sa^ʷulžu, nižikel mösüd⁵² «ququlutqun!»
74. ke^eežü ökbe. nižikel yaçu bayiqulqun Ququčižu o^ʷurba.
75. Basa tabun mösüt, qamtu čuylažu: «ququlutqun!» ke^eežü ökbe.
76. Tabu^ʷula tabun čuqtai mösüd kü^eüleldün barižu bitügülžu ququlun
77. yadaba.

Жазғытұрым бір күні боршаланған қой етін асып Белгүнүтей, Бүгүнүтей, Бұғұ-Қатағы, Бұқатұ-Салжы, Бодұнчар-Мұңқақ бесеуіне береді де, бесеуін қатарластыра отырғызып әрбіріне бір-бір

машақ оқ беріп «сындырыңдар» дейді. Бір машақ оқ деген не, оны бырт-бырт еткізіп сындырды. Содан бес машақ оқты біріктіріп байлап «сындырыңдар» деп берді. Бір-бірлеп те, бесеуі бірігіп те біріктіріліп байланған сол машақтарды сындыра алмады.

20-бөлім

78. Tende Alan-Qo'ai eke-inü ükülebe: «Та, Belgünütei, Bүgүнütei,

79. Qoyar kö'üt min-ü, nama-yi ede Qurban kö'üt-i töre'ülbi

80. Ken-ü ya'un-u kö'üt buyu ke'en sereldün keleldümüi

81. Sereküi-ber tan-u žöb.

Сонда Алан-Қоғай шешесі бұй дейді: «Сендер, Белгүнүтей, Бүгүнүтей екеуің менің ұлдарымсыңдар. Маған осы үш ұлды туды деп, оларды кімнің ұлдары деп кінә тақтыңдар. Олай ойлауларың жөн.

21-бөлім

82. Sünid büri çe'en šira kü'ün ker-ün erüke totoya-yin gegeker

83. orožu, ke'eli min-ü biližü, gege'en-inü kegelitür min-ü

84. šingegü bülege. qarur-un naran sara-yin kili-ijer šira noqai⁵³ metü

85. šičabalžazu qarqu büle'e. Deleme yakin ügüled, ta

86. Te'ü-ber uqa'asu, Temdeg-inü Tengiri-jin kö'üt büjü že. Qara teri'ütü

87. kü'ün-tür Qanilqan yakin ügüled, ta Qamuq-un qad bolu'asu

88. Qaraçus tende uqat že» ke'ebe.

Түн сайын ақшыл сары кісі үйдің түндігі жапсарынан кіріп келіп құрсағымды сипап жарығын сіңіріп кететін. Қайтып шығарда күн мен айдың шекарасында сары иттей сыпылдап шығып кететін. Босқа неге олай сөйлейсіңдер сендер. Сол жайын аңғарса, Тәңірдің бұйрығымен жаратылған ұлдар ғой. Қарапайым адамға қалай теңейсіңдер сендер. Күллі жұрттың хандары болса, қарапайым халық сонда ғана ұғар» депті.

22-бөлім

89. Basa Alan-Qo'ai kö'üt-te'en süyüker üge ükülerün:

90. «Та, tabun kö'üt min-ü, yača ke'eli-eče törebe. Та, tuqarun tabun mösüd,

91. metü qača qača bolu'asu tere nižikel mösüd metü

92. kene-ber qilbara ququldaqun ta. Tere čuqtai mösüd mete

93. qamtu, niken eye-ten bolu'asu, kene-ber qilbara yakin bolqun ta» ke'ebi.

94. Atala Alan-Qo'ai eke an-u üküi bolbi.

Және Алан-Қоғай ұлдарына өсиетті сөзін айтып:

«Сендер, менің бес ұлдарымсыңдар! Бесеуің бір ғана құрсақтан тудыңдар. Сендер жаңағы көрсеткен бес оқтай жеке-жеке жүрсеңдер, сол бір машақ оқтай кімге де оңай жеңілесіңдер. Егер біріктіріліп байланған, бұған бес оқтай берік бірлікте жүрсеңдер, бесеуің ешкімнен жеңілмейсіңдер» депті. Содан көп ұзамай Алан-Қоғай шешесі қайтыс болыпты.

23-бөлім

95. Eke-yü⁸en Alan-Qo⁷ai üküi boluysan-nu qoyina aqa-nar

96. de⁸ü-ner taba⁷ula adusun ide⁸e-ben qubiyaldurun,

97. Belgünütei, Bүgүнütei, Buyu-Qatayі, Buqatu-Salži dörbe⁸üle abulčaba.

98. Bodunčar-Muңqaq **budayu**⁵⁴ buyu ke⁸en, uruq-a ülü to⁷an, qubi ese ökbe.

Шешесі Алан-Қоғай қайтыс болған соң ағалы-інілі бесеуі мал-мүлкін бөлісерде Белгүнүтей, Бүгүнүтей, Бұғу-Қатағы, Бұқатұ-Салжы төртеуі бөлісіп алыпты. Бодұнчар-Мұңқақты ұрпақсыз на-шар деп рулы ел санатына қоспай, үлесін бермейді.

24-бөлім

99. Bodunčar, uruq-a ese to⁷aqdažu: «Ende atara ya⁷un?» ke⁸ežü

100. yol daqaritu, yodoli se⁸ültu oroq-šinqula-yi unužu:

101. «Ükü⁸esü-inü üküсүgei Aγasu-inu asuqai» ke⁸ežü

102. Onan müren huru⁷u yorčižu talbiba. Yorčižu Balžun-aral

103. kürcü, tende ebesün embüle **ker**⁵⁵ kižü tende aba sayuba.

Бодұнчар өзін рулы елге санамады деп, «осында не істеймін» деп арқасы жауыр, құйрығы шолақ жағал түсті атын мініп, «Өлсем өлейін, тірілсем тірілейін» деп Онон өзеніне қарай жол тартыпты. Сөйтіп, Балжұн-арал деген жерге жетіп, сонда шөптен күрке жасап, аң аулап өмір сүріпті.

25-бөлім

104. Teyin aqui-duniyan boroqčın qarčiγai qara quru barižu iden

105. бүküi-i üžežü yol daqaritu yodoli se⁸ültu oroq-šinqula-in

106. qilyasun-bar hurayalažu barižu asaraba.

Сөйтіп жүргенде қоңыр түсті қаршығаның қарақұрды ұстап жеп жүргенін көріп, арқасы жауыр, құйрығы шолақ атының құйрық қылынан тұзақ істеп, қаршығаны ұстап алып асырайды.

26-бөлім

107. ideküi ide^{en} ügei arun, čino-yin gun-dur qoryaysan göre^{esün}
 108. mariyažu qarbužu alažu ideldü^{ed}, čino-yin ideksen-ni
 109. temgüldüžü ideged, öker-ün qo^{ulai}-da^{an}, qarčiyai-ba^{an} ber
 110. težigeldün tere hon qarba.

Ол ішерге асы жоқтықтан, қасқырдың жыраға қамаған киігін атып ұстап жейді. Кейде қасқыр тиген жемтіктен там-тұмдап теріп жеп, өзінің тамағын да, қаршығасының жемін де тауып жеп бір жыл өткізеді.

27-бөлім

111. Qabur boluba. nuqud ireküi čaq-tur qarčiyai-ba^{an} tejilegülžu
 112. o^{urba}. noyud yala^{ud} qoži^{ulas} tutun quñši^{ud} күнжі^{üles}
 113. tutun quñši^{ud}, күнистеle talbiba.

Жазғытұрым болды. Үйректер ұшып келер шақта қаршығасын баулап, үйрек-қазды бұтақ сайын бытырлата, түбір сайын көңірсігенше аулады.

28-бөлім

114. Dүйiren керü-dača Түңгелік-qoғуqan huru^u, bölek irkin
 115. ne^{üzü} irebe. Bodunčar tede irkin-tur qarčiyai-ba^{an}
 116. oғuru^{at} otču, üdür esükčiležü⁵⁶ süni ebesün embüle
 117. ker-düriyen irežü qonuqu büle^e.

Дүйірен таудың артынан Түңкелік бұлаққа қарай бір бөлек жұрт көшіп келді. Бодунчар сол жұртқа күн сайын барарда қаршығасын байлап тастап, қымыз-қымыран ішіп, түнде шөп күркесіне келіп қонып жүрді.

29-бөлім

118. Tede irkin Bodunčar-un qarčiyai quyu^{asu}, ese ökbe
 119. Tede irkin Bodunčar-i «Кен-ü^{ei} ba, yaғun-u^{ay} be» ke^{en}
 120. asaғqu үкүйі, Bodunčar-ber tede irkin-i «jaғun irkin» ke^{en} asa^{ulčaqu}
 121. үкүйі yabulduba.

Сол жұрт Бодунчардан қаршығасын сұрап еді, бермеді. Ол жұрт та Бодунчардан «Кімсің, неткен адамсың?» деп, Бодунчар

болса ол жұрттан «қандай елсіңдер?» деп жөн сұраспай-ақ жүре береді.

30-бөлім

122. Буғу-Қатайі ақа-ину, Бодунчар-Мұңқақ de⁸ü-yü⁸en, ene Онан
 123. müren huru⁷u odula⁷a ke⁸en erin irežü Tüңgelik-qoruqan
 124. huru⁷u nö⁸üzü irekset irkin-tür «teyimü teyimü kü⁸ün,
 125. teyimü morin-tu büle⁸e» ke⁸en sura⁷asu

Бұғы-Қатағы ағасы Бодунчар-Мұңқақ інісін осы Онон өзеніне қарай кеткен деп іздеп келіп, Түңкелік бұлаққа көшіп келген әлгі жұрттан «сондай кісі, сондай түр-түсті атты» деп сұрайды.

31-бөлім

126. tede irkin üküлерін: «kü⁸ün ber, morin ber čin-u suraqu-dur
 127. adali biyu. Qarčiyai-tu biyu. Üdür-büri man-dur irežü,
 128. esükčiležü odumu. Süni maqa qa⁷a qonuqu ažu⁷u.
 129. Hörene ümere-eče kei bolu⁷asu, qarčiyai-bar bari⁷uluysan nuqud
 130. ғала⁷ud-un ödün hüsün-anu burqaliq časun metü butaražu
 131. kejisčü iremü. Ende oira biyu že. Edüge ireküi
 132. čay bolba. Qorumut küliče» kegebe

Сол жұрт былай дейді:

«Сұрап тұрған адамың мен атының түр-түсі ұқсас екен. Қаршығасы бар біреу күн сайын бізге келіп ақ тамақ ішіп кетеді. Түнде қайда қонып жүргені белгісіз. Солтүстік-батыстан жел соқса қаршыға ұстаған үйрек-қаздардың жүн-жұрқасы қардай борап ұшып келеді. Мүмкін жақында болар. Енді оның келетін шағы да болып қалды. Сәл кідіріп күт».

32-бөлім

133. Qoram atala Tüңgelik-qoruqan ö⁸ede niken kü⁸ün ayisun biyu.
 134. Kürçü irebesü, Bodunčar mön ažuуу. Буғу-Қатайі ақа-ину üžeged
 135. tanižu abuyat, uduřitču Онан-müren ö⁸ede qatarazu
 136. yorčižu talbiba.

Көп ұзамай Түңкелік бұлақ басынан бір адам келе жатады. Жетіп барса Бодунчардың өзі екен. Бұғу-Қатағы ағасы інісін көріп танып, ертіп алып Онон өзенінің басына қарай желіп кете барады.

33-бөлім

137. Bodunčar Buyu-Qatayï aqa-yu'an, qoyinača daqažu qatarazu

138. yabužu, ükülerün: «Aqa, aqa! **Be**ye teri⁸ü-tü, **De**⁸el žaqa-tu⁵⁷ sayin» kegebe.

139. Aqa-inu Buyu-Qatayï tere üge-inü ya'un-a ber ese bolıaba.

Бодунчар Бұғу-Қатағы ағасының артынан еріп желіп келе жатып бүй дейді:

«Аға, аға, ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас, солай болса жақсы ғой» деді. Ағасы Бұғу-Қатағы ол сөзді естімегендей сыңай танытты.

34-бөлім

140. Basa mün üge ügüle⁸esü, Aqa-inu ya'un-a ber ülü bolıan

141. qarı'u-inu ese doıyudba. Bodunčar yabužu basa mün-gü üge ügülebe

142. Tere üge-tür aqa-inu ükülerün: «Tuqar-ača mün mün yayun üge ügülemü!

143. Ği» ke⁸ebe.

Сол сөзді тағы қайталап айтқанда ағасы оны елемей жауап қайтармады.

Бодунчар жүре келе тағы да әлгі сөзді айтты. Сол сөзге ағасы:

«Бағанадан бері бір сөзді қайта-қайта айтып, не деп келесің сен өзі!» дейді.

35-бөлім

144. Tendeče Bodunčar ükülerün: «Tuqar-un Tüngelig-qoruqan-a bükün

145. irkin yeke ücü⁸en, ma'ui sayin, teri⁸ü ši⁸ira ügei-gün sača'un biyu.

146. Qilbar irkin bui. Bida teden-i qa'uliya» ke⁸ebe.

Сонда Бодунчар:

«Жаңағы Түңкелік бұлақтағы жұрттың үлкенді-кішісі, жақсы-жаманы, басы-сирағы жоқ, бәрі бірдей екен. Тым бейқам жұрт секілді. Біз соларды басып алсақ» дейді.

36-бөлім

147. Tendeče aqa-inu ükülerün: «**Že**⁵⁸, teyin bö⁸esü, ker-tür-ijen kürcü

148. aqa-nar de⁸ü-ner eyetüldüzü, tede irkin-i qa'uliya»

149. ke⁸eldüzü,

Содан ағасы: «Жә, жарайды, олай болса, үйге жетейік те, аға-інілермен ақылдасып сол жұртты жаулайық» дейді.

37-бөлім

150. ker-tür-ijen kürü^{ed}, aqa-nar degü-ner keledüzü monlažu,

151. mün Bodunčar-i alyinči⁵⁹ qa'ulyaba.

Үйлеріне жетіп аға-інілер келісіп аттанады, сол ретте Бодунчарды алдыңғы сапқа жібереді.

38-бөлім

152. Bodunčar alyinči qa'ulžu, dunda ke^{eli}-tei eme-i barizu,

153. «Jayuzin, kü^{ün} či» kegen hasaqba. Tere eme ükülerün: «Žarčiyut

154. Adaңqan-Uñyaңqa-žin bi» ke^ebe.

Бодунчар алдыңғы сапта жүріп сол жұрттың ішіндегі бір буаз әйелді ұстап алып «Не адамсың, кімсің?» деп сұрайды. Ол әйел «Мен Жарчығұт Адаңқан Ұрыяңқалықпын» деді.

39-бөлім

155. Tede irkin-i aqa-nar de^ü-ner taba'ula da'ulizu, adu'un, ide^{en}-e,

156. hagan⁶⁰ tutqara aqui sa'uqui-a kürbe.

Сол жұртты ағалы-інілі бесеуі жаулап алып, жылқы үйірін, азық-түлігін бәрін алып, халқын малай етіп жалдап отырды.

40-бөлім

157. Tere dunda ke^{eli}-tei eme Bodunčar-tur irežu kö^{üle}bi

158. Žat⁶¹ irkin-ü kö^{ün} büle^e, ke^{en}, Žažiradai⁶² nere ökbe. Žadaran⁶³-u

159. ebü^e tere boluba. Tere Žažiradai-in kö^{ün} Tügü^{üte}i neretü büle^e.

160. Tügü^{üte}i-in kö^{ün} Böri-Bulčiru büle^e. Böri-Bulčiru-in kö^{ün} Qara-Qada'an

161. büle^e. Qara-Qada'an-u kö^{ün} Žamuqa büle^e. Žadaran obuytan⁶⁴

162. tede boluba.

Сол екіқабат әйел Бодунчарға келген соң ұл туды. Жат жұрттың ұлы деп атын Жажырадай деп қойды. Жадаранның атасы содан тарайды. Бұл Жажырадайдың ұлы Түгүгүтей. Түгүгүтейдің ұлы Бөрі-Бұлчырұ. Бөрі-Бұлчырұдың ұлы Қара Қадаған. Қара Қадағанның ұлы Жамұқа. Бұлар Жадаран ру атасы болды.

41-бөлім

163. Tere eme basa Bodunčar-ača niken kö^sün töre^sülbi. Barižu
 164. abuqsan eme büle^se, kegen, tere kö^sün-i Bayaridai nereyitba.
 165. **Bayarin**⁶⁵-u ebü^se tere boluba. Bayaridai-in kö^sün Čiduqul-Bökü.
 166. Čiduqul-Bökü emes olo-tu büle^se. Kö^sün-inü **mene**⁶⁶ metü törebe.
 167. Menen-Bayarin obuytan tede boluba.

Сол әйел тағы Бодунчардан бір ұл туды. Ұстап алған әйелден туған деп ол ұлды Бағарыдай деп атады. Бағарынның атасы сол болды. Бағарыдайдың ұлы Чыдықұл Бөкү.

Чыдықұлдың әйелдері көп болатын. Ұлдары мең сынды көп туды. Менен-Бағарын ру солар болды.

42-бөлім

168. Belgünütei Belgünüd obuytan boluba. Bүgүнütei Bүgүнüd obuytan
 169. boluba. Buyu-Qatayі Qatayin obuytan boluba. Buyutu-Salži
 170. Salži⁷ut obuytan boluba. Bodunčar **Boržiyin**⁶⁷ obuytan boluba.

Белгүнүтей Белгүнүт ру атасы болды.

Бүгүнүтей Бүгүнүт ру атасы болды.

Бұғы-Қатағы Қатағын ру атасы болды.

Бұғыты-Салжы Салжығұт ру атасы болды.

Бодунчар Боржығын ру атасы болды.

43-бөлім

171. Bodunčar-un ablin eme-deče töreksen Barin-Siyiratu-Qabiči neretü
 172. büle^se. Tere **Qabiči-Ba⁷atur**⁶⁸-un eke-jin inže ireksen-i
 173. Bodunčar tatažu büle^se. Niken kö^sün törebe. Že^süredei neretü
 174. büle^se. Že^süredei unida žü^seli-tü **orun**⁶⁹ büle^se.

Бодунчардың алған әйелінен туған Барын-Шығырату Қабычы атты болатын.

Ол Қабычы батырдың шешесінің еншісі болып келген әйелді Бодунчар «салықтық» ретінде өзі алды. Ол әйелден бір ұл туды. Аты Жегүредей. Жегүредей бұрын ғұрыптық «құрбандық» жосынға қатысатын еді.

44-бөлім

175. Bodunčar ügei boluysan-u qoyina tere Že^süredei-ji ker dalu⁷a
 176. Adaḡa Uriyaḡadai kü^sün alu⁷a. Te^sün-ügei büi že, ke^sežü,

177. žü⁸eli-deče qaryāžu, Že⁸üreyid obuytu bolyažu, Že⁸üred-ün
178. ebüge tere boluba.

Бодұнчар қайтыс болған соң сол Жегүредейдің үйінде Адаңқа Ұрыяңқай деген кісі болатын. Сол тайпадан деп ғұрыптық жосығынан шығарып, Жегүредей руы етіп бөлек шығарды. Жегүредей ру атасы сол болды.

45-бөлім

179. Qabiči-Ba⁷atur-un kö⁸ün Menen-Tudun büle⁸e. Menen-Tudun-nu kö⁸ün
180. Qači-Külük, Qačın, Qači⁷u, Qačula, Qači⁷un, Qalandai, Načın-Ba⁷atur,
181. dolo⁷an büle⁸e.

Қабычы батырдың ұлы Менен-Тұдұн еді. Менен-Тұдұнның ұлы Қачы-Күлік, Қачын, Қачығұ, Қачұла, Қачығұн, Қаландай, Начын батыр осы жетеуі еді.

46-бөлім

182. Qači-Külük-ün kö⁸ün Qaidu Nomolun eke-deče töreksen büle⁸e.
183. Qačın-nu kö⁸ün Noyayidai neretei büle⁸e. **Noyanšiq**⁷⁰ abürütu tula
184. Noyačın obuytan boluba. Qači⁷u-yin kö⁸ün Barulatai neretü büle⁸e.
185. Jeke beyetü, idegen-e baruq büle⁸e. Barulas obuytan boluba.
186. Qačula-in kö⁸ün ide⁸en-e baruq tula Jeke-Barula, Ücü⁸en-Barula
187. nereyitčü, Barulas obuytan bolyažu, Erdemtü-Barula,
188. Tödögen-Barula teri⁸üten Barulas tede boluba. Qaralday+yin kö⁸üt
189. budayan qutqulaqu eki teri⁸ü üke⁸ün tula Budayat obuytan
190. tede boluba. Qači⁷un-nu kö⁸ün Adarqidai neretü büle⁸e.
191. Aqa de⁸ü ža⁷ura adaruqči tula Adaryin obuytan bolba. –
192. Načın-Ba⁷atur-un kö⁸üt Uru⁷udai, Mañqutai nereten büle⁸e. Uru⁷ut,
193. Mañqut obuytan tede boluba. Načın-Ba⁷atur-un ablin eme-deče töreksen
194. Šižu⁷udai, Do⁷uladai nereten büle⁸e.

Қача-Күліктің ұлы Қайду Номолун деген шешеден туған еді.

Қачынның ұлы Нойағыдай атты еді. Нояншық мінезді болған соң Нойақын ру атасы сол болды. Қачығұнның ұлы Барұлатай еді. Денесі ірі, өзі тамақсау болатын. Барұлас ру атасы сол болды.

Қачұланың ұлы тамақты тауысып ішетін қомағай болатын. Йеке Барұла, Үчүген Барұла аталып Барұлас ру етіп, Ердемтү Барұла, Төдөген Барұла бастаған Барұлас солар болды.

Қаралдайдың ұлдары күріш сияқты араласып, бас-аяғы жоқ болғандықтан Бұдағат (Күріштер) ру атасы солар болды.

Қачығұнның ұлы Адарқыдай атты болатын. Аға-інілер өзара қияңқы болғандықтан Адарғын ру атасы сол болды.

Начын батырдың ұлдары Ұрғұдай, Маңқұтай атты болатын. Ұрғұт, Маңқұт ру атасы солар болды.

Начын батырдың алған әйелінен туған Шыжұғұдай, Доғұладай атты болатын.

47-бөлім

195. Qaidu-yin kögün Bai-Şinqor-Doysin, Ćaraqai-Liŋqu⁷¹, Ćažin-Örtegei qurban

196. büle^{se}. Bai-Şinqor-Doysin-u kö^{sin} Tumbinai-Sečen. Ćaraqai-Liŋqu-yin

197. kö^{sin} **Seŋgün**⁷² -Bilge. Ambayai-tan Tayiči⁷ut obuytan boluba. Ćaraqai-Liŋqu-yin

198. berigen eme-deče töreksen Besütei neretü büle^{se}. Besüt obuytan

199. tede boluba. Ćažin-Örtegei-jin kö^{üt} Oronar, Qoŋqotan,

200. Arulat, Sönit, Qab-Turqas, Geni^{es} obuytan tede boluba.

Қайдудың ұлы Бай-Сұңқар Доғшын (Көкжал), Чарақай Лиңку, Чажын Өртегей үшеуі. Бай-Сұңқар Доғшынның (Көкжал) ұлы Түмбинай Шешен. Чарақай Лиңкудың ұлы Сеңгүн-Білге және Амбағай бастаған Тайычығұт ру атасы болды.

Чарақай Лиңкудың жеңгесінен туған Бесүтей атты еді. Бесүт ру атасы солар болды.

Чажын Өртегейдің ұлдары Оронар, Қоңқотан, Арұлат, Сөніт, Қап-Тұрқас, Кенігес ру аталары болды.

48-бөлім

201. Tumbinai-Sečen-nü kö^{sin} Qabul-qayan, Sim-Sečüle qoyar büle^{se}. Sim-Sečüle-jin

202. kö^{sin} Bültečü-Ba⁷atur büle^{se}. Qabul-qayan-nu kö^{üt} dolo⁷an büle^{se}.

203. Aŋqa jeke-inu Ökin-Barqay, Bartan-Ba⁷atur, Qutuytu-Möŋgür,

204. Qutula-qayan, Qulan, Qada⁷an, **Tödö^{se}en-Otčiyin**⁷³ ede dolo⁷an büle^{se}.

Түмбинай шешеннің ұлы Қабұл қаған, Сем-Сечүле екеуі болатын.

Сем-Сечүленің ұлы Бүлтөчү батыр еді. Қабұл қағанның жеті ұлы бар. Бірінші үлкен ұлы Өкін-Барқақ, одан екіншісі Бартан ба-

тыр, үшіншісі Құтұқты-Мөңгүр, Құтұла қаған, Құлан, Қадаған, Төдөген Отчығын, осы жетеуі.

49-бөлім

205. Ökin-Barqay-un kö⁸ün Qutuγtu-Jürki büle⁸e. Qutuγtu-Jürki-jin kö⁸üt

206. Seče-beki⁷⁴, Tayiçu qoyar büle⁸e. Jürki obuytan tede boluba.

Өкін-Барқақтың ұлы Құтұқты-Йүркі болатын. Құтұқты-Йүркінің ұлдары Сечебек, Тайычү екеуі.

Йүркі ру атасы солар болды.

50-бөлім

207. Bartan-Ba^γatur-un kö⁸üt Möngetü-Kiyan, Nekün-Tayizi, Jesükei-Ba^γatur⁷⁵,

208. Daritai-Otčiγin ede dörben büle⁸e. Qutuγtu-Möngür-ün kö⁸ün

209. Böri-Bökö⁷⁶ büle⁸e. Onan-na tün⁷⁷-dür qurimlaqui-dur Belgütei-in

210. mürü qaγγas-čabčiγsan tere büle⁸e.

Бартан батырдың ұлдары Мөңгеті Қиян, Некүн Тайжы, Йесүкей батыр, Дарытай Отчығын осы төртеуі болатын.

Құтұқты Мөңгүрдің ұлы Бөрі-Бөкө болатын.

Ононның орманында үйлену той жасағанда Белгүтейдің иығын айырып, қылышпен қақ шапқан да сол еді.

51-бөлім

211. Qutula-qayan-nu kö⁸üt Žoci, Qirma^γu, Altan qurban büle⁸e.

212. Qulan-Ba^γatur-un kö⁸ün Jeke-Čelen büle⁸e. Badai, Kišilik⁷⁸ qoyar

213. Darqat⁷⁹-un noyan tere büle⁸e. Qada^γan, Tödö⁸en qoyar uruγ ükü⁸ün

214. büle⁸e.

Құтұла қағанның Жочы, Қырмағұ, Алтын деген үш ұлы бар.

Құлан батырдың ұлы Йеке Челен. Бадай, Кішілік екеуі Дарқаттың (Дархандардың) нояны болатын.

Қадаған, Төдөген ұрпақсыз болатын.

52-бөлім

215. Qatıuq Moγγol⁸⁰-i Qabul-qayan meden aba. Qabul-qayan-nu qoyina Qabul-qayan-nu

216. üke-ber, doloʻan köʻüt-iyen böʻetele, Sengün-Bilge-jin kögün
Ambayai-qayan

217. Qamuq Moŋyol-i meden aba.

Қамұқ-Моңғолды Қабұл қаған билейтін еді. Қабұл қағаннан кейін оның жеті ұлы бола тұрса да Қабұл қағанның сөзімен, Сөңгүн Білгенің ұлы Амбағай қаған Қамұқ-Моңғолды билеп тұрды.

53-бөлім

218. Buyur-naŋur, Kölen-naŋur qoyar žayura Uršiyun-müren-ne bükün

219. Ayriŋut, Buyruŋut, Tatar irkin-e Ambayai-qayan ökin ökcü,

220. öʻesün ökini-jen hüdežü otqu bolun, **Tatar Žüin irkin**⁸¹

221. Ambayai-qayan-ni barižu, **Qitad-un Altan-qayan**⁸²-na abču otqui-tur

222. Ambayai-qayan Besütei küʻün Balaʻacı elčin-iyer ügüležü ilerün,

223. Qabul-qayan-nu doloʻan köʻüt-ün dundadu Qutula-da ükülerün:
«Harban köʻüt-ün

224. dotora Qadaʻan-Taiži-da ügüle» keʻen ügüležü ilerün: «Qamuŋ-un qayan,

225. Ulus-un ežen bolužu, öki-ben öʻesün hüdeküi-ben namaqar

226. kesetkün. Tatar irkin-e bariqdaʻa bi. Tabun quruʻud-iyen

227. qimul tamutala, harban quruʻud-iyen qaʻuttala hači min-ü aburan

228. sonitqun» keʻežü iležüʻü.

Бұйұр көлі мен Көлен көлі арасы Ұршығұн өзенде Айрығұт (Айрықтар), Бұйрұғұт (Бұйрықтар) мен Татар еліне Амбағай қаған қызын беріп ұзатып салмақ үшін өзі шығарып саларда Татар Жүйін елі оны ұстап алып, Қытайдың Алтын қағанына алып барыпты. Амбағай қаған Бесүтейдің Балағачы деген адамды елші етіп жібереді. Ол елші Қабұл қағанның жеті ұлдарының ортаншысы Құтұлаға бұй дейді:

«Он ұлымның ішіндегі Қадаған тайжыға сөйле деген еді. Барлық елдің қағаны ұлыстың иесі болып қызымды өз қолыммен ұзатып жіберу оқиғасы осы менімен тыйылсын. Татар еліне ұсталдым. Бес саусақ тырнақтарың біткенше, он саусақтарың таусылғанша менің өшімді алыңдар» деп жіберген екен.

54-бөлім

229. Tere čaq-tur Jesükei-Baʻatur Onan-müren-ne šibaʻulan yabuqui-tur

230. Merkid-ün Jek-Čiledü Olqunuʻud irkin-eče öki abču

231. eʻüskežü ayisuqu-yi žoluŋažu öŋgeyižü üžeʻesü

232. önge žisü bušitai öki qatu(n) üžežü ker-tür-ijen qarın ha'ulžu

233. Nekün-Taiži aqa-yu'an, Daritai-Otčiyin de⁸⁰-ben uduřitču irežü⁸¹.

Сол шақта (уақытта) Йесүкей батыр Онон өзенінде құс аулап жүргенінде Меркіттің Иеке Чіледү деген адамы Олқұнұғұт елінен қыз алып қайтып келе жатқанда кездесіп, сол қызына үңіліп қараса, қыздың өң-түсі сымбатты екен. Сөйтіп Йесүкей батыр үйіне қайтып барып Некүн тайжы ағасын, Дарытай Отчығын інісін басқарып келіпті.

55-бөлім

234. Kürküi-lüge, Čiledü ayužu qurdun qubitu ažu'u,

235. qubi-yu'an yuya-inu deletčü quburi nambalis burutqui-lu'a

236. qoyınača-inu yurba'ula uda⁸²alduba. Čiledü qoši'un

237. qučilis qarizu tergen-düriyen ireküi-lü⁸³e

238. tende **Hö⁸⁴elün-üžin⁸³** ükülerün: «Tede qurban haran-i uqaba-u či

239. čirai čirai-ača busut bui. **amin⁸⁴**-tur čin-u күркүи

240. čirai-tan bui amin ele čin-ü bö⁸⁵esü, Ölzi⁸⁶e tutun ökit

241. Qara'u tutun qatut bui. Amin ele čin-ü bö⁸⁵esü, öki qatu

242. olui že. Či busu nerete-i Hö⁸⁴elün taqi nereyidüyü že. Či amin-iyen

243. qoroq. Hünür min-ü hünüsčü yabu» ke⁸⁷en **čamča⁸⁵**-ban mültülžü

244. mori dekereče naruitču abukui-lu'a yurba'ula qoši'un

245. qučildužu күрчү ayisuqu-lu'a, Čiledü qurdun qubi-yin

246. yuya-inu deletčü žuqus duta'ažu, Onan-müren

247. ö⁸⁸ede duta'aba.

Олар жетіп келген кезде Чіледү қорқып жүйрік құба атының санына қамшы басып, кедір-бұдыр белестерді бетке ұстап қаша жөнелді. Әлгі үшеуі оның артынан қуалады. Чіледү дөңес тұмсықты айналып арбасына келіп жеткенде, сонда Өгелүн-үжін: «Сен әлгі үшеудің ойларын ұққан боларсың, олардың түсі суық қой. Сені өлтірмек ойлары бар. Аман жүрсең күймелі арба сайын қыздар бар, қарауытты арба сайын қатұндар бар. Тірі болсаң қыз-қатұндар табылар. Бөтен біреуді алатын болсаң оны Өгелүн деп те атарсың. Сен жаныңды сақта. Менің иісімді иіскеп жүр» деп көйлегінен жыртып беріп, онысын ол ат үстінен алған сәтте әлгі үшеуі де тұмсықты айнала шыға келді. Чіледү жүйрік құбасының сауырына қамшы басып, Онон өзенінің жоғары ағысына қарай қаша жөнелді.

56-бөлім

248. yurba'ula qoyinača nekežü, dolo'an quburi dabatala
 249. hüldežü qarıžu irežü Hö'elün-Üžin-i Jesükei-Ba'atur
 250. delbe'e-deče kötölžü, Nekün-Taiži aqa-inu uduritču,
 251. Daritai-Otčiyin degü-inu qiligü dergečežü ayisuqu-tur
 252. Hö'elün-Üžin ükülerün: «Aqa min-ü, Čiledü Kei ö'ede Kökül-iyen
 253. keisümüser, Ke'er qažar-a Ke'üli-ben ölösümüser
 254. bülige. Edüge ker-ele, Qoyar šibürged-iyen niken-te
 255. aru dekere o'urču niken-te ebür-gen dekere o'urču
 256. niken-te uruqši-da, niken-te qoyinaqši-da Ker-ele kižü
 257. odumui» kege'et, Onan-müren-ni tolyistala, Hoi žubur da'uristala
 258. yeke da'u-ber uyilažu ayisuqu-tur, Daritai-Otčiyin
 259. dergečežü yabužu ükülerün: «Teberi'sü čin-u Dabayat olon
 260. dababa Uyilaqdaqu čin-u usut olon ketülba.
 261. Qayila'asu, Qarayıžu, ülü üže'sü čimayi Qayibası
 262. Qa'uluqa-inu ülü oluqu, či Sem boli» ke'ežü itqaba.
 263. Hö'elün-Üžin-i Jesükei tedüi ker-düriyen abčiraba.
 264. Hö'elün-Üžin-i Jesükei-jin abčiraysan yosun teyimün.

Ол үшеуі артынан қуып, жеті белесті асқанша шапқанымен жете алмай, қайтып арбаға келіп, Йесүкей батыр Өгелүн-үжін отырған күймесінің тізгінін ұстап, ағасы Некүн-тайжы бастап, інісі Дарытай Отчығын қатарласа еріп жүргенде Өгелін-үжін:

«Ерім менің Чіледү!

Желге қарсы кекіл шашын желбіретіп кетті ғой,

Кең далада енді қарны ашып жүр ғой.

Енді қайтейін!

Екі бұрымымды

Екі жаққа тастап жіберіп,

Ілгері-кейінді дудыратып қайтып жүрермін» деп,

Онон өзені толқығанша,

Орман-тоғай жаңғырғанша,

Қатты дауыстап жылап-сықтағанда

Дарытай Отчығын қатарласа жүріп бүй дейді:

«Құшақтар ерің асу асып кетті ғой,

Жылар ерің сулар кешіп кетті ғой,

Қайғырсаң да қайтып көрместей безді ғой,

Іздесең де із-түзі табылмастай кетті ғой,

Тыныш отыр» деп жұбатты.

Сөйтіп, Өгелүн-үжінді Йесүкей батыр үйіне әкелді.
Өгелүн-үжінді Йесүкей батырдың үйіне әкелген жосығы сондай.

57-бөлім

265. Ambaqai-qayan-nu Qada'an, Qutula qoyar-i nereyitcü ilekseker
266. Qamuq Moŋyol Tayiçi'ut Onan-nu Qorqonaq-žubur quražu
267. Qutula-i qayan bolyaba. Moŋyol-un žiryalaŋ debsen qurimlan
268. žiryaqu büle^e Qutula-i qa(n) ergü^eet Qorqonaq-un
269. saqlaqar modun horčın «Qabırğa-ta qayulu'a, Ebüdük-te ölkek
270. bolutala» debsebe.

Амбағай қаған Қадаған, Құтұла екеуінің атын атап жіберген соң Қамұқ-Моңғол Тайычығұттар Онон өзені Қорқонақ-Жұбыр деген аңғарда жиналып, Құтұланы қаған көтерді. Моңғолдың салты би билеп, той тойлату болатын. Құтұланы хан көтеріп, Қорқонақтың бұтағы мол мәуелі ағашы айналасында қабырғалары майысқанша, тізелері тесілгенше би биледі.

58-бөлім

271. Qutula-qayan bolu'ad, Qada'an-Tayizi qoyar Tatar
272. irkin-tur morilaba. Tatar-un Kötön-Baraqa, Žili-Buqa
273. qoyar-tur harban qurban-ta qatquldužu, Ambaqai-qayan-nu
274. ösül ösün, kisal kisan yadaba.

Құтұла қаған болған соң Қадаған тайжы екеуі Татар еліне аттанды. Татардың Көтөн-Барақа және Жылы-Бұқа екеуімен он үш рет шайқасып, Амбағай қағанның кегін кектеп, өшін ала алмай қалды.

59-бөлім

275. Tende Jesükei-Ba'atur Tatar-un **Temüžin-Üke**⁸⁶, Qori-Buqa teri^eüten
276. Tatar da'ulizu ire^eesu, tende Hö^eelün-Üžin ke^eeli-tei
277. bürün Onan-nu **Deli^sün-Boldaq**⁸⁷-a бүкүй-түр, žöb tende Čingis-qayan
278. törözü^eüi. Töröküi-tür bara'un qar-tur-ijen šiya-yin tedüi
279. nödün qatqun törežü^eüi. Tatar-un Temüžin-Üke-i abčiraysan-tur
280. törebe ke^een **Temüžin**⁸⁸ nere ökküi tejimü.

Сол кезде Йесүкей батыр Татардың Темүжін-Үке, Қоры-Бұқа бастаған татарларды жаулап келгенде екіқабат Өгелүн-үжін Онон-

ның Делігүн (Делуін) Болдақта жатқанда дәл сол жерде Чыңғыс қаған туыпты. Ол туған кезде оң қолына асықтай ұйыған қанды шеңгелдей туған екен. Татардың Темүжін-Үкені әкелгенде туды деп атын Темүжін деп қойған мәні сол.

60-бөлім

281. Jesükei-Ba'atur-un Hö'elün-Üžin-eče Temüžin, Qasar⁸⁹, Qači'un,
 282. Temüke⁹⁰ ede dörben kö'süt törebe. Temülün⁹¹ neretei niken öki
 283. törebi. Temüžin-ni jesün nasutu⁹² бүкүй-түр, Žoči-Qasar
 284. dolo'an nasutu бүле'e. Qači'un-Elči tabun nasutu бүле'e
 285. Temüke-Otčiyin yunan nasutu бүле'e. Temülün öleketei⁹³ бүле'e.

Йесүкей батырдың Өгелүн-Үжіннен Темүжін, Қасар, Қачығұн, Темүке деген төрт ұл, Темүлүн деген бір қыз туады.

Темүжін тоғыз жасқа келгенде Жочы-Қасар жеті жасқа, Қачығұн-Елші бес жасқа, Темүке-Отчығын үш жасқа келген еді. Ал Темүлүн жөргекте болатын.

61-бөлім

286. Jesükei-Ba'atur, Temüžin-ni jesün nasutu бүкүй-түр, Högelün-Eke⁹⁴-in
 287. törküt⁹⁵ Olqunu'ut irkin-tür nayaču-nar-ača-
 288. -inu öki quyusu ke'en, Temüžin-i abu'at yorčiba.
 289. Otqui-tur Čekčer Čiqurγu qoyar-un ža'ura, Oγyiradai⁹⁶
 290. Dei-Sečen-i žolyaba.

Йесүкей батыр Темүжін тоғыз жасқа толғанда Өгелүн-Үжіннің төркіні Олқунұғұт еліне нағашыларынан қыз сұрасақ деп Темүжінді сонда алып барады. Барар жолда Шекшер, Шықұрғы деген екі жердің арасында Оңғырадай Дей шешенмен кездеседі.

62-бөлім

291. Dei-Sečen ükülerün: «Jesükei quda ken-tür žorižu ayisula'a»
 292. ke'ežü'ü. Jesükei-Ba'atur ükülerün: «Ene kö'ün-nü min-ü
 293. nayaču-nar Olqunu'ut irkin-tür öki quyusu ke'en
 294. ayisula'a» ke'ežü'ü. Dei-Sečen ükülerün: «Ene kö'ün
 295. čin-u nidün-tür-ijen γaltu, ni'ur-tür-ijen keretü kö'ün bui.

Дей шешен бұй дейді:

«Йесүкей құда, кімге бара жатырсың?»

Йесүкей батыр:

«Мына ұлыма нағашылары Олқұнұғұт елінен қыз айттырсам ба деп жүрмін» депті.

Дей шешен бұй депті:

«Осы ұлыңның көзінде оты бар, бетінде нұры бар екен.

63-бөлім

296. Jesükei quda, bi ene süni že^südün že^südülebe bi. Ča^γan šinqor⁹⁷

297. naran sara qoyar-i atqun nisču irežü, qar dekere min-ü tu^γuba.

298. Ene že^südün-nijen kü^sün-e ükülerün: Naran sara-i qaražu üžekden

299. büle^e. Edü^e ene šinqor atqužu abčiražu

300. qar-tur min-ü tu^γuba. Ča^γan ba^γuba. Jambar ele sayi üže^sülümü,

301. ke^ežü, Jesükei quda ene že^süd-ün min-ü, čima-yi

302. ele kö^sü-be^een uduritču ireküi üžeksen ažu^γu.

303. Že^südün sain že^südülebe. Ya^γun že^südün aqu, Та Qiyat⁹⁸

304. irkin-ü sülde^r⁹⁹ irežü ža^γaqaysan ažu^γu».

Йесүкей құда, мен осы түнде бір түс көріп едім. Ақсұңқар күн мен айды шеңгелдей ұстап келіп, қолыма қонды. Бұл түсімді басқаларға айттым: Күн мен айды көріп жүрген едік. Енді бұл ақсұңқар шеңгелдеп әкеліп қолыма қондырды. Ақ жарық түсті. Жақсы ырымға жорып, бір жақсылық көрсетер деп ойладым. Йесүкей құда, осы түсімде сені ұлыңды жетектеп келеріңді көрген тәріздімін. Жақсы түс көріппін. Түстің мәні осы ғой. Сіздердің Қият елінің киесі келіп көрсеткені осы болса керек».

64-бөлім

305. «Ba Oңyirat irkin Erte üdür-eče Že^e-jin žisün Ökin-ü öngeten

306. Ulus ülü temečet Qačar qo^γa ökid-i Qayan

307. Boluqsan-a tan-u, Qasaq tergen¹⁰⁰-tür unu^γulžu Qara

308. bu^γura kölgežü Qatara^γulžu otču Qatun sa^γurin-tur

309. Qamtu sa^γulumu ba ulus irkin ülü temečet

310. ba Önge sait ökid-iyen ösgežü Ölži^e-tei tergen-tür

311. unu^γulžu, Öle bu^γura kölgežü E^süsgežü otču Üндүр

312. sa^γurin-tur Öre^ele etet sa^γulqui ba Erten-eče Oңyirat

313. Irkin Qatun qalqatan Ökit öcilten Že^e-jin žisün Ökin-ü

314. önge-ber büle^e ba

«Біз Оңғырат (Қоңырат) елі
ерте күннен

жиеннің көркімен,
 қыздың қоғайлығымен
 асқан елміз.
 ел-жұртқа шабуылдамай,
 көркі қоғай қыздарды,
 қаған болдырған сіздерді
 «қасақ» арбаға мінгізіп,
 қара бураны жетектеп,
 қатты-қатты жүргізіп,
 ханшайым орында
 қосақтап отырғызғанбыз.
 Ұлыс елге шабуылдамай,
 өңі жақсы қыздарды
 өсіріп жақсы жеткізіп,
 күймелі арба мінгізіп,
 көк бураны жетелетіп,
 жылдам-жылдам жүргізіп,
 жоғары орынға отырғызып,
 сыңар етіп жайғастырғанбыз.
 Ертеден Оңғырат (Қоңырат) елі
 қатұн қалқалы,
 қыздар сөзшең,
 жиеннің жүзі,
 қыздың өңімен
 ажарлы болатын едік біз».

65-бөлім

315. «Nu'un kö'üt man-u Nuntuy qarayu, Ökin kö'ün man-u Önge üžekdejü
 316. Jesükei quda «Ker-tür min-ü oduya Ökin min-ü üčü'ü'en biju
 317. Quda üžetüküi» ke'ežü Dei-Sečen ker-tür-iyen uduritču
 318. ba'ulba.

«Ұл балалар біздің
 туған жерін қорғайды,
 қыз бала біздің
 ажарымен көрінеді.
 Иесүкей құда

Менің үйіме барып сүйкімді кіші қызымды көрсеңіз деймін, құда!» деп, Дей шешен оларды үйіне ертіп апарып қонақ етті.

66-бөлім

319. Öki-inü üzebesü ni⁷ur-tur-iyen keretei nidün-tür-iyen Ƴaltay
 320. Ökin-i üzežü oyin-dur-iyen oru⁷ulba. Temüžin-eče niken nasun
 321. yeke, harbantai ažu⁷u. Börte neretei. Süni qonužu manayaši
 322. Öki-inu quyubasu Dei-Sečen ükülerün: «Olan-ta⁷u quyulžu
 323. ökbesü de⁸ežilekde⁸ü Čö⁸en-ta⁷u quyulžu ökbesü
 324. doramžilaqdaqu Ökin kü⁸ün-ü žaya⁷an Törögsen e⁸üden-tür
 325. ötölgü üküi. Ökin-iyen-be öksü, kö⁸ün-iyen-be
 326. küreget¹⁰¹-te talbižu ot» ke⁸ebe. Že bolulčažu
 327. Jesükei-Ba⁷atur ükülerün: «Kö⁸ü-ben küregete talbisu Kö⁸ü min-ü
 328. noqai-yača čočimta⁷u büle⁸e. Quda, kö⁸ü min-ü nuqai-yača bü čöči⁷ul»
 329. ke⁸ed kötül morin-iyen belge ökcü Temüžin-i küreget-te
 330. talbižu otču.

Қызын көрсе жүзі жарқын, көзі отты екен, қызды көрген соң көңіліне ұнатып қалды. Темүжіннен бір жас үлкен, он жасқа келген екен. Оның аты Бөрте еді. Түнде сол үйде қонып, ертеңінде қызды сұраса Дей шешен:

«Көп сұратып берсе сыйланар,
 Аз сұратып берсе қорланар,
 Қыздың жолы (жіңішке ғой).

Туған босағада қалмағы жоқ қой, қызымды берейін. Сен ұлыңды күйеу етіп тастап кет» дейді.

Жә деп сөзге келісіп Иесүкей батыр: «Ұлымды күйеу етіп қалдырайын. Ұлымды иттен шошытпа» деп, жетек атын сыйға тарту етіп, Темүжінді күйеулік етіп тастап кетеді.

67-бөлім

331. Jesükei-Ba⁷atur ža⁷ura Čekčer-ün Šira-Keker-e Tatar irkin
 332. qurimlan бүküi-tür žolu⁷ažu, undasču qurim-tur an-u ba⁷uba.
 333. Tede Tatar tanin ažu⁷u. «Jesükei Qiyan iregei» ke⁸e⁸et, uridan-u
 334. da⁷ulıqdaysan kekesü-ben duratču, oysuladun qužiržu
 335. qoro¹⁰² qoližu ökcü⁸üi. Ža⁷ura ma⁷ui otču, qurban qonuq
 336. Yabužu, ker-tür-ijen күrү⁸ed ma⁷ui bolžu

Иесүкей батыр жол-жөнекей Чекшердің Шыра Кегерде (Сары даласында) Татар елі тойлатып жатқанда кезігіп, шөлдеген соң

сусындайын деп тойға келіп түседі. Татарлар оны танып та қойды. «Иесүкей Қыйан келді» деп бұрынғы жауласқан кектерін айтып, қайнаған қастығын ойлап, сусынға у қосып беріпті.

Ол жолда қиналып үш күн жүріп отырып әрең дегенде үйіне жетеді де, тіптен тұла бойы ауырлай түскен.

68-бөлім

337. Jesükei-Ba'atur ükülerün: «Dotora min-ü ma'ui bui. Dergede

338. ken bui» ke^{se}ezü, Qoñqotadai Ćaraqa ebügen¹⁰³-ü kö^{se}ü Mönlik¹⁰⁴

339. oyira bi ke^{se}ezü, urıžu ire^{se}ülžu ükülerün: «Ćaqa¹⁰⁵ min-ü,

340. Mönlik, kö^{se}üt ucü^{se}etü büle^{se}e bui. Kö^{se}ü-ben Temüžin-i

341. küreget-te talbižu irerün, ža'ura Tatar irkin-e oyisulaqda'a

342. bi. Dotora min-ü ma'ui biyu. Ücü^{se}et qoçoruqsat,

343. de^{se}ü-ner-iyen, belbisün, bergen-iyen asaruqu-i Ći mede!

344. Kö^{se}ü(n) min-ü Temüžin-i ötürken otçu abçu ire, Ćaqa min-ü Mönlik»

345. ke^{se}e^{se}et nökcibe.

Иесүкей батыр бүй дейді:

«Ішім ауырып барады. Жанымда кім бар?» деп сұрайды, сонда Қоңқотадайдың Чарақа қарияның ұлы Мөңлік «мен жақындамын» дегенде оны шақырып алып:

«Ұлым бала-шағам менің Мөңлік! Менің ұлдарым кішкентай еді. Ұлым Темүжінді күйеу етіп қалдырып кетіп, қайтар жолда Татар елінің қастығына ұшырадым. Ішім күйіп барады. Артта қалғандарды, інілеріңді, жесір жеңгелеріңді асырап, оларға қарайтын бол сен! Ұлым Темүжінді шапшаң алып кел, ұлым мерің Мөңлік» деп көз жұмды.

Түсіндірмелер

¹ *Čiŋgüis* — Шыңғыс (Чыңқыс, Чіңгіс, Чингис). Этимологиялық төркіні *Čing+s* (берік — «Значение чин — сильный и крепкий, а чингиз — множественное от него число, /по смыслу/ одинаковое /с наименованием гур-хан/, ... иначе говоря — государь сильный и великий». Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 150), *Čin+qis* (от шығаратын шақпақ тас — *Eldengtei, Ardajab* — MNT, 1986. С. 2), *tengg+gis* (теңіз // чиңгис) (т // ч алмасуынан) деген болжамдар бар. «Теңіз» деуі осы ескерткіштің 3-жолындағы *Tenggis* деген сөзді көрмегенмен бірдей» (Б. Я. Владимирцов).

Шыңғыс қағанның балалық атын оның әкесі Есүкей *Temüžin* // Темүжін деп қойған. Біздің пікірімізше «Шыңғыс» деген атақтың мәні «сұңқар құстай өткір, сұңғыла, аса биікте, жылдам самғай білетін нағыз қыран, құстардың ұлығы, көктің иесі» деген ырым-жосындық атау. Төрелік билікті құсқа теңеу, құсты, әсіресе алғыр қыранды, бүркітті, сұңқарды Тәңірдің елшісі, ырым-жосындық, тіпті символдық белгі ретінде қабылдау Түрік Елі дәуірінен бері жалғасып келе жатқан Тәңірлік дәстүрлі танымдары айғақтайды. Әбілғазы Баһадүрдің «Шежире-и түрк», ХІХ ғ. жазылған «Дафтари Чингиз-наме» және т. б. туындыларда қыран құс жайлы, оның таңба, рулық ырым-жосынға баланғаны туралы деректер мол. Демек, *Čiŋgüis* // *Čiŋ+gis* (Чың+ғыс), *Suŋ+qur* // *Sungqar* (Сұң+қар), *Suŋ+gula* (Сұң+ғыла) және т. б. сөздерде кездесетін *Čiŋ* — / *Suŋ*- / *Sup*- / *Suŋ*- түбір морфемаларды салыстыра келгенде «биік, үстем, заңғар, сұңғақ» деген ортақ семантикалық өрісті меңзейді. Шыңғыс қағанның қият тегінің тотемі «Ақсұңқар», соған баланып ежелгі көне атауымен «**Čiŋ+qur* > *Čiŋ+qis* > *Čiŋ+güis* > *Čiŋ+gis*», яғни «сұңқар құстай сұңғыла нағыз қыран, құстардың ұлығы, көктің иесі» аталса керек.

² **Қауап** — қаған. Көшпелілердегі ең жоғарғы билік лауазымның атауы. Көшпелі этностардың ең шағын рудан бастап үлкен тайпа, ірі-ірі одақтар, этносаяси бірлестіктер көсемдерінің ұлығы, «хандардың ханы». Түрік бітік: **qan* + **qan* > *qanqan* > *qaŋgan* > *qaуap* тұлғасында қысқару, ықшамдалу барысында «қаған» тұлғасына айналып пайда болған. Демек бұл атау Хүн қағандығы дәуіріндегі «*šaŋ-ju*» деген атаумен ұқсас қолданыс, *qan*- // *šaŋ*- түбірлес атаулар (Түрік тілдерінде *q*- // *-š* алмасуы жиі кездеседі, мысалы, башқұрт (сүт // нүт). Түрік Елі дәуірінде бұл атақ әбден қалыптасқанын көреміз. Одан бұрынғы кездерде де қолданылғандығын қытайша «кэхань» деп белгіленуі растайды. Хүннү, Сяньби, Жужан, одан Түрік Елі, Ұйғыр этносаяси бірлестіктерінде қағандардың ордасы қазіргі Моңғолия Орхон өзені бойындағы өте шұрайлы алқап болды. Бұл **Қаңғай** деп аталды. Бұл атау байырғы түрік тілінде **qan* + **qan* > *qanqan* > *qaŋgan* > *qaуap* деп өрбіген атаумен ұқсас өрби келе *qaŋ+gan* > *qaŋ+уap* > **қаң+ғай** деген тұлғасында қалыптасқан. Басқаша айтқанда, «қағандар мекені, ханның кеңі» деген семантикалық мәнде қолданыла бастап, сол байырғы атауы бүгінге дейін сақталынды. Осы **Қаңғай** атауы көне түрік бітікте Өтүкен, моңғолша Етүген деп аталған.

³ **huža'ur** — хұжаұр. Сөзбе-сөз: «түп, тамыр». Қаз. «құзар, асу бермес биік, шың» дегенмен төркіндес сөз (Қазақ ТТС. 6-т., 438-б.).

⁴ **Degere** — деере. Сөзбе-сөз: «үстіңгі, үсті». Қаз. «дергей, күш» сөзімен ұқсас.

⁵ **Teŋgeri** — еџе // Теңгері-ече. Сөзбе-сөз: «Тәңір+ден». Тәңірі — байырғы көшпелілердің дүниетанымы мен болмыс-бітімінде айрықша орын алатын аспан-космостық кеңістікті меңзеген әмбебап субстанциялық ұғым. Оны қазіргі ұғыммен қысқаша Тәңірлік деуге келеді. Жоғарғы әлем, көк күмбездің дара атауы. Байырғы түріктердің үштік танымы бойынша Тәңір — Кісі — Жер үштігінің ең киелісі, ең асқағы — Тәңір. Демек, байырғы түріктердегі Тәңірлік танымдық құрылым бойынша төрелік билік Тәңірден деп саналды. Білге қаған бітіктасында: Теңрітег: Теңріде: болмұш: Түрүк: Білге: қаған: бұ өдке олұртұм: ... делінген. Көшпелілер жарылқаушы Тәңірден жақсылық тіледі. Тәңірі күш-құт беруші деп қастерленді. Бұдан түрік-моңғол дүниетаным ортақтығын аңғару қиын емес.

⁶ **žaja⁷atu** — жайаату. Сөзбе-сөз: «жаратылысты». Көне түрік бітік: йай-, жай- түбірден өрбіген «жайлы, жарасты, шырайлы» сөздерімен мәндес, тұлғалас (қараңыз: jaj — «жайнау, жарқылдау». ДТС. С. 226).

⁷ **töre+kseŋ** — төре+гсен. Сөзбе-сөз: «туған». Қаз. төр-, түр- түбір морфемалардан туындаған «түрегелу, түрік болу, түріңкі» т. б. тұлғалы сөздермен желілес. Адамның тууы да «тік түру, аяқ басу» деген мәнде айтылса керек. Көне моң: -qsaŋ, -kseŋ // -yŋsaŋ, -gseŋ есімше жалғаулары қаз. -қан, -ған, -кен, -ген тұлғасымен ұқсас.

⁸ **Börte-Činu** — Бөрте-Чыну. Сөзбе-сөз: «Көк бөрі, Көкшулан қасқыр». Қаз: бөр түбірінен өрбіген «бөрте, бөрі, бөрту, бөртпе» және т. б. сөздер «көкшіл сүр, көкшулан түс, жылқы, ешкі, қасқырдың көкшіл сүр түсі, сол түске айналуы» деген мағынада. «Чыну» — көне және қазіргі моңғолша «чоно, чонос, чонод» — қасқыр, бөрілер деген сөз. Бұл ретте Шыңғыс қағанның арғы тегі Бөрте-Чыну мен Қоғай-Маралға тіреліп тұр. Демек «Бөрте-Чыну» (Көкшулан қасқыр, Көк бөрі) қытай жазбаларында кездесетін «ачыну, ашина (бөрі), ашидэ (бөрілер)» дегенмен ұғымдас. Сондықтан көне түріктерді қытайлар «моңғол» тектестердің айтуынша «ачына» деп естіп хаттаған. Түрік Елі дәуірінде қытайлар моңғолдар арқылы түріктерді Бөрітекті деп атаған себебі де осы. Сондықтан да Шыңғыс қағанның арғы тегін түрік-моңғолдарға тән ұйытқы ортақтығынан тараған, сол негізде қалыптасқан, билік жүргізе білген ұрпақ деп таныған жөн. Бөрте-Чыну мен Қоғай-Марал тотемдік кейіпкерлер емес, нақты тарихи адамдар. Бөрте-Чыну шамамен 758 жылдары өмір сүрген (қараңыз: Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 9; *Билэгт* Л. К вопросу о достоверности родословной Чингис-хана / *Studia Archeologica. Tomus-XV., Fasc. 10. P. 97—109*). Көне түріктердің «қағандық» таңбасы — «бөрі мен марал, киік» бейнелері — бітіктастар мен ескерткіштерде берілген. Түріктер мен моңғолдардың ататектік аңызы «Ергүне-күндегі» қаншық қасқыр мен он жасар бала кейіпкері осыдан қалған ырым-жосындық аңыздар. Демек, осы ретте МҚШ-да бұл атаулар түрік-моңғол этномәдени ортақтығын сонау байырғы кезеңдермен желіестіріп баяндап тұр.

⁹ **Kergei** — кергей. Сөзбе-сөз: «әйелі, зайыбы». Қаз: «кербезі» дегенмен айны қатесіз бір сөз, ескерткіште «жұбайы, әйелі, жары, сұлуы» деген мәнді білдіреді. Қаз. көнерген мағынасы да «керім, сән, сұлу».

¹⁰ **Qo'ai-Maral** — Қоай Марал. Сөзбе-сөз: «Сұлу Марал». Қаз. «Қоғай Марал» дегенмен ұқсас. Қазіргі моң: «гоо, гоо үзэсгэлэн» — «сұлу, әсем, сұңғыла» деген мәнде қолданылады. «Қоғай» — қазақ тіліндегі «құба, ақ құба, құбақай» т. б. сөздермен тәркіндес. «Бұғы, марал, киік, елік» сынды аңдарды киелі деп қастерлеу түрік-моңғол тектес этностарға ортақ. Моңғолияда жиі кездесетін «бұғытас» ескерткіштерден МҚШ-да сөз болып отырған «Қоғай Маралдың» ежелгі дәуірлердегі тотемдік нанымдық атау екенін байқауға болады.

¹¹ **Teŋgis** — Теңгіс / Теңіз. Сөзбе-сөз: «теңіз» (Теңгіс өзені — Х. Пэрлээ, 1958; Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 4–5; yadamba — MNT, 1990. P. 223); (Хөлөн нуур // Көлүн көлі? — қазіргі Моңғолия мен Ішкі Моңғолияның шекарасындағы Көлүн (Далай) көлі (Irinčin — MNT, 1987. P. 4).

¹² **irebe** — іребе. Сөзбе-сөз: «келді». Қаз: «іреу, теріні іреу, іркілу» деген сөздермен мәндес. Әңгіме бұл жолы «теңізді кешіп іреп (сыдырып) келгені» жайында болып тұр.

¹³ **Onan** — Онан. Сөзбе-сөз: «Онон». Онон өзені — қазіргі Моңғолияның солтүстік-шығысындағы Кентей тауынан басталып, шығысқа қарай ағатын өзен.

¹⁴ **Burqan-Qaldun** — Бұрқан-Қалдун. Сөзбе-сөз: «Бұрқан қалдун». Зерттеушілердің пікірінше аталмыш жер — қазіргі Моңғолияның солтүстік-шығысындағы Кентей тауының өте биік өңірі, Керлен, Онон, Туыл өзендерінің бастауы. «Бұрқан» атауын «ағаш бұта-бұтақты қастерлеген мекен, ата-бабаның аруақты жері» (Б. Ринчен), «Кентей тауының «Бурхан хад уул (Бұрқан жартасты тауы)» (Х. Пэрлээ) деп қарастырады және көне түрік тіліндегі «барық» сезімен байланыстырушылар бар.

¹⁵ **Bata čiqan** — Бата чықан. Сөзбе-сөз: «Бата чықан». Көне түрік бітігінде čiqan > чықан — әскери лауазымдық атақ. Демек, Бата чықан деген есім деп түспалдаймыз. Б. Базылхан **Batačiqan?** — «Бата беруші хан, баташы хан» деп жорамалдайды. Зерттеушілердің көпшілігі Бат цагаан «Берік ақ» деген.

¹⁶ **köün** — көүн. Сөзбе-сөз: «ұл, бала». Моң. «көбегүн > көбе*үн > көве*үн > көүн > күү > хүү» тұлғасында созылыңқы дауыстылардың пайда болуымен түсіндіріледі. Моңғолда «хөвгүүн, хүү, хүүхэн» тұлғасында «ұл бала, бала, қыз-қырқын, ұрпақ» мағынасында қолданылады. Қаз: «көпек, көпей» сөздерімен желілес.

¹⁷ **Mergen** — мерген. Сөзбе-сөз: «мерген». Қаз: «атқан оғы мүлт кетпейтін, сұр мерген аңшы адам». Сол дәуірлерде мергендік дәрежені білдірсе керек. Демек Тамачаның ұлы Қорычар мерген дегендегі «мерген» — лауазымдық атауы.

¹⁸ **A'uzam Boro'ul** — Ауыжам Бороуыл. Сөзбе-сөз: «Кең Бороқұл». Моң: Уужим Борхул. Бұл атау «Ауыжам Бороұл» деп оқылады, алайда біз интервокал дауыссыздарды сол қалпында қолданып «Ағұжам Бороғұл» деп жаздық. Бұл түрік-моңғол тілді жазба деректемелерді тарихи-лингвистикалық жағынан салыстыра сараптауда

өте-мөте қажет. Бұдан былай осындай тұлғалы сөздерді сол көне тұлғасында интервокал дауыссыздарын жаңғыртып жаздық. Рашид ад-Дин бойынша **A'uzam Boro'ul** деген — «Қуджам Борагул» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 10).

¹⁹ **Jeke nidün** — Йеке-нидүн. Сөзбе-сөз: «Үлкен+көз». Моң: **jeke** — үлкен, ірі, ұлық деген сөз. Бұл жолда «үлкен көзді, шарасы ірі көзді» адам деген мағынадағы кісі аты.

²⁰ **Moңyolžin** — Моңғолжын. Сөзбе-сөз: «Моңғолтек». Қаз: моңғолтек, моңғолжан дегенмен ұқсас. Көне моң: «моңғолжан, моңғолтектес» адам деген мағынадағы, көбінесе әйел адамға қатысты айтылатын кісі атауы.

²¹ **Bajan** — Байан. Сөзбе-сөз: «Бай // Баян». Қаз. «бай, байлықты, мал-мүлікті, дәулетті» дегенді білдіреді.

²² **külük** — күлүк. Сөзбе-сөз: «жүйрік ат». Қаз. «көлік, сәйгүлік» деген сөз. Бұл ретте «күлік» деп жүйрік дегенді айтып тұр.

²³ **aqtastu** — ақтас+тү. Сөзбе-сөз: «аттарлы». Қаз. ақта — азбан, пішпе деген сөзімен бір (Қазақ ТТС. 1-т., 148-б.)

²⁴ **Du^wa Soqor** — Дуа Соқыр. Сөзбе-сөз: «туа соқыр». Бұл атауды ғалымдар көне моң. «Дуба сохор, Дуба сохур» деген адамның аты ретінде қарастырады. Қаз. «туа соқыр, тумысынан соқыр» дегенді меңзейді. Мәтінде Туа соқыр жалғыз көзді екені де айтылады. Демек бір көзі тумысынан соқыр дегенді меңзеп тұр.

²⁵ **niken** — некен. Сөзбе-сөз: «бір». Қаз. «некен, некен-саяқ», яғни «жалғыз-жарым, бірлі-жарым, сиректеу, бірен-саран» деген қолданыста сақталынған. Демек «ниген / некен» дегеніміз көне және қазіргі моң. «бір, жалғыз» деген мәнді білдіреді.

²⁶ **qoñuqañ** — қорұқан. Сөзбе-сөз: «қорық». Моң. Qoñuqañ > yoñuq-a «горхи» кішігірім ағынды су, бұлақ (Базылхан — МКТ, 1984. 136-б.). Қаз. шалғынды, сулы жер деген мәндегі «қорықпен» түбірлес (Қазақ ТТС. 6-т., 357-б.).

²⁷ **Irkin // irgen** — ірген. Сөзбе-сөз: «Еркін». Көне түрікше *erkin > еркін деген «белгілі жері мен елі бар, ерікті лауазымдық атақты және соның билігіндегі ел-жұртты» білдіреді. Демек, осы орайда бұл атау «ерікті бөлек ел, еркін ауыл» деген мағынада. Жалпы түпнұсқада осы атау көбіне басқа атаулармен тіркесіп кездеседі, сондай-ақ сөз тіркестерінде қазіргі «ел, жер, жұрт, мемлекет, халық» ұғымдарын білдіреді.

²⁸ **qara^yutaj tergen** — қараутай терген. Сөзбе-сөз: «қарауытты арба». Көне мағынасында «күймелі арба, көмкеріліп қымталған арба» деген мәнді, яғни «қара күрең тері, матамен жиектелініп, әсем көмкеріліп қымталынған күймелі арба». **tergen** — қаз. «терек» сөзімен түбірлес, ағаштан жасалынған доңғалақты арбаны айтқан.

²⁹ **ölžige** — өлжіге. Сөзбе-сөз: «перделі». Көне моң. «өлжіге» деген қаз. «үлдірік» деген сөзбен үндес, әрі тектес («үлдірік» — ыдыс-аяқ, тағам қоюға арналған сөре, орын — Қазақ ТТС. 9-т., 544-б.). Бойжеткен қыздарға арналған

күймелі арбаның «отыратын жұмсақ жайлы орны» дегенді білдіреді. Кейбір зерттеушілер көне түрік «олтұрық» / орындық / дегенмен байланыстырады (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 276).

³⁰ **dür** — дүр. Сөзбе-сөз: «-дүр». Моң: **-tur, -tür, -dur, -dür** жалғауы туындыда өте жиі қолданылған. Қаз: -дүр тұлғасында сақталынған. Бұл жалғау түрік тілдерінде жиі ұшырасады. Мысалы: қазіргі түрік тілінде *gelmektedir, gitmektedir* және т. б.

³¹ **Köl** — көл. Сөзбе-сөз: «көл». Көне түрік бітік: **Köl** > көл. Байкөлдің атауын қысқартып «Көл» деген секілді. Сондықтан Көл Барғұжын деген.

³² **Barqužin Töküm** — Барғұжын Төкүм. Сөзбе-сөз: «Барғұжын төркіні». Қазіргі Байкөлдің шығыс жағалауының аты (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 194). Көне моң: **töküm** тұлғасында емес **törküm** > төрхөм болу керек. Қаз: төркін, қыздың ел-жұрты, төркіні деген сөз.

³³ **Qori Tümed** — Қоры Түмед. Сөзбе-сөз: «Қоры түмендер» деген тайпа атауы («Тумат» — Рашид ад-Дин — СЛ, I-1. С. 121-122.).

³⁴ **noyan** — ноен. Сөзбе-сөз: «ноян». Қыт: «лао-йе» (*Sečenčoytu-Mongyol ügesün ijaug*, 1988. P. 570-571). Қаз: ноян — «ру басы».

³⁵ **Arıy Usun** — Арығ Ұсун. Сөзбе-сөз: «Арық таза су». Жер аты. Қаз: «таза су». Көне түрік бітік: **Arıy suw** > «ару су». Моң: **Arıyun** > «ару, таза». Қыр: арык (Базылхан — Қаз. моң. тарихи грамматикасы, Морфология-2, 2000. 41-б.).

³⁶ **buluqan keremün** — бұлұқан керемүн. Сөзбе-сөз: «бұлғын тиін». Қаз: бұлғын, тиін. Рашид ад-Дин бойынша бұлар «булагачин, керемучин» деген рулар (Рашид ад-Дин — СЛ, I-1. С. 122.).

³⁷ **oboγtu** — обоғту. Сөзбе-сөз: «ру». Моң: **oboγ** > омог «сүйек, ру, тек». Көне түрік бітік: ***obuq** > **obaq** > **опаq** > **опаγ** (**oba** — ДТС. 362-б.) — «сүйек, ру».

³⁸ **Burqan bosqaysan** — Бұрқан босқақсан. Бұл қытайша «адам аты» деп аударылмаған. Зерттеушілер әртүрлі болжам айтады.

³⁹ **abaqa** — абақа. Сөзбе-сөз: «немере аға». Моң: **abaγ+a** > авга. Әке жағының үлкен туыстарын атаған. Көне түрік бітік: «апа // аба» (ата) дегенмен төркіндес келеді. Қаз: «апақай» тұлғасында сақталынған.

⁴⁰ **uγuγ** — ұрұғ. Сөзбе-сөз: «ұрпақ, ұрық». Моң: **uγuγ** > ураг «ағайын туыстар, ұрпақтар, құда, құдаластар» мағынасында айтылады. Қаз: «ұрық» дегенде 1) тұқым, дән, 2) ұрық деген мәнде қолданады. Көне түрік бітік: **uγuq** > **uγuγ** — «ру, ұрпақ, ұрық, тұқым» (ДТС. 615).

⁴¹ **Dörben irkin** — Дөрбен іркін. Сөзбе-сөз: «Төрт еркін ел». Моң: **Dörbe** «төрт» > **Dörbe+n** «төрттер» // **Dörbe+t** «төрттер» — «Дөрбет» тұлғасында өрбіген.

⁴² **čögü** — чөгү. Сөзбе-сөз: «шөке, сөге». Қаз: **сөге** — «еліктің ұрғашысы» (Қазақ тілінің сөздігі. 1999. 580-б.), «чеге, чеге // чөке, чөке // шөке, шөке» — ешкі лақты шақыру, төйгелеу, түйені шөггерерде айтылатын сөз. Көне моң: **čökü** **buγu** «үш жасар бұғы» делінген.

⁴³ **abid** — абыд. Сөзбе-сөз: «абыд». Моң: «қысқа қабырға» және «көтенішек» делінген, қыт: «қарын, ішек» деп аударылған. Біз **abid** — «төстік, төс қабырғасы» дедік.

⁴⁴ **pökör širolyada** — нөкөр шыролда. Сөзбе-сөз: «нөкөрден сыралғы». Қаз: **сыралқы // чыралқы // шыралғы** — «аңшыдан алынатын үлес, олжа, сый». «Ерден сауға, мергеннен сыралқы», «Батырдан сауға, мергеннен сыралғы» (Қазақ ТТС. 8-т., 496-б.), «батырдан олжа, аңшыдан шыралғы» (Бабалар сөзі. Көп томдық. Жұмбақтар. 6-том. Астана, 2002. 357-б.) және т. б. кездеседі. Бұл дәл осы «нөкөр шыролда», яғни «нөкөрден сыралғы» деген көшпелілердегі этномәдени атаудың қазақ тіліндегі сарқыншағы болып сақталған.

⁴⁵ **aʷuʃigitu žildu** — ағушіктү жілдү. Сөзбе-сөз: «өкпелі жүлде». Қаз: басөкпе тұтасы.

⁴⁶ **Maʷaliq Bayaʷudai** — Маалық Байаұтай. Сөзбе-сөз: «Байағұтайдың Мағалығы». Рашид ад-Дин бойынша баяут тайпасының Баялық деген адамы (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 10). Демек, Байағұтай — тайпа атауы, Мағалық немесе Байалық — адам аты.

⁴⁷ **üge** — үге. Сөзбе-сөз: «сөз». Көне моң: «сөз, сөйлем, сөйлеу». Қаз: «үгіт, үгіттеу» сөздерімен бірдей (Қазақ ТТС. 9-т., 519-б.).

⁴⁸ **ger** — гер // кер. Сөзбе-сөз: «үй». Көне моң: «үй, үй іші, киіз үй». Қаз: кереге, керегелі үй дегенге келеді. Көне түрік бітік: **keregü** > керегү «керегелі киіз үй» деген сөз.

⁴⁹ **aqa-degü, üye-qaya** — ақа-деү. Сөзбе-сөз: «аға-іні, жастары қатар туыстас». Қаз: аға-іні, інішек бауыр. Көне түрік бітік: **qadaš** — немере ағайын.

⁵⁰ **könšilemel qonin** — көңшілемел қонын. Сөзбе-сөз: «көңірсіген қой». Қойдың сүрленген еті.

⁵¹ **tabun** — табун. Сөзбе-сөз: «бес». Көне моң: **tabun** > тав, таван «бес, бесеу». Қаз: «табын» осы моң: «табун» немесе «аңның үйірлі тобы» дегенмен төркіндес туындаған болуы мүмкін.

⁵² **mösüd** — мөсүд. Сөзбе-сөз: «масақ». Көне моң: **mösü** > **mösü+d** > **mösüd** «масақ ағаштар». Садақ оғының масағы, ағашы. Қаз: масақ тұлғасында сақталынған.

⁵³ **šira noqai** — шыра ноқай. Сөзбе-сөз: «Сары ит». «Ноғай» атауы осыдан пайда болған. Қаз: ноқай — «ожар, түк білмес, дүлей» мағынасында. Көне моң: **šira** > шар — қаз: сары тұлғасында сақталынған.

⁵⁴ **budaʷu** — бұдау. «Лу. Алтын тобчыда» «бидағу» делінген. Моң: бядуу (ядуу) «кедей» деп аударылып келген. Моң. бядуу — «болхи, дорой, ухаан мулгуу» (тұйық, топас, дөрекі) (Цэвэл — МХТТТ, 1966. С. 125). Қаз: бұтақ сөзімен төркіндес болса керек. Демек әңгіме бұл жерде «бұтақсыз, ұрпақсыз» туралы болып отыр. Парсы тілінен қазақ тіліне енген деп есептелетін бедеу — «1) қысыр мал, 2) бала көтермеген әйел» деген сөзбен де байланысты болуы ықтимал.

⁵⁵ **ebesün embüle ker** — ебесүн ембүле кер. Сөзбе-сөз: «шөппен жабылған үй». Шөптен, қамыстан жасалынған үйшік, күрке.

⁵⁶ **esükčiležü** — есікчележү. Сөзбе-сөз: «қымызданып». «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде **esrük, esgürük** — «мас, мастық, ащы сусын ішкен» (DLT tercümesi. Seviren Besim Atalay. Cilt-I, Ankara, 1985. S. 105) деп кездеседі. Бұл осы сөздермен түбірлес сөз. Қымыз, қымыран да ащы ақ тамақ екені түсінікті.

⁵⁷ **Beye teri^sü-tü, De^sel žaqa-tu** — «Бейе теріүтү, деел жақатү». Сөзбе-сөз: «дене басты, тон жағалы». Моң: «хүн ахтай, дээл захтай» деген мақал бар. Онысы сөзбе-сөз: адам ағалы болсын, тон жағалы болсын. Демек «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» дегенге ұқсас. Қаз: «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» деген мақал дәл осы көне қолданыстың дәлелі.

⁵⁸ **Že** — же. Сөзбе-сөз: «жә». Қаз: «жә, жарайды, иә, ия». Сол кездердегі «жә» деген «сөзінде тұру, сөзге бекіну, сөз беру, жә десе мә жоқ» деген секілді қолданысты білдіретін.

⁵⁹ **Alıñci** — алғынчы. Сөзбе-сөз: «алғашқы, бастапқы». Көне түрік бітік: **alqıñci öd** — «өлім шағы, ажал, өлер мерзім». Бұл жерде «алғашқы шабуылдаушысы» деген мағынада қолданылған.

⁶⁰ **Haran** — харан. Сөзбе-сөз: «қаралар». Сөздің мағынасы «қарасы, қарапайым, қара халық». Моңғолша көпше түрі: **hарад > ара+д // ард.**

⁶¹ **Žat // Žad** — Жат // Жад. Сөзбе-сөз: «жат, бөтен». Көне түрік: **yat // jad**, қазіргі қазақ тілінде жат (бөтен, бөгде, басқа, жау), жатырқау, жатсыну және т. б. сөздерде кездеседі.

⁶² **Žažiradai** — Жажырадай. Сөзбе-сөз: «Жажырадай». Бұл атау «Лу. Алтын тобчыда» **Žürčidai** (Жүрчыдай) деп белгіленген.

⁶³ **Žadagan** — Жадаран. Сөзбе-сөз: «Жадаран». Рашид-ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде «журьят, жажират // жамират, жаужиртай-киран» және т. б. деп кездеседі (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 78, 190, 192).

⁶⁴ **oboγtan** — обоγтан. Сөзбе-сөз: «рулы, сүйекті». Моң: **oboγ+tan >** овоγтон «ата+лы, сүйек+ті, ру+лы, тек+ті».

⁶⁵ **Baγarin** — баарын. Сөзбе-сөз: «бағарын». «Жамиғ ат-тауарихта» «Баарин» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 187—188).

⁶⁶ **Mene** — мене. Сөзбе-сөз: «мең». Қаз: мең.

⁶⁷ **Boržiyin** — боржығын. Сөзбе-сөз: «боржығын». Шыңғыс қағанның ататегінің атауы. **Boržiyi+n** «көптік жалғауы» > **Boržiyin** тұлғасында түсіндіреді. Көне түрік: **Böri+tegin > Börtigin > Boržiyin** болуы ықтимал. Ішкі Моңғолияда «Боржықон» деген өзен бар дейді (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 61—62).

⁶⁸ **Baγatur** — баатұр. Сөзбе-сөз: «батыр». Қаз: батыр, баһадүр.

⁶⁹ **žü^seli-tü orun** — жүйелі-тү орын. Сөзбе-сөз: «жоқтаулы орын». Қазіргі мағынасы «ғұрыптық кешен». Бұл сөз тіркесінің мәнін зерттеушілер әртүрлі жорамалдайды: «моң: тайлга (сиыну, мінажат ету орыны), көне түрік бітік: **yоqari >** жоғары деген сөздермен төркіндес» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 204); «**žügelі** — жүгелі деп құрбандыққа шалынған жылқының басын ағашқа іліп қоюды атайды» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 63).

⁷⁰ **Noyanſıq** — нойаншық. Сөзбе-сөз: «нояндай». Қаз: «қояншық» деген секілді мінез-құлықты білдірген «ноян сынды, нояншық» деген сөз.

⁷¹ **Liŋqu** — лінқу. Қыт: *lingkum* — әскери лауазымдық атақ. Моң: «лянхуа» — лотос гүлі деген сөз.

⁷² **Seŋgün** — сеңгүн. Қыт: *jiangjun* — әскери лауазымдық атақ. Көне түрік: сеңгүм тұлғасында кездеседі.

⁷³ **Otčiyin** — Отчығын. Сөзбе-сөз: «Оттегин». От+тегин — отбасының кенже ұлы. Көне түрік бітік: **Ottekin** > **Ottegin** > **Otčiyin** «От+тегин». Бұл атау көне түрік атауы екені даусыз: «-t- // -č- // -ž- // -j-» алмасу заңдылықтары байырғы және қазіргі түрік, моңғол тілдерінде жиі кездеседі. Мысалы, көне түрік: *bitik* > бітік «жазу» // көне моң: *bitik* > *bičig* > бичиг «жазу» және т. б. сөздерде. Сол секілді **Böri+tegin** > **Böritigin** > **Boržiyin**.

⁷⁴ **Beki** — бекі. Сөзбе-сөз: «бек». Көне түрік бітік: *bek* «бек, әскери-әкімшіліктердің басқарушы билік иелері». Көне түрік бітік: *Bek* > бек және *bek* > *beg* > *biy* > би деген сөздер өрбіп дамыған. Қыт: бұл «бек» сөзі аударылмаған. Ал, қыт: Таң дәуірінде «фу», Юань заманында «бе, бай», қазір «байкей» деп белгілеген (*Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 73—74*).

⁷⁵ **Jesüküi-Ba'atur** — Йесүкей баатұр. Шыңғыс қағанның әкесі.

⁷⁶ **Böri-Bökö** — Бөрі-Бөкө. Сөзбе-сөз: «Бөрі күресші, Бөрі палуан». Хакас: *пөкө* — «күресші, батыр».

⁷⁷ **tün** — түн. Сөзбе-сөз: «түнек». «Түн секілді қараңғы орман, ой» деген мағынада.

⁷⁸ **Kišilik** — кішілік. Сөзбе-сөз: «кісілік». Қаз: «кісілік» деген сөз.

⁷⁹ **Darqat** — Дарқат. Сөзбе-сөз: «дархандар». Көне түрік бітік: **tarqat, tarqan** > тархат, тархан деген сөз.

⁸⁰ **Qamuq Moŋyol** — Қамұқ моңғол. Сөзбе-сөз: «Қамұқ моңғол». Барлық, күллі моңғол деген сөз. Моңғол тектестердің этносаяси бірлестігінің жалпы атауы.

⁸¹ **Tatar Žüin irkin** — Татар жүйін іркін. Сөзбе-сөз: «Татар сақшы әскер жұрты». Қыт: *žiu* — «сақшы әскер» (*Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 86*).

⁸² **Qitad-un Altan-qa'an** — Қытад-үн алтан қаан. Сөзбе-сөз: «Қытайдың Алтын қағаны» деген сөз. Сөздің төркіні «*Qitan+d* > *Qitad*». Солтүстік Қытайды билеген «қытаңдарға» байланысты қытайлар «Қытаң // Қытад» деп аталған. Көне түрік бітік: *tabyač* > табғач (қытайлар) және *Qitaŋ* > қытаң (манжұр-моңғол тектестер) атаулары бар.

⁸³ **Hö^oelün-üžin** — Хөелүн (Өэлүн) үжін. Сөзбе-сөз: «Хөгелүн». Бұл сөздің мағынасы белгісіз. Бәлкім «Хөгелүн» деген көне түрік бітік: *ögelüg, ögelün* > *ögelün* «ақылды, парасатты» немесе қаз: «үкі» сынды атаулармен байланысты болуы ықтимал. Ал, «үжін» деген — қыт: *fužin* > фу-джин «зайыбы, әйелі» деген сөз.

⁸⁴ **amin** — әмін. Сөзбе-сөз: «жан». Моң: негізгі мағынасы «жан, тірлік, тіршілік».

⁸⁵ **čamča** — чамча. Сөзбе-сөз: «көйлек, жейде» (қараңыз: чамча — рубаха, кафтан (алтай, теленут). Радлов — ОСТН, III—2. 1941).

⁸⁶ **Temüžin-Üke** — Темүжін Үке. Сөзбе-сөз: «Темірші кеңесші». Көне түрік бітік: **Temür+čün** > **Temü+čün** > **Temü+žin** > Темүжін. Түрік, моңғол тілдерінде «**Temür // Temir // Tömüg**» және т. б. тұлғасында айтылады. Моң: **Temügčün** > Төмөрчин.

⁸⁷ **Deli⁸ün-Boldaq** — Деліүн Болдақ. Сөзбе-сөз: «Делуін болдақ». Қазіргі Моңғолияның Онон өзені бойындағы шұрайлы жер.

⁸⁸ **Temüžin** — Темүжін. Сөзбе-сөз: «Темірші, темір сауыт, қылыш, сүңгі, жебе оқ жасаушы». Шыңғыс қағанның туған сәтінде көшпелі дәстүр бойынша ырымдап қойған аты.

⁸⁹ **Qasar** — қасар. Сөзбе-сөз: «жыртқыш». Қаз: қасар, қасарысу, қасқыр, қасқар түбірлі сөздермен төркіндес сөз.

⁹⁰ **Temüke** — Темүке. Сөзбе-сөз: «Темір оқ, темір жебе». **Temür+ken** > **Temü+ken** > **Temü+ke** > Темүке.

⁹¹ **Temülün** — Темүлен. Сөзбе-сөз: «Темірлік». **Tömürlük** > **Temürlük // Temürlün**.

⁹² **Temüžin-ni jesün nasutu** — Темүжінні йесүн насуту. Сөзбе-сөз: «Темүжіннің тоғыз жасы».

⁹³ **ölegetei** — өлегетей. Сөзбе-сөз: «жөргек». Моң: **ölüge** > өлгий. Бұл қазіргі қаз: жөргек, жаялық деген сөз.

⁹⁴ **Hö⁸elün-Eke** — Хөелүн Еке. Сөзбе-сөз: «Хөгелүн ене // ана». Түпнұсқада «Хөгелүн ене, ана» деп нақты атаған.

⁹⁵ **törküt** — төргүт. Сөзбе-сөз: «төркіндер».

⁹⁶ **Oṅgıradai** — оңғырадай. Зерттеушілер «**Onggiraday**» (İpınçin — MNT, 1987. P. 37–38); «Қон керейід+ай» (**γadamba** — MNT, 1990. P. 181); «**Wengkiratai-Oṅgıradai**» (Сумьябаатар — MNT, 1990. P. 65); «Хонгирад» тұлғасында қарастырады. Рашид ад-Дин бойынша «кунгират» (Рашид ад-Дин — СЛ, I–1. С. 78), Жувейни бойынша «конурат» **конураты (унгираты-qıqwrāt)** (*Джувейни. Tarih-i-Jahan Gusha*. 2004. P. 27–28), «Лу. Алтын тобчыда» **qoṅgırad** > **қоңғырад (qonggirad** — Чоймаа — MNT, AT, 2002. 25) деп берілген.

⁹⁷ **Ča⁷an šıṅqor** — чаан шыңқор. Сөзбе-сөз: «Ақсұңқар». Шыңғыс қағанның қыйандар немесе қыйат (қият) тегінің киесі (тотемі) болған жыртқыш құс «Ақ Сұңқар».

⁹⁸ **Qiyat** — қыйат. Сөзбе-сөз: «қыйандар». Шыңғыс қағанның арғы аталарының тайпа атауы. Моң: **qıyaп** «қыйан» > **qıyaп+t** > **qıyat** > қыйат.

⁹⁹ **sülder** — сүлдер. Сөзбе-сөз: «кие». Қаз: сүлдер, сүлдері құру («шаршау, киесі кету»), сүлей деген қолданыста осы «сүлдердің» тұлғасы мен мағынасы сақталынған.

¹⁰⁰ **Qasaq tergen** — қасақ терген. Сөзбе-сөз: «темір құрсаулы арба». «Лу. Алтын тобчыда» «**Qasaq tergen**» деп берілген. Э. Хейниш «**hasah — großer Karren (der Hasah, Kirgisen?)**» деп жорамалдаған (Haenisch — MNT, 1939. P. 62). Моң: **хасаг** — 1) ошақтың құрсау темірі, 2) үлкен арба, 3) арбаның

дөңгелегі, 4) екі шығыршықты ат арба деген мағына білдіреді. Қыт: «үлкен арба» деп аударылған.

¹⁰¹ **küreget** — күрегет. Сөзбе-сөз: «күйеулер». Моң: küregen — «күйеу»+i > küreget «күйеулер».

¹⁰² **Qoro** — қоро. Сөзбе-сөз: «у». Қаз: қор — «қымыздың ашытқысы», қорлық, қорлау, қорлану және т. б. сөздер осы «қоро» сөзіменен төркіндес.

¹⁰³ **Ebügen** — ебүген — «шал, қарт, қария».

¹⁰⁴ **Möñlik** — Мөңлік. Зерттеушілер Meñlik > Меңлік, Müñlik > Мүңлік тұлғасында қалпына келтірген.

¹⁰⁵ **Čaqa** — чақа. Сөзбе-сөз: «шаға». Қаз: «бала-шағаның» шағасы. Қыр: чақа «бала».

Екінші дәптер

69-бөлім

346. Jesükei-Ba'atur-un üge-i buşi ülü bolıan, Möñlik otçu,
347. Dei-Seçen-ne ükülerün: «Jesüküi aqa Temüžin-i maši mörülžü
348. öre-ben ebedümü. Temüžin-i abura irebe» ke^ežü, Dei-Seçen
349. ükülerün: «Quda kö^eü-ben mörülgü bö^eesü, ottuıai üžežü,
350. ötör iretüküi» ke^ežü, Möñlik e^cike¹ Temüžin-i abçu irebe.

Йесүкей батырдың сөзін екі етпей Мөңлік аттанып, Дей шешенге:

«Йесүкей аға Темүжінді көруге асықты, өзі қатты ауырып жатыр, Темүжінді алуға келдім» дейді.

Дей шешен:

«Құда ұлын тілеп тұрса барсын, көріп тезірек қайтып келсін» дейді.

Сөйтіп, Мөңлік әкей Темүжінді алып келеді.

70-бөлім

351. Tere qabur Ambayai-qayan-nu qatut Örbay, Soqatay žirin Yekes-e qažar-u²
352. inerü³ qaruısan-tur, Höselün-Üžin otçu qožit kürcü qožidayu'uldažu
353. Höselün-Üžin Örbay, Soqatay žirin-e ükülerün: «Jesükei-Ba'atur-i
354. ükübe^eü ke^ežü, kö^eüt-i min-ü yeke ülü boluqui-yaça yekes-ün
355. ke^esig⁴-eçe, bile^eür⁵-eçe, sarqud⁶-aça yekin qožida'ulumui ta üže^eet
356. ideküi ülü sergü^eülün ne^eükün bolba ta» ke^ežü.

Сол жазғытұрым Амбағай-қағанның ханшалары Өрбай мен Соқатай қос Ұлықтарға арналған жеріне ас беріп, «тасаттық» шығарарда Өгелүн-үжінге хабар кеш жетіп кешіккендіктен Өгелүн-үжін Өрбай мен Соқатай қосқа бұй дейді:

«Йесүкей батыр өлді деп,
Ұлдарым үлкен емес деп,
Ұлықтардың сыбағасынан

Асар астан да тіпті
 Сарқытынан да және де
 Неліктен қалдырдыңдар сендер
 Көре тұра таттырмай,
 Біле тұра үлестірмедіңдер, көштіңдер сендер» деді.

71-бөлім

357. tere üge-tür Örbay, Soqatay žirin qatut ükülerün: «Urižu ülü
 358. ökteküi mörtei či, Učira'asu ide^{su} yosutai či, Kürežü ülü ökte^{su}
 359. mörtei či, Kürte^{esü} ide^{su} yosutai či, Ambayai-qayan-ni
 360. ükübe^{su} či» ke^{ezü}. Hö^{elün}-ne kürtele eyin ke^{ekdeküi} bolbi.

Сол сөзіне Өрбай мен Соқатай қос ханша бұй дейді:
 «Шақырып дәм бермесе
 Бұйырғанын жеу жосығың болар,
 Жеткізіп дәмді бермесе
 Жетіп жатса жеу жосығың болар.
 Амбағай қағанды өлді дегендей сен».
 Өгелүнге жеткенше осылай айтылатын (мазақталатын) болды.

72-бөлім

361. Arıača: «Eden-i ekes, kö^{üt}-i nuntuy-tur gežü ne^{üt}kün
 362. Ta-ber bü abču yabutqun» ke^{eset} manaqarši üdür-eče
 363. Tayiči'ut-un Tarıutai-Kiriltuy, Tödö^{en}-Kirte-ten Tayiči'ut
 364. Onan-müren huru'u ködölbe. Hö^{elün}-Üžin-ni, ekes kö^{üt}-i
 365. gežü ne^{ük}derün, Qoңqotadai Čaraqa-ebügen otču itqaqu-tur,
 366. Tödö^{en}-Kirte ükülerün: «Če^{el} usun niduralu'a, Če^{üken}
 367. čila'un ča'uralu'a» ke^{et} ne^{üže}ei. Čaraqa-ebügen-i
 368. «Kir itqaqu či» ke^{en} qoyin-ača žida-bar žo qudus qatqužu'u.

Содан кейін:

«Бұлардың шешелері мен ұлдарын туған жерінде тастап кетейік, сендер де ертіп алып кетпеңдер» деп ертеңгі күні Тайычығұт (Тайшуыт)тың Тарғұтай-Кірілтұғ, Төдөген-Кірте бастаған тайычығұт (тайшуыт)тар Онон өзеніне қарай қозғалды.

Өгелүн-үжінді, аналар мен ұлдарды тастап көшерде оларға Қоңқотадай Чарақа қария барып жалынып өтінсе, Төдөген-Кірте:
 «Терең сулар құрыды,
 Өзен тастары жарылды» деп сөзін елемей-ақ, көшіп кете барыпты.

Чарақа қарияны «кімді азғырмақшысың» деп арқа жонынан найза қадапты.

73-бөлім

369. Čaraqa-ebü⁸en yara-tu bolžu ker-tür-iyen irežü
 370. berke kebdeküi-tür Temüžin üzere otču⁹u. Tende Qoңqotadai
 371. Čaraqa-ebü⁸en ükülerün: «Sayin Ečike-in čin-u qurıyaıtaysan
 372. ulus-i, man-u būrin-ü ulus abču ne⁸ükderün, itqaqu bolun
 373. eyin kikdebe» ke⁸ežü te⁸ün-tür Temüžin uyıla⁷at qarču
 374. yorčiba. Hö⁸elün-Üžin gežü ne⁸ükderün, tuylažu beye-ber
 375. morlažu žanim-ut irkin-i ičuyaba⁷. Tede ber iču⁷aydaysan
 376. irkin ülü toqtan, Tayiči⁷ut-un qoyin-ača ne⁸üzü⁸üi.

Чарақа қария жарақаттанып үйіне келіп ауырып жатқанда Темүжін халін сұрауға келеді. Сонда Қоңқотадай Чарақа қария оған: «Жақсы әкең жинаған ұлысы еді, біздің бүкіл ұлысты алып көшкендерді тоқтатпақ болғанымда осылай жарақаттандым» дейді. Оны естіген Темүжін жылап шығып кетеді.

Өгелүн-үжін де тастап көшкендерді ту ұстап барып біршамасын қайтарып әкеледі. Алайда қайтарылғандардың біршамасы қала алмай, Тайычығұт (Тайшуыт)тардың артынан қайта көшіп кете барды.

74-бөлім

377. Tayiči⁷ut aqa de⁸ü Hö⁸elün-Üžin-ni belbisun kö⁸üt, ücü⁸et,
 378. ekes kö⁸üt-i nuntuq-tur gežü ne⁸ükdežü, Hö⁸elün-Üžin
 379. eme mergen törežü, Ücü⁸et kö⁸üt-iyen težikerün, Uqitala
 380. boqtalažu⁸, qožitala büseležü, Onan-müren ö⁸ede irada
 381. güiyižü, Olirsun moyilsun temgüžü, Üdür süni qo⁷ulai teži⁸ebe
 382. Sülsü⁹-tei töreksen Üžin-eke, Sutan kö⁸üt-iyen
 383. težikerün, Či⁸örsün širo barıžu, Südün¹⁰ čičiqina uqužu
 384. teži⁸ebe. Eke Üžin-nü Qaliyarsun maңqirsun-iyar teži⁸ekset
 385. kö⁸üt Qat bolura kürbei Žarčimtai Üžin-eke-in Ža⁷uqasu-bar
 386. teži⁸ekset kö⁸üt Žasaqtan sečet bolba

Тайычығұт аға-іні болып жесір Өгелүн-үжінді бала-шағаларымен, аналар мен ұлдарын туған жеріне тастап көшіп кетіпті.

Саналы туған Өгелүн-үжін
 Шақа балаларын асырарға
 Шаш бұрым, бөрігін буынып,
 Тон киім, көйлегін буынып,

Онон өзенінің бойымен
 Бүлдірген, мойыл теріп,
 Күні-түні азық тапты.
 Сұсты туған Үжін-ана
 Атақты туған ұлдарын асырап,
 Шырша сүймейдің түбін қазып,
 Сөк жатаған теріп асырады.
 Ана Үжіннің шалқан, жауқазынмен асыраған ұлдары
 Хан боларға жетті ғой,
 Білікті Үжін ананың
 Жеміс-жидекпен асыраған ұлдары
 Білікті шешендер болды ғой.

75-бөлім

387. Qo'ay-Üžin-nü Qo'osun manqirsu-qar teži^sekset Qa'uluqat
 388. kö^süt Qoyira'ut sait bolba Eres sait bolun baražu
 389. Erekün omoqun ele boldaba Eke-yü^sen teži^seye
 390. ke^seldüžü, Eke-Onan-nu ergi dekere sa'uzu
 391. Elgü^sür ge^sügi (kögü^si)¹¹ žasaldužu Eremdek žemdek žiyasu Elgüžü
 392. ge^sügiležü Že^sü-ber ge^sügi eke^sülžu Žebge qadara ge^sügiležü
 393. Čilüme yubči'ur huyažu Žiramut žiyasu
 394. ši^süzü, Žiči eke-yü^sen ^hači teži^sebe

Қоғай-Үжіннің қойжуамен, жауқазынмен асыраған ұлдары
 Әлсіз балғын ұлдары
 Құтты жақсылар болды.
 Ер жетіп есейді,
 Ерікті рулы елге жетті.
 Анамызды асырайық деп
 Ана Онон өзенінің жағасында отырып,
 Ілгек қармақ жасасып,
 Ірілі-кішілі балықты
 Ілгектеп суырып,
 Инемен қармақ иіп,
 Аққайран, шоқыр қармақтап,
 Шалма сүзгі ау байлап
 Шағын балық сүзіп алып
 Және шешесін күтіп асырады.

76-бөлім

395. Niken üdür Temüžin, Qasar, Bekter, Belgütei dörben qamtu sa'uzu
 396. ge'ügi tataqui dotora niken gege'en soqosun orožu'ui.
 397. Temüžin, Qasar qoyar-aça Bekter, Belgütei qoyar buližu abuba.
 398. Temüžin, Qasar qoyar ker-tür irežü, Üžin-eke-de ükülerün:
 399. «Niken gege'en soqosun ge'ügi ža'uysan-i Bekter,
 400. Belgütei aqa degü qoyar-a buližu abdaba ba» kege'esü,
 401. Üžin-eke ükülerün: «Jegü'üže'e, Aqa-nar degü-ner yekin teyin
 402. kildümüi ta Se'üder-eče busu nökör üküi Se'ül-eče busu
 403. čiču¹²a üküi bui bida Tayiči'ut aqa-de'ü-ye'en yaši'u ker
 404. aburaqun bida ke'ežü büküi-tür, Erte Alan-eke-in
 405. tabun kögüt metü yekin eye üke'ün bui, ta bütüküi» kegebei

Бір күні Темүжін, Қасар, Бектер, Белгүтей төртеуі бірдей отырып қармақ салғанда бір алақан балық ілігіпті. Ол балықты ұстаған Темүжін, Қасар екеуінен Бектер мен Белгүтей екеуі тартып алады.

Сонда Темүжін, Қасар үйіне келіп Үжін-шешесіне:

«Бір алақан балық қармаққа ілігіп еді, оны Бектер, Белгүтей ағалы-інілі екеуі бізден тартып алды» дейді.

Үжін-Шеше: «Не үшін ағалы-інілі сендер солай істейсіңдер, көлеңкеден басқа дос жоқ,

құйрықтан басқа шашақ жоқ қой бізде. Ағалы-інілі Тайычығұттан қас өшімізді қалай алармыз деп жүргенде, ерте кездегі Алан-ананың бес ұлы сияқты неліктен бірлік-берекесіз жүрсіңдер, бүйтпеңдер» депті.

77-бөлім

406. Tendeče Temüžin Qasar qoyar ülü ta'alan ükülerün:
 407. «Öči'en nikente bilži'ur yodoliduysan-i teyin-gü buližu
 408. abula'a. Edü'e basa teyin-gü buliba. Qamtu ker alduqun
 409. bida» kege'et, e'üden o'urču qarču yorčiba.
 410. Bekter hulqun dekere širqa aytatan yesün mori qaražu
 411. sa'u büküi-tür, Temüžin ümer-reče daldatču, Qasar emün-eče
 412. daldatču sumu-ban sambažu күркүi-tür, Bekter üže'et
 413. ükülerün: «Tayiči'ut aqa de'ü-in qaši'un da'usun yadan
 414. hači ken-e aburan čidaqun-u ke'ežü büküi-tür
 415. nama-i yekin Nidün-ü surmusun Aman-u qaqasun bolıyamui ta
 416. Següder-eče busu nökör üküi Segül-eče busu čiču'a üküi-tür
 417. yekin teyin setkiba ta Qolumta min-ü bü bürelgetkün

418. Belgütei-i bü tebçitkün» ke^{se}et žabilan sa^užu küličebe.

419. Temüžin, Qasar qoyar emün-eče ümer-eče ötermeležü¹³ otba.

Сонда Темүжін, Қасар екеуі ол сөзін ұнатпай «Кеше бір атып алған торғайды тартып алды, бүгін де және солай тартып алды. Қалай бірге күн көрерміз» деп, есікті тарс жауып кетіпті. Бектер төбешікте шабдар түсті тоғыз атын қарап отырғанда Темүжін артынан, Қасар алдынан оқтарын кермелеп жеткенде Бектер көріп: «Ағалы-інілі Тайычығұт қас өшін қайрап, қалай кегімізді алармыз деп жатқанда мені неліктен

көздің қылшығы,

ауыздың қақалығы болдырасыңдар сендер?

Көлеңкеден басқа дос жоқ,

құйрықтан басқа шашақ жоқ қой бізде, қалай қиясыңдар?

Ошағымды өшірмеңдер,

Белгүтейге тиіспеңдер» деп тізе бүгіп отыра кетіпті. Сонда Темүжін мен Қасар оның алды-артынан атып кетіпті.

78-бөлім

420. Ker-tür irežü oroqui-lu^a, Üžin-eke qoyar kö^süked-ü^{se}en

421. čirai uqažu ükülerün: «Baraqsat! Qala^un-ača min-ü Qalat

422. qarurun qar-tur-yan qara nödün Qatqun töreli^{si}, ene

423. **Qarbisu**¹⁴-ban qažaqu Qasar noqai metü Qada-tur

424. dobtulqu Qablan metu A^uur-yan darun yadaqu Arslan metü

425. Amidu žalyisu ke^sü Maḡyus metü Se^süder-tur-iyen dobtulqu

426. Šinqor metü Sem-iyer žalyiqu Čuraqa metü

427. Boto^uan-iyen borbi qažaqu Bu^uura metü Boro^uan-tur

428. šiqaqu Činu metü Kö^süd-iyē^sü gelin yadažu Kö^süd-iyen idegü

429. Aḡyir metü Kebteši-jen künde^{se}esü ömergü Čö^{se}e böri

430. metü Barižu ülü saqaraq Bars metü Balamut

431. dobtulqu **Baruq**¹⁵ metü Baraba Se^süder-eče busu nökör üküi-tür

432. Se^sül-eče busu čiču^a üküi-tür Tayiči^ut aqa

433. de^sü-in qaši^un da^uusun yadan бүкүi-tür, hači ken-e aburaqun-u»

434. ke^{se}žü бүкүi-tür «Ker aya!» kegen «eyin kildumui ta» kegen

435. Kö^süt-iyen Qa^učin üges qadalun, Ötö^süs üges orkidun

436. masi ma^uuilabai

(Ол екеуі) үйге кірісімен Үжін-шеше екі ұлының жүзінен бір пәле болғанын сезіп:

«Таусылғандар!

Қызу құрсақтан туғанда
 қолына қара қан уыстаған,
 қарғысын тістеуші
 қасқыр иттей,
 тау-таста аңдушы
 қабылан барыстай,
 ашулы арыстандай,
 тірідей жұтушы жалмауыздай,
 көлеңкесін шабушы сұңқардай,
 үнсіз жұтушы шортандай,
 ботасын тістеуші бурадай,
 боранда келуші қасқырдай,
 балапандарын қуушы қаздай,
 ұясын қорғаушы қаншықтай,
 ұстатпай кететін жолбарыстай,
 бас-аяқсыз шабушы
 барақ иттей,
 барын тауысып не болған?
 Көлеңкеден басқа дос жоқ,
 құйрықтан басқа шашақ жоқ.

Ағалы-інілі Тайычығұттардың қастығына қарсы тұрып кегімізді қайтара алмай жадап жүргенде бұларың неткен қорлық, неліктен осылай істедіңдер» деп ескі ұлағат пен аталы сөздер айтып қатты ұрысты.

79-бөлім

437. Tedüi atala, Tayiči'ut-un Taryutai-kiriltuy turqa'ud¹⁶-iyen
 438. uduritču «Qoluqat qo'užižu'u. Šilüget šiberižü⁸ü» ke⁸en irežü⁸ü.
 439. Ayužu, ekes, kögüt, aqa-nar de⁸ü-ner ši'ui hoi-tur qorqolažu,
 440. Belgütei modut ququru tatalažu šibe⁸e barižu,
 441. Qasar qarbulaldužu Qači'un, Temüke, Temülün qurban-ni žaba
 442. ža'ura dürüžü, bulqaldun бүкүй-түр, Tayiči'ut уңшіžu
 443. үкүйерүн: «Ақа-бан, Темүжин-и ile, busud-i tan-u kerek ügei» ke⁸en
 444. уңшиқдаžu, Темүжин-и morila'ulžu buru'utqan, hoi-tur duta'ažu
 445. otqui-i Tayiči'ut üzežü hüldežü, Tergüne üндүр-үн
 446. ši'ui hoi-tur širqužu orobasu, Tayiči'ut oron yadažu,
 447. ši'ui hoi-tur horčin saqižu

Осындай болып жатқанда Тайычығұттардың Тарғұтай-Кірілтұғ тұрқақтарын (әскери қорғаушы қолын) басқарып келіп:

«Құлқыны бұзылыпты.

Араны ашылыпты» деп оларды шаппақшы болады.

Олар да қатты қорқып аналар, ұлдар, аға-інілер ну орманға бас сауғалап тығылады. Белгүтей ағаш кесіп қоршау жасап, Қасар садақпен оқ атысып, Қачығұн, Темүке, Темүлін үшеуін жасырып қалқалап жатқанда Тайычығұттар:

«Ағаларың Темүжінді ғана беріңдер, басқаларың керек емессіңдер» деп айқайлайды.

Сол сәтте Темүжінді білдірмей орманға қарай аттандырып жібергенді Тайычығұттар көріп қойып, артынан қуа жөнеледі. Алайда Тергүне биіктің ну орманына еніп кеткен оның ізінен адасқан олар орманды айнала қоршап алады.

80-бөлім

448. Temüžin šiyui dotora qurban qonužu, qarsu ke⁸en mori-yen

449. kötölžü ayisuqu-tur, morin-ača, eme⁸el-inü mültürežü

450. qočorču⁷u. Qarižu üze⁸esü eme⁸el kömüldürgelekseker

451. olañlaqsaqar mültürežü qočorču⁷u. «Olañči boltuγai

452. kömüldürge basa ker mültüre⁸ü büle⁸e Tengeñi itqan

453. aqyu» ke⁸ežü, qarižu basa qurban qonuba. Basa qarču

454. ayisuqu-tur šiyui-in amsar-a qošiliγ¹⁷-un tedüi ča⁷an gürü

455. amasar-a böglen unažu⁷u. Tengeñi itqan aqyu» ke⁸ežü,

456. basa qurban qonaba. Basa yesün qonuuq ide⁸en

457. üküi ažu: «Nere üküi ker ükükdeküi, qarsu» ke⁸ežü

458. tere amasar böglen unaysan qošiliγ-un tedüi ča⁷an gürü

459. horčin qarbasu ülü bolqu modudi sumuči kituqa-iyar-iyar

460. hoqturi⁷at moriyan qaltari⁷ulu⁷at, qarqui-lu⁷a, Tayiči⁷ut

461. saqin ažu⁷u. Barižu abču otba.

Темүжін орманда үш күн түнеген соң енді шығайын деп атын жетектеп келе жатса, ері сыпырылып түседі. Қайырылып қараса ері өмілдірігімен, айылымен сыпырылып кетіпті. Ол «Айылым сыпырылып кетсін, ал өмілдірік қалайша сыпырылған, Тәңірім белгі беріп тұр ма» деп орманға қайтып кіріп, үш күн түнеді. Тағы шығып келе жатса орманның шыға беріс аузында үйдей ақ тас кептеліп қалыпты. «Тәңірі осылай ұйғарып тұр ма» деп тағы да үш күн қонады. Сөйтіп азықсыз ашығып тоғыз күн өткенде «із-

түзсіз осылайша қалай өлмекпін, шығайын» деп орман аузындағы үйдей ақ тасты айналып жебе жонатын пышағымен ағаштарды кесіп, атын тайғанақтатып шыға келгенде аңдып тұрған Тайычығұттар оны ұстап алып кетеді.

81-бөлім

462. Temüžin-i Tarγutai-kiriltuq abču otču, ulus irkin-dür-iyen
 463. žasaylažu, ayil-tur niken qonuʷulun qonuʷulun
 464. bitüʷülün yabuqui-tur, žun-u teriʷün sara-in harban žirwuʷan-a
 465. hulaʷan tergel üdür Tayičiʷut Onan-nu ergi dekere
 466. qurimlaldužu, naran šingēʷesü tarqaba. Temüžin-i tere
 467. qurim-tur gelbüre köʷün küʷün abčiražu büleʷe. Qurim-un
 468. haran-i tarqaʷulun, tere kelbüre köʷün-eče buqaʷu tatažu
 469. abču, heki-inü nikente deledüʷet güižü, Onan-nu tün
 470. dotor-a kebteʷesü, üžekdeʷe keʷežü, usun-u qarqi-tur
 471. gedergü kebtežü, buqaʷu-ban usun huruʷu urusqan
 472. niʷur-ile kebtebe.

Темүжіңді Тарғұтай-Кірілтұғ алып барып ел жұртына көрсетіп, ауыл сайын бір күн қондырып шарлатып жүреді. Жаздың бас айы он алтысы қызыл ай толған күні Тайычығұттар Онон өзені бойында той жасап, күн батқанда тарқасады. Сол тойда Темүжіңді әкелген бір әлжуаз жігіт күзетіп жүрген болатын. Тойға қатысқандар тарқаған кезде әлгі жігіттен бұғауын тартып алып басынан бір ұрып, Темүжін Онон өзені орманына қашып барып тығылады. Алайда орманда көрініп қалармын деп судың сарқырамалы таяз жеріне шалқасынан жатып, бұғауын суға салған күйі басын ғана шығарып жата кетеді.

82-бөлім

473. Tere aldaysan küʷün yeke dawu-bar: «Bariya küʷün aldaba»
 474. keʷen, qailaqui-tur, tarqaqsat Tayičiʷut qurižu
 475. irežü, üdür metü saraʷul-a Onan-nu tün-ni bederebe.
 476. Qarqi-tur kebtežü бүкүйі-i Süldüs-un Sorqan-Šira
 477. žöb daqarižu üžežü ügülerün: «žöb ele, eyimü arγatu-in
 478. tula nidün-düriyen γaltu, niʷur-tur-ijan keretü keʷen,
 479. Tayičiʷut aqa deʷü-deʷen teyin ele naidaqdan ažuʷu.
 480. Či teyin-gü kebte, ülü žaʷaqu bi» keʷeʷet nökcibe.
 481. Basa qarın bedereye kegeldüküi-tür, Sorqan-Šira ükülerün:
 482. «Mün mün möri-er-en ese üžeksen qažar-iyān üžeʷet, qarın
 483. bedereye» keʷebe. «Že gü» keʷeldübe. Mün mün möri-yer

484. qarın bederežü, basa Sorqan-Šira daqarıžu ükülerün: «Aqa
 485. de^sü čin-u ama^ʔan šidü-ben bile^süden ayisu. Teyin ke^ste
 486. qada^ʔuži-^ʔu!» ke^se^set nökcibe

Әлгі жігіт қатты дауыстап «Ұстаңдар, кісіден айырылып қалдым» дейді. Тойдан тарқасқандар тез арада жиналып күндізгідей ай жарығымен Онон орманын тінте бастайды. Суда басын қылти-тып жатқан оны Сүлдүстің Сорқан-Сары дәл үстінен түсіп көреді де: «Жарайсың, осындай айлалы, көзіңде отың бар екен, жүзіңде жылылық бар екен» дейді. «Ағалы-інілі Тайычығұттар сені сондықтан қызғанып жүрген екен ғой, сен тырп етпей жата бер, мен сені көрсетпеймін» деп кете барады.

Тағы да «қайтадан іздейік» дегенде Сорқан-Сары: «Әркім жаңағы жүрген ізімізбен көрмей қалған жерімізді бір тексерейік» дейді.

«Жә, жарайды» десті. Әркім сол іздерімен тағы қайтып іздеді. Сорқан-Сары Темүжінге тағы келіп: «Ағалы-інілілер саған өшігіп жүр. Солай жат, шыдамды бол, төз» деп кетті.

83-бөлім

487. Basa qarın bedereye ke^seldü^süi-tur Sorqan-Šira basa ükülerün:
 488. «Tayiči^ʔut kö^süt, ta gege^sen čaqa^ʔan üdür gübčün kü^sü aldaba.
 489. edü^se qarañqui süni ker olqun bida Basa mün mün möri-yer
 490. ese üžeksen qažar-iyen üže^set, qarın bedere^set tarqažu,
 491. manaqar üdür či^ʔulžu eriye Qa^ʔa otqu, tere buqa^ʔu-tu
 492. kü^sün» ke^sebe. «Že» ke^seldüžü qarın bederežü
 493. Sorqan-šira basa daqarıžu ükülerün: «Edüi bedere^set,
 494. qarıžu, manaqar eriye ke^seldübe. edüge man-i
 495. tarqa^ʔulun baražu, eke-ben, de^sü-ner-iyen erin ot! Nama-i
 496. üžebe ke^sen kü^sün-e üžekde^sesü, üžekdebe ke^sen, bü kelele!»
 497. ke^sed nökcibe.

Тайычығұттар тағы да іздеп көрейік дегенде Сорқан-Сары тағы: «Тайычығұттың ұлдары, сендер ашық-жарық күнде адамнан айырылдындар. Енді қараңғы түнде оны қалай таппақпыз. Тағы да әлгі іздерімізбен көрмей қалған жерлерімізді іздеп көрейік те тарқасайық. Ертең жиналып іздейік. Қайда кетеді дейсіңдер, ол бұғаулы адам» дейді. Барлығы «Жә, жарайды» десіп қайтадан іздейді. Сорқан-Сары тағы да Темүжінге келіп: «Қазір іздеп табылмаса ертең іздейтін болдық.

Енді біз тарқасып болған соң шешеңді, інілеріңді іздеп кет. Мені көрдім деп айтпа және көрінсем де көрмедім деп айт» деп кете барады.

84-бөлім

498. Ani tarqayulun baražu, dotorā-ban setkižü: «Öči⁸ün ayil
 499. bitü⁸ülžü qona⁷ulqui-tur, Sorqan-Šira-in ker-tür qonabasu
 500. Čimbay, Čila⁷un qoyar kö⁸üt-inü örö žirüke-ben ebetčü
 501. süni nama-i üžežü, buqa⁷u min-ü abču sularažu qona⁷a⁷ulubai.
 502. Edüge basa Sorqan-Šira nama-i üžežü, ülü ža⁷an nökcin aba.
 503. Edü⁸e mün-gü tede nama-i aburamu že» ke⁸ežü Sorqan-Šira-in
 504. ker erin, Onan-müren huru⁷u yorčiba.

Олар тарқасып кеткен соң Темүжін: «Кеше ғана мені шарлатып қондырып жүргенде Сорқан-Сарының үйіне қондырды. Сонда оның Чымбай мен Чылағұн деген екі ұлы мені аяп түнде бұғауымды босатып қондырды. Енді Сорқан-Сары мені көрсе де ұстап бермей кетті. Мені құтқаратын дәл солар ғана» деп ойлап, Сорқан-Сарының үйін іздеп Онон өзенге қарай жүрді.

85-бөлім

505. Ker-ün belge sün tösürü⁸et, esük-iyen süni-de üdür čayitala
 506. bülekü büle⁸e. Tere belge sonasču yabubasu büle⁸ür-ün da⁷u
 507. sonasču kürčü, ker-tür-inu orobasu Sorqan-Šira:
 508. «Eke-ben, degü-ner-iyen erin ot, ese⁸ü kelelü⁸e bi. Jekin
 509. irebe či» kegebe. Čimbay, Čila⁷un qoyar kö⁸üt-inü ükülerün:
 510. «Šiba⁷uqan-i turimtai buta-tur qorqobasu, buta mün aburažu⁷ui.
 511. Edü⁸e bidan-tur ireksen-i yekin teyin kemü či» ke⁸en
 512. ečike-yü⁸en üge ülü ta⁷alan, buqa⁷u-yi-inu čučalžu
 513. ɣal-tur tüliyežü qoyitu nuɣyasutu tergen-tur unu⁷ulžu
 514. Qada⁷an neretei düji-ben: «Amitu kü⁸ün-e bu kelele» ke⁸ežü
 515. asara⁷ulba.

(Сорқан-Сарының) үйінің белгісі — олар түні бойы сүт пісіріп, қымыздарын таң атқанша пісетін еді. Сол белгісін тыңдап жүріп саба пісіп жатқан дыбыспен үйге кіргенде Сорқан-Сары:

«Шешеңді, інілеріңді іздеп кет деп айтпа па едім. Неге келдің сен» дейді. Сонда Чымбай, Чылағұн екі ұлы: «Балапан тұрымтай да бұтақтың түбін қорғаныш пана санайды. Енді бізге келген екен, неге солай айтасыз?» деп әкесінің сөзін жақтырмай Темүжіннің

бұғауын шешіп, отқа жағады да үй артындағы жүн тиеген арбаның ішіне жасырып, Қадаған атты қарындасына «Ешкімге ауыз ашпа» деп бақтырып қояды.

86-бөлім

516. yutuqar üdür «Kü^sün niyube, že» ke^seldüžü, «öker ža^γura
 517. neŋži^seldüya» ke^seldüžü neŋžileldübe. Sorqan-Šira-in
 518. ker-tür, tergen-tür, iseri¹⁸-in doro kürtele neŋžižü
 519. qoyitu uñyasu-tu tergen-tür unužu amasara бүкүй
 520. nuñyasu tatalažu köl-tür күркіу-түр Sorqan-Šira:
 521. «Ene basa eyimü qala^γun-a nuñyasun dотора ker da^γusqu» ke^sesü,
 522. neŋži^sülsün ba^γužu yorčiba

Үшінші күні «адамды жасырған болу керек» десіп «өзара тінтейік» деп тінтіп іздей бастады. Іздеушілер Сорқан-Сарының үйіне жетіп арба сайын, орындықтың астына дейін тінтеді. Сөйтіп үй артындағы жүн тиеген арбаға түсіп іздеушілер жүн-жұрқаны тартып аша бастайды. Олар Темүжіннің аяқ тұсына тақап қалғанда Сорқан-Сары: «Осындай ыстықта жүннің ішінде тірі адам қалай жатар» десе тінтушілер арбадан түсіп кете барады.

87-бөлім

523. Neŋži^sül-i oduqsan-u qoyina Sorqan-Šira üküлерін:
 524. «Nama-i хүнесу-er keyisgen aldaba! Edüге eke-ben
 525. degü-ner-ijen erin ot» ke^sežü, aman ča^γan eremük hulaqči-ni
 526. unu^γulžu, tel quriyan bolyažu, gö^sür nambu^γa žasažu
 527. emegel ülü ökүн, kete ülü үкүн,
 528. qoyar sumu ökbe. Tedüi žasažu ilebe.

Тінтушілер кеткен соң Сорқан-Сары: «Зәремді ұшырдың ғой. Енді шешең мен інілеріңді іздеп кет» дейді. Аузы ақ қысыр бие мінгізіп, телі қозының етін асып беріп, терісінен тұлып жасап ертоқымсыз, пышақсыз екі оқ қана беріп аттандырып жібереді.

88-бөлім

529. Temüžin teyin odu^γat, šibe^seležü qorqolaysan
 530. qažar-dür-iyen күрчүй, ebesünü alurqai-bar Onan
 531. müren ö^sede мүчгізүй hörön-eče Qimurğa-qorұқан orožu
 532. iren ažu^γu. Tere ö^sede мүчгізүй Qimurğa-qorұқан-nu
 533. Beder qoši^γun-a Qorčuqui-boldaқ-a бүкүй-түр žolyalduba.

Темүжін солай жортып, селеулі жермен жасырынып мекен жеріне жетіп шөптің тақырлығымен Онон өзені бойын қуалай отырып, батыстан ағатын Қымұрға бұлаққа келіпті. Сол бағытпен қуалай Қымұрға бұлақтың Бедер тұмсығындағы Қорчүкүй-Болдақта ауылына жетіп жолығыпты.

89-бөлім

534. Tende neyileldüžü otçu, Burqan-qaldun-u ebür-e Kürelgü

535. dotora, Seңgür-qoғuqan-nu Qara-Žirügen-ü Kökö-nayur

536. nuntuqlažu aqui-tur tarabaʼat kücüür¹⁹ alažu

537. iden büle^e.

Сөйтіп сол жерде қосылған олар Бұрқан-Қалдунның қойнауы Күрелгү ішінде Сеңгүр бұлақтың Қара Жірүгеннің (Жүректің) Көк көліне мекендеп, суыр, күшіген аулап өмір сүріпті.

90-бөлім

538. Niken üdür širqa aqta-tan naiman morit ker-ün dergede

539. bayižu бүкүй-i **dekerme**²⁰ irežü üžetele dekermetcü

540. yorčiba. Jabuqat üžežü qoçorba. Belgütei oqodur

541. dargi qoғғor-i unužu tarbaʼaçilara odçu büle^e.

542. Üdeši, naran šingeksen-ü qoyina, Belgütei dargi oqodur

543. qoғғor-tur tarbaʼat ačižu niqsaqalžatala yabuʼan

544. kötölžü irebe. Širqa aqta-tan-i dekerme abču

545. otba ke^ee^esü, Belgütei ükülerün: «Bi nekesü» ke^eebe.

546. Qasar ükülerün: «Či ülü čidaqu, bi nekesü» ke^eebe.

547. Temüžin ükülerün: «Ta ülü čidaqa, bi nekesü» ke^eežü, dargi

548. qoғғor-i Temüžin unužu, širya aqta-tan-i ebesün-u

549. alurqai-bar müčgižü qurban qonažu, manaqar erte

550. mör-tur olon aduʼun-tur, niken **kürümele**²¹ kö^eün kü^eün

551. ge^eü saʼan aqu-i žolyažu širya aqta-tan-i surabasu, tere

552. kö^eün ükülerün: «Ene manaqar, naran uryuqu-in urida

553. širya aqta-tan naiman morit e^eüber hüldežü yorčiba.

554. Mör-inü bi žaʼažu öksü» ke^ee^eet oqodur qoғғor-i

555. talbiʼulžu Temüžin-ni oroq šinqula-i unuʼulba.

556. mön ö^eesün qurdun qubi-i unuba. Ker-tür-ijen ba ülü

557. odun, nambuqa saʼuluğa-ban kekere buʼužu talbiba

558. «Nökör, či бүрүн masi muңqanižu ayisu ažuʼu. Ere-in

559. muң niken bui že. Bi čima-tur nököcesü Ečike min-ü

560. Naqu-Bayan ke^eekdeyü. Bi qaғça kö^eün-inü bui, Boʼurču

561. neretü bui» ke^eet širya aqta-tan-u mör-iyer-inü
 562. müçgižü qurban qonažu, üdeši naran quburi tašin бүкүй-түр,
 563. niken күриен²² irkin-tür kürbe. Širya aqta-tan naiman morit
 564. tere yeke күриен-ү қизақар-а ебесülen байізу бүкүй-і үзебе.
 565. Темүжин үкүлерүн: «Nökör, či ende bayi
 566. Bi širya aqta-tan tende bui, hüldežü qarsu'ai» ke^eebe.
 567. Bo'urču үкүлерүн: «Nököcesü ke^een irele^e bi. Ende
 568. yekin bayıqu» ke^eet qamtu dobtulžu oro'at
 569. širya aqta-tan-i hüldežü qarba.

Бір күні үйдің қасында тұрған сегіз шабдар атын тонаушылар келіп көпе-көрінеу айдап әкетеді. Бәрі де аң-таң болып қарап жаяу қалады. Белгүтей сол кезде шолақ тарғыл қоңыр атын мініп суыр аулауға кеткен болатын. Кешке ол күн батқан соң тарғыл шолақ қоңыр атына суырларды барынша артып, өзі жаяу жетектеп келді.

Шабдар аттарды тонаушылар келіп алып кетті десе ол «Мен қуайын» деді. Қасар да «Сенің әлің жетпес, мен қуайын» дейді. Темүжин: «Сендердің күштерің жетпейді. Мен қуайын» деп тарғыл қоңырды мініп, шабдар аттары жүрген шөптің жапырыла басылған ізімен қуалай үш қонып, ертеңі таңертең қалың жылқы ішінде бір мықты жігіт бие сауып тұрғанда жолығады. Одан шабдар аттарды сұрастырса ол жігіт: «Бүгін таңертең күн шығарда шабдар аттарды қуып осы жерден жөнелген. Ізін мен көрсетіп берейін» деп шолақ қоңырды босатып жіберіп, Темүжинге ор жағал атты мінгізіп береді. Ол өзі жүйрік құба атқа мінді. Сөйтіп, ол үйіне бармастан тұлыпты көнек ыдысын далада буып қояды. «Жолдас, сен қиналып жүрген бір жан екенсің. Ердің мұны бір дейді. Мен саған нөкер жолдас болайын. Менің әкем Нақұ-Байан деген адам. Оның жалғыз ұлымын. Атым Боғұрчү» дейді. Сөйтіп екеуі аттанып аттардың ізімен қуалай үш күн өткенде үшінші күні күн еңкейе бастаған түс кезінде бір қора ауылға жетеді. Дәл сол ауылдың шетінде сегіз шабдар жылқы оттап жүргенін көреді.

Темүжин: «Жолдасым, сен осында бол, мен аттарды қуып келейін» дейді.

Боғұрчү: «Саған нөкерлесем, дос болам деп келдім. Мұнда не қып тұрам» деп, екеуі де бірге тиісіп кіріп шабдар аттарды айдап шықты.

91-бөлім

570. Qoyin-ača haran ubur-subur nekežü ayisu, niken čaya'an
 571. moritu kü⁸ün u⁷urğa barižu qayčaqar güyičežü ayisu
 572. Bo⁷urču ükülerün: «nökör, numu sumu nada-ača, bi qarbulaldusu»
 573. ke⁸ebe. Temüžun ükülerün: «Min-ü tula či erüsteüžeyi
 574. bi qarbulaldusu» ke⁸ežü, esergü qarın qarbulalduba.
 575. Tere čaya'an moritu kü⁸ün u⁷urğa-bar-ıyan doqıžu bayıba.
 576. Qoyıtus nököт güyičežü irebe. Naran šingežü otba
 577. tu⁷ušin bolžu ayisu. Qoyıtu tede haran baru'an boldažu
 578. bayıžu qoçorba.

Олардың артынан қалың адам ұбырып-шұбырып қуа бастады, солардың ішінде бір ақ атты кісі құрығын ұстап жете бергенде Боғұрчү: «Нөкер жолдас, садақ оғыңды маған бер. Мен атысайын» дейді. Оған Темүжін: «Мен үшін сен мерт болма. Өзім атысайын» деп артына бұрыла беріп атысты.

Әлгі ақ атты кісі құрығын шошаңдатып қала берді. Оның артындағылар да қуып жеткенімен ымырт түсіп, кеш болып кетті. Сөйтіп олар күн батып кеткендіктен қуа алмай қалып қойды.

92-бөлім

579. Tere süni düli⁸et, qurban üdür, qurban süni düližu kürbe.
 580. Temüžin ükülerün: «Nökör, bi čima-dača aңyıda ede morid-ıyan
 581. abıqu-u büle⁸e, qubıyalduya kedüi-i abqu ke⁸emü» ke⁸ebe.
 582. Bo⁷urču ükülerün: «Bi sayın nököр-i čima-i muңqanıžu
 583. ayisu, ke⁸en sain nököр-e tusa bolsu ke⁸en nököčežü irebe
 584. bi. Ölže⁸ü ke⁸ežü abqu bi. Ečike min-ü Naqu-Bayan neretü
 585. bıyu. Naqu-Bayan-nu qayča kö⁸ün-inü bi buyu. Ečike-in min-ü
 586. žü⁸eksen nada tügetele bui. Bi ülü abqu. Tusa boluqsan min-ü
 587. ya⁷un tusa bolqu, ülü abqu» ke⁸ebe.

Олар түні бойы шауып отырып үш күн, үш түн өткен соң жетті. Темүжін «Нөкер жолдас, сен болмасаң мен жалғыз өзім бұл аттарды ала алмас едім. Атты бөлісейік. Қаншасын аласың» деді.

Боғұрчү: «Мен жақсы жолдас сені қапаланып қиналып жүргенде жақсы досқа көмектесейін деп нөкерлесіп келдім. Үлес алайын деп келмеген едім. Әкемнің аты Нақұ-Байан. Нақұ-Байанның жалғыз ұлы менмін. Әкенің жинағаны маған жетер. Мен сенен алмаймын. Көмегім сол бола қойсын, алмаймын» дейді.

93-бөлім

588. Naqu-Bayan-nu ker-tür kürbe. Naqu-Bayan kö⁸ü-ben Boğurçu-i
 589. žabqažu, nisun nilbusu-iyer ažu⁷u. Kenete kürtežü kö⁸ü-ben
 590. üžežü, niken-te uyilamu, niken-te doŋqodumu kö⁸ün-inü
 591. Bo⁷urçu ükülerün: «Ja⁷un bolba. Sayin nökör muŋqanižu
 592. ayisun ažu⁷u. Nököčežü odula⁷a bi. Edüge irebe» ke⁸e⁸et
 593. qa⁷ulžu otçu, keker-e bu⁷uysan nambuqa sa⁷uluğa-ban ačiraba.
 594. Temüžin-ne tel qur⁷an alažu, künesü ökü⁸et, nambuqa
 595. de⁸ürge žasažu künesüle⁸ülbe. Naqu-Bayan ükülerün: «Qoyar
 596. žala⁷us bui ta. üzeldüktüt, mön-e qoyina bü tebčildüktü»
 597. ke⁸ebe, Temüžin otçu, qurban süni, qurban üdür yorčižu,
 598. Seŋgür-qoroqan-a ker-tür-iyen kürbe. Hö⁸elün-eke
 599. Qasar kiget degü-ner inü ^herüzü ažu üžežü
 600. bayasba.

(Олар сөйтіп) Нақұ-Байанның үйіне келді. Бай баласы Боғұрчұны жоғалтып, көз жасы көл болып отыр екен. Аяқ астынан келіп қалған ұлын көріп бірде жылап, бірде ашуланып тұрғанда ұлы Боғұрчұ: «Не боп қалды. Жақсы жолдас қиналып жүргенде нөкерлесіп көмектесіп келдім» дейді де атқа қонып, әлгі буып кеткен тұлып көнегін алып келеді.

Темүжінге телі қозы сойып, тұлып толы қымыз құйып, азық берді.

Нақұ-Байан:

«Екі ұлымсыңдар ғой. Кезігіп жүргейсіңдер, бұдан кейін де бекісіңдер» дейді.

Темүжін жолға шығып үш күн, үш түн жортып Сеңгүр бұлақтағы үйіне жетеді.

Өгелүн-шеше, Қасар сынды інілері алаңдап отырған еді, оны көріп қауышып, қатты қуанады.

94-бөлім

601. Tendeče Temüžin, Belgütei qoyar Dei-Sečen-nü Börte-Üžin-i
 602. yesün nasutu бүкүй-түр üžežü irekseker qa⁷ačažu бүле⁸e.
 603. **Kelüren-müren**²³ huru⁷u erin otba. Čekčer, Čiqurqu qoyar
 604. ža⁷ura Dei-Sečen Oŋyirat tende ažu⁷u. Dei-Sečen Temüžin-i
 605. üžežü maši yeke bayasču ükülerün: «Tayiči⁷ut aqa de⁸ü
 606. čin-u nayitumu ke⁸en medežü, maši kerüzü, žökölegei. Aran
 607. üžebe že, čima-i» kegeget, Börte-Üžin-i neyile⁸üle⁸et
 608. e⁸üskebe. E⁸üsken ayisurun, Dei-Sečen ža⁷ura Kelüren-ü
 609. Uraq čöl nu⁷u-dača qaŋba. Kergei-inü Börte-Üžin-ü eke

610. Sotan neretei бүлігі. Sotan öki-yen hüdežü, Kürelgü

611. dотора Seңgür-qoғуqan-a бүкүі-tür күргеžü irebe

Содан Темүжін, Белгүтей екеуі Дей шешеннің қызы Бөрте-үжінді тоғыз жасында көріп келгеннен бері қайтып бармаған еді. Енді Темүжін мен Белгүтей екеуі Керлен өзенге қарай Бөрте-үжінге аттанды.

Шекшер мен Шықұрқұ деген жердің аралығын Дей шешен Оңғырат (Қоңыраттар) мекендейтін.

Дей шешен Темүжінді көріп өте қатты қуанып:

«Ағалы-інілі Тайычығұт (Тайшуыттар) сені көре алмай жүргенін біліп көңілім қобалжып жүрді. Енді сені көретін күн бар екен-ау» деп, Бөрте-үжінмен басын қосып қайтарып жібереді. Қайтар жолда Дей шешен Керленнің Ұрақ шөл деген орманды алқабына дейін ұзатып салады.

Темүжіннің зайыбы Бөрте-үжіннің шешесі Сотан деген болатын. Сол Сотан да өз қызын ұзатып салып Күрелгүдегі Сеңгүр бұлаққа дейін жеткізіп келді.

95-бөлім

612. Sotan-ni qarı'ulu'at, Belgütei-i, Bo'urču-i nököčeye ke'en

613. unžu ilebe. Bo'urču, Belgütei-i күрге'ülü'et

614. e'ike-dür-iyen ülü kelelen Bökötür-qoғuғor-i unu'at, boro

615. örmü'e-ben böktürü'et Belgütei-lü'e irebe. Tere

616. nököčekseker nököčeküi yosun tejimü.

Сотанды шығарып саларда Белгүтейді Боғұрчұға жолдас болайық деп шақыртуға жібереді. Боғұрчұ Белгүтей келісімен әкесіне айтпай, бөктер қоңыр атын мініп, боз қоңыр жабылғысын бөктеріп Белгүтеймен бірге келеді.

Темүжін мен Боғұрчұның достасқан жосыны осындай.

96-бөлім

617. Seңgür-qoғuqan-ača ne'üzü Kelüren-müren-ü teri'ün Bürgi

618. ergi-de, nuntuqlan baуžu, Sotan-eke-in šitkül²⁴ ke'en

619. qara buluqan daqu abčiražu бүле'e. Tere daqu-yi

620. Temüžin, Qasar, Belgütei qurban abču otču: «Erte üdür

621. Jesükei-qan e'ike-lü'e Kereyit²⁵ irkin-ü Oñ-qan²⁶ anda²⁷

622. ke'eldüksен ažu'u. E'ike-lü'e min-ü anda ke'eldüksен

623. ečike metü bui že» ke^{en}, Oŋ-qan-i Tu^{ula}²⁸-in Qara-tün²⁹-ne buyu
 624. ke^{en} medežü otba. Oŋ-qan-tur Temüžin kürčü ükülerün:
 625. «Erte üdür ečike-lü^e min-ü anda ke^{eldüksen} ažu^u
 626. Ečike-gü metü buyu že» ke^{ežü} kergei ba^{ulžu}
 627. emüsgel čimada awčiraba» ke^{en} buluqan daqu ökbe.
 628. Oŋ-qan maši bayasču ükülerün: «Qara buluqan daqu-in qari^u
 629. Qaqačaysan ulus-i čin-u Qamtutqažu öksü Buluqan daqu-in
 630. qari^uButaraysan ulus-i čin-u Bü^{üt}keldüzü öksü
 631. Bököre-jin bökse-tür Čekere-jin če^{eži}-tür³⁰ atuqai»
 632. ke^{ebe}.

Сеңгүр бұлақтан көшіп Керлен өзеннің басы Бүргі жағалауында ме-
кендеп қонған кезде Сотан шеше киіттік деп қара бұлғын тон әкелген
болатын. Сол тонды Темүжін, Қасар, Белгүтей үшеуі алып келіп:

«Ерте кезде әкем Иесүкеймен Керей елінің Оң ханы анда
болған еді. Әкемнің андасы әкем сынды болар» деп Оң хан Туыл
өзені Қара-Түн деген жерде болар деп аттанды.

Темүжін Оң ханға барған соң:

«Ерте кезде әкемнің андасы делінуші еді. Әкемнің орнына әке
болған сізге» келін түсіру киітінен әкелдім деп қара бұлғын тон
ұсынды.

Оң хан қатты қуанып бұй дейді:

«Қара бұлғын тон үшін
Қаңғырған еліңді жинап берейін,
Бұлғын тон үшін
Бытыраған еліңді
Тұтастырып берейін,
Бүйректен сирақ шықпасын,
«Көкіректен сөз шықпасын», — деді.

97-бөлім

633. Tendeče qarižu, Bürgi-ergi-de бүкүй-түр, Burqan-qaldun-ača
 634. Uryaŋqadai kü^{ün} Žarči^{udai}-ebügen kü^{ürge}-ben ürčü
 635. Želme neretü kö^{ün}-iyen uduritču irežü Žarči^{udai}
 636. ükülerün: Onan-nu Deli^{ün}-boldaq-a бүкүй-түр Temüžin-i
 637. töröküi-tür buluqan nelke³¹ öküle^e bi. Ene kö^ü-ben
 638. Želme-i öküle^e-gü bi. Ücü^{en} ke^{en}, abču odulu^a
 639. «Edü^e Želme-i: Eme^{el}-iyen toqu^{ul}! E^{üde}-iyen
 640. nekü^{ül}» ke^{ežü} ökbe.

Содан олар қайтып Бүргі жағасында болғанда Бұрқан-Қалдуннан Ұрыянқадайлық кісі Жарчығұдай ақсақал көрігін көтеріп, Желме деген ұлын ертіп келіп:

«Онон өзені Делуін Болдақ деген жерде болғанда Темүжін туған кезінде бұлғын жөргек берген едім. Сол кезде Желмені бермекші едім, ол жасы кіші болған соң алып кеткен едім.

«Енді Желмемен

Ер-тоқымыңды ерттет,

Есігіңді түргіз», —

деп оны Темүжінге берді.

98-бөлім

641. Kelüren-müren-nu teri⁸ün-e, Bürği-ergi-de, ba⁷užu büküi-tür

642. niken manaqar erte kerel širal üdür gejin büküi-tür

643. Hö⁸elün-eke-in ker dотора gödölküi Qo⁷aqčın-emegen

644. bosču ükülerün: «Eke Eke öter bos, qazar derbelümüi

645. түбүни⁸ün sonastamui, žalqanšiq-tan Tayiči⁷ut

646. ayisun aqun-u Eke, öter bos» ke⁸ebi

Керлен өзені басында Бүргі жағалауында көшіп келіп қонып жатқанда бір күні таңертең ерте таң атып, күн шыққан кезде Өгелүн шешенің үй ішінде күтушісі Қоғақчын кемпір тұрып: «Шешей, шешей, тез тұрыңыз! Жер жарылғандай ат дүбірі естілді. Әлгі қанішер тайычығұт (тайшуыттар) келген секілді, шешей, тез тұрыңызшы!» деді.

99-бөлім

647. Hö⁸elün-eke ükülerün: «Kö⁸üt-i öter seri⁸ülütkun» ke⁸e⁸et

648. Hö⁸elün-eke öter-gü bosbi. Temüžin-tan kö⁸üt

649. öterlen-gü bosu⁷at morid-ıyan barižu Temüžin niken

650. mori unuba. Hö⁸elün-eke niken mori unuba. Qasar

651. niken mori unuba. Qači⁷un niken mori unuba. Temüke-Otčigin

652. niken mori unuba. Belgütei niken mori unuba. Bo⁷urču

653. niken mori unuba. Želme niken mori unuba. Temülün-ni

654. Hö⁸elün-eke ebür-tür-ijen de⁸ürbe Niken mori kötöl

655. žasaba. Börte-Üžin-e mori dutaba.

Сонда Өгелүн шешей:

«Ұлдарымды тез оят!» деп өзі де тез түрегелді. Темүжін бастаған ұлдары шапшаң тұрып аттарын ұстап алып,

Темүжін бір ат мінді.

Өгелүн шеше бір ат мінді.

Қасар бір ат мінді.

Қачығұн бір ат мінді.

Темүке-отчығын бір ат мінді.

Белгүтей бір ат мінді.

Боғұрчү бір ат мінді.

Желме бір ат мінді.

Темүлүн болса Өгелүн шешенің алдына отырды.

Бір жетек ат ертті.

Бөрте-үжінге ат жетпеді.

100-бөлім

656. Temüžin aqa-nar de⁸ü-ner morilažu erte bö⁸ed

657. Burqan žük qarba. Qo⁷aqčın-emegen, Börte-Üžin-i ni⁷usu ke⁸en

658. böken³² qara⁷utai tergen-tür unu⁷ulžu bökere alaқ

659. hüker kölzü Teңgeli-qoruqan ö⁸ede gödölžü

660. ayuisun бүкүй-tür herü-baru-da üdür geyin бүкүй-tür

661. esergüneče čerik³³ haran, qatarazu hergižu kürčü

662. irežü: «Ja⁷un kü⁸ün či» ke⁸en hasaqba. Qo⁷aqčın-emegen

663. үкүлерүн: «Bi Temüžin ökei³⁴ bi. Jeke ker-tür qonin qırqara

664. irele⁸e. Ker-tür-ijen qarizu aiši» ke⁸ebe.

665. Tendeče үкүлерүн: «Temüžin ker-tür biyu-u, ker kežige

666. biyu» Qo⁷aqčın-emegen үкүлерүн: «Ker-či

667. oyira biyu. Temüžin-i бүкүй-i үкүй ese uqabai. Qoyınača

668. bosu⁷at irebi bi» ke⁸ebe.

Ағалы-інілі Темүжіндер таң ерте аттанып, Бұрқан (Қалдун) жаққа шықты. Қоғақчын кемпір Бөрте-үжінді жасырайын деп ала сиырға жеккен толық перделі күймелі арбаға отырғызып, Теңгелі бұлаққа қарай қозғалып келе жатқанда таң ағарып жер алакөлеңке болғанда оларға қарсы жақтан бір қосын әскер шауып жетті. Олар:

«Кімсің сен» деп сұрайды. Қоғақчын кемпір:

«Мен Темүжіннің өгей шешесімін. Үлкен үйге барып қой қырқуға келіп едім. Енді үйіме қайтып барамын» деді.

Олар: «Темүжін үйінде ме? Қанша үй бар?» деп сұрады.

Қоғақчын кемпір:

«Ауыл жақында ғой.

Темүжіннің бар-жоғын білмедім.

Артқы киіз үйде болып келдім» деді.

101-бөлім

669. Tede čerī⁸ūt tedüi qatariba. Qo⁷aqčīn-emegen bökere

670. alay hüker-iyen deledü⁸et öterlen ne⁸ükü bolun

671. tergen-ü tengeli ququs otba. Tengeli-ben ququraqdažu

672. yabuqadiyar hoi-tur güyüzü oroya ke⁸eldün büküi-tür

673. daruča müt čerī⁸ūt Belgütei-in eke-i sundala⁷uldužu

674. qoyar köd-inü čerbe⁸elže⁸elzü qatarazu kürčü

675. ireget: «Ene tergen dотора ya⁷un te⁸ežü amu» kegebe

676. Qo⁷aqčīn-emegen ükülerün: «Uңyasun te⁸ežü amu» kegebi.

677. Tede čerig-üd-ün aqa-nar-inu ükülerün: «De⁸ü-ner kö⁸üt-iyen

678. ba⁷užu üžetkün» ke⁸ebe. De⁸ü-ner kö⁸üt-inu ba⁷užu

679. qa⁷atai tergen-ü qa⁷alya abqui-lu⁷a, dотора qatun-že kü⁸ün

680. sa⁷užu, ima-i tergen-eče čirču bayulžu

681. Qo⁷aqčīn žirin-i sundala⁷ulžu abuyat, Temüžin-ü qoyınača

682. ebesün-u alurqai-bar möči⁸izü Burqan žük

683. qarba

Сөйтіп сол әскерлер шауып кетті.

Қоғақчын кемпір бүйірі ала сиырын шықпырта ұрғылап асығыс көшпек болып, абыр-сабыр болып жүргенде арбаның белдігі сынып кетеді. Арбаның белдігі сынып кеткен соң еріксіз жаяу күйінде орманға қашып кірмек болып жатқанда манағы әскерлер тағы келіп жетті. Олар Белгүтейдің шешесін екі аяғын салақтатып мінгестіріп келіп:

«Осы арбаның ішінде не тиеп келесіңдер» деді.

Қоғақчын кемпір «Жүн артып келемін» дейді.

Сол әскерлердің аға басшылары:

«Інішек ұлдар аттан түсіп тексеріңдер» дейді.

Інішек ұлдар аттан түсіп жабулы арбаның есігін ала бергенде ішінде қатұн-адам (әйел кісі) отыр екен. Оны арбадан сүйреп түсіріп Қоғақчын екеуін мінгестіріп алып Темүжіннің артынан жапырылған шөптің ізімен өкшелей қуып, Бұрқан жаққа қарай кетті.

102-бөлім

684. Temüžin-ü qoyin-ača Burqan-qaldun-ni qurbanta quči'ulžu
 685. erüsün yadaba. Eyin-teyin bolži'asu ümübü šibar berke
 686. Hoi-inu čatqulaŋ³⁵ moyai-ya širyu'asu ülü bolqu
 687. berke šiyui qoyin-ača-inu dayazu erüsün yadažu'ui
 688. Tede qurban Merkit³⁶ ažu'u. Uduyit-Merkid-ün Toqtoya
 689. Uwas-Merkid-ün Dayir-Usun Qayat-Merkid-ün Qayatai-Darmala
 690. Ede qurban Merkit erden-ü Hö³⁶elün-eke-i Čiledü-dača
 691. bulžu abtala'ai ke³⁶en edö³⁶e tere ösü³⁶el ösü³⁶en ireksen ažu'u.
 692. Tede Merkit üküleldürün: «Hö³⁶elün-nü hači aburan
 693. edö³⁶e emes-i an-u abuba. Hači-yen aburaba bida» ke³⁶eldüzü
 694. Burqan-qaldun-nača ba'užu keyit-tür-ijen
 695. ažiraba

Олар Темүжіндердің артынан қуып Бұрқан-Қалдұнды үш мәрте айнала іздеп таба алмайды.

Олай-былай болжап бағып іздейді. Сөйтіп, батпақты сазды орманның ит түмсығы өтпейтін жеріне тап болып таба алмай әбден қиналыпты.

Олар Үш Меркіт екен.

Ұдыйыт Меркіттің Тоқтоға, Уас Меркіттің Дайыр Ұсұн, Қағат Меркіттің Қағатай Дармала.

Осы үш Меркіт «ерте кезде Чіледүден Өгелүн-шешені тартып алған», енді сол өштерін аламыз деп келген екен.

Ол Меркіттер былай дейді:

«Өгелүннің қарымтасын қайтару үшін енді, мінеки, біздер әйелін де алдық, өшті де алдық» десіп Бұрқан-Қалдұн тауынан түсіп үйлеріне қайтыпты.

103-бөлім

696. Temüžin: «Tede qurban Merkit maqat keyit-tür-ijen ažiraba-yu
 697. бүкцү-gü amui» ke³⁶en, Belgütei, Bo'urču, Želme qurban-i
 698. Merkid-ün qoyin-ača uqa'uta qurban qonuq daqa'ulžu
 699. Merkid-i күңке³⁶ülzü Temüžin Burqan deker-eče ba'užu
 700. ebče³⁶ü-ben mö³⁶eletcü ükülerün: «Qo'aqčın-eke-i Soloŋya
 701. bolžu Sonusqu-in tula Ünen bolžu Üžegü-in tula
 702. Bütün beye-en buru'udun Bu'iyia³⁷ moritu Bu'u-in horum
 703. horumlažu Buryasun ker kerlen Burqan dekere qarula'a
 704. Burqan-qaldun-a Bö³⁶esün-ü tedüi amin-iyan Bulži'uldaba bi
 705. Qayçaqan amin-iyan qayiralan, Qayča moritu Qandayai

706. horum horumlažu Qalyasun ker kerlen Qaldun-dekere
 707. qarula'a bi Qaldun-burqan-na Qarča-in tedüi amin-iyān
 708. Qalqalaqdaba že bi Maši ayu'uldaba bi Burqan-qaldun-i
 709. Manaqar büri maliyasuyai, Üdür büri očisuyai Uruq-un uruq
 710. min-ü uqatuyai» ke^{en} naran esergü büse-ben küzü^{ün}-düriyen
 711. epi^{eležü} malaqai-ban qar-tür-ijen se^{eži}eležü, qar-iyān ebče^{ün}-dür-
 712. -iyen mö^{eletcü} naran žük yesünte söketcü sačuli öči^{üli} ökbe.

Темүжін «Үш Меркіт үйлеріне қайтты ма, жоқ әлде жасырынып жатыр ма?» деп соны біліп келуге Белгүтей, Боғұрчү, Желме үшеуін жіберді. Олар меркіттердің ізін үш күн бойы өкшелеп меркіттер ұзап кеткен кезде Темүжін Бұрқан тау үстінен түсіп, төсін иіп бүй дейді:

«Қоғақчын шешейдің
 Кемпірқосақ болып
 Құлағы сақ естіген үшін,
 Көрегендігі дөп келіп,
 Бүтін денемді сауғалап,
 Байлаулы атымды мініп,
 Бұғының жолын қуалап,
 Бұтақты үйге паналап,
 Бұрқан тауға шықтым ғой.
 Бұрқан Қалдүн тауым
 Шыбын жанымды қорғадың.

Жалғыз жанымды аялап,
 Жалғыз атымды мініп,
 Бұланның жолын қуалап,
 Қайың бұтақты паналап,
 Қалдүн үстіне шықтым ғой.
 Қара басымды қорғадың,
 Қорқыныш көп болды менде.

Бұрқан Қалдүн тауына
 Таң сайын табынайық,
 Күн сайын бағынайық.
 Ұрпақтан-ұрпаққа дейін

Менің сөзімді ұқсын» деп,
күнге қарап белдігін мойнына асып, бөрігін қолына ұстап, қолдарын төсіне қабыстырып, күнге қарай тоғыз мәрте иіліп тағзым етіп шашу шашты.

Түсіндірмелер

- ¹ **Eçike** — ечіке. Сөзбе-сөз: «әке». Көне түрік бітік: еçü > ечү «ата, баба».
- ² **Yekes-e qažar** — йекес-е қазар. Сөзбе-сөз: «Ұлықтарға арналған жер». Аруақтарға арналған жерде ас беру, сыбаға, үлес тарату секілді ғұрыптарды орындайтын жер.
- ³ **Inerü** — інерү. Сөзбе-сөз: «ас».
- ⁴ **kešig** — кешіг. Сөзбе-сөз: «сыбаға, үлес».
- ⁵ **bile^sür** — бүлеүр. Сөзбе-сөз: «білем ет»
- ⁶ **sarqud** — сарқұт. Сөзбе-сөз: «ішімдіктер». Қаз: сарқыт — үлкендерден, қонақтардан қалған немесе олар берген үлес тамақ, тойдан алып келетін сыбаға дәм деген мағынада. Және де сарқы, сарқылу, сарқыншақ және т. б. сөздер осы «sarqud» сөзімен түбірлес.
- ⁷ **içuyaba** — ічұғаба. Сөзбе-сөз: «қайтарды, кері ішіне енгізді». Көне түрік бітік: іçyandï — қайтты, ішіне кіргізді деген мағынада қолданылады.
- ⁸ **Boqtalažu** — боқталажү. Сөзбе-сөз: «боқтақ бөрік киіп, бөріктеніп». Моңғол дәуірінде «boqtaу» — әйелдер киетін шошақ төбелі бөріктің бір түрі.
- ⁹ **Sülsü** — сүлсү. Қаз: «сүлде, сүс» деген мағына білдіреді.
- ¹⁰ **Südün** — сүдүн. Қаз: «сөк» өсімдік атауы?
- ¹¹ **Elgü^sür ge^sügi // kögü^si** — елгүүр геүк // көгүі. Сөзбе-сөз: «ілгішті қармақ, ілгішті көген іспетті жасалынған қармақ». Моң: гөхий «қармақ», гох дэггээ «ілмек қармақ». Қаз: ілмек қармақ, көген қармақ деуге болады.
- ¹² **çiču⁷a** — чычұа. Қыт. нұсқада «қамшы» деген. Моң: çiču⁷a деген қаз: çaçaq // çaçaq > шаша, шашақ, шашау және т. б. сөздерімен тәркіндес мағыналы. Ал бұл сөзді «ташуур» (қамшы), «чичих, чичээ» (шұқылау) (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 46), және түрік тілдеріндегі «çiçig» (қойдың құйрығы) (Eldengtei, Ardajab — МНТ, 1986. Р. 157–158) деп түсіндірген.
- ¹³ **Ötermeležü** — өтермележү. Мағынасы толық айқындалмаған сөз. Қыт: «жақыннан нысана атып» деп аударылған. Зерттеушілер түрік тілдеріндегі öter — «өлтіру, өткізу, өтер, тез арада» деген сөзбен байланысты болуы мүмкін дейді (Eldengtei, Ardajab — МНТ, 1986. Р. 166); үтэр харваж — «тез атып» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 220)

¹⁴ **qarbisu** — қарбыс. Сөзбе-сөз: «қарғы». Қаз: қарғы — итке тағылатын мойын қайыс.

¹⁵ **Baruq** — баруқ. Қаз: «барақ» — жүндес ит.

¹⁶ **turqaʹud** — тұрқауд. Сөзбе-сөз: «тұрғақтар». Көне түрік бітік: **turyaq** — тұрақты қорғаушы қол. Тоғуақ başı — Торғақ басы, Баға Тағқан üç jüz Тоғуақ turdı — Баға тархан үш жүз торғақ тұрды: (Ел етміш қаған II — (Тариат) бітік-тасы — 11-нші жолында) (қараңыз: *Базылхан Н. Көне түрік бітік-тасы мен ескерткіштері // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 2-том. Алматы, 2005. 142-б.*).

¹⁷ **Qoşiliy** — қошылығ. Сөзбе-сөз: «қостық, шағын үй». Қаз: қос, қосын үй дегенмен ұқсас.

¹⁸ **iseri** — ісері. Сөзбе-сөз: «төсек, орындық». Қаз: тапалша орындық, бүктемелі төсек деген сөз.

¹⁹ **tarabaʹat kücüʹür** — тарабаат күчүүр. Сөзбе-сөз: суырлардың күшігі. Қаз: Тарбағатай (моң: «суырлы») атауы да осы tarabaʹat сөзімен байланысты.

²⁰ **dekerme** — декерме. Сөзбе-сөз: «тонау». Қаз: тонау, қарақшылық.

²¹ **kürümele** — күрмеле. Сөзбе-сөз: «күрмелі байлаулы, тез шешілетіндей іл-мектеп байлаған бау». Қаз: күрмеулі.

²² **Küriyen** — күрийен. Сөзбе-сөз: «айнала қонған ауыл». Қаз: қоршау, айнала қонған ауыл. Бұл белгілі бір тәртіппен дөңгелене қонған киіз үйлердің жалпы атауы. Моң: хүрээ 1) бірдемені сыртынан қоршау; 2) тұрақты мекен; 3) қоныстанған жерлер; 4) заттың жиектері (Цэвэл-МХТТТ, 1966. С. 749).

²³ **Kelügen-mügen** — Келүрен мүрен. Сөзбе-сөз: «Керулен өзені». Қыт: «ke luo pien». Қазіргі Моңғолиядағы Kerülen-mügen > Хэрлэн мөрөн (дария) // Хэрлэн гол (өзен) — Керлен дария // Керлен өзені.

²⁴ **Şitkül** — шіткүл. Сөзбе-сөз: «киіт». Моң: мағынасы келін тарапынан қайын ата-енеге берілетін сый киім. Қаз: «шеттік» — кимешектің жақтауына қадайтын маржан, күміс тәрізді әшекейлі заттар.

²⁵ **Kereyit** — Керейіт. Сөзбе-сөз: «Керейлер». Түрік тілдес іргелі этносаяси бірлестіктің жалпы атауы. Моң: Kerey- («Керей») + -t («көптік жалғау») > Kereyit «Керей+лер» деп аталған. «Керей» — Орта жүз құрамындағы іргелі тайпаның атауы. Кіші жүздегі керейіт руы да осы тайпаның жұрнағы.

²⁶ **Oŋ-qan** — Оң хан. Қыт.т. Waŋ-qan деген лауазымдық атауы көне моң: «Оң хан» деп аталған. Керей ұлысының ханы.

²⁷ **Anda** — анда. Сөзбе-сөз: «анда дос». Қаз: ант — «уәде, серт, шарт» мағынасында (Қазақ ТТС. 1-т., 262–264-бб.) Көне түрік бітік: **ant**, **anta** тұлғасында бар. Байырғы көшпелілерде екі бөлек этностардың билік иелері арасында келісімге келіп, бір-біріне адалдықты білдіріп, бір мақсат-мүдде үшін көмектесуге серт бергендері осылайша бірін-бірі «**ant**, **anta**, **anda**» атаған. Бұның

ырым-жосындық салты ретінде олар бас бармақтарын пышақпен тіліп тамшы қанын ыдыстағы сусынға араластырып ішу арқылы немесе арнайы ғұрыптық зат-бұйымдарды (кісе белдік, қылыш және т. б.) алмасу арқылы жасайтын.

²⁸ **Tu'ula** — Түүла. Көне түрік бітік: Tuul // Тоул > Тоғұл // Түғұл (Туыл) өзені. Моң: Tu'ula > Tuul > Туул тұлғасында аталған. Қазіргі Моңғолиядағы ежелгі Орхон өзенінің бір арнасы осы Туул // Туыл өзені.

²⁹ **Qara-tün** — Қара түн. Сөзбе-сөз: «Қара Түн». Қаз: Қара-Түн. Қазіргі Моңғолияның астанасы Ұланбатыр қаласы маңындағы қалашықтың аты.

³⁰ **Bököre-jin bökse-tür çekere-jin çe'eži-tür.** Бөкөре-йін бөксе-түр, чекере-йін чееж-түр. Сөзбе-сөз: «Бүйрек+тің бөксе-дүр, көкірек+тің кеуде+дүр». Қыт: «бүйректің бұрышында, кеуденің қуысында» деп аударылған. Зерттеушілер әртүрлі нұсқада аударған. «Бүйрек (қуық) бөкседе болсын, шек тыйым (жасырын сөз) көкіректе болсын» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 226–227) деп келтірген. Қаз: «бүйректен сирақ шығарды» деген қолданыспен ұқсас келеді. Бұл жолы мәтіндегі мағынасы да «Бүйрегің бөксеңде болсын, тыйым сөз кеудеңде, көкірегіңде болсын» деген мәнде «бүйректен сирақ шығарған еліңді тұтас етіп жиып берейін» деген астыртын мағынада айтылған. Қаз: «Бүгесі мен шігесі» деген де осы іспетті қолданыс.

³¹ **Nelke** — нелке. Сөзбе-сөз: «жапқыш». Қыт.: «бұлғын шапан» деп аударылған. Зерттеушілер «жапқыш, көрпе, төсек жапқыш» және т. б. мағынада аударған. «Баланың бесігі, жөргегі» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 227).

³² **böken** — бөкен. Сөзбе-сөз: «бөкен ағашы». Қаз: «қайықтың бөген ағашы». Қыт: аударылмаған сөз. Бұл сөзді түрік тілдеріндегі böken — бүктеулі, бақап — бақан сөздерімен байланыстырған пікірлер бар (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 230). Моң: «bökügeg > бүхээг «қалқа, панасы, пердесі», тэрэгний бүхээг — арбаның қалқасы (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 210).

³³ **čerik** — черік. Сөзбе-сөз: «шерік, әскер». Көне түрік бітік: čerik — әскер, қол (Ел етміш қаған бірінші (Мойын-чүр) бітіктасы, 15-жолында). Қаз: шерік — «сарбаз жауынгер» (Қазақ ТТС. 10-т., 206-б.). Манжұрша: čouqa > әскер, қол, жауынгер, сарбаз (Захаров — ПМРС, 1875. С. 942). Моң: čerik > цэрэг.

³⁴ **ökei** — өкей. Temüžin-ökei — «Темүжіндікі» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 231); Temüžin-ü'eī — «Темүжіннің үйінен» (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 208); «Темүжін-ү ай» (γadamba — MNT, 1990. № 663. P. 40); «Тәмүжиний (албат) — Темүжіннің қарасты» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 54) деп ұғындырған. Көне түрік бітікте: ök // ög > шеше, ана, апа. Қаз: өгей — «өзі тумаған шеше» (Қазақ ТТС. 7-т., 505-б.).

³⁵ **čatqulaŋ** — чатқұлаң. Сөзбе-сөз: «тойынған, мол». Моң: čatqulaŋ > цатгалан — «тойынған, семіз». Қаз: шатқал, шатқалаң, шатқалақтау, жіңішке, жартасты терең сай, тайғанақтау деген сөздермен түсіндіруге болады.

³⁶ **qurban Merkit** — құрбан Меркіт. Сөзбе-сөз: «үш меркіт». Моң: Merkin+ t > Merkit тұлғасында өрбіген. «Үш Меркен+дер // Мерген+дер» деген сөз. Рашид ад-Дин бойынша «Племя меркит. Их также называют племенами удунт, хотя некоторая часть монголов их называет меркитами, но смысл обоих названий один и тот же. Таким же образом бекрин называют мекрин...» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 114—117).

³⁷ **Бууіуа** — бұғыа. Қыт: «тізгін шідерлі» деп аударылған. Сол себептен де Ш. Чоймаа аталмыш сөз «байлаулы, бұғаулы» мағынасында, **буқауи, буіі, бууіуа** сөздері түбірлес деп қарастырған (Чоймаа — МНТ, АТ. 2002. С. 53).

Үшінші дәптер

104-бөлім

713. Tedüi keleležü Temüžin, Qasar, Belgütei qurban Kereyid-ün **To'uril'**
714. Oŋ-qan-tur Tuɣula-müren-nü Qara-tün-na büküi-tür
715. otču ükülerün: «qurban Merkit-te genen büküi-tür irežü
716. eme kö⁸ü-ben da'ulıžu abdaba. Qan eçike min-ü, eme kö⁸ü
717. aburažu öktüküi ke⁸en irebe ba» ke⁸ebe. Tere üge-in
718. qarın Toɣuril Oŋ-qan ükülerün: «Bi nidöni čimada ese⁸ü
719. ügülele⁸e. Buluqan daqu nada açırarun eçike-in čay-un
720. anda ke⁸eldüksen eçike metü buyu že» ke⁸en emüsgekde⁸esü
721. tende bi ükülerün: «Buluqan daqu-in qarı'ı Butaraysan ulus-i čin-u
722. Bü⁸ütgeldüžü öksü Qara buluqan daqu-in qarı'ı Qaqačaysan
723. ulus-i čin-u Qantutqaldıžu öksü» ke⁸en Čekerei-yin čegeži-tür
724. atuqai Bökörei-yin bökse-tür atuqai ese⁸ü ke⁸ele⁸e bi
725. edüge tere ügen-düriyen kürün: «Buluqan daqu-in qarı'ı
726. Bü⁸üde Merkid-i büreltele Börte-Üžin-i čin-u aburažu
727. öksü bi Qara buluqan daqu-in qarı'ı Qamuq Merkid-i ɣaltačıžu
728. Qatun Börte-i čin-u Qarıyulžu aburaya bida Či Žamuqa
729. de⁸ü-de kelen kižü ile. Žamuqa de⁸ü Qorqonaq-Žubur-a bui-že
730. Bi endeče qoyar **tümet**² morılasu bara'ın qar bolun
731. Žamuqa de⁸ü qoyar tümet bolžu že⁸ün qar bolun morılatuqai
732. Bidan-u bolža'an Žamuqa-dača boltuqai» ke⁸ebe.

Солай жасаған соң Темүжін, Қасар, Белгүтей үшеуі Керейдің Тұғұрыл Оң ханы Туыл өзенінің Қара Түн деген жерде болғанында барып:

«Үш Меркіт аяқ астынан аңдаусызда жетіп келіп әйел, балашағаны алып кетті. Хан әкей, әйелім мен ұлдарымды құтқарып беріңіз деп келдік» дейді.

Ол сөзге Тұғұрыл Оң хан былай дейді:

«Мен былтыр саған айтпап па едім. Бұлғын тоныңды әкеліп әкеммен бір заманда аңда болған әкемдей қамқорла деп кигізген кезде мен саған

«Қара бұлғын тон үшін,
 Қаңғырған еліңді жинап берейін.
 Бұлғын тон үшін,
 бытыраған еліңді
 тұтастырып берейін.
 Бүйректен сирақ шықпасын,
 «Көкіректен сөз шықпасын»
 деп айтпап па едім.
 Енді сол сөзімде тұрып
 бұлғын тоның үшін
 бүкіл Меркітті быт-шыт етіп,
 Бөрте Үжініңді әкеліп берейін мен,
 қара бұлғын тоның үшін
 барлық Меркітті талқандап,
 Бөрте қатұнды қайтарып берейік біз.
 Сен Жамұқа ініңе тіл жеткіз,
 Жамұқа Қорқонақ Жұбырда болар.
 Мен бұл жерден екі түмен аттанайын, оң қол болып
 Жамұқа да екі түмен жасақтап,
 сол қол болып аттансын.
 Біздің болысар шағымыз Жамұқаға байланысты» деді.

105-бөлім

733. Temüžin, Qasar, Belgütei qurban To'uril-qan-nača qarıžu
 734. ker-tür-ijen kürcü Temüžin Žamuqa-tur Qasar, Belgütei
 735. qoyar-i ilerün Žamuqa anda-da üküle ke⁸en üküležü ilerün:
 736. «Qurban Merkit-te irejü Oro-ban hoqtorıy bolıyaqda'a bi
 737. Öner nikenten busut-u, bida Ösül-iyen ker ösükün
 738. Ebür-iyen hemtüldege bi. Heligen-ü uruq busut-u bida
 739. Hači-iyen ker hačilaqun bida» kegezü ilebe. Žamuqa
 740. anda-da ügüležü ileksen üge edüi.
 «Basa Kereyid-ün
 741. To'uril-qan-nu ügüleksen üges-i
 Žamuqa-da ügüležü ilerün
 742. «Erte üdür Jesüküi-qan eçike-de min-ü
 tusa sayi
 743. kikdeksen-i setkižü nököçesü bi
 qoyar tümet bolžu
 744. bara'un qar bolun monılasu
 Žamuqa de⁸ü-de keleležü ile

745. Žamuqa de⁸ü qoyar tümet morilatuqai
qamtutqu bolža'an
746. Žamuqa de⁸ü-deče boltuqai» ke⁸ebe. Ede üges-i da'usqan
747. baražu Žamuqa ükülerün: «Temüžin-anda-i Oro hoqtoryu
748. bolba ke⁸en medežü Öre min-ü ebetbe Ebür hemterebe ke⁸en
749. medežü Helike min-ü ebetbe Ösü⁸el-iyen ösü⁸en Uduyit,
750. Uwas Merkit-i **ülütkežü**³
Üžin-Börte-yü⁸en aburaya
751. Hači-yen aburan,
Qamuq Qayad-Merkit-i qaltačižu
Qatun
752. Börte-yü⁸en
Qari'ulun aburaya
Edüge tere
Gölme
753. dab iqui-tur
Kö⁸ürge⁴-in da'u bolyažu
Kökidek Toqtoya Bu'ura-
754. kekere buyu že
Dabčitu qor⁵ darbalžaqui-tur
Dayižiyči
755. Dayir-Usun edö⁸e **Orqon**⁶, **Selenge**⁷ qoyar-un Talqun-
756. **Aral**⁸-a buyu že. Qamqa'ulsun keyisküi-tür Qara hoi temečekči
757. Qa'atai-Darmala edö⁸e Qaraži-kekere buyu že Edüge
758. bida dötelen Qilqu-müren-ni **kingüs**⁹ Saqal bayan esen atuqai
759. Sal huyažu oroya
Tere Kökidek Toqtoya-in
Erüke
760. dekere-inü orožu,
Erkin egüde-inü
Embürü
761. daqarižu
Eme-kö⁸ün-inü
Ečültele qa'uluya
Qutuq
762. egüde-inü
Qu'uru daqarižu,
Qotola ulus-i inu
763. Qo'usun boltala qa'uluya»

Темүжін, Қасар, Белгүтей үшеуі Тұғұрыл ханнан қайтып үйіне келеді. Темүжін Жамұқаға Қасар мен Белгүтей екеуін аттандырып, Жамұқаға былай деп айтыңдар дейді:

«Үш Меркіт жетіп келіп
 үй ішімді босатты,
 қалың ағайын емес пе едік біз.
 өшімді қалай алармын,
 өзегімді тілді ғой,
 бауырлас ұрпақ емес пе едік біз.
 қасымды қалай алармын,
 Жамұқа аңдаға айтар сөзім осы ғой».

Тағы да Керейдің Тұғұрыл хан сөйлеген сөзін Жамұқаға жеткізіп:
 Ерте күнде хан әкем Иесүкейдің қолдау көмегін ескеріп Тұғұрыл
 хан екі түмен оң қанат болып аттансам деді. Жамұқа іні екі түмен
 болып аттансын, бірігіп болысар кезді Жамұқа айтсын» деді.

Бұл сөздерді тыңдап болған соң Жамұқа:

«Темүжін аңдамның
 үй орны босады деп
 жаным менің жаралаңды,
 өзегім менің тілінді,
 бауырым да езіліп,
 барлық өшті алармыз.
 Ұдұйыт пен Уас Меркітті талқандап
 Үжін Бөртеңі әкелейік, енді
 қасыңды жаулап
 күллінің хандары Меркітті
 күл-талқан етіп
 Ханшайым Бөртеңі құтқарайық.
 Енді тебінгі теуіп
 дабыл қағып аттанып,
 Көкетек Тоқтоға
 Бура даласында болар
 қорамсақты оғын далбаңдатып
 Қаңғыбас Дайыр Ұсұн
 Орхон мен Селеңгі өзені аралығы
 Талқұн аралында болар,
 қаңбақ ұшқанда
 қара орманға қашушы
 Қағатай Дармала
 Қаражы даласында болар.

Ендеше біз төтелеп
 Қылағу өзен шұрайлы
 сал байлап кешейік,
 Көкетек Тоқтығаның үстінен
 түндік тұсынан төнейік,
 ерікті есігін ашайық,
 әйел-баласын жаулайық,
 түгескенше оларды
 құтты есігін қақ жарып,
 олар таусылып біткенше
 түгел елін жаулайық».

106-бөлім

764. Žamuqa basa ükülerün: «Temüžin-anda, Toyuril-qan-aqa
 765. qoyar-a, ügüle ke^{sen} ükülerün: «Bi бүрүн Qara^ʔatu tuy¹⁰-iyan
 766. saçuba bi Qara buqa-in arasu^ʔu-niyar бүриksen Бүркiren
 767. бүкүи Da^ʔutu көгүрге-ben deletba bi Qara qurdun-iyen
 768. unuba bi Qatañyu degel¹¹-i-yen emüsba bi. Qatan žida-ban
 769. Bariba bi Qatqurasutu sumun-iyan onulaba bi
 770. Qa^ʔatai-Merkit-tur Qatquldun morilaya böged ke^{sen} ügüle
 771. Urtu qara^ʔatu tuy-iyan saçuba bi Hüker-ün arasu-bar
 772. бүриksen Ötken da^ʔutu кө^ʔүрге-ben deletbe bi Oroç qur-
 773. -dun-iyan unuba bi Hüdesütü quyay-iyan emüsbe bi
 774. Oñyitu üldü-be^{sen} bariba bi Onutu sumun-iyan onulaba
 775. bi Uduyit-Merkit-tür Üküldüye bö^{sed} ke^{sen} ügüle
 776. Toyuril-qan-aqa morilarun Burqan-Qaldun-u ebür-iyer
 777. Temüžin-anda-i daqari^ʔat irežü Onan-müren-nü
 778. teri^{sen}ün-e Botoqan-Bo^ʔurži-da bolžalduya Endeče
 779. morilarun Onan-müren ö^{sed}e otçu anda-yin ulus ende bui
 780. anda-yin ulus-aça niken түмен bi ende-eče niken түмен, qoyar
 781. түмен bolju Onan-müren ö^{sed}e otçu Botoqan-Bo^ʔurži-da
 782. bolžal qažar-a neyileldüye» ke^{sen} ügüležü ilebe.

Жамұқа тағы да бұй дейді:

«Темүжін аңдам, Тұғұрыл хан ағам екеуіне

Мен өзім

Қарасты туымды шашақтап

Қара бұқаның терісімен қаптаған

Дабырлаған дауысты

Дауылпазымды ұрғылап

Қара жүйрігімді мінемін.
 Темір сауытымды киініп,
 Қатты найзамды тұтынып,
 Қадалар оғымды кернедім.
 Қағатай Меркітке
 Қақтығысуға аттанайық
 деп жеткіз.
 Ұзын қарасты туымды шашақтадым,
 Өгіздің терісімен қаптаған
 Дүбірлеген дауысты
 Дауылпазымды ұрғылап,
 Ор жағал жүйрікті мініп,
 Кіреке сауытты киініп,
 Аша оғымды кернедім.
 Ұдүйыт Меркітке
 Өліскенше соғысайық деп жеткіз.
 Тұғырыл ағам аттанса
 Бұрқан Қалдұнның қойнауымен
 Темүжін андаға соғып келіп
 Онон өзені басы
 Ботақан Боғұржыда кездесейік,
 Анданың ұлысы осында бар.

Анда ұлысынан бір түмен, мен бұл жерден бір түмен — екі түмен болып Онон өзені басына барып, Ботақан Боғұржы деген келіскен жерде бірігейік» деп жіберіпті.

107-бөлім

783. Žamuqa-in ede üges-inü Qasar, Belgütei qoyar
 784. irežü, Temüžin-ne ügüležü, Toyuril-qan-na kelen күргебе.
 785. Toyuril-qan Žamuqa-in ede üges күрү^еелү^еet
 786. qoyar түмет morilaba. Toyuril-qan morilarun
 787. Burqan-Qaldun-u ebür Kelüren-ü Burgi-ergi žorin
 788. ayisi ke^еen Temüžin, Buryi-ergi-de бүрүн мөр-түр bui
 789. ke^еen žayilan, Tünkelik ö^еede ne^еüzü Tana-qoruqon-a
 790. Burqan-Qaldun-u ebür ba^уužu Temüžin tendeče čerik
 791. e^еüsgežü Toyuril-qan niken түмен, Toyuril-qan-nu
 792. de^еü, Žaqa-Qambu niken түмен qoyar түмед-iyer Qimurqa
 793. yoroqon-u Ayil — Qarayana-da ba^уužu бүкүй-түр neyilen
 794. ba^уuba.

Жамұқаның айтқан осы сөздерін Қасар, Белгүтей келіп Темүжінге жеткізді және Тұғұрыл ханға тіл жеткізді.

Тұғұрыл хан Жамұқаның сөзін алып барған елші жеткенде екі түмен болып аттанды. Тұғұрыл хан аттанарда Бұрқан-Қалдұнның қойнауы Керлен өзенінің Бүргі жағалауына беттеп келеді деп естіп, Темүжін Бүргі жағалауында жол үсті деп танып бөгет болмай Тана бұлаққа Бұрқан-Қалдұнның қойнауына түсіп қонып, Темүжін сол жерден әскер жасақтап Тұғұрыл хан бір түмен, Тұғұрыл ханның інісі Жақа-Қамбұ бір түмен болып екі түменімен Қымұрқа бұлақтың Айыл-қарағанда түсіп жатқанда бірігіп қонды.

108-бөлім

795. Temüžin, Toʻuril-qan, Žaqa-Qambu qurban qamtutči tendече

796. ködölzü Onan-nu teriʻün, Botoqan-Boʻurzi-da kürbesü

797. Žamuqa bolžal qažar-a qurban üdür urida kürčüʻüi.

798. Žamuqa ede Temüžin, Toʻuril, Žaqa-Qambutan-u

799. čeriʻüd-i üžeʻet Žamuqa qoyar tümet čeriʻüd-iyen

800. žasažu bayžuʻui. Ede-ber Temüžin, Toʻuril-qan,

801. Žaqa-Qambu tan čerigüd-iyen žasaʻat-gü kürülčežü žiči

802. tanildužu Žamuqa ükülerün: «Boroʻan ber boluʻasu;

803. Bolžal-tur Qura ber boluʻasu Qurul-tur bü qožidaya

804. Eseʻü keʻeldüleʻei bida Moŋyol, že andaqar-tan busut-u

805. Že-deče qožidaŋsan-i Žerge-deče qarŋaya

806. keʻeldüleʻei» keʻebe. Žamuqa-in üge-tür Toʻuril-qan

807. ükülerün: «Bolžal qažar-a qurban üdür qožit bayiba keʻen

808. qodulaqu-i čimarlaqu-i Žamuqa-deʻü medetüküi»

809. keʻebe. Bolžal-un čimar edüi ügüleldüzü.

Темүжін, Тұғұрыл хан, Жақа Қамбұ үшеуі бірігіп сол жерден қозғалып, Онон өзенінің басы Ботақан Боғұржыға жетсе, Жамұқа келіскен жерге үш күн бұрын келіпті. Жамұқа болса Темүжін, Тұғұрыл, Жақа Қамбұлардың әскерлерін көріп екі түмен әскерін жасақтап, дайындапты.

Сөйтіп, Темүжін, Тұғұрыл хан, Жақа Қамбұлардың әскерлері де жасақталынып, Жамұқа білгесін бүй дейді:

«Боранды жаңбырлы болса дағы

Болысқан серттен кешікпейік,

Құйын жауын болса дағы

Құрылтайға кешікпейік деп

Келіспедік пе біздер,
 Моңғолдарда
 «Жә, ант серттестер»
 демеуші ме еді,
 «Жә» дегеннен кешіккенді
 Қатарынан шығарайық
 демеуші ме еді».

Жамұқаның сөзіне Тұғұрыл хан: «Болысуға келіскен жерге үш күн кешікті деп қомсынбақты, шамданбақты Жамұқа іні білсін» дейді.

Сөйтіп келісімді уәде сөзі осылай айтылған-ды.

109-бөлім

810. Botoqan-Bo'uržin-ača ködölzü Qilqu-müren-ne kürçü
 811. sal huyažu ketülü^{set} Buyura-keker-e Toqtoya-beki-in
 812. Erüke dekereče Erkin ö^{set}ede Embürü daqarin
 813. orožu Eme-kö^{set}ü-inü Eçultele da'uliba Qutuq
 814. ö^{set}ede-inü Qu'uru daqarižu Qotola ulus inu
 815. Qoqiratala da'uliba. Toqtoya-beki-i kebbe^{set}e bö^{set}edere
 816. kürküi-yi Qilqu-müren-ne бүкүн žiyačın, buluqačın, köre^{set}ülüčін
 817. talbiysat «dayin ayişi» ke^{set}en süni dülin kelen kürgen otçu'ui
 818. Tere kelen kürge^{set}ülü^{set}et Toqtoya Uwas-Merkid-ün
 819. Dayir-Usun qoyar qamtutçu Selenge huru'u Baryužin
 820. oron čö^{set}en beyes-iyen dutayan buru'utçu'ui

(Олар) Ботақан Боғұржыннан қозғалып, Қылқұ өзеніне жеткен соң сал байлап кешіп, Бұғұра далада Тоқтоға бектің

Түндік төбесінен түңіліп

Опыра шауып кіріп,

Әйел-баласын шулатып жаулады.

Құтты есігін қақ жарып кіріп

Күллі ұлысын быт-шыт етіп жаулады.

Тоқтоға бектің жатқан жеріне жетер кезде Қылқұ өзендегі ба-лықшы, бұлғын аңшы, киік аулаушы елдер «жау шапты» деп қараңғы түнде тіл жеткізіп барыпты. Сол тіл жетіп, Тоқтоға мен Уас Меркіттің Дайыр Ұсұн екеуі бірігіп, Селеңгі өзеніне қарай Барғұжын жеріне аздаған ауылымен қашып кетіпті.

110-бөлім

821. Merkid-ün ulus Selenge huru'u süni-de dūrbezü
 822. yabuqui-tur bidan-u čeri^{set}üt dūrbezü yabuqun

823. Merkid-i süni-de-gü daružu dürbežü da'ulin talan
 824. yabuqui-tur Temüžin dürbežü ayisuqun irkin-tür
 825. «Börte, Börte» ke⁸en uñsižu yabuqui-tur učiražu
 826. Börte-Üžin tede dürbekün irkin-tür büžü⁸üi.
 827. Temüžin-ü da'ü sonusçu tanižu tergen-eče ba'uyat
 828. güyižü irežü Börte-Üžin Qo'aiqčün žirin Temüžin-ü
 829. žilu'a ilbür süni tanižu barižu'ui. Sara'ul büle⁸e.
 830. Üžebesü Börte-Üžin-i tanižu teberildün tuyalčaba
 831. Tendeče Temüžin, Toγuril-qan Žamuqa-anda, qoyar-a
 832. mün süni bö⁸ed ügüležü ilerün: «Eri⁸ü kereg-iyen
 833. olba bi. Süni bü düliy-e. Ende ba'uya bida» ke⁸ežü
 834. ilebe. Merkid-ün ulus dürbežü ayisuqu-yi süni-de
 835. sandurçu ayisuqu žayura mün tende ba'užu qonuba
 836. Börte-Üžin-i teyin žolu'aldužu Merkid-irkin-eče
 837. aburaysan yosun eyimü.

Меркіт ұлысы Селеңгі өзеніне қарай түнде үркіп қашқан кезде біздің әскерлер оларды өкшелеп қуып жатқанда Темүжін қашып бара жатқан жұрт ішінде «Бөрте, Бөрте» деп айғайлап іздейді. Сонда Бөрте-үжінмен ұшырасады. Ол қашып бара жатқан елдің ішінде екен. Бөрте-үжін, Қоғақчын екеуі Темүжіннің дауысын естіп, танып, арбадан түсіп жүгіріп келіп атының шылбырынан ұстап алыпты. Түнде ай жарық болатын. Көріскен Бөрте-үжінді таныған Темүжін құшақтап, аймалапты. Содан Темүжін Тұғұрыл хан, Жамұқа анда екеуіне сол түні елші жіберіп: «Іздеген жанымды таптым мен. Түнде шабуылдамайық. Осында қонайық біз» депті. Меркіт ұлысы қашып-пысып түні бойы сабылып жатқанда олар сол жерде түсіп, қонады.

Сөйтіп, Темүжін Бөрте-үжінімен жолығып, оны Меркіт елінен құтқарған жосығы осындай.

111-бөлім

838. Türün urida Uduyit-Merkid-ün Toqtoya-beki, Uwas-
 839. Merkid-ün Dayir-usun, Qayatai-Darmala ede qurban
 840. Merkit qurban ža'ut haran: «Üdür-ün erte Toqtoya-beki-in
 841. de⁸ü Jeke-Čiledü-deče, Jesükei-ba'atur-a Hö⁸elün
 842. eke-i buližu abtalai» ke⁸en te⁸ün-i ösügen hačilan
 843. otču'ui. Temüžin-i Burqan-Qaldun-ni qurban ta quči'ulqui-tur
 844. Börte-Üžin-i tende erüsčü Čiledu-in de⁸ü
 845. Čilker-Bökö-de asara'uluqsan ažu'u. Tere asaraysan-ar ažu

846. Čilker-Bökö dayičižu qarurun ükülerün: «Qara kere^e
 847. Qalısü körisü idekü žaya^ʔatu bö^eetele, Qala^ʔun toqura^ʔun-i
 848. idesü ke^een žešin ažu^ʔu **Qatar**¹² ma^ʔui Čilker bi
 849. Qatun Üžin-tür qalqu bolun Qamuq Merkit-te **hunta^ʔu**¹³
 850. Qaraču ma^ʔu Čilker Qara teri^eün-dür-iyen kürte^eü bolba
 851. Qayçaqan amin-iyen qoro^ʔun, Qarañyu qabčal širkusu
 852. Qalqa ken-e boldaquyu bi **Quladu**¹⁴ ma^ʔu šiba^ʔun
 853. Qulu^ʔana, **küçü^eene**¹⁵ ide^eü žaya^ʔatu bö^eetele Quñ
 854. toqura^ʔun-i idesü ke^een žešin ažu^ʔu. Qunar ma^ʔui
 855. Čilker bi Qutuqtai sutai Üžin-i Quriyažu ire^eü bolun
 856. Qotola Merkit-te hunta^ʔu bolba Qokir ma^ʔu Čilker
 857. Qoqimai teri^eün-düriyen kürte^eü bolba bi. Qoryosun-u
 858. tedüi amin-iyen Qoro^ʔun qaratu qarañqu qabčal-a
 859. širkusu Qoryosun-u tedüi amin-a min-ü Qoriya^ʔan
 860. ken-e boldaquyu bi» ke^eet dayižin duta^ʔažu^ʔu.

Бұрынырақта Ұдұйыт Меркіттің Тоқтоға бек, Уас Меркіттің Дайыр Ұсұн, Қағатай Дармала осы үш Меркіт үш жүз кісіні ертіп «ерте күнде Тоқтоғаның інісі Иеке Чіледүден Иесүкей батыр Өгелүн шешейді тартып алған-ды» деп, соның өшін қайтарып алуға аттанған себебі сол еді.

Бұрқан-қалдұн тауына кеткен Темүжінді іздеп үш рет қоршаған кезде Бөрте-үжінді сонда ұстап алып Чіледүдің інісі Чілкер-Бөкөге асыратқан екен. Енді сол асырап жүрген Чілкер Бөкө қашып кетіп бара жатып:

«Қара қарғаның тағдыры
 Қалған-құтқан теріп жемек болса да,
 Қаз-тырнаны жесем деп ойлар.
 Қатарым жаман Чілкер мен
 Қатұн Үжінге тиісіп,
 Күллі Меркітке зиян болдым.
 Қарабайыр Чілкер мен
 Қара басымды ойланып,
 Жаңғыз жанымды қорғалап,
 Қараңғы жерге кірсем де,
 Қалқалап кімге пана болармын.
 Құладың жаман құстың тағдыры
 Тышқан-мышқан жемек болса да,
 Аққу-тырна жесем деп ойлар.
 Құнары жаман Чілкер мен

Құтты, сұсты Үжінді
 Жинап алып жүрем деп
 Түгел Меркітке зиян болдым.
 Қоқырсық жаман Чілкер мен
 Қаңқа басымды ойланып,
 Қорғасындай жанымды қорғалап,
 Қап-қараңғы жерге кірсем де,
 Қорғасындай жанымды
 Қорғап кімнен қашармын» деп қашып жөнеліпті.

112-бөлім

861. Qaʿatai — Darmala-i erüsbe abčiražu Qabtasun buqaʿu
 862. emüsgežü Qaldun-Burqan-na žoriyulba. Belgütei-yin
 863. eke tere ayil-tur buyu keʿen žaʿaydažu
 864. Belgütei eke-yüʿen otču ker-tür-inü
 865. Belgütei baraʿun eʿüden-ber oroqu-luʿa, eke inü
 866. nabtarqai nekei deʿeltei žeʿün eʿüden ber qarūʿat
 867. qadana busu küʿün-ne ükülerün: «Köʿüt min-ü qat bolžuʿu
 868. keʿekdemüi. Bi ende maʿui küʿün-tür tübežü
 869. edüʿe köʿüt-yen niʿur ker üžeküi bi keʿeʿet güyižü
 870. šiqui hoi-tur širqužu tedüi erižü ese oldalai
 871. Belgütei-noyan Merkit-i ele yasutu küʿün-ni
 872. «Eke-i min-ü abčira» keʿežü yodolitqu büleʿe
 873. Burqan-ni qučilduysat qurban žaʿut Merkit-i
 874. Uruq-un uruq-a kürtele Hünesüker keyistele
 875. ülitkebe Hüleket eme köʿün an-u Ebüritkün
 876. medüs-i ebüritbe Eʿüden-dür oruʿuldaqun
 877. medüs-i Eʿüden-dür-iyen oruʿulba.

Қағатай Дармаланы тұтқындап әкеліп, қапшықты бұғау кигізіп Бұрқан-Қалдұнға жіберіпті.

Белгүтейдің шешесі сол ауылда бар деп көрсеткесін Белгүтей шешесін іздеп үйдің оң жақ есігімен кіре бергенде ескі тонды шешесі сол жақ есікпен шығып сырттағы бөтен біреуге: «Ұлдарым менің хандар болыпты деседі. Мен болсам мұнда жаман адамдармен ымыраласып, енді ұлдарымның бетіне қалай қараймын» деп жүгіріп ну орманға кіріп кетіпті, ол іздесе де табылмапты. Белгүтей ноян Меркіт текті кісіден «шешемді әкел» деп ата беріпті.

Бұрқан тауын қоршаған үш жүз Меркітті тұқымына жеткенше,
 Кұл-талқаны шыққанша,

Қалған әйел мен ұлын,
Құшақтарына, қойынға алды,
Есікте ұстарын есікте ұстады.

113-бөлім

878. Тоғурил-қан Жамуқа қойар-і Темүжин бүсірен үкүлерүн:
879. «Қан еңке мин-ү, Жамуқа-анда қойар-а нөкөчекдежі
880. Теңгері Қағар-а күңі немекдежі Еркегі Теңгері-де
881. нерейткі Еке Етүген¹⁶-е күргежі Ере һаңити
882. Меркіт иркін-І Ебүр ба ан-у һоқтырғуйи болғабә
883. Неліге ба ан-у һемтелбе бидә Оро ба ан-у һоқтырғуйи
884. болғабә Уруғ-ун ба күгүн-ни үлүткебе бидә
885. Нүлексед-і ба ан-у арбиләбә, же, бидә» Меркіт иркін-і
886. тедүйи бусағқағу иңуәә кеґелдүбе.

Тұғұрыл хан, Жамұқа екеуіне табынған Темүжин:
«Хан әкем менің, Жамұқа анда, екеуің нөкерлесіп
Тәңірі Жер күш қосылып
Ерікті Тәңірі аталып
Ана Етүкенге жеткізіп
Өш қасты Меркіт елінің
Түгін қалдырмай жойдық,
Бауырын қалдырмай жойдық,
Орнын қалдырмай жойдық,
Ұрпағы мен кісілерін үлестірдік,
Қалғандарын иемдендік біз»
деп, Меркіт елін сөйтіп талқандап қайтайық десіпті.

114-бөлім

887. Uduit-Merkit дүрберүн булуқан мағалай-ту, марал-ун
888. қодун¹⁷ үдус-ту, иңигиң жағуағ¹⁸ усун-у булуқан жағуаған
889. деґел-тү, табун насу-ту Күңү неретү нидүн-дүриен ғалту
890. көґүкен-і бидан-у чәриґүт, нунтуғ-тур қоғоғуған-і
891. олзу абґирағу Нөґелүн-еке-де саґуға¹⁹ абґу өккү отба

Ұдүйит Меркіт қашып-пысып кетерде бұлғын тымақты, марал терілі етікті, су бұлғынынан ішікке арнаулы жарғақты тонды бес жасар Күчү (Күш) атты көзінде отты балғынды біздің әскерлер жұртта қалғаннан тауып алып, Өгелүн шешейге сауға етіп әкеліп берген еді.

115-бөлім

892. Temüžin, To'uril-qan, Žamuqa qurban qamtutču, Merkid-ün
 893. «Čoryan²⁰ ker čo'oriyulžu Čoqtai eme-i arbilažu»
 894. Orqan, Seleŋge qoyar-un Talqun-aral-ača ičurun
 895. Temüžin, Žamuqa qoyar qamtutču, Qorqonaq-Žubur žorin
 896. ičuba. To'uril-qan ičurun Burqan-Qaldun-nu kerü-ber
 897. Hökörtü-Žubur daqarin, Qača'uratu-subčit, Huliyatu-subčit
 898. daqarin, görü⁸en inu abalaqat Tuγula-in Qara-Tün-ni
 899. žorin ičuba.

Темүжін, Тұғұрыл, Жамұқа үшеуі бірігіп Меркіттің
 «Биік түндікті үйін тесіп,
 Шырайлы әйелін иемденіп»

Орхон, Селеңгі екеуінің Талқун аралына қайтып келіп, Темүжін, Жамұқа екеуі қосылып Қорқонақ Жұбұрға бет алып қайтты.

Тұғұрыл хан қайтарда Бұрқан-қалдунның артымен Көкөртү Жұбұрды соғып, одан Қачағұратү (шыршалы) Сұбшыт, Ұлыятү (қызылды) Сұбшыт деген жерлерді соғып өтіп, киік аулап Туыл өзені Қара Түнді бетке алып қайтыпты.

116-бөлім

900. Temüžin Žamuqa qoyar Qorqonaq-žubur-a neyilen ba'uzu
 901. erden-ü anda bolulčaysan-iyen duradulčan anda
 902. tuŋquldužu amaralduya ke⁸eldübe. Aŋqa urida
 903. anda bolulčarun Temüžin harban niken nasutu бүкүй-түр
 904. Žamuqa quraltay šiγa²¹ Temüžin-e ökcü, Temüžin-ü
 905. čingültüktü šiγa²² anda bolulčažu anda ke⁸eldüksen
 906. Onan-nu mölsun-tür ši'älžaqi-tur, tende anda ke⁸eldüle⁸ei
 907. Te⁸ün-ü qoyina qabur alaŋγir numutan²³ qarbiyaldun
 908. бүкүй-түр Žamuqa bura'γu-in qoyar eber ni'ažu
 909. nükeležü da'utu yor²⁴-iγan Temüžin ökcü, Temüžin-nü
 910. arča maŋlai-tu γodoli aralžižu andačilalduba.
 911. Nököte anda ke⁸eldüksen yosun tejimü.

Темүжін, Жамұқа екеуі Қорқонақ Жұбұрда қатарласа түсіп, ежелден анда болғандарын еске алысып, бекісіп достасайық депті.

Алғаш анда болысқанда Темүжін он бір жаста еді. Жамұқа құралай асығын Темүжінге беріп, Темүжіннің құймалы шұңқыр асығын ол алып, анда болысып ант-су ішкен, Ононның мұзында асық ойнап, анда болысқан еді.

Содан кейін жазғытұрым қарағай садақпен атысып жатқанда Жамұқа бұзаудың мүйізін желімдеп тесіп жасаған дыбысты оғын Темүжінге беріп, Темүжіннің арша басты шолақ оғын алмасып анда болысқан еді.

Қайтадан анда болысқан жосыны сондай.

117-бөлім

912. Uridus ötögüs-ün üge sonusçu «Anda kü⁸ün amin niken ülü
913. tebčildün Amin-ü ariči boluyu ke⁸en Amaralduqui yosun
914. tejimü». Edü⁸e basa tuḡyuldužu amaraya
915. ke⁸eldüžü, Temüžin Merkit-ün Toqtoya-i
916. arbilažu abuqsan altan büse Žamuqa-anda-da
917. büsele⁸ülbe. Toqtoya-in esgel²⁵ qali⁷un-i Žamuqa-anda-da
918. unu⁷ulba. Žamuqa Uwas-Merkid-ün
919. Dayir-Usun-i arbilažu abuqsan altan büse
920. Temüžin-anda-da büsele⁸ülbe. Dayir-Usun-u-gü
921. Ebertü-ünü⁸ün-čaqa⁷an-i Temüžin-e unu⁷ulba.
922. Qorqonaq-Žubur-un Quldaqar Qun-nu ebür-e saqlaqar
923. Modun-a anda ke⁸eldüžü amaraldužu qurimlan
924. Toyilan²⁶ žiryaldužu süni könžile-de⁸en qaγca qonulduqun
925. büle⁸e

Бұрын аталы сөз тыңдап
«Анда адамның жаны бір,
Олар өзара шекіспейді,
Жанын беруге болар деп
Достаспақ жосыны сондай»,

енді бекісіп достасайық деп Темүжін Меркіттің Тоқтоға бегінен олжалап алған алтын белдікті Жамұқа андасына тақты. Тоқтоғаның екі жасар құласұр атын Жамұқа андасына мінгізді. Жамұқа Уас Меркіттің Дайыр Ұсұннан олжалап алған алтын белдікті Темүжін андасына тақты. Дайыр Ұсұнның боз жүйрігін Темүжінге мінгізді.

Қорқанақ Жұбұрдың Құлдақар Құнның қойнауында бұтақты ағашты жерде анда десіп сырласып тойлап, шаттанып, түнде бір көрпеге оранып қонған болатын.

118-бөлім

926. Temüžin Žamuqa qoyar amaraldurun, niken hon
927. nökö⁸e hon-u žarin amaraldužu tere aγsan nuntuq-ača

928. niken üdür ne^süye ke^seldüžü ne^sügürün žun-u teri^sün
 929. sara-in harban žiryu^γan-a hula^γan-tergel üdür
 930. ne^sübe. Temüžin, Žamuqa qoyar qamtu tergedün
 931. urida yabužu ayisurun Žamuqa ükülerün:
 932. «Temüžin anda, anda A^γula šiqan ba^γuya, Adu^γučin bidan-u
 933. Alačuq-a²⁷ kürtüküi Qol-tur šiqan ba^γuya Qoničit
 934. quri^γačit bidan-u Qo^γulai-a kürtüküi» ke^sebe.
 935. Temüžin Žamuqa-in ene üge-i uqan yadažu, semiyer
 936. bayižu qoçorçu ne^süri dunda terget küličežü
 937. ne^süri bö^sed Temüžin Hö^selün-Eke-de: «Žamuqa-anda
 938. ügülemü: A^γula šiqan ba^γuya Adu^γučin bidan-u
 939. Alačuq-a kürtüküi Qol-tur šiqan bayuya Qoničit
 940. quri^γačit bidan-u Qo^γulai-a kürtüküi» ke^sen
 941. ügülemü. Bi ene üge inu uqan yadažu qari^γu-inu
 942. ya^γu ba ese ügülebe bi. Eke-deče asaqsu ke^sen irebe bi»
 943. ke^sebe. Hö^selün-eke-i doḡyodu^γa
 944. üdü^süye Börte-Üžin ükülerün: «Žamuqa-anda
 945. uyidaḡya ke^sekden büle^se. Edü^se bidan-ača
 946. uyitqu čaq bolba. Tuqar-un Žamuqa-anda-in
 947. kelelexsen kelen bida-tur bö^sed žešikü üge buyu
 948. Bida bü ba^γuya. Ene ködölükseker šili^γu-ya
 949. qaḡačan, süni dülin ködölüye, bö^sed» ke^sebe

Темүжін, Жамұқа екеуі сырласып, бір жыл одан келесі жылдың жартысына дейін бірге достасып, сол жайлаған жеріне бір күні көшейік десіп, көшерде жаздың бас айының он алтысы қызыл толық ай толған күні көшіпті.

Темүжін мен Жамұқа екеуі қатарласа арбалардың алдында жүргенде Жамұқа:

«Темүжін, аңдам, аңдам,
 Тауға жақын қонайық,
 Жылқышы біздің
 Алаша үйіміз болсын,
 Өзенге жақын қонайық,
 Қойшы-қозышы біздің
 Ас-тамағымыз болсын» депті.

Темүжін Жамұқаның бұл сөзін ұға алмай үндемей қалып қалды да, көштің орта шеніндегі арбаларды күтіп алып. Өгелүн шешесіне:

«Жамұқа аңдам бүй дейді:
 Тауға жақын қонайық,

Жылқышы біздің
Алаша үйіміз болсын,
Өзенге жақын қонайық,
Қойшы-қозышы біздің

Ас-тамағымыз болсын» деді. «Мен бұл сөзді ұға алмай жауап қатпадым. Шешемнен сұрайын деп келдім» дейді.

Өгелүн шеше тіл қатқанша Бөрте-үжін:

«Жамұқа анданы тез зерікпе мінезді дейді. Енді бізден де зерігетін шақ келді. Жаңағы Жамұқа анданың айтқан сөзі бізді сынап-мінегені болса керек. Біз айтқанымен қонбайық. Біз осы көшкен бойымызбен түні бойып жүріп алыстап кетейік» депті.

119-бөлім

950. Börte-Üžin-ü üge-ber žöbšiyezü ülü ba'un
951. süni dülün ködölžü ayisuqu-tur ža'ura mör-tür
952. Tayiči'ut-i daqariba. Tayiči'ut ber kökižü
953. mün süni bö^{ed} žoričan, Žamuqa žük ködölbe-gü
954. Tayiči'ut-un Besüd-ün nuntuq-tur niken üçügen Kököcü
955. neretü kögün-i nuntuq-tur qoçoruqsani bidan-u-qai
956. abu'at irežü Hö^{elün}-eke-de ökbe.
957. Hö^{elün}-eke težiyebe.

Бөрте-Үжіннің сөзін қолдап, мұнда түсіп қонбай, түні бойы жүріп отырып, Тайычығұттармен кезігеді. Тайычығұттар үркіп-шошып сол түні Жамұқа жаққа қарай көшіп кетерде тайычығұттардың Бесүтінің жерінде бір кішкентай Көкөчү атты ұл қалып қалғанын біздікілер алып келіп Өгелүн шешейге береді. Өгелүн шеше (оны) асырап алды.

120-бөлім

958. Tere süni dülizü üdür keyi^{esü} üze^{esü} Žalayir²⁸-un
959. Qači'un-Toqura'un, Qaraqai-Toqura'un, Qaraldai-
960. -Toqura'un ede qurban Toqura'un²⁹ aqa-nar de^ü-ner
961. süni dülildüzü ayisun ažu'u. Basa Tarqud-un
962. Qada'an Daldurqan aqa-nar de^ü-ner tabun Tarqut
963. ayisun-gu ažu'u. Basa Müngetü-Qiyan-u kö^{ün} Üngür-tan
964. Čaņši'ut, Baya'ud-iyar-an ayisun-gu ažu'u. Barulas-ača
965. Qubilai-Qudus aqa-nar degü-ner irebe
966. Mañyut-ača Žetei, Doqolqu-Čerbi³⁰ aqa de^ü qoyar

967. irebe. Bo'urču-in de^sü, Ö^selen-Čerbi
 968. Arulat-ača qa'āčažu aqa-dur-ıyan neyilen Bo'urču-tur
 969. irebe-kü. Želme-in de^sü Ča'urqan
 970. Sübe^setei-Ba'atur Uryañqan-ača qa'āčažu Želme-tür
 971. neyilen irebe. Besüd-eče Degei, Kücü^sür
 972. aqa de^sü qoyar irebe-kü. Süldüs -eče
 973. Čilgütei, Taqi, Tayiči'utai aqa-nar de^sü-ner
 974. irebe-kü. Žalayir-un Seče-Domoq, Arqai-Qasar, **Bala**³¹
 975. qoyar kö^süt-ıyer-en irebe-kü. Qoñqotan-ača
 976. Süyiketü-Čerbi irebe-kü. Sükeken-ü Žegei,
 977. Qoñdoqor-un kö^sün Sükekei Žegün irebe-kü. Ne^südei
 978. Čaqa'an-Uwa irebe-kü. Olqonud-un Qıñyi-Yadai
 979. Qorlos-ača Sečeigür, Dörben-eče Möci-Bedü^sün
 980. irebe-kü. İkires-ün Butu ende küre^sete
 981. yabuqsaqar irebe-kü. Noyaqın-ača Žuñso
 982. irebe-kü. Oronar-ača Žiryu'an irebe-kü
 983. Barulas-ača Suqu-Sečen, Qaraçar kö^sün-lü^se-ben
 984. irebe-kü. Basa Baqarın-u Qorči-Usun-übügen
 985. Kököčös, Menen-Baqarın-ıyer-en niken küre^sen
 986. irebe-kü.

Сол түн түні бойы жүріп, таң атып қараса Жалайырдың ағалы-інілі Қачығұн-Тоқырағұн, Қарақай Тоқырағұн, Қаралтай Тоқырағұн үш тоқырағұн түнде келіп жеткен екен. Және Тарқұттардың Қадаған Далдұрқан ағалы-інілі бес тарқұттар келе жатыр екен. Тағы Мөңкіт Қиянның ұлы Үңгір бастаған Чаңчығұт, Байағұтымен келе жатыр екен. Барұластан Құбылай, Құдыс ағалы-інілілер келді. Маңғұттан Жетей, Доқолқұ чербі аға-іні екеуі келді. Боғұрчұның інісі Өгелін чербі Арұлаттан айырылып, ағасы Боғұрчұға келді. Желменің інісі Чағұрқан Сүбегетей батыр Ұрыяңқайдан айырылып, Желмеге келді. Бесүттерден Дегей, Күчүгүр аға-іні екеуі келді. Сүлдүстен Чілгүтей, Тақы, Тайычығұтай ағалы-інілер келді. Жалайырдан Сеше-Домақ, Арқай Қасар, Бала екі ұлымен келді. Қоңқотаннан Сүйікетү чербі келді. Қоңдоқұрдың ұлы Сүкекей Жегүн келді. Негүдей Шаған Уа келді. Олқұнұттың Қыңғы Иадай, Қорластан Сешігір, Дөрбеннен Мөші Бедүгүн келді. Ікірестің Бұты осында күйеу болып жүріп келді. Ноянқаннан Жұңсо келді. Оронардан Жырғұған келді. Барұластан Сұқы-шешен Қарашар деген ұлымен келді. Тағы Бағарынның Қоршы-Ұсұн ақсақал Көкөчөс, Менен Бағарындарымен бір ауыл-аймақ болып келді.

121-бөлім

987. Qorči irežü ükülerün: «**Bodunčar-Boγda**³²-in barižu
 988. Abuqsan eme-deče töreksen ba, Žamuqa-lu'a «Ke⁸eli
 989. Niketen **Keke**³³ qayčatan» büle⁸ei ba. Žamuqa-dača
 990. ülü qaqačaqun büle⁸e ba. ža'arin³⁴ irežü nadur
 991. Nidün-duriyen üže⁸ülba. Qo'aqč'in üniyen irežü-
 992. Žamuqa-i horčižu yabužu ker tergen-inü
 993. mürgüle⁸et Žamuqa-i mürgüžü öre⁸ele
 994. eber-iyen ququražu solžir-ebertü bolžu
 995. «Eber min-ü, ača!» ke⁸en-ke⁸en Žamuqa-in žük mö⁸ören
 996. mö⁸ören širo'ai sačun-sačun baimu. Muqular
 997. qo'a hüker yeke ker-lü⁸e dekere ergüžü
 998. kölžu žitküžü Temüžin-ü qoyin-ača yeke terge⁸ür-iyer
 999. mö⁸ören mö⁸ören ayisurun:
 1000. «Teңgeni qažar eyetöldüžü Temüžin-i ulus-un
 1001. Ežen boltuqai» ke⁸en ulus te⁸ežü
 1002. ayisuy ke⁸en ža'arit nidün-dur üže⁸ülžü
 1003. nadur ži'ana. «Temüžin či, ulus-un Ežen
 1004. bolu'asu, nama-i ži'aγsan-u tula, ker
 1005. žirγa'ulqu či» kegebe. Temüžin ükülerün:
 1006. «Ünen tere ulus mede⁸ülü⁸esü tümen-ü noyan
 1007. bolγasu» ke⁸ebe. «Ele edü töre-i ži'aγsan
 1008. kü⁸ün-ni nama-i tümen-ü noyan bolγabasu, ya'un
 1009. žirγalaŋ buy. Tümen-ü noyan bolγa'at ulus-un
 1010. qo'ais sait ökit darqalan abqa'ulžu
 1011. γučin ba emestü bolγa. Basa ya'u keleleksen-i
 1012. min-ü esergü sonus» ke⁸ebe.

Қоршы келіп:

«Бодұнчар Боғданың ұстап алған әйелінен туған біздер Жамұқамен бір анадан, бір құрсақтан едік. Жамұқадан айырылар жөніміз жоқ еді. Жауырыншы келіп менің көз алдыма жайып салды. «Қызылша сиыр келіп Жамұқаны айналып жүріп үйлі арбаны сүзіп жіберді. Жамұқаны сүзіп сыңар мүйізін сындырып алды да, сыңар мүйізді болып қалды. «Мүйізімді бер!» деп Жамұқа жаққа мөңірей-мөңірей топырақ шашып тұрды. Мұқыл қызылша сиыр үлкен үйді төбесіне іліп алып, Темүжіннің артынан үлкен арбаны жегіп жүріп, мөңірей-мөңірей жүрген еді.

«Тәңірі Жер жарылқап

Темүжін ұлыстың иесі болсын»

деп ел ұлысты тиеп артып келеді деп жауырыншылар көзіме көрсетіп маған үйретті. «Темүжін, сен ұлыстың иесі болсаң, менің айтқаным орындалса қайтіп жырғатарсың сен» дейді.

Темүжін:

«Шынында солай ұлысты билер болсам, түменнің нояны етермін сені» дейді.

«Олай болса енді төрелікті көрсеткен адам мені түменнің нояны болдырсаң қандай бақыт. Түменнің нояны етіп, ұлыстың сұлу қыздарынан қалағанымша алдырып, отыз әйелді болдыр. Және тағы не айтарымды жақсы тыңда» дейді.

122-бөлім

1013. Qunan ten⁸üten Geniges niken küre⁸en irebe-kü

1014. Basa Daritai-Otçiyin niken küre⁸en irebe-kü

1015. Žadaran-ača Mułqalqu irebe-kü. Basa Uñžin

1016. Saqayit niken küre⁸en irebe-kü. Žamuqa-dača tedüi

1017. qaqačan ködölü⁸et Qimurqa-ğoroqon-u Ayil-Qaraqan-a

1018. ba⁷užu büküi-tür, basa Žamuqa-dača qaqačažu

1019. Žürkin-ü Sorqatu-Žürki-in kö⁸ün, Sača-Beki, Tayiču

1020. qoyar, niken küre⁸en, basa Nekün-Tayisi-in kögün, Quçar-beki

1021. niken küre⁸en, basa Qutala-qan-u kögün Altan-Otçiyin

1022. niken küre⁸en ede, basa Žamuqa-dača qaqačan ködelžü

1023. Temüžin-i Qimurqa-qoquqan-u Ayil-Qaraqana-da

1024. ba⁷užu büküi-tür neyilen ba⁷uba. Tendeče ne⁸üžü

1025. Kürelgü dotora Seңgür-qoquqan-u Qara-Žürü⁸en-ü

1026. Kökö-na⁷ur ba⁷uba

Құнан бастаған Кенігес бір ауыл-аймақ келді. Тағы Дарытай Отчығын бір ауыл-аймақ келді. Жадараннан Мұлқалқы келді. Тағы Ұнжын Сақайыт бір ауыл-аймақ келді.

Сөйтіп, Жамұқадан айырылып, қозғалып Қымұрға бұлақтың Айыл Қарағанында түсіп жатқанда, тағы Жамұқадан айырылып Жүркіннің Соғұрқаты Жүркінің ұлы Сачабек, Тайычү екеуі бір ауыл-аймақ болып және де Некүн Тайсының ұлы Құшар бек бір ауыл-аймақ, тағы Құтала ханның ұлы Алтын Отчығын бір ауыл-аймақ, бұлар барлығы Жамұқадан айырылып Темүжін Қымұрқа бұлақтың Айыл Қарағанында түсіп жатқанда бірігіп қосылып түсті. Содан көшіп Күрелкі ішінде Сеңгір бұлақтың Қара Жүрүтеннің Көк көліне қонды.

123-бөлім

1027. Altan, Qučar, Sača-beki bürin eyetüldüzü
 1028. Temüžin-e ükülerün: «Čima-i qan bolıaya» Temüžin-i
 1029. qan bolı'asu Ba olon dayin-tur Alyinči ha'ulžu Önge sayin
 1030. Ökin qatun Ordo ker
 1031. Qari irkin-ü Qačar qo'ai Qatun öki Qaryan sain aqta
 1032. Qatara'ulžu ačıražu öksü ba Oro'a göre'esün abalaqasu
 1033. Uturažu öksü ba Keker-ün göre'esün-ü Ke'eli inü
 1034. niketele Šiqazu öksü. Qun-u
 1035. göre'esün-ü yuya inu niketele Šiqazu öksü ba
 1036. Qatqulduqui üdür Qala³⁵ čin-u buši bolıa'asu
 1037. Qari-siri³⁶-deče, Qatun eme-deče min-ü Qaqača'ulžu
 1038. Qara teri'sü man-u Qazar-kösür³⁷-tür ke'ežü ot
 1039. Eñke üdür Eye čin-ü ebde'esü Eres harad-ača
 1040. Eme kö'üt-eče man-u Heriče'sülzü Eže üküi qazar-a
 1041. ge'ežü ot» Edüi üge baraldužu, Eyin aman aldažu
 1042. Temüžin-i Čingis-qayan ke'en nereyitcü qan bolıaba

Алтын, Құчар, Сачабек бәрі ақылдасып Темүжінге бүй дер:

«Сені хан көтерейік».

Темүжін хан болса

Біз көп жорыққа

Бастап шабуылдап,

Өңі сұлу

Қыз-қатын,

Орда үй,

Жат елдің

Сұлу қыздарын,

Қатын-қыздарын,

Жақсы ат-арғымағын,

Желдіртіп әкеліп берсек дейміз.

Қашаған киік ауласаң

Алдынан шығып берейік.

Даланың киігі шалдыққанша

Қуып, қысып ұстайық,

Жыраның киігі шалдыққанша

Сирақ санын байлап,

Қуып, қысып берейік.

Қақтығысып соғысар күндерде

Қалауыңдай етпесек,
 Қол-аяғымыздан,
 Қатын-әйелден ажыратып,
 Қара басымызды
 Қара жерге тастарсың!
 Жайма-шуақты күндерде
 Бірлігіңді бұзсақ біз
 Ерлер мен халықтан,
 Әйел, ұлдардан бізді ажыратып
 Иен далаға тастарсың!»
 Осылайша сөз айтысып,
 Осылайша сөзге бекісіп,
 Темүжінді Шыңғыс қаған деп атап хан көтерді.

124-бөлім

1043. Čingis-qayan bolu^γat, Bo^γurču-in de^{sü} Ögölei-Čerbi
 1044. qor aqsaba³⁸. Qači^γun-Toqura^γun qor aqsaba. Žetei,
 1045. Doqulqu-Čerbi, aqa de^{sü} qoyar qor aqsaba. Öngür
 1046. Süyiketü-Čerbi, Qada^γan-Daldurqan qurban ükülerün:
 1047. «Mana qar-un undan Bü meküside^{sülsüküi} Üde-in undan Bü
 1048. Osoldosuyay» ke^sen ba^γurčın³⁹ bolba. Tekei ükülerün:
 1049. «Šile^{sü} irge Šülen bolıažu, Mana qar bü meküdesü
 1050. Qonuq-tur bü qožidasu Alaqči^γut qonid-i adu^γulažu
 1051. Aran⁴⁰ dü^{sürgesü} Qoñqoqči^γut qonid-i adu^γulažu
 1052. Qotan⁴¹ dü^{sürgesü} Qo^γulančar ma^γui büle^se bi
 1053. Qonit adu^γulažu Qoñžiyasun idesü bi» Tekei qonit
 1054. adu^γulaba. De^{sü}-inü Küčü^{sür} ükülerün:
 1055. «Čo^γuryatai tergen-i Či^{sü} inü bü či^{sü}üde^{sülsü}
 1056. Tengisgetei tergen-i Terge^{sür} dekere bü te^{süre}^{sülsü}»
 1057. ke^sežü «ker-tergen doyasu» ke^sebe
 1058. Dodai-čerbi «ker dotor-a kergen tutqar-i basa^γalasuyai»
 1059. ke^sebe. Qubilai, Čilyutai, Qaraqai-Toqura^γun qurban-ni
 1060. Qasar-lu^γa bolun üldüs aysažu: «Küčürgekün-i
 1061. Küzü^{süt}-an-u kiñgüritkün Omorqaqun-i — Omori^γut
 1062. oñlažitqun» ke^sebe. Belgütei, Qaraldai-Toqura^γun
 1063. qoyar-i: «Aqta barıtuyai, Aqtačin boltuyai» ke^sebe
 1064. Tayiči^γutai Qutu, Moriči, Mulqalqu qurban-ni:
 1065. «Adu^γu adulatuqai» ke^sebe. Arqai-Qasar,
 1066. Taqai, Sükekei, Ča^γurqan dörben-ni «Qola-yin qo^γučağ
 1067. Oyira-yin odora⁴² boltuyai» ke^sebe. Sübe^setei-

1068. Ba'atur ükülerün: «Quluyana bolžu, Quriyaldusu
 1069. Qara ker'e bolžu, Qada'un бүкүн-i Qarmaldusu
 1070. Nenbe isegei bolžu, Nemürleldün sorisu
 1071. Keriske⁴³ isegei bolžu, Ker žük kerisgeleldün
 1072. sorisu» ke'ebe.

Шыңғыс қаған болып, Боғұрчұның інісі Өгөлей чербіге қорамсақ берді. Қачығұн тоқұрағұнға қорамсақ берді. Доқұлқы чербі ағалы-інілі екеуіне қорамсақ берді. Өңгүр, Сүйікетү чербі, Қадаған Далдұрқан үшеуі бүй дейді:

«Таңертеңгі сусын
 Бұзылмай қадағалансын,
 Түскі ас
 Бұзылмай қадағалансын» деп бауыршы-асшы болды.

Текей:

«Еркек қойды
 Сорпа етсек,
 Ертеңінде бұзылмасын,
 Қонағына кешікпесін,
 Ала қойларды жайып
 Қораға толтырсақ,
 Қоңыр қойларды жайып
 Қотанға толтырсақ,
 Тамақсау едім мен
 Қойларды жайып
 Көтенішек жесем мен». Текей қойларды жайды.

Інісі Күчүгүр:

«Бастырғылы арбаның
 Шығыршығы шықпасын,
 Білікті арбаның
 Білігі шығып аунап кетпесін» деп «үйлі арба түзейін» дейді.

Додай чербі «Үй ішіндегі күң әйелді басқарайын» дейді.

Құбылай, Чылғұтай, Қарғай тоқұрағұн үшеуі Қасармен қатарласа қылыш асынып:

«Күш көрсеткендердің
 Мойындарын кесейік,
 Өр көкіректердің
 Омырауларын тесейік» дейді.

Белгүтей, Қаралтай тоқұрағұн екеуіне «Жылқы қайырып,
Жылқышы болсын» деді.

Тайычығұтай Құтұ, Моричы, Мұлқалқы үшеуін «Жылқы
бақсын» деді.

Арқай Қасар, Тақай, Сүкекей, Чағұрқан төртеуін
«Алысқа жетер қайың оқ
Жақынға жетер айыр оқ болсын».

Сүбегетей батыр:

«Тышқан сияқты болып

Жинасайық,

Қарақарға сияқты болып

Сырттағы барлығын тиянақтайық,

Жапқыш киіз сияқты болып

Пана болып берейік,

Керіске киіз сияқты болып

Үй-жұртты қорғап берейік» дейді.

125-бөлім

1073. Tende Čingis-qayan, qan bolžu, Bo'urču, Želme qoyar-a

1074. ükülerün: «Ta qoyar namay-i Se^süder-eče busu

1075. nöker üküi-tür Se^süder bolžu Setkil min-ü

1076. amu'ulba že ta. Setkil-tur atuqai ke^sebe

1077. Se^sül-eče busu čiču'a üküi-tür Se^sül bolžu, Žirüke

1078. min-ü amu'ulba že ta. Če^seži dотора min-ü atuqai»

1079. ke^sebe. «Ta qoyar, urida bayiqsaqar, ede

1080. бүкүн-i aqalažu, үлү^sü⁴⁴ aqun, ta» ke^sebe. Basa

1081. Čingis-qayan ükülerün: «Teңgeri qažar-a küčü nemežü

1082. ihe^sekde^sesü ta Žamuqa-anda-ača nama-i ke^sen

1083. setkižü, nököčesü ke^sen irekset, ötögüs öžžeten

1084. nököт min-ü үлү^sü bolu'užai ta» ke^sebe

1085. žük-žük tušiba tani.

Сонда Шыңғыс қаған хан болып Боғұрчү, Желме екеуіне:

«Сен екеуің мені

Көлеңкеден басқа нөкер жоқта

Көлеңке сынды болып

Көңіліме демеу болдыңдар,

Көңілде болсын дедім.

Құйрықтан басқа шашақ жоқта

Құйрық сынды болып
Жүрегіме қолдау болдыңдар,
Көкірегімде сақталсын» дедім.

«Сен екеуің әуел бастан бұрын болып, басқаларының ағасы болып, ұлығы боларсыңдар» деді.

Тағы Шыңғыс қаған:

«Тәңірі Жер жарылқап, күш қосып есіркесе, сендер Жамұқа аңдадан гөрі мені деп ойлап, нөкерлессек деп келгенсіңдер. Текті де аталы, берекелі нөкерлерім, менің ұлықтарымы болғайсыңдар» деп оларды түс-түс қызметке тағайындады.

126-бөлім

1086. Čingis-qayan-ni qan bolγaba kegen, Kereyid-ün Toγuril-

1087. qan-tur Taqai, Sükekei, qoyar-i elči ilebe

1088. Toγuril-qan: «Temüžin kö⁸ün-i min-ü qan bolγažu nai

1089. žöb. Moγγol qat ükü⁸ün ker aqun ta Ene eye-ben

1090. bü öbdetkün Eye žaγγi-ben bü talutqun Žaqa-ban

1091. bü tantulutqun» ke⁸ežü iležü.

Шыңғыс қағанды хан болдырдық деп Керейдің Тұғұрыл ханына Тақай, Сүкекей екеуін елші етіп жіберді.

Тұғұрыл хан:

«Менің Темүжін ұлымды хан көтеру өте орынды. Моңғол хандарсыз қалай болмақсыңдар.

Бірлік-берекелеріңді бұзбаңдар,

Еп, тірліктеріңді үзбеңдер,

Аға-жағаларыңды жыртпаңдар» деп қайтара жауап жіберіпті.

Түсіндірмелер

¹ Toγuril — Тоорыл. Сөзбе-сөз: «Тоғұрыл//Тұғұрыл». Көне түрік сөзі: Toγuril > Toγüril > Тоғұрыл «Жыртқыш құс — Тоғұрыл». «Toγuril — жыртқыш құстардың бірі. Мың қазды өлтірер, бір данасын жер. Бұл еркек аты да болады» (DLT. Silt. I. S. 482), «sunqar — сұңқар құсы, жыртқыш құстардың бірі. Бұл Toγuril — құстан кішігірім» (DLT. Silt. III. S. 381). Керейлердің «Оң-ханының» өз аты осы Тоғұрыл. Моң: Toγuril > Тоорил.

² Tümet — түмет. Сөзбе-сөз: «Он мыңдар». Моң: tümen — «он мың» + t- «көптік жалғауы» > tümet.

³ **ülütkežü** — үлеткежү. Сөзбе-сөз: «бөлістіріп». Қаз: «үлестіру» деген сөзбен төркіндес. Бұл жолы «үлес-үлес етіп тарату, жаулап алу» деген мағынада.

⁴ **köürge** — көүрге. Сөзбе-сөз: «даңғыра». Қаз: күңгірік, күмбірлеу сөзімен төркіндес. Мағынасы «даңғырық, дабыл қағып күңгірлеген дыбыс шығаратын».

⁵ **Dabčitu qur** — дабчытү құр. Сөзбе-сөз: «қорамсақты құр-бау». Бұл сөз қыт: «бастырғы, басқыш» деп аударылған. Моң: dabčitu — «жайдың адырнасы ұзын болуын» және qor > хор «оқ қабы, қорамсақ» деген мағынада қолданылады дейді (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 260). Моң: dabčitu // > дайз — «оқшантай», qor > сум «оқ» деп (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 232) деп те қарастырған. Манжүр: **dasqufan** — «қорамсақ» (дасхувань — «колчан для стрел из кожи или холста» — Захаров ПМРС, 1875. С. 786, Баярсайхан, Отгонтуул — Mongyol manju toli, 1997. С. 274).

Біздің пікірімізше бұл «dabčitu» тұңғыс-манжүр түбірлі сөз, ал qur- «жалпақ құр бау, белбеу» дегенді білдіреді. Қаз: **qur** > құр — «тоқып немесе есіп жасалынған бау» (Қазақ ТТС. 6-т., 489–490-бб.). Хакас: хур- /пояс, кушак/ — «белбеу» (Бутанаев В. Я. Хакасско-русский историко-этнографический словарь. Абакан, 1999. С. 195).

⁶ **Orqon//Orqan** — Орқон. Көне түрік бітік: **Orqon // Orqun** > Орқон // Орхон өзені. Қазіргі Моңғолияның орталық аймақтарындағы өзеннің атауы. ***Or-qan** > **Orqun** деген сөздің мағынасы «орталықтағы қаған ордасы немесе орталық билік өзені» дегенді меңзейді. Бұл **or** > ор деген түбір сөз өте жиі қолданылады әрі **Or+қан // Or+қун, Or+ду, Or-та, Or+да** (қырғыз тілінде ***rog** > **bor** > **wor** > **Or+or** > **Бор+бор** «орталық») т. б. тарихи атауларында көп ұшырасады. Қазақ тілінде орта, орда, орын, орындық, ор т. б. сөздерде сақталған. Моң: ор (төсек), орд (орда, сарай), ордон (сарай), орон (орын) және т. б. сөздері кездеседі.

⁷ **Selenge** — Селеңге. Көне түрік бітік: **Selenge** > Селеңе // Селеңге. Моң: **Selenge** > Сэлэнгэ. Қазіргі Моңғолияның солтүстігіндегі өзеннің атауы. Орхон өзенінің орта ағысы. Көне түріктердің мекендейтін «**Orqun** > Орхон» өзенін тұңғыс-манжүрлер **Selenge** деп атаған. **Sele** деген тұңғыс-манжүр тілдерінде — «темір, темір кені, шойын, сауыт, жебе, қылыш» деген сөз. Демек **Selenge** деген — «темірлік, темірші» деген сөз (Захаров — ПМРС, 1875. С. 585; ССТМЯ-2. С. 140–141). Қаз: **селебе** — 1) ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ, ұрыс қаруы; 2) қиын-қыстау кезең, апат (Қазақ ТТС. 8-т., 258-б.; Қазақ тілінің сөздігі. 1999. 567-б.) деген сөзде сақталған. Моң: **selem-e** > сэлэм — «қылыш, семсер» деген сөз де осы **selenge** деген атаудан пайда болған. Селеңге өзенінің басы моң: «Дэлгэр (Кең жазира) мөрөн» деп аталады (Ринчен Б. Монгол бичгийн хэлний зүй. Гутгаар дэвтэр. Улаанбаатар, 1960. 26–27).

⁸ **Talqun-Aral** — Талқун арал. Орхон, Селеңге өзендерінің құйылысындағы алқап.

⁹ **Kingüs** — кінгүс. Қаз: кеңіс — ашық жер, кең алаң.

¹⁰ **Qara'atu tuу** — қараатү түг. Сөзбе-сөз: «қарасты ту». Моң: **Qara'atu** — қарасты, билігіндегі. Көне түрік бітік: **tuу** — жылқының құйрығынан жасалынған ту, байрақ. Моң: **Qara'atu** — тудың басындағы ұштығы (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 265).

¹¹ **Qatajuu de'el** — қатаңғу деел. Сөзбе-сөз: «қатайыңқы тон».

¹² **qatar** — қатар. Бұл сөз қыт. аударылмаған. Қаз: **қатар** — «теңдес, шамалас, құрбы-құрдас, замандас» деген мағынада (Қазақ ТТС. 6-т., 141–142-бб.).

Зерттеушілер *gadar maui* — «сыртқы жаман» (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 299); «қатер» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 280); «жаман істі» (*yadamba* — MNT, 1990); хатиар — «қатқан» (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 234) деп қарастырып келеді.

¹³ *hunta^γu* — хунтау. Сөзбе-сөз: «құдиган». Қаз: құдиган, қасарысқан.

¹⁴ *quladu* — құладу. Сөзбе-сөз: «құладың». Қаз: құладың — «қаршыға тұқымдас кішкене жыртқыш құс», «құлан жортпас, құладың ұшпас шөл» (Қазақ ТТС. 6-т., 451-б.). Моң: *quladu* > хулд // хулт — құстың аты қарғаға ұқсас әрі көкшіл, құйрық тұсы ақшыл келеді (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 281–282), (Šagja-Toli. 1998. P. 408), (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 234).

¹⁵ *kücü^gene* — күчүене. Сөзбе-сөз: «кішкентай тышқан» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 282). Қаз: «күшікпен» төркіндес сөз.

¹⁶ *Etügen* — Етүген. Сөзбе-сөз: «Етүкен». Көне түрік бітік: *Ötüken* > Өтүкен.

¹⁷ *maral-un qodun* — маралун қодун. «Маралдың шолағы». Моң: годон — келте, шолақ (год — мал-жануардың төрт сирағының пұшпағы, годон — 1) қойдың жіңішке құйрық ұшы, 2) шолақ құйрық. Цэвэл — МХТТТ, 1966. P. 146–147). Қаз: қодыға — «маралдың төлі, бұзауы, бұланның төлі» (Қазақ ТТС. 6-т., 245-б.).

¹⁸ *ičigiŋ žarγay* — ічігің жарғағ. Сөзбе-сөз: «ішік жарғақ». Қаз: *ičik* // *ičig* > ішік — «іш жағы аңның, малдың терісінен тігілген, жылы сырт киім» (Қазақ ТТС. 10-т., 457-б.). Қаз: *žarγay* > жарғақ — «құлын мен ешкі терісінің киімге жарарлық, иленген терісі» (Қазақ ТТС. 3-т.).

¹⁹ *sa^γuqa* — сауқа. Сөзбе-сөз: «сауға». Қаз: *sawuqa* > сауға — соғыстан түскен олжа немесе сый (Қазақ ТТС. 8-т., 209–210-бб.). Түрік тілдеріндегі *soya* — аңның, базардың, жорықтың олжасы, сыйы (Радлов — ОСТН, IV–1. С. 527), (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 291) деп қарастырған. Қыт: «адам жасау» деп аударылған.

²⁰ *čorγan* — чорған. Сөзбе-сөз: «тесікті, ұзын түндікті». Зерттеушілер «Чорған-кер» — «чорған» түрік сөзі, «кер» моңғол сөзі, екеуінің мағынасы бірдей дейді (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 292); «чорған» — «покрывало» (Радлов — ОСТН, III. 2. С. 2019). Көне түрік тілінде: *jöggek* — жөргек, жаялық деген сөз бар. Қыт. аударылмаған.

²¹ *quraltay šiya* — құралтағ шыға. Сөзбе-сөз: «құралай асық». Қаз: сақа — асықтың ең ірісі. Қаз: *šige* — асықтың бүгесіне қарсы шұңқыр жағы. Қаз: сақа, *šige* деген тұлғалары төркіндес. Моң: *šiyai* > шагай «асық».

²² *čingültüktü šiya* — чінгүлтүктү шыға. Сөзбе-сөз: «Шұңқырлы асық». Қыт: «мыс құйылған» деп аударылған.

²³ *alaŋγir numutan* — алаңғыр нүмүтан. Сөзбе-сөз: «алаңғыр садақты». Майлы қарағайдан жасалған садақ (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 301). Қыт: «ағаштан жасалған» деп аударылған.

²⁴ *da^γutu yor* — дауту йор. Сөзбе-сөз: «дауысты йор». Қаз: жыртық-тесік дегендегі «жыр» түбірі осы сөзбен төркіндес. «Дыбысты тесік оқ» деген сөз. Бұған ұқсас *yurt* — «тесік, ұңғылы» деген мағына білдіретін түбірлі сөз түрік тілдерінде бар. «*Yurt kičük bolsa aŋγit bedük ur* — тесік кіші болса қоспасын үлкен соқ (азды көпсітіп көрсетер адамға айтылады)» (DLT. I. 93-б.). Қыт: «қатты дыбысты сүйек оқ» деп аударылған (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 325)

²⁵ **esgel** — есгел. Сөзбе-сөз: «екі жасар құласұр ат». Моң: исгэл — «үш жыл өткізіп қысыр қалып құлындайтын бие» (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 328—329). Қаз: ісек — «піштірілген екі жастағы еркек қой». Қыт: «бірнеше жыл мінбеген» деп аударылған.

²⁶ **Toyilan** — тойылан. Сөзбе-сөз: «тойланып, тойлатып». Қаз: той, тойлану деген сөз. Қыт. аударылмаған.

²⁷ **Alaŋuq-a** — алачықа. Сөзбе-сөз: «алашық үй». Қаз: «алаша үй» дегенмен ұқсас (**Alaŋiq** — «юрта» — Радлов — ОСТН. I—1. С. 362).

²⁸ **Žalayir** — жалайыр. Сөзбе-сөз: «Жалайыр». Көшпелі іргелі тайпалардың бірі. Рашид ад-Дин бойынша: «Жалайырдың он руы: жат, тукараун, кунксаут, кумсаут, уят, нилкан (билкен), куркин, тулангит, тури, шанкут (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 92—93).

²⁹ **qurban Toquraʻun** — құрбан Тоқұраун. Сөзбе-сөз: «Үш Тоқырағун». Жалайырдың үш ірі руы: Қачығун, Қарақай және Қаралдай. «Жамиғ ат-тауарихта» «тукараун» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 93).

³⁰ **Ėerbi** — чербі. Сөзбе-сөз: «чербі». Әскери лауазымдық атақ. Қыт. аударылмаған. Бұл сөз жайында **ėerbi** — **ėerbip** — қыт: **ėingsang** «әскери шені, атағы, әскери шенеунік, мыңдықтың нояны, әскери кеңесші» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 315); **ėerbi** — «хан сарайындағы күйме арба, қызметші, әскерлердің ісіне жауапты ноян» (Iripėin — MNT, 1987. P. 86) деп қарастырған.

³¹ **Bala** — бала. Қаз: бала — «сәби, бөбек, ұрпақ, тұқым» деген мәнді атау болу керек.

³² **Boʻda** — боғда. Сөзбе-сөз: «боғда». Көне моң: **boʻda** // **boʻdo** деп жазылған. **Boʻda** — «ата-баба — «Бодұнчар, Бұрқай Тұмбынай» > биік заңғар тау: «Боғда тауы» > білікті ұлық адам (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 329—320) бағытында өрбіген дейді.

³³ **Keke** — кеке. Сөзбе-сөз: «(бала) жолдас». Қыт: «артқы суы» деп аударылған.

³⁴ **Žaʻarin** — жаарын. Сөзбе-сөз: «жауырын». Моң: **žaqarin** > **žayarin** > **žaʻarin** > заарин тұлғасында дамыған **žayirig** > — зайран — «бақсы адам» (Цэвэл — МХТТТ, 1966. С. 261). Түрік тілдерінде: **žayrin** — «жауырын», **žayrinėi** — «жауырыншы» (Радлов — ОСТН, III—1. С. 51), заарин, зайран (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 320—321). Қаз: **жауырын** — «үшкіл қалақша сүйек», **жауырын қарау** — «сәуегейлік жасау, бал ашу», **жауырыншы** — «жауырынға қарап бал ашушы» (Қазақ ТТС. 4-т., 28—29-бб.). Қыт: «құдайдың тілшісі» деп аударылған.

³⁵ **qala** — қала. Сөзбе-сөз: «тілеу». Қаз: қалау — «қалау, тілеу» деген сөз. Қыт: «бұйрық, қарар» деп аударылған.

³⁶ **qari-siri** // **hari-šili** — қары-шірі. Сөзбе-сөз: «қары тері». Қаз: қары — «қолдың иық пен білек аралығы» (Қазақ ТТС. 6-т., 112-б.). Қаз: **сірі** — «сиырдың, түйенің қатып қалған терісі» (Қазақ ТТС. 8-т., 517-б.; Қазақ тілінің сөздігі. 1999. 605-б.). Демек, бұл тіркестің байырғы мағынасы «**қары сірі**», яғни «қолым мен терімнен, қатүн әйелден мені қақсатып ажыратып ...» дегенге келеді.

Белгілі моңғолтанушы жапон ғалымы Шигео Озава бұл тіркесті көне түрік тіліндегі **hari-šilik** — «ару, сұлу» > // көне моң: **hari-šili** — болып өзгерген, сол себептен сөйлемнің ұйқасы да «ару, сұлу қатүн әйелдер ...» деп қарастырады (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 358, 362). Бұл пікірді Элдэнтэй, Ардажав та

қолдайды (arı-şilik — «ариун цэвэр гоо сайхан» — Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 330). Бұл сөзді қағі-şigi деп жаңғыртқан (İginçin — MNT, 1987. P. 89), сол негізінде қағі-şigi > харь ширээс — «қара жұмыс» (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 245—246) деп аударған. Қыт: «үйдің жұмысы» деп аударылған.

³⁷ **qažar-kösür** — қазар көсүр. Сөзбе-сөз: «жер табан». Моң: **kösür** > хөсөр, газар хөсөр — «иен дала, иесіз дала, кең» (Цэвэл — МХТТТ, 1966. С. 717; Базылхан — МКТ, 1984. 616-б.). Қаз: көл-көсір — «кең, мол деген мағынаны білдіреді» (Қазақ ТТС. 5-т., 235-б.).

³⁸ **qor aqsaba** — қор ақсаба. Сөзбе-сөз: «белдік асынды». Көне түрік тілінде: **qur** — «белдік, белбеу», **er qur quşandı** — «ер белбеуін тақты» **qur quşandı** — «белбеу тақты» деген мағынада қолданылады (DLT, I. 324, II. 249, 255). Қаз: **қорамсақ** — «садақ, жай оқтарын салатын қабы, қалта, оқшантай» (Қазақ ТТС. 6-т., 339-б.). Қаз: қорамсақ сөзінің түптөркіні байырғы түрік: ***qor** // **qur** — «құр, бау, белбеу» +**im**+ «жинау, қап» (салыстырыңыз: құр+ым, бүр+ым) +**saq**- «соқ // оқ, соғысу, сақтау, ату» деген морфемалардан жасалынған «соғысатын оқтарды жинаған белбеу» **qur+im+saq** деген сөз. Қаз: saqa+taq > saqtaq > sataq // sadaq > садақ — «ағаштан иіліп жасалынған жақ» (Қазақ ТТС. 8-т., 94-б.). Көне түрік бітік: **yaу** — «жақ, жай».

Моң: **qorumsay-a** > хоромсого — «оқ салатын құты», **sayadaу** > саадаг- «жай // жақтың (садақтың) оғын салып жүретін тері қабы», саадаг агсах- «қорамсақ асыну». (Цэвэл — МХТТТ, 1966. 455, 696) тұлғасында қолданады. Моң: **numun** > нум — «садақ, жақ, жай» мағынасында ұшырасады.

³⁹ **ba'urçin** — бауырчын. Сөзбе-сөз: «асшы». Түрік тілдерінде: **bayırçı** // **bawurçı** — «бауыршы, етші, асшы» (bawurçu — мастер — Eldengtei, Ardajab MNT, 1986. 333).

⁴⁰ **aran** — аран. Бұл сөзді моң: **aram** // **alam** түрінде қалпына келтіреді. Қаз: аран — «қоршау», алаң — «ашық жер, тегіс орын» (Қазақ ТТС. 1-т., 312-б., 192-б.). «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде **aran** — «ат қорасы», **aranlıу ew** — «қорасы бар үй» (DLT, I. 76); (**aran** — «скотный двор» — Радлов — ОСТН, I. — 1. С. 251); (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 335). Қыт: «арбаның шанағы» деп аударған.

⁴¹ **qotan** — қотан. Моң: хотон. Қаз: қотан — «мал түнейтін орын».

⁴² **qola-yin qo'uşaq oyira-yin odora** — қолайын қоурчақ, ойрайын одола. Сөзбе-сөз: «алыстың қайың оғы, жақынның «айыр оғы». Қыт: qo'uşaq, odola — «оқтың түрі» деп аударған. Моң: «хоорцог, годил» деп қарастырған (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 256). «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде **qoуuş** // **qoууё** — «оқ жасау үшін кесілген ағаш, қайың ағаш» (DLT, I. 369). **Odora** — сөзінің түптөркіні белгісіз.

⁴³ **Keriske** — керіске. Сөзбе-сөз: «керіскі». Қаз: керіскі — «жұқа етіп басылған, қалпақ, сырмақ тәрізді сәнді киім, бұйым жасауға арналған ақ киіз» (Қазақ тілінің сөздігі — 1999. 308-б.). Моң: **keriske** > хэрсэг — «аласа қоршау, дуал» (Цэвэл — МХТТТ, 1966. С. 764). Зерттеушілер сол негізінде «қамал, қоршау» деп түсіндірген («хэрсэг» — Цэрэнсодном — MNT, 2000. 256). Қыт: «желдің қалқалағышы» деп аударылған.

⁴⁴ **ülü'ü** — үлүү. Моң: **ülü kü** (Ozawa — Genchoo Hishi, 1985. P. 379); (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 341), **ülü'ü** > **ügüi üü** — «емес пе» (İginçin — MNT, 1987. P. 93) деп қарастырған. Көне түрік бітикте: **uluу** > ұлық — «үлкен, ұлы». Қаз: ұлық.

Төртінші дәптер

127-бөлім

1092. Arqai-Qasar, Ča'urqan qoyar-i Žamuqa-tur elči ile^sesü
1093. Žamuqa ükülerün: «Altan, Qučar qoyar-a ügüle» ke^sen
1094. ügüležü ilerün: «Altan, Qučar Ta qoyar Temüžin-anda ba
1095. qoyar ža'ura anda-in Sübe^se sečizü Qabırğa qatqužu yekin
1096. qaqača'ulba ta, anda ba qoyar-i ülü qaqača'ulun qamtu бүкүй-
1097. -tür Temüžin-anda-yi qan yekin ese bolyaba ta edü^se yambar
1098. ele setkil setkižü qan bolyaba ta. Altan, Qučar Ta qoyar
1099. ügüleqsen üges-tür-ijen kürün anda-in setkil amu'ulžu anda-da
1100. min-ü saiqatur-γu nököčežü ögütkün» ke^sežü iležü

Арқай Қасар, Чағұрқан екеуін Жамұқаға елші етіп жіберсе,
Жамұқа оларға «Алтын мен Құчар екеуіне жеткіз» деп бұй депті:

«Алтын, Құчар, сен екеуің
Темүжін анда біз екеуімізді
андалық екі арасын
сүбеден түйреп,
қабырғадан шаншып,
неліктен ажыраттыңдар сендер,

Темүжін анда екеуіміз бірге жүргенде Темүжін анданы неге
хан көтермедіңдер. Енді қандай оймен (оны) хан еттіңдер сендер.
Алтын, Құчар сен екеуің дегендеріңе жетіп андамның көңілін ты-
ныштандырып, менің андам Темүжінге нағыз нөкер болып
жүріңдер» деп жіберіпті.

128-бөлім

1101. Tegün-ü qoyina Žamuqa-yin de^sü Taičar, Žalama-yin
1102. ebür Ölegei-bulay-a бүрүн bidan-u Sayari-keker-e
1103. бүкүй, Žoči-Darmala-in adu'un dekerme-dür-e
1104. otču'ui. Taičar Žoči-Darmala-in aduyun

1105. dekermetčü abču otču'ui. Žoči-Darmala adu'u-ban
 1106. dekermetčü ottažu nököd-iyen žürüke yadaqdažu
 1107. mün Žoči-Darmala nekežü odču süni adu'un-u'an
 1108. qižiqar-a kürčü, morin-u'an del dekere helige-beriyen
 1109. kebtežü kürčü Taičar-un niŋu'u-inu ququru
 1110. qarbužu ala'at, adu'u-ban abu'at irežüğü.

Содан кейін Жамұқаның інісі Тайчар Жаламаның қойнауы Өлегей бұлағында отырғанда Сақары далада жатқан Жочы Дармаланың жылқы үйірін барымталамақ болып барыпты. Тайшар Жочы Дармаланың жылқысын барымталап алып жөнеледі. Жочы Дармала жылқысын барымталап кеткен соң нөкерлері жүрексініп қалғанда Жочы Дармала ізімен қуып түнде жылқы үйірінің шетіне жетеді. Ол атының жалына бауырлай жатып барып Тайчардың арқасынан атып өлтіріп, жылқысын алып келіпті.

129-бөлім

1111. De⁸ü-ben Taičar-i alaydaba ke⁸en Žamuqa teri⁸üten
 1112. Žadaran harban qurban qarın¹ nököčežü qurban
 1113. tümet bolžu Ala'u'ut Turqa'ut-iyen dabažu
 1114. Čingis-qayan-tur morilažu ayisai» ke⁸en Ikires-eče
 1115. Mülke-tutaq, Boroldai qoyar Čingis-qayan-ni
 1116. Kürelgü-de бүкүй-түр kelen күрген irežü⁸üi. Ene
 1117. kelen medeget Čingis-qayan **harban qurban küre⁸et²**
 1118. бүле⁸ei. Qurban-gu tümet bolžu Žamuqa-in esergü-
 1119. inü morilažu Dalan-Balžut baildužu
 1120. Čingis-qayan Žamuqa-da tende ködölgekdežü Onan-u
 1121. Žerene-qabčiqaya qorba. Žamuqa ükülerün:
 1122. «Onan-u Žerene-de qorqaba bida» ke⁸ežü
 1123. qarınun, Činos-un kö⁸üt-i Dalan-Toyo'ut
 1124. bučalyažu Ne⁸üdei-Čaqa'an-Uya-in teri⁸ü-inü hoqtolžu
 1125. morin-u se⁸ül-tür čirčü otču'ui

Інісі Тайчар өлтірілді деп Жамұқа бастаған Жадарын он үш жат бірігіп, үш түмен болып Алақұғұт, Тұрқағұттарын асып «Шыңғыс қағанға қарай аттанып келеді» деп Ікірестен Мөлке Тұтақ, Боролдай екеуі Шыңғыс қаған Күрелгү деген жерде отырғанда тіл жеткізіп келеді. Шыңғыс қағанның он үш күрендері (ауыл-аймақтар) болатын. Бұл тілдің хабарын білген соң үш түмен болып Жамұқаға қарсы аттанып, Далан-Балжығұт деген жерде

соғысады. Шыңғыс қаған Жамұқадан ығысып, Онон өзені Жеренешатқалына тоқтайды.

Жамұқа:

«Ононның Жеренесіне қорғалаттық біз» деп қайтарда Чыностың ұлдары жетпіс қазан қайнатып, Негүдей-Шаған Ұғанның басын кесіп, аттың құйрығына байлап сүйреттіріп жібереді.

130-бөлім

1126. Tende Žamuqa-i tendече qariyulu'at, Uru'ud-un
 1127. Žürcedei, Uru'ud-iyan uduridu'at Mañqud-un
 1128. Quyuldar, Mañqud-iyan uduridu'at Žamuqa-dača
 1129. qaqačažu, Čingis-qayan-tur irebe. Qonqotadai
 1130. Möñlik-ečike tende Žamuqa-tur ažu, Möñlik-ečike
 1131. dolo'an kö'üt-lü'e-ben Žamuqa-dača qaqačažu
 1132. tende Čingis-qayan-tur neyilen irebe. Žamuqa-dača
 1133. edün irkin irebe ke'en Čingis-qayan ör-tür-ijen
 1134. ulus irebe ke'en bayasču, Čingis-qayan
 1135. Hö'elün-Üžin, Qasar, Žürkin-ü Sača-beki, Tayiču-tan
 1136. bolun, Onan-u tün-tür qurimlaya. ke'eldüz qurimlarun
 1137. Čingis-qayan-na Hö'elün-Üžin-ne, Qasar-a, Sača-beki-de
 1138. ki'et teri'ülen niken түсүрге түсүрчүгүи³.
 1139. Basa Sača-beki-in üçü'en-eke Ebekei-i teri'ülen
 1140. niken түсүрге түсүркүи-yin tula Qorižin-qatun, Qu'určün
 1141. -qatun žirin: «Nama ülü teri'ülen, Ebekei-i teri'ülen ker
 1142. түсүрүйү» ke'en ba'urči Šikigür-i ašyizu'ui. Ašyiqdažu
 1143. ba'urči ükülerün: «Jesükei-Ba'atur
 1144. Nekün-taisi qoyar-i ükükü-in tula eyin ašyiqdaqui
 1145. min-ü ya'un!» kege'et yeke da'u-bar uyilažu'ui

Сөйтіп, Жамұқаны сол жерден қайтарып, Ұрұғұттың Жүрчедей ұрұғұттарын басқарып, Маңғыттың Құйылдары маңғыттарын басқарып, Жамұқадан айырылып, Шыңғыс қағанға келеді. Сол кезде Қоңқотан Мөңлік әкей Жамұқада болған екен.

Мөңлік әкей жеті ұлымен Жамұқадан айырылып, Шыңғыс қағанға келіп қосылады.

Жамұқадан осыншама ел-жұрт айырылып өзіне келді деп Шыңғыс қаған өте қуанып, Өгелүн-үжін, Қасар, Жүркіннің Сачабек, Тайычұлықтар болып Онон өзені орманында тойлатайық деп, тойлатарда Шыңғыс қаған Өгелүн-үжін, Қасар, Сачабек бастағандарға бір-бір саба қымыз дайындатыпты. Және Сачабектің кіші

енесі Ебекей бастағандарға бір саба қымыз дайындатылғаны үшін Қорыжын қатұн, Қоғұршын қатын екеуі: «Менен бастамай Ебекейден бастап қалайша қымыз құйдыңдар» деп асшы Шікігүрді сабапты. Сабалған асшы: «Иесүкей батыр мен Некүн тайыжы екеуінің жоқтығынан мен осылайша сабалдым» деп қатты дауыспен жылапты.

131-бөлім

1146. Tere qurin bidan-ača Belgütei žasa^γat Čingis-qayan-nu
 1147. aqta barižu bayin büle^e. Žürkin-eče Būri-bökö
 1148. tere qurin žasan büle^e. Bidan-u kirü^ees⁴-eče
 1149. Qataγıdai kü^eün čilbur qulaquqsan-i qulaqai barižu^γui.
 1150. Būri-bökö tere kü^eu-ben hoimasču Belgütei nasuda
 1151. abaldurun, bara^γun qanču-ban mültülžü ničü^eün yabuqu
 1152. büle^e. Tere mültülükсен ničügün mürü-inu Būri-bökö
 1153. ildü-ker qanqas čabčižu, Belgütei teyin čabčiqdažu
 1154. bö^eed ya^γun-a-ba ülü bolγan, ülü senkeren, čisun
 1155. čuburiqulžu yabukui-i Čingis-qayan se^eüder-tür
 1156. sa^γužu qurin dotor-ača üžežü qarču irežü ükülerün:
 1157. «Ker eyin kigden büle^eei bida» ke^eeküi-tür Belgütei
 1158. ükülerün: «Mer üdü^eüi büle^e, Min-ü tula aqa de^eü-tür
 1159. ma^γuqalin bolulča^γužai. Bi ülü alžaqu bi. Ilaqari buyu,
 1160. Aqa de^eü-tür sai iżilidulčan büküi-tür aqa bütüküi
 1161. qoγumut bayi» ke^eebe.

Сол тойды бізден Белгүтей жасап, Шыңғыс қағанның атын ұстап тұрған болатын. Жүркіннен Бөрі-Бөкө сол тойды жасаған болатын. Біздің атжеліден қатағыдайлық адам шылбыр ұрлаған ұрлығымен ұсталыпты. Бөрі-Бөкө сол кісісін арашалапты. Белгүтей жасынан күрескер, оң жеңін үнемі шешіп тастап жүретін еді. Сол жалаңаш иығын Бөрі-Бөкө қылышымен қақ айырыпты. Белгүтей иығынан қан шұбыртып түк болмағандай жүргенде той ішінде көлеңкеде отырған Шыңғыс қаған көріп қойып қасына тұрып келіп:

«Бізді неліктен осындай етті» деді. Белгүтей:

«Ештеңе етпес. Мен үшін аға-інілер араздаспасын. Маған түк болмас. Аға-інілер енді ғана қосылып жатқанда ағам сабырлық танытыңыз. Шыдай көріңіз» дейді.

132-бөлім

1162. Čingis-qayan Belgütei tedüi itqa'asu ülü bolun modun-u
 1163. kešigüt ququru tatalažu itü^{es}-ün büle^{üt} suqučižu
 1164. abču ašyilaldužu Žürkin-i ilažu, Qorižin-qatun
 1165. Qu'určın-qatun žirin-i buližu abuba. Žiči müt «žoqilduya»
 1166. ke^{egdežü}, Qorižin-qatun, Qu'určın-qatun žirin-i ičuyazu
 1167. «žoqilduya» ke^{en} ebčileldün büküi-tür Qitat irkin-ü
 1168. Altan-qan, Tatar-un Megüžin-Segültü-ten eye-düriyen
 1169. ülü oroqdarun, Oңgiñ-Čiñsyañ-a: čerigüt žasažu
 1170. «bü saqara böged» kegežü iležügüi. Oңgiñ-Čiñsyañ
 1171. Me^{üžin}-Se^{ültü} teri^{üten} Tatar-i Ulža ö^{ede} adu'u
 1172. ide^{en} selte türizü ayiši» ke^{en} kelen medeba
 1173. Tere kelen mede^{et}

Шыңғыс қаған Белгүтейдің сөзіне құлақ аспай ағаштың бұтағын қақ сындырып, сабаның білеулерін суырып алып Жүркінді жеңіп, Қорыжын қатұн, Қоғұрчын қатұн екеуін тартып алады. Және тағы «бітісейік» деп Қорыжын қатұн, Қоғұрчын қатұн екеуін қайтарып, «бітісейік» деп бітісер кезде Қытай елінің Алтын хан, Татардың Мегүжін Сегүлтү бастағандар татулыққа көнбей, Оңғын Шынсиаңға әскер жасақтатып, «шұғыл жорық жаса» деп жіберіпті. Оңғын Шынсиаң Мегүжін Сегүлтү бастағандар Татарды Ұлжа деген жерге қарай жылқы малын, ас-тамағын алып келеді» деген тіл хабар жетеді. Сол тіл хабарды біліп

133-бөлім

1174. Čingis-qayan ükülerün: «Erte üdür-eče Tatar irkin
 1175. Ebüges ečikes-i baraqsat Öšiten irkin büle^e.
 1176. Edü^e ene yanalya-tur Qamsaya bida» ke^eet
 1177. To'uril-qan-tur: «Altan-qan-u Oңgiñ-Čiñsyañ, Tatar-un
 1178. Me^{üžin}-Se^{ültü} teri^{üten} Tatar-i Ulža ö^{ede} türizü
 1179. ayiši ke^{emüi}. Ebüges ečikes-i bidan-u baraqsat
 1180. Tatar-i qamsaya bida. To'uril-qan-ečike öter iretüküi»
 1181. ke^{en} ene kelen kürgen elčın ilebe. Ene kelen
 1182. kürge^{ülü}et, To'uril-qan ükülerün: «Kö^{ün} min-ü žöb
 1183. keleležü iležü^ü. Qamsaya bida» ke^eet qutu'ar
 1184. üdür čerig-iyen či'ulyazu, čerik e^{üsgežü}
 1185. To'uril-qan öterlen iktünežü Čingis-qayan
 1186. To'uril-qan qoyar Sača-beki, Tayiču teri^{üten}
 1187. Žürkin-e keleležü ilerün: «Erte edür-eče ebüges-i

1188. *bidan-u baraqsat. Tatar-i edö^ee ene*
 1189. *qanalya-tur qamsaya, qamtu monlaya» ke^eežü*
 1190. *ilebe. Žürkin-e irekdeküi-eče žiryu^γan üdüt*
 1191. *küličežü yadažu, Čingis-qayan, To^γuril-qan qoyar*
 1192. *qamtu čerik e^süsčü Ulža huru^γu Oŋyın-Čiŋsyaŋ-lu^γa*
 1193. *qamsan ayisuqu-tur, Ulža-in Qusutu-šitü^een, Naratu*
 1194. *šitü^een-e, Tatar-un Me^süžin teri^süten Tatar tende*
 1195. **qorqan**⁵ *barižu^γui. Čingis-qayan, To^γuril-qan qoyar*
 1196. *teyin qorqalaqsad-i Me^süžin-Se^sültu-i qorqan-ača*
 1197. *-inu barižu, Me^süžin-Se^sültu-i tende alažu*
 1198. *möngün ölegei, tanatu könžile-inü Čingis-qayan*
 1199. *tende abula^γai.*

Шыңғыс қаған:

«Ерте күннен Татар елі ата-бабаларымызды өлтірген өш ел еді. Енді осы кезде бас қосайық біз» деп Тұғұрыл ханға: «Алтын ханның Оңғын Шынсиаң, Татардың Мегүжін Сегүлтү бастағандар Татардың Ұлжа жеріне қарай қуып келеді. Ата-бабаларымызды құртқан Татарға қарсы бірге соғысайық біз. Тұғұрыл әкей тез жетіңіз» деп тіл хабар беріп елші жібереді. Сол тіл хабар жеткен соң Тұғұрыл хан: «Ұлым дұрыс айтып жіберіпті. Күш қосайық біз» деп үшінші күні әскерін жинап, қосын жасақтап Тұғұрыл хан асығыс келіп жетеді. Шыңғыс қаған, Тұғұрыл хан екеуі Сачабек, Тайычү бастағандарды Жүркінге тіл хабар етіп:

«Ерте күннен ата-бабаларымызды құртқан Татарды енді осы сәтте күш қосып бірге аттанайық» деп жіберіпті.

Жүркіннен күш келер деп алты күн күткен Шыңғыс қаған, Тұғұрыл хан екеуі әскер жасақтап, Ұлжаға қарай Оңғын Шынсиаңмен соғысу үшін аттанғанда Ұлжаның Құсыты киесі, Наратү киесі деген жерде Татардың Мегүжін бастағандар қорған салып қойыпты. Шыңғыс қаған, Тұғұрыл хан екеуі сол қоршау жасағандарды Мегүжін Сегүлтүні қорғанынан ұстап алып Мегүжін Сегүлтүні сонда өлтіріп, күміс бесік, таналы көрпесін Шыңғыс қаған алыпты.

134-бөлім

1200. *Me^süžin-Se^sültu-i alaba ke^een Čingis-qayan, To^γuril-qan*
 1201. *qoyar irebe. Oŋyın-Čiŋsyaŋ, Me^süžin-Se^sültu-i alažu^γui ke^een*
 1202. *mede^eet maši bayasču Čingis-qayan-a «Ča^γut quri»⁶ nere ökbe.*

1203. Kereyit-ün To'uril-a «Оң⁷» nere tende ökbe.
 1204. Оң-qan nere Оңүйің-Їңсыаң-un nereyidükseker tendeče bolba.
 1205. Оңүйің-Їңсыаң үкүлерүн: «Ме⁸үжин-Se⁸ültu-i qamsažu
 1206. alaysan tan-u Altan-qan-a maši yeke tusa kiba ta
 1207. ene tusa-i tan-u Altan-qan-a očisu bi
 1208. Їңgis-qayan-a e⁸ün-eče yeke nere nemeküi-i
 1209. «ža⁸u-ta⁸u⁸» nere ökgü-i Altan-qan medetüküi» ke⁸ebe
 1210. Оңүйің-Їңсыан tendeče tedüi bayasču içuba.
 1211. Їңgis-qayan, Оң-qan qoyar tende Tatar-i da'ulizu
 1212. qubiyaldužu abulčažu, ker-tür-ijen qarizu ba'uba.

Мегүжин Сегүлтүні өлтірдік деп Шыңғыс қаған, Тұғұрыл хан екеуі қайтып келеді. Оңғын Шынсиаң Мегүжин Сегүлтүнің өлтірілгенін естіп қатты қуанып, Шыңғыс қағанға «Чауыт құры» атағын береді. Керейдің Тұғұрыл ханына «Оң» атағын береді.

Оң хан аты Оңғын Шынсиаңның берген атауынан солай болған еді.

Оңғын Шынсиаң: «Мегүжин Сегүлтүні күш қосып өлтірген сендер Алтын ханға өте үлкен көмек көрсеттіңдер. Осы көмекті Алтын ханға жеткіземін. Шыңғыс қағанға бұдан да үлкен атаққа ие болуды, «Жау-тао» атақ беруді Алтын хан білсін» деп Оңғын Шынсиаң сол жерден қуана-қуана қайтыпты.

Шыңғыс қаған, Оң хан екеуі соңда Татарды жаулап бөлісіп алып, үйлеріне қайтып келіпті.

135-бөлім

1213. Tatar-un qoryalaysan Naratu-šitü⁹en-e ba'uqsan
 1214. nuntuq-tur talaqui-tur niken üçüken kö⁹üken-i geksen-i
 1215. bidan-u čer⁹üt nuntuq-ača olžu'ui. Altan e⁹emek,
 1216. dörebčitü⁹, daži toryan bulu'aqar dotorlaysan
 1217. heli⁹ebčitü üçüken kö⁹üken-i abčiražu, Їңgis-qayan
 1218. Hö⁹elün-eke-de sa'uqa ke⁹en ökbe. Hö⁹elün-eke
 1219. Ükülerün: «Sain kü⁹ün-u kö⁹ün ažu'u že, huža'ur saitu
 1220. kü⁹ün-u uruq buyu že» Tabun kö⁹üt-iyen de⁹ü žiryuduqar
 1221. kö⁹ün bolyan, Šikiken-Qutuqu ke⁹en nereyitčü
 1222. eke asaraba.

Татардың қорғанған Наратү киесіне түскен жерді жаулау кезінде бір кішкентай баланы тастап кеткен екен, оны біздің әскерлер жұрттан тауыпты. Алтын сырға, түйреуішті, торғын бұлғынмен ішкі жағын қаптаған белдемшелі баланы әкелген Шыңғыс қаған Өгелүн шешеге олжалық сауға деп берді.

Өгелүн шеше:

«Жақсы адамның ұлы сияқты.

Текті кісінің ұрпағы сияқты. Бес ұлымның інісі алтыншы ұлым етіп Шікікен-Құтқұ деп атап, шешей асырады.

136-бөлім

1223. Čingis-qayan-nu a^γuruq¹⁰ Qariltu-na^γur-a büle⁸ei.

1224. A^γuru^γut-tur qoçoruqsan-i Žürkin tabin

1225. haran-u qubčan tonužu^γui. Harban haran-i

1226. alažu^γui. Žürkin-e teyin kigdebe ke⁸en

1227. bidan-u A^γuru^γut-tur qoçoruqsat Čingis-qayan-a

1228. ža^γabasu, ene kelen sonusuyat, Čingis-qayan

1229. maši kiliŋlažu ükülerün: «Žürkin-e ker eyin

1230. kikden büle⁸ei bida. Onan-nu tün-tür qurimlaqui-tur

1231. ba^γurči Šikigür-i müt-gü ašiyiba.

1232. Belgütei-in mürü müt-gü čabčiba. «Žoqilduya»

1233. ke⁸egdežü, Qorižin-qatun, Quyurčün žirin-i ičuyazu

1234. ökbe bida. Te⁸ün-ü qoyinu erten-ü öšiten

1235. kisten ebüge ečikes-i bidan-u baraqsat

1236. Tatar-i qamsan morilaya» ke⁸en Žürkin-i žiryu^γan

1237. üdüt küličezü ese-gü iregdeba. Edü⁸e basa

1238. dayisun-tur šiŋan dayisun müt-gü bolui» ke⁸e⁸et

1239. Čingis-qayan Žürkin-tür morilaba Žürkin-i

1240. Kelüren-ü Köde⁸e-aral-un Dolon-boldayut-ta

1241. бүкүй-түр иркин-ин ү да^γулиба. Sača-beki

1242. Tayiču qoyar čö⁸en beyes-iyen duta^γaba.

1243. Qoinača an-u nekezü Teletü amasar-a küyichežü

1244. Sača-beki Tayiču qoyar-i bariba. Barižu

1245. Čingis-qayan Sača, Tayiču qoyar-a ükülerün: «Erte

1246. üdür bida ya^γu ke⁸eldüle⁸ei» ke⁸egdežü

1247. Sača, Tayiču ükülerün: «Ügüleksen üge-dür-iyen

1248. ba ese kürbe, üges-tür man-u kürge»

1249. ke⁸e⁸et üges-iyen medere⁸ülzü tüsižü ökbe

1250. üges-tür an-u kürken

1251. bütegežü¹¹ mün tende gebe.

Шыңғыс қағанның Ағұрұқ Қарылтұ көлі болатын. Ағұрықта қалғандарды Жүркіндіктер елу адамның тонын тонапты. Он адамды өлтіріпті. Жүркін солай қылды деп біздің Ағұрықта қалғандардан Шыңғыс қағанға солай тіл хабар жеткізсе, Шыңғыс қаған қатты қаһарланып:

«Жүркін қалайша солай жасады бізге. Онон өзені орманында той жасағанда бауыршы-асшы Шікігүрді сабап еді. Белгүтейдің иығын шапты. «Бітісейік» деп Қорыжын қатұн, Қоғұрчын қатұн екеуін қайтарып бердік біз. Содан кейін ежелгі қас жауымыз ата-бабаларымызды құртқан Татарға күш қосып аттанайық» деп Жүркінді алты күн күтіп едік, келмеді. Енді жауға шапқан жаудай болды» деп Шыңғыс қаған Жүркінге жорыққа аттанды. Жүркінді Керлен өзені Көдеге аралда Долон-Болғұтта отырғанында жұртын жаулады. Сачабек, Тайычү екеуі аз ауылын алып қашты. Олардың артынан қуып отырып Телетү деген тау аңғарында ұстап алды. Ұстап алған соң Шыңғыс қаған Сачабек, Тайычү екеуіне:

«Ерте күнде біз не десіп едік» дегенде Сача, Тайычү:

«Айтқан уәдемізге біз жетпедік.

Уәдемізді орында» деп сөзін мойындап, басын изей берді. Уәдеге тұрып, оларды тұншықтырып, сол жерде көздерін құртты.

137-бөлім

1252. Sača, Tayiču qoyar-i бүте^{et} qarıžu irežü
 1253. Žürkin-ü irge ködölgeküi-tür Žalayır-un Tele^{etü}
 1254. Bayan-u kö^{ün} Kü^{ün}-Uya, Čilayun-Qaiči, Žebke
 1255. qurban tede Žürkin-tür ažu^{ui}. Kü^{ün}-Uya Muqali
 1256. Buqa qoyar kö^{üt}-iyer-iyen a^{ul}žažu ükülerün:
 1257. «Bosoqa-in čin-u Bo^{ul} boltuqai Bosoqa-dača čin-ü
 1258. Bulži^{asu} Borbi-inu hoqtol E^{üden}-u čin-u
 1259. Eñčü bo^{ul} boltuqai E^{üden}-eče čin-ü Heyilü^{esü}
 1260. Eliget an-u Etkežü ketkün» ke^{ežü} ökbe
 1261. Čila^{un}-Qaiči Tünge, Qaši qoyar Kö^{üt}-iyen basa
 1262. Čingis-qayan-tur a^{ul}žažu ükülerün:
 1263. «Altan bosoqa čin-u saqižu Atuqai ke^{en} ökbe bi
 1264. Altan bosoqa-dača čin-u Añyida odu^{asu}
 1265. Ami-inu tasulžu ketkün Örgen e^{üden}
 1266. ergüžü Öktüküi ke^{en} ökbe bi Örgen e^{üden}-neče
 1267. čin-u Ökere odu^{asu}, Öre-inü miderežü
 1268. ketkün» ke^{ebe} Žebke-i Qasar-a ökbe.
 1269. Žebke Žürkin-u nuntuq-ača Boro^{ul} neretü üçü^{en}
 1270. kö^{üken}-i abčiražu Hö^{elün}-eke-de a^{ul}čan
 1271. ökbe.

Сача, Тайычү екеуін тұншықтырып қайтып келіп, Жүркін елін билеп келерде Жалайыр Телегетү Байанның ұлы Күгүн Ұға, Чы-

лағұн Қайшы, Жібке үшеуі Жүркінде болған екен. Күгүн Ұға Мұқалы, Бұқа деген екі ұлдарын кездестіріп:

«Босағаңның сенің
Құлы болсын,
Босағаңнан бұлтарса
Борбайларын кес,
Есігіңнің сенің
Еншілі құлы болсын,
Есігіңнен тайса
Бауырларын олардың
Кесіп тастап кет» деп береді.

Чылағұн Қайчы Түңке, Қашы екі ұлдарын тағы Шыңғыс қағанға кездестіріп:

«Алтын босағаңды сақтап
Жүрсін деп бердім,
Алтын босағаңнан
Аттап кетсе,
Жандарын аямай үз,
Кең есігіңді көтеріп
Жүрсін деп бердім,
Кең есігіңнен
Өзгеге кетсе,
Өр төсін кесіп таста» деді.

Жібкені Қасарға берді. Жібке Жүркіннің жерінен Бороғұл атты кішкене баланы әкеліп, Өгелүн шешеге кездестіріп берді.

138-бөлім

1272. Hö⁸elün-eke Merkid-ün nuntuq-ača oldaysan Küçü
1273. neretü kö⁸üken-i Tayiçiyud-un dotora Besüd-ün
1274. nuntuq-ača oldaysan Kököçü neretü kö⁸üken-i
1275. Tatar-un nuntuq-ača oldaysan Šikiken-Qutuqu neretü
1276. kö⁸üken-i, Žürkin-u nuntuq-ača oldaysan Boroʻul
1277. neretü kö⁸üken-i ede dörben-i ker dotora
1278. težikerün Hö⁸elün-eke kö⁸üt-tegen: «Üdür üžekü-in
1279. nidün, Süni sonusqu-in čikin ken-e bolyaquyu» ke⁸en
1280. ker dotora teži⁸ebe

Өгелүн шеше Меркіттің жұртынан табылған Күчү атты ұлды, Тайычығұттардың іші Бесүттің жұртынан табылған Көкөчү атты

ұлды, Татардың жұртынан табылған Шікікен-Құтұқұ атты ұлды, Жүркіннің жұртынан табылған Бороғұл атты ұлды — осы төртеуін үйінде асырады. Өгелүн шеше ұлдарына:

«Күндіз көрер көзім

Түнде тыңдар құлағым болдырайын» деп тәрбиелепті.

139-бөлім

1281. Ede Žürkin irkin-u yosun Žürkin bolurun, Qabul

1282. qan-u doloʻan köʻüt-ün aḡqa aqa Ökin-Barqaq

1283. büleʻe. Köʻü-inü Sorqatu-Žürki büleʻe. Žürkin

1284. bolurun. Qabul-qan-u kögüt-un, aqa kegezü, irkin öken

1285. dotor-ača ilyažu «Helike-tür sölsütü Herekei-tür

1286. hončitan Aʻušiʻi düʻüren žiruketü Aman düʻüren

1287. aʻurtan Ere tutun erdemütten, Bökös kücüten-i

1288. ilyažu ökcü aʻurtan, sölsütün, omoytan,

1289. žörkimes tula, Žürkin keʻekdeʻü yosun tejimü.

1290. Teyimün omoytan irkin-i Čingis-qayan dorayitayulžu

1291. Žürkin obuytu-i ülitkeba. Irgen-i ulus-i

1292. inu Čingis-qayan ökerün eḡcü irkin bolıyaba.

Бұл Жүркін елінің жосыны тегі Жүркін болар, Қабұл ханның жеті ұлының үлкен ағасы Өкін-Барқақ болатын. Оның ұлы Сорқатұ Жүркі еді. Жүркін текті болатын. Қабұл ханның ұлдары «ағамыз» деп ел-жұрт билетіп жоғары көтеріп

«Бауырында өті мол,

Бармағында мергендік бар,

Кеудесінде ашу кернеген,

Аузы толы жүректі,

Ер сайын ашулы,

Күресші мықтыларды таңдап бергендей ашулысы, белдісі, айбындысы, қайсарлығы үшін Жүркін («жүректілер») аталған жосыны сондай. Соншалықты айбынды елді Шыңғыс қаған жаулап алып, Жүркін тайпасын бөліп, таратты. Ерікті елін Шыңғыс қаған өзінің еншілік елі болдырды.

140-бөлім

1293. Čingis-qayan niken üdür Böri-Bökö, Belgütei qoyar-i

1294. abalduʻu-luya keʻebe. Böri-Bökö Žürkin-tür

1295. büleʻe. Böri-Bökö Belgütei-i öröʻele qar-iyar

1296. barıžu, örö^ele köl-iyer töyitçu unaqazu ülü
 1297. ködölgen daruqu büle^e. Böri-Bökö ulus-un Bökö. Tende
 1298. Belgütei Böri-Bökö qoyar-i abaldu^uulba. Böri-Bökö
 1299. ülü ilaqdaqu kü^sün unužu ökbe. Belgütei
 1300. darun yadan mürüdežü saqari¹² dekere qarçu Belgütei
 1301. ginčas kižu Čingis-qayan-ni üže^sü-lü^e, qayan
 1302. ilüküi-iyen ža^uuba. Belgütei uqa olžu, dekere
 1303. inu aqtalažu, qoyar žaqas inu solbin me^ežilen
 1304. tatažu niru^u-inu ebüdükležü ququžu irebe.
 1305. Böri-Bökö niru^u-ban ququražu ükülerün: «Belgütei-e
 1306. ülü ilaqdaqu büle^e bi. Qayan-nača ayužu
 1307. arıyadan unaqu ariyaqu bolun, amin-duriyen
 1308. kürteba bi» ke^eet üküžü irebe.
 1309. Belgütei niru^u-inu ququru tata^{at} čirçu
 1310. o^uurqižu yorčiba. Qabul-qan-u dolo^{an} kö^süt-ün
 1311. aqa Ökin-Barqaq büle^e. Uda^{adu} Bartan-Ba^{atur}
 1312. büle^e. Kö^sün inu Jesükei-Ba^{atur} büle^e. Te^sün-ü
 1313. uda^{adu} Qutuqtu-Mönler büle^e. Kö^sün inu Böri
 1314. büle^e. Barildu^a Bartan-Ba^{aturu}-n kö^sün-eče
 1315. alus Barqaq-un omoqtan kö^süt-tür nököčekün
 1316. bolun, Böri-Bökö ulus-un bökö Belgütei-e niru^u-ban
 1317. ququldažu üküba.

Шыңғыс қаған бір күні Бөрі-Бөкө, Белгүтей екеуін күрестірейік дейді. Бөрі-Бөкө Жүркін тайпасынан еді. Бөрі-Бөкө Белгүтейдің бір қолын ұстап, бір аяғынан шалып, тырп еткізбей басып алатын. Бөрі-Бөкө ұлыстың атақты бөкө-күресші (палуаны) еді. Сөйтіп сонда Белгүтей мен Бөрі-Бөкө екеуін күрестірген еді. Бөрі-Бөкө өзін жеңе алмайтын адамға жығылып берді. Белгүтей де әрең-әрең басып арқасына шығып алып, Шыңғыс қағанға көз қырын тастаса, қаған төменгі ернін тістеп отырса керек. Сол сәтте Белгүтей аяғын тауып Бөрі-Бөкөнің үстіне мініп алып екі қол-аяғын айқастырып тартып тізерлеп арқа белін бырт еткізіп сындырды. Бөрі-Бөкө арқасы үзіліп, белі ауырса да бұй дейді:

«Белгүтей мені қайдан жеңсін. Қағаннан қорқып айлалап жығылармын деп жанымды пида қылдым мен» деп жантәсілім етеді.

Белгүтей оның белін опырып жіберіп сүйреп апарып тастайды.

Қабұл қағанның жеті ұлының ағасы Өкің-Барқақ болатын. Одан кейінгісі Бартан батыр еді. Оның ұлы Иесүкей батыр еді.

Одан кейінгісі Құтұқты-Мөңлер. Оның ұлы Бөрі еді. Күресте Бартан батырдың ұлынан алыс туыс Барқақтың айбынды ұлдарымен достасып жүретін. Енді, мінеки, ұлыстың бөке-күресші (палуаны) Бөрі-Бөке Белгүтейге арқасын сындыртып қайтыс болды.

141-бөлім

1318. Te⁸ün-u qoyina taqiya žil¹³ Qatayin, Salži⁷ut
1319. qamtutču Qatayin-u Baqu-Čoroyi teri⁸üten, Qatayin
1320. Salži⁷ut-un Čiryidai-Ba⁷atur teri⁸üten, Dörben Tatar-tur
1321. žoqildužu Dörben-ü Qaži⁷un-beki teri⁸üten,
1322. Tatar-un Alči, Tatar-un Žalin-Buqa teri⁸üten, Ikires-ün
1323. Tüge-Maqa teri⁸üten, Oñyirat-un Dergek-Emel,
1324. Alqui-tan, Qorolas-un Čoyoq-Čaqa⁷an teri⁸üten,
1325. Naiman¹⁴-ača Kücü⁸üt, Naiman-u Buyıruq-qan¹⁵, Merkid-ün
1326. Toqtoya-beki-in kö⁸ün Qut, Oyrad¹⁶-un Quduqa-beki
1327. Tayiči⁷ut-un Tarqutai-Kiriltuy, Qodun-Orçañ
1328. A⁷uču-Ba⁷atur-tan Tayiči⁷ut edün qarın Alqui-
1329. Bulay-a či⁷ulžu, Žažiradai Žamuqa-i qan ergüye
1330. kegen aži⁷ya ge⁸ün ke⁸üs čabčılaldužu¹⁷
1331. andaqaldužu tendeče Ergüne-müren huru⁷u ne⁸üzü
1332. Kan-müren Ergüne-de čitququ Šina⁷a-in a⁷unu⁷u-da
1333. Žamuqa-i tende «Gür-qan»¹⁸ erküba. Gür-qan erkü⁸et
1334. Čiŋgis-qayan, Oñ-qan qoyar-tur morilaya
1335. ke⁸eldübe. Morilaya ke⁸eldüksen-i Qorolas-un
1336. Qoridai Čiŋgis-qayan-ni Kürelgü-de бүкүи-tür
1337. ene kele күргеžү irežү, ene kele
1338. ire⁸ülü⁸et, Čiŋkis-qayan Oñ-qan-tur ene kele
1339. күргеžү ile⁸esү, Oñ-qan kele күргегүлүget čerik
1340. e⁸üsčү, ötörlen Čiŋgis-qayan-tur Oñ-qan күрčү
1341. irebe

Содан кейін тауық (1201) жылы Қатағын, Салжығұт бірігіп Қатағынның Бақұ-Чороғы бастаған, Қатағын Салжығұттың Шырғытай батыр бастаған, Төрт Татармен келісіп Төрттің Қажығұн бек бастаған, Татардың Алчы, Татардың Жалын Бұқа бастаған, Ікірестің Түке Мақа бастаған, оңғыраттың (Қоңыраттың) Дергек Емел Алқұй бастаған, Қороластың Чойоқ Чаған бастаған, Найманның Күчүктер, Найманның Бұйрық хан, Меркіттің Тоқтоға бектің ұлы Құт, Ойраттың Құдұқа бек, Тайычығұттың Тарқұтай Кірілтұғ, Қодұн Орчаң, Ағұчү батыр бастаған Та-

йычығұт осыншама сырт жат елдіктер Алқұй бұлақта жиналып, Жажырадай Жамұқаны хан көтерейік деп айғыр бие шабыстырып ант су ішісіп, сол жерден Ергүне өзенге қарай көшіп барып Ергүне өзеніне құйылатын Кан өзен алқабы Шынағаның даласында Жамұқаны «Гүр хан» деп көтерді. Оны Гүр хан деп көтере салысымен Шыңғыс қаған мен Оң ханға аттанайық десті. Аттанайық дегенді Қороластың Қорыдай естіп қалып, Шыңғыс қағанды Күрелгү деген жерде отырғанда осы тіл хабарды жеткізеді. Осы тіл хабар жеткен соң Шыңғыс қаған Оң ханға да ол хабарды жеткізеді. Оң хан сол тіл хабар жетісімен әскер жасақтап, асығыс Шыңғыс қағанға жетіп келді.

142-бөлім

1342. Oŋ-qan-ni ire^sülü^set, Čingis-qayan, Oŋ-qan, qoyar
1343. qamtutču Žamuqa-in esergü-inü morilaya
1344. ke^seldüzü, Kelüren-müren huru^ʷu morilarun
1345. Čingis-qayan Altan, Qučar, Daritai qurban-i maŋlai¹⁹
1346. yabu^ʷulba. Oŋ-qan Senjüm, Žaqa-Qambu, Bilge-beki qurban-i
1347. maŋlai yabu^ʷulba. Ede maŋlan-ača uruqši basa
1348. qara^ʷul ilerün, Eneken-Güiletü-de niken sa^ʷurin
1349. qara^ʷul talbila. Tegün-ü činana Čekčer-e niken
1350. sa^ʷurin qara^ʷul talbi^ʷulba. Tegün-ü činana
1351. Čiqurqu-da, niken sa^ʷurin qara^ʷul talbiba.
1352. Bidan-u maŋlan Altan, Qučar, Senjüm-tan Utqiya
1353. kürčü ba^ʷuya ke^seldün büküi-tür Čiqurqu-da
1354. talbiqsan qara^ʷul-ača kü^sün ha^ʷulžu irežü «dayin ayiši»
1355. ke^sen kele kürgen irebe. Tere kele ire^set
1356. ülü ba^ʷun dayin-u esergü kele abuya ke^sen yabužu
1357. kürülčežü, kele abču ket bi ke^sen asaqu^ʷasu
1358. Žamuqa-in maŋlan Moŋjol-ača A^ʷuču-Ba^ʷatur, Naiman-u
1359. Buyıruq-qan, Merkid-ün Toqtoya-beki-in kö^sün Qutu,
1360. Oyrad-un Quduqa-beki ede dörben Žamuqa-in
1361. maŋlan yabužu^ʷui. Bidan-u maŋlan teden-tür uŋšilaldužu²⁰
1362. uŋšižu žilda boldažu manaqar qatqulduya
1363. ke^sežü ičužu yol-tur neyilen qonuba.

Оң хан келген соң Шыңғыс қаған екеуі бірігіп Жамұқаға қарсы аттанайық деп Керлен өзенге қарай жорыққа шығарда Шыңғыс қаған Алтын, Құчар, Дарытай үшеуін маңдай алды бас қосын етіп жіберді. Оң хан Сеңгүм, Жақа Қамбұ, Білге-бек үшеуін маңдай

алды бас қосын етіп жіберді. Осы маңдай саптан бұрын тағы қарауыл жіберіп Енекен Гүйілетү деген бір тұрақты қарауыл қойдырды. Одан ары Чекчерге бір тұрақты қарауыл қойдырды. Одан ары Чықұрқұда бір тұрақты қарауыл қойдырды. Біздің маңдай алды қосын Алтын, Құчар, Сеңгүм бастаған Ұтқыяа деген жерге жетіп түсейік деп жатқанда Чықұрқұдағы қарауылдан бір кісі келіп «жау келді» деп хабар жеткізеді. Осы тіл хабар жетісімен сол жерге түспей жауға қарсы аттанып, тіл хабар білейік деп нақтылап сұраса Жамұқаның маңдай алды сапқа Моңғолдан Ағұчү-Батыр, Найманның Бұйрық хан, Меркіттің Тоқтоға-бектің ұлы Құтү, Ойраттың Құдұқа-бек осы төртеуі Жамұқаның маңдай алды сапында екен. Біздің маңдай алды қосын олармен алыстан айқайлап тілдесіп келіскен соң кеш болғандықтан ертең соғысайық деп қайтып өзенге келіп қоныпты.

143-бөлім

1364. Manaqarši yabu^γulžu kürülčežü Köyiten bayildužu
 1365. doroqši degekši iquriqaldun žibšikerülčen бүкүй-түр
 1366. müt Buyruq-qan, Quduqa qoyar žada²¹ medekün ažu^γui.
 1367. Žadalaqun bolun, žada hurbažu, müt an-u dekere
 1368. žada bolžu^γui. Müt yabun yadažu nuras-tur huladu^γat:
 1369. «Tengeri-de ese talaqdaba bida» ke⁸eldü⁸et
 1370. butaražu^γui.

Ертеңі Көйітен деген жерге келіп сонда соғысып, жоғары-төмен бірін-бірі итерісіп қақтығысып жатқанда Бұйрық хан, Құдұқа екеуі жады (жаңбыр боранды жаудыратын әдісті) білетін еді. Жадылап еді, жадысы теріс бұрылып өздерінің үстіне жады болып түсіпті. Жүрулері де қиындап олар «Тәңірі бізді ұнатпады-ау» деп бытырап қашыпты.

144-бөлім

1371. Nayman-u Buyruq-qan Altai²²-in ebür Uluq-tay²³ žorin
 1372. qaqačan ködölzü⁸ui. Merkid-ün Toqtoya-in kögün Qutu
 1373. Selenge žorin ködölzü⁸ui. Oyirad-un Quduqa-beki
 1374. hoi temečen Šiskis žorin ködölzü⁸ui. Tayiči^γut-un
 1375. A^γuču-Ba^γatur Onan žorin ködölzü⁸ui. Žamuqa
 1376. öker-iyen qan ergükset irkin-i da^γuliyat
 1377. Ergüne huru^γu Žamuqa qarın ködölzü⁸ui. Ani

1378. teyin butaraqdažu Oŋ-qan Ergüne huru'у Žamuqa-i
 1379. nekeba. Čingis-qayan Onan žük Tayičiyut-un
 1380. A'uču-Ba'atur-i nekeba. A'uču-Ba'atur ulus-tur-iyen
 1381. kürü⁸ed ulus-iyen dürbe⁸ülün ködölge⁸et
 1382. Auču-Bayatur, Qodun-Orçaŋ Tayiči'ut, Onan-u
 1383. činaži eteget hüle⁸üt turastan²⁴ čerigüd-iyen
 1384. žasažu qatqulduya ke⁸en žasažu bayižu'ui.
 1385. Čingis-qayan kürü⁸ed Tayiči'ut-lu'a qatqulduba.
 1386. Masi ekerin ekerin qatquldužu mün
 1387. qatqulduqsan qažar-a šituldužu qonuba. Ulus ba
 1388. dürbežü ayisurun müngü tende čerigüt-lü⁸e-ben qamtu
 1389. küre⁸eležü qonulduba.

Найманның Бұйрық ханы Алтай тауының күнгейі Ұлуқ-тауға (Ұлытауға) қарай бет алып қашып кетіпті. Меркіт Тоқтоғанның ұлы Құтұ Селеңге өзеніне қарай бет алып кетіпті. Ойрат Құдұқа-бек орманға қарай тырмысып Шікшісті бетке алып қашып кетіпті. Тайычығұттың Ағұчү-батыр Онон (өзеніне) қарай кетіпті. Жамұқа өзінің хан көтерген ел-жұртын ертіп Ергүнеге қарай қайтып кетіпті. Олар солайша бытырап Оң хан Ергүнеге қарай Жамұқаны қуды. Шыңғыс қаған Онон өзені жаққа Тайычығұт Ағұчү батырды қуды. Ағұчү батыр еліне жетіп, ел-жұртын үркіте көшіріп, Ағұчү-батыр, Қодун Орчаң Тайычығұттар Ононның ар жағындағы қалған қамалдағы әскерлерін жасақтап, соғысайық деп дайында-лып жатыпты. Шыңғыс қаған сол Тайычығұттарға жетіп, соғысып-ты. Өте көп иіріле-иіріле соғысып, сол соғысқан жерінде қарама-қарсы орналасып қоныпты. Ұлыс елі мен үркіп жүрген әскерлері-мен бірігіп дәл сонда қоршау жасап қоныпты.

145-бөлім

1390. Čingis-qayan tere qatquldu'an-tur suži'asu-ban šilürtežü
 1391. čisun töritge⁸esü ülü bolun amduriqdarun
 1392. naran šingegülün, mün tende šituldužu ba'užu, bökleksen
 1393. čisun-i Želme šimin-šimin amayan čisudažu, Želme
 1394. busu kü⁸ün ülü itegen, saqildužu sa'užu, süni düli
 1395. boltala bökleksen čisun-i amaқar dü⁸üreŋ žalqi'at
 1396. asqa'at, süni düli nükči⁸esü Čingis-qayan dotora-'an
 1397. sergüžü ükülerün: «Čisun qaқču baraba, undayasumu
 1398. bi» ke⁸ebe. Tendeče Želme malaqai²⁵, qudusun
 1399. de⁸el-qubčasun-iyen бүкүде-i talžu qaқča doto'ažitu

1400. čurama ničü⁸ün šituldužu bayıqun dain dotora-⁷un güyižü
 1401. činana küreleksen irkin-u tergen-tür an-u
 1402. unužu, esü⁸üt erižu yadažu dürberün
 1403. ge⁸üd-iyen ülü sa⁷an talbiqsat ažu⁷u. Esük olun
 1404. yadažu niken yeke büri⁸etei tarağ tergen-eče inü
 1405. abu⁷at ergüžü irebe. Ža⁷ura odurun-ba
 1406. irerün-ba kü⁸ün-ne ese üžekdeba. Tenğeri-gü
 1407. ihe⁸ebe že. Tarağ büri⁸etü-i abčirat mün Želme
 1408. ö⁸esün-gü usun erižü abčiražu, tarağ ži⁷uražu
 1409. qayan-a uqulba. Qurban-ta amužu užu ükülerün:
 1410. «Ditora nidün min-ü geyiba» ke⁸e⁸et
 1411. öñdejizü sa⁷utala üdür gejižü gege⁸en bolžu
 1412. üže⁸esü tere sa⁷uqsan horčin Želme-in šimin
 1413. šimin bökleksen čisun asqaysan horčin namurqan
 1414. bolžu⁷u. Čingis-qayan üžežü ükülerün: «Ene ya⁷un
 1415. bolumu. Qolo asqa⁷asu yanbar ažu⁷u» ke⁸ebe.
 1416. Tendeče Želme ükülerün: «Čima-i amduriqdarun, qolo
 1417. odu⁷asu, čimadača alžiyaqui-ača ayužu yaqaražu
 1418. žalqiqu-i žalqi⁷at, asqaqu-i asqa⁷at amdurižu
 1419. ke⁸eli-tür min-ü teki kedüi oroba» ke⁸ebe.
 1420. Čingis-qayan basa ükülerün: «Nama-i eyimü bolžu
 1421. keften bö⁸edele ničü⁸ün yekin güyižü oroba či
 1422. bariqda⁷asu, nama-i eyimü-i ülü ži⁷aqu büle⁸e
 1423. či» ke⁸ebe. Želme ükülerün: «Min-ü setkil
 1424. ničü⁸ün odurun ker-ber bariqda⁷asu bi, tan-tur
 1425. oroqu duratu bülege. Uqažu barižu alaya ke⁸en
 1426. qubčasun min-ü büküde-i talžu, qaqča ömüd-ün
 1427. talu⁷a-udu⁷uy-e mültüs alda⁷ulžu, tan-tur edüi
 1428. iduražu irebe bi» ke⁸e⁸ü bülege. Nama-i
 1429. ünen bolyažu qubčasun nada ökcü asaraqü büle⁸e
 1430. bui. Morin unu⁷at üzetele edüi ža⁷ura ülü ire⁸ü
 1431. büle⁸e bi. Teyin setkižü qayan-u qanqaysan setkil
 1432. erüssüküi ke⁸en nidün-qara eyin setkižü
 1433. odulu⁷a bi» ke⁸ebe. Čingis-qayan ükülerün:
 1434. «Edü⁸e ya⁷un ke⁸e⁸ü. Erte üdür qurban Merkit
 1435. irežü, Burqan-ni qurban-da quči⁷ulqui-tur amin min-ü
 1436. niken-te abču qarulu⁷a či. Edü⁸e basa qaqču
 1437. büküi čisun-i amağar šiminžu, amin min-ü sentelba.
 1438. Či basa Žanqazu amturin büküi-tür amin-niyen
 1439. örežü, dayisun kü⁸ün-tur nidün-qara orožu
 1440. undan Žanqazu amin min-ü oru⁷ulba či. Ede qurban
 1441. tusas-i čin-u setkil dotora min-ü atuqai» ke⁸en
 1442. žarlıq bolba.

Шыңғыс қаған сол соғыста соғысып жүріп күре тамырын кестіріп алады, қаны тоқтамай қиналады да, күн батқанда сол жерде түсіп түнейді. Желме Шыңғыс қағанның аққан қанын аузымен сорып төгіп, аузын қандайды. Желме басқа адамға сенбей қағанды өзі күтіп отырады да, түн ортасы болғанша аққан қанын аузын толтыра сорып отырғанда Шыңғыс қаған есін жиып:

«Қансырап қалдым, шөлдедім» дейді. Содан Желме тымағын, етігін, тон киімін барлығын шешіп тастап ішкі киімімен қарсы жақтағы жаудың ішіне жүгіріп кіріп, артқы қоршаудағы елдің арбасын қарап қымыз сусын іздеп таба алмайды. Төрт бие сауылмай (құлынымен) қалған екен. Қымыз сусын таба алмай бір үлкен ыдысқа құйылған айранды арбадан алып қайтып келеді. Қайтар жолда ешкімге көрінбейді. Тәңір де жарылқаған болар-ау. Ұйытып қойған айранды әкелген соң Желме су іздеп, әкеліп шалап істеп қағанға ішкізді. Үш рет ішкен соң қаған:

«Сергіп қалдым ғой» деп басын көтеріп отырғанда таң атып, жарық бола бастайды. Айналасына қараса Желменің аққан қанды сорып түкірген жерінде әжептәуір қан ұйып қалған екен. Оны Шыңғыс қаған көріп: «Бұл не болған! Алысқа апарып төкпедіңдер ме» дейді. Сонда Желме: «Сен қиналып жатқанда ұзап кетпейін, сенен айырылып қалмайын деп аққан қаннан жұтатынын жұтып, төгетінін төктім, тіптен тамаққа кететіні де кетті ғой» деді.

Шыңғыс қаған:

«Мен осындай болып жатқанда жалаңаш неге жүгіріп кеткенсің. Егер ұсталып қалсаң мені осында жатыр деп айтпақшы болдың ба, сен?» дейді.

Сонда Желме:

«Менің жалаңаш кеткен ойым, егер ұсталып қалсам, сендерге бағынуға келдім, егер киіммен келсем мені біліп қояр еді, сондықтан жалғыз дамбалмен келдім дер едім. Осы сөзіме олар сеніп, маған киім-кешек беріп асырар. Тіпті ат тауып мініп, мына көпе-көрнеу аралыққа қашып келе алмаймын ба? Сөйтіп қағанның сусындап қиналғанын ойлап қара дүрсін тәуекел деп ұмтылғаным осы» дейді.

Шыңғыс қаған:

«Енді не дейін. Ерте кезде үш Меркіт келіп Бұрқан Қалдұнды үш орай қоршаған кезде жанымды бір құтқардың. Қазір аққан қанымды аузыңмен сорып тоқтатып жанымды сақтадың. Дымым

құрып бара жатқанда жау ішіне тәуекел деп кіріп сусынымды қандырып жан бітірдің. Осы үш көмегің қашанда есімде болсын» деп жарлық болды.

146-бөлім

1443. Üdür geyin bara^γasu šituldužu qonuqsat čerigüt
 1444. süni bö^{ed} butaražu^γui. Küre^elekset irkin küngen
 1445. ülü čidaqun ke^een küre^elekset qažar-ača ese
 1446. ködölžü^üi. Dürbekset ulus-i ičuqaya ke^een
 1447. Čingis-qayan qonuqsan qažar-ača morilažu, dürbekün
 1448. irkin-i ičuyan yabuqui-tur daba^γan dekere niken
 1449. hula^γan de^eeltü eme kü^eün: «Temüžin, že» yeke
 1450. da^γuqar qayilan uyilan baiqu-i Čingis-qayan
 1451. ö^eesün sonusču: «Ja^γun kü^eün-nü eme teyin qayilan
 1452. buyu» ke^een asa^γura kü^eün ilebe. Tere kü^eün otču
 1453. asaқbasu, tere eme kü^eün ükülerün: «Sorqan-Šira-in
 1454. ökin bi, Qada^γan neretei. Ere-i min-ü ende čerigüt
 1455. barižu alan buyu. Ere-yügen alaқdarun
 1456. Temüžin-i ere-i min-ü aburatuқai ke^een uñšizu
 1457. qayilažu uyilaba bi» ke^eebe. Tere kü^eün irežü
 1458. Čingis-qayan-a ene üge ügüle^eesü, Čingis-qayan
 1459. ene üge sonusu^γat qatarazu kürčü, Čingis-qayan
 1460. Qada^γan-tur ba^γuzu teberildüba. Ere-i inü
 1461. bidan-u čerigüt urida alažu^γui. Tede irkin
 1462. ičuqa^γat, Čingis-qayan yeke čerik mün tende ba^γuzu
 1463. qonuba. Qada^γan-i urižu ire^eülžu dergečen
 1464. sa^γulba. Manaқarši üdür Sorqan-Šira, Žebe
 1465. qoyar, Tayiči^γut-un Tödö^e-yin haran aқsat tede qoyar
 1466. ber irebe-kü. Čingis-qayan Sorqan-Šira-i
 1467. ükülerün: Küzü^eün-deki Kündü modun-i Köser-e o^γuruqsan
 1468. Žaqa-daқи Žarbiyal²⁶ modun-I Žaila^γuluqsan, ta Ečikes
 1469. kö^eüt-ün tusa ažu^γui, že, ta Jekin udaba ta» ke^eebe.
 1470. Sorqan-Šira ükülerün: «Bi dотора-γan bölen itkel
 1471. setkižü büle^eei. Jekin yaқараqu bi. Jaқараžu urit
 1472. ire^eesü, Tayiči^γut noyat min-ü qočoruqsan eme, kö^eün
 1473. adu^γun-ide^een-i min-ü хүнесүкер keyisgekün tede
 1474. ke^eežü ülü yaқаран edö^e qayan-i-dүriyen neyilen
 1475. idүrežü irebe bi» ke^eebe. Kelelen bara^γasu
 1476. «Žöb» ke^eebe.

Таң атқасын қараса, қарама-қарсы қонған әскерлер түнде бытырап кетіпті. Қоршаудағы жұрт болса шұғыл қозғала алмайтын-

дықтан сол қоршалған жерінде қозғалмай-ақ қалыпты. Қашып кеткен ұлысты қайтарайық деп Шыңғыс қаған түнеген жерден аттанып қашып кеткен жұртты қайтарып жүргенде бір қызыл шапанды әйел адам: «Темүжін, иә» деп қатты дауыспен айқайлап жылағанды Шыңғыс қаған өзі естіп:

«Кім деген адам сонша жылап еңіреп жатыр» деп сұратуға адам жіберді. Ол адам барып сұрастырса әлгі еңіреген әйел:

«Менің атым Қадаған, Сорқан Сарының қызы едім. Күйеуімді әскерлер ұстап алып, өлтірмекші болып жатыр. Сол себептен Темүжін күйеуімді құтқарсын деп еңіреп айғайлаған мен» дейді. Сол айтқанын Шыңғыс қағанға жеткізсе ол атымен шауып барып атынан түсіп Қадағанды құшақтап амандасады. Оның күйеуін біздің әскерлер өлтіріп те жіберіпті. Сол ел-жұртты қайтарып, Шыңғыс қаған қалың қол әскерлерімен сонда қонып түнепті. Қадағанды қасына қатарластыра отырғызады. Ертеңгі күні Сорқан Сары, Жебе екеуімен Тайычығұттың Төдөгеге қарасты ел-жұртын ертіп келеді. Шыңғыс қаған Сорқан Сарыға бұй дейді:

«Мойындағы

Ауыр ағашты

Тастап жіберген,

Жағаға салынған

Жарма ағашты

Лақтырып жіберген

Әке баланың көмегі еді

Сендер неге кешіктіңдер» дейді.

Сорқан Сары: «Менің сенімім мол болатын. Не үшін асығамыз. Асығып ертерек келсем Тайычығұттың нояндары артта қалған менің әйел, бала-шағам, мал-мүлкімді барлығын күл-талқан етер еді ғой. Енді қағанымға қосылып шұғыл келдім ғой» дейді.

Айтып біткен соң оны «жөн» деді.

147-бөлім

1477. Basa Čingis-qayan ükülerün: «Köyiten bayildužu iquriq-

1478. -aldun žibčiyerülčen бүкүй-түр тедә нирү'ун дөкереče

1479. sumun irežü min-ü žebele²⁷ aman ča'an qula-in aman

1480. niru'u-inu ququs ken qarbula'a. A'ula dekereče ke²⁸ebe.

1481. Tere üge-tür Žebe ükülerün: «A'ula dekereče bi

1482. qarbula'a, edü²⁸e qayan-a ükü²⁸ülde²⁸esü, hala'an-u tedüi

1483. qažar kö²⁸ežü qočorsu. Soyurqaqda²⁸asu qayan-u

1484. emüne Čö⁸el usun-i hoqtoru, Čegü⁸en čila⁷un ča⁷uru Dobtulžu
 1485. öksü Kür ke⁸eksen qažar-a Kökö gürü ke⁸ürü Qal
 1486. ke⁸eksen-tür Qara gürü qanqaru Dobtulžu
 1487. öksü» ke⁸ebe. Čingis-qayan ükülerün: «Dayisun
 1488. yabuqsan kü⁸ün alaysan-iyen dayisurqaysan-iyen beye-en
 1489. ni⁷užu, kele-ben bučažu ayu. Ene bürün ke⁸esü munda
 1490. alaysan-iyen, dayisurqaysan-iyen ülü bučan, munda ži⁷an
 1491. biyu nököčeltü kü⁸ün buyu. Žiryu⁷adai neretü ažu⁷u
 1492. Mün žebele⁸ü aman čaqan qula-i min-ü aman-niru⁷u
 1493. qarbuqsan-u tula Žebe nereyitcü
 1494. dergede min-ü yabu» ke⁸en
 1495. žarliq bolba. Žebe Tayiči⁷ut-ača irežü
 1496. nököčekšen yosun tejimü.

Тағы Шыңғыс қаған бұй дейді:

«Көйтенде соғысып теке тіресіп жатқанда төбе үстінен олар менің сауытты соғыс атым аузы ақ құланың арқа жонын оқпен атып жіберді. Ол оқ таудан келді деді.

Ол сөзге Жебе:

«Таудан атқан мен болатынмын. Енді қағанның алдында өлтірілсем алақандай жерге кеуіп қалайын. Сый етілсем қағанның алдында

Шүңгіл суы құрығанша

Ақ тас жарылғанша

Жорық жасап берейін.

Жет деген жеріңе

Көк тас шағылғанша

Ти дегенде

Қара тас жарылғанша

Жаулап берсем» дейді.

Шыңғыс қаған:

«Жауласып жүрген кісі өлтіргенін, жауласқанын жасырып жүруші еді. Осының бәрін айтып өлтірген, жауласқанынан таймай айтып тұрған адаммен дос болуға жарайды екен. Жырғұғатай есімді еді. Сол соғыс атым аузы ақ құланың арқасын атқаны үшін Жебе деп атайын, қасымда жүр» деп жарлық етті. Жебенің Тайычығұттардан келіп достасқан жосыны осындай.

Түсіндірмелер

¹ **harban qurban qarın** — Һарбан құрбан қарын. Сөзбе-сөз: «Он үш жаттар, аймақтар». Моң: qarın «жат, бөгде, бөлек»+п «көптік жалғау» > qarın «жаттар, бөлектер». Қыт: «ру, тайпа» деп аударылған.

² **harban qurban küre^{et}** — Һарбан құрбан күреет. Сөзбе-сөз: «он үш күрендер». Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» шығармасында «...Он тотчас занялся устройством (своего) войска и (об этом) известил племена и роды, которые были дружественны ему и (являлись) его сторонниками (хавах). Когда (все) собрались, он определил им счет по туманам, по тысячам (хазаре) и сотням (садэ). Всего тринадцать куреней. Значение (термина) курень — «кольцо» ...» деп он үш «күреннің» құрамын атайды (Рашид ад-Дин — СЛ, 1–2. С. 86–88). Ішкі Моңғолия ғалымы Сайшаал бұл орайда Шыңғыс қағанның он үш «күрендері» немесе «қоршаулары» мыналар дегені:

- 1) Хөгелүн қатүн, оның төркіні Олқунұд тайпасы;
- 2) Шыңғыс қағанның өзінің, ұлдарының, анда нөкерлерінің, нояндарының тайпалары;
- 3) Қабұл ханның ағасы Сем Сачұла, оның ұлдары, Мұқұр Құлан бастаған Адарқын, Түмен Түбеген, Керейттің Жіркін тайпасы, Сечегүр бастаған Ғорлос тайпасы;
- 4) Сүйкейт Чербидің ұлы Даран бастаған Қоңырат, Қорытай, Бұдаған тайпасы;
- 5) Арқай Қасар, Жалайыр тайпасы;
- 6) Сорқатү Жүркі ұлы Сача-бек, оның інісі Тайычү және Қыйұт Жүркін тайпасы;
- 7) Бартан батырдың інісі Қутүктү Мөңкүрдің ұлы Бөрі-Бөкө, інісі Құлан батырдың ұлы Йеке Череннің жұрты, оның немере ағайыны Төдеген Отчығынның қол астындағы Қыйұд тайпасы;
- 8) Бартан батырдың үлкен ұлы Меңгүтү Қыйұн, оның ұлы Өңкүр және інісі бастаған Чаңшығұт, Байағұт тайпасы;
- 9) Бартан батырдың кенже ұлы Дарытай отчығын, ағасы Некүн тайжының ұлы Құчар бек және Доғолтай, Некүс Қорықан, Сақайыт, Онжын төрт тайпасы;
- 10) Қотала ханның үлкен ұлы Жочы және оның қол астындағы тайпасы;
- 11) Қотала ханның кенже ұлы Алтын отчығын және оның қол астындағы тайпасы;
- 12) Тақай батыр, Сүлдүс тайпасы, Жекей Қоңтақұрдың ұлы Сүкекейжігін, Сүкекен;
- 13) Кендү чынү, Өлүгчін чынү ұрпақтары, Ақ Қоғай (Цагаан Гоо) Некүтүй немесе Некүс тайпасы (Sayisiyal — Čingüis qaγan-u tobčiyān, 1987. P. 207–209); (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 257–258).

³ **tüsürge tösürcü^{üi}** — түсүрге түсүрчүүі. Сөзбе-сөз: «қымыз түсіріпті, саба қымыздар ашытыпты». Қыт: «ыдыс-аяқ төңкеріпті» деп аударылған. Моң: сөн сөгнөх — «ас беру, қымыз құю» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 259) деп аударған. Моң. сөн — сөгнөх — «сабалаған қымыз құю, күбілеген қымыз құю» (Базылхан — МКТ, 1984. 420). «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде **tüsürge** — 1) өзен құйылысы; 2) диірменнің су ағызғышы деп кездеседі (DLT, I. S. 490).

⁴ **kirü^{es}** — кірүес. Сөзбе-сөз: «керме». Қаз: керме — «арасы қашықтау жерге екі қазық қағып, ат байлау үшін тартылған арқан» (Қазақ тілінің сөздігі. 1999. 307-б.), «екі үйдің арасына керілген арқан» (Қазақ ТТС. 4-т., 635-б.). Қыт: «аттан түсер жер» деп аударылған.

⁵ **qorqan** — қорқан. Сөзбе-сөз: «қорған». Көне түрік тілінде: **qorqan** > қорған.

⁶ **Ṣa^ʷut qurı** — чаұт құры. **ṣa^ʷut qurı** // **ṣa^ʷut qurı**. Сөзбе-сөз: «аймақтарды билеуші». Манжұр тіліндегі атақ деп топшыланады. Жүрчіттердегі әскери атақ. Қыт. аударылмаған. Рашид ад-Дин бойынша «...восхвалил Чингиз-хана и положил ему прозвище (лакаб) Джаут кури — что по китайски значит «великий эмир...» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 93).

⁷ **Oṅ** — Оң. Сөзбе-сөз: «Оң». Қыт: «ван» атағы. Рашид ад-Дин бойынша «... дал государю кераитов по имени Тогорил, прозвище (лакаб) «Он-хан», что значит «государь одного царства (мулк)» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 93).

⁸ **ṣa^ʷu-ta^ʷu** — жаұ таұ. **ṣa^ʷu-ta^ʷu** // **ṣe^ʷü-ta^ʷu**. Қыт: чао-тао — «ноянның атағы» делінген. Жеұтау — «Қытай, Алтын, Юань дәуіріндегі нояндардың атағы» (Eldengtei, Argajab — MNT, 1986. P. 368); жаұтау — «бөгде елге билік үшін жіберілген атақ» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 263).

⁹ **dörebçitü** — дөребчітү. Сөзбе-сөз: «сіргелі». Моң: дөре // дөрү — «тығырық, сірге» деген сөздер кездеседі. Көптеген зерттеушілер мұрынға тесіп салынған «жүзік сырға, мұрын сырға» деп қарастырған. Қыт: «сіргелі» деп аударылған. Біздің пікірімізше моң: **dörebçitü** сөзінің мағынасы «баланың шашын бұрымдап тоқтатуға арналған сірге іспетті түйреуіш» болу керек. Демек бұл ретте «алтыннан жасалынған сірге іспетті түйреуішті» айтып тұр.

¹⁰ **A^ʷuruq** — аүрүк. Сөзбе-сөз: «Ағүрүк». Түрік: **A^ʷür** // **A^ʷur** — 1) қымбатты, сыйлы, құрметті; 2) ауыр деген мағынаны білдіреді. Қағанның сыйлы, жақсы көретін ордалық жерінің бірі болуы ықтимал. Зерттеушілер қазіргі Моңғолияның Кентай аймағы Дэлгэрхан сұмыны Аврага арасаны бар жер (Далдинсүрэн Ц.); «артқы үй, ордасы» (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 263—264) деп қарастырады.

¹¹ **büte^{es}ežü** — бүтеежү. Сөзбе-сөз: «бітеу». Қыт: «бірақ бітіру» деп аударылған. Бұнда үн шығармай тұншықтырып (бітеп тұмшалап, қан ағызбай) өлтіруді айтып отыр.

¹² **saqari** — сақары. Қаз: сауыр — «малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті».

¹³ **taqiya žil** — тақыя жыл. Сөзбе-сөз: «тауық жылы». 1201 жыл.

¹⁴ **Naiman** — найман. Сөзбе-сөз: «Найма+лар». Түрік тілдес іргелі ұлыстың атауы. Моң: Наута — («Найма») + -п («көптік жалғау») > Наутап «Найман // Найма+лар» деп аталған. Моң: паута // паутап — «сегіз».

¹⁵ **Buyıruq-qan** — Бұйыруқ хан. Сөзбе-сөз: «Бұйрық хан». Найман ұлысының ханы. Көне түрік бітік: **buıruq** > бұйырық // бұйрық.

¹⁶ **Oyrad** — ойрад. Моң: Оуга+d «көптік жалғауы» > Оуга+d — «ойраттар». Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» шығармасында «Юртом и местопребыванием этих ойратских племен было Восьмиречье (Секиз мурен). В древности по течению этих рек сидело племя тумат... Несмотря на то что их язык монгольский (все же) имеет небольшую разницу других монгольских племен, например такую: нож другие (монголы) называют китуга, а они (говорят) мидуга...» дейді (Ра-

шид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 118). Зерттеушілер ой // орман — еркін ел немесе ой- нарат // арад «халық, ел, жұрт» > ойрат («ой орман халқы») түрде дамыған болуы керек дейді.

¹⁷ **ažırğa ge^ün ke^üs čabčılaldužu** — ажырға геүн кеүс чавчылалдүжү. Сөзбе-сөз: «айғыр бие қаңтарып шабыстырып». Қыт: ke^üs дегенді «көлденеңімен» деп аударған. «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде keküš — «ісікке қарсы қолданатын ем дәрі, шөп» (DLT, I. 407-б.) деген. Бұл жерде бізге беймәлім сол дәуірлердегі белгілі бір ырым-жосындық салт жасалынған. Моң: ke^üs — «қиғаш, қиыңқы». Қаз: кие — «ие, кие» деген сөзбен байланысты болуы ықтимал.

¹⁸ **Gür-qan** — гүр қан. Сөзбе-сөз: «Гүр хан». Түрік тілдерінде күг — «ержүрек, мықты», күг ег — «жүректі ер», күг алр — «қорықпайтын, ержүрек алып», күг жүреклік — «ер жүректі» деген мағынада кездеседі (ДТС. 328-б.).

¹⁹ **mañlai // mañlan** — маңлай // маңлан. Сөзбе-сөз: «маңдай алды». Жорықтарда алдыңғы қатарда жүретін таңдаулы қол.

²⁰ **uñšılaldužu** — ұңшылалдүжү. Сөзбе-сөз: «айқайлап, оқылып, дауыстап». Соғысар алдында келісу үшін ұзақтан айқайласып сөйлесіп келісуді осылай атаған.

²¹ **žada** — жада. Сөзбе-сөз: «жада». Көне түрік бітік: yat // yada — «жел, боранды шақыратын әдіс». Қаз: жады — сиқырлаушы, арбаушы деп түсіндірілген. «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде yat — «қамлықтың (бақсының) бір түрі, белгілі тастармен (йада тасымен) жасалады. Солай жаңбыр мен қар жаудырады, жел соқтырады. Бұл түріктер арасында кеңінен белгілі. Мен өзім бұны Иағма жұртында көзіммен көрдім. Ол жерде бір өрт болған еді, жаз маусымы еді, қар жаудырды, Ұлы Тәңірінің рұқсатымен өрт сөндірілді» дейді Махмұт Қашғари. yatcī yatladī — «жадшы жадылады (шаман жада тасымен жады қылды, қам жада тасымен жаңбыр жаудыру үшін жадылады)» (DLT, III. 3, 307—308-бб.). Қыт: «жел тұрғызып, жаңбыр жаудыратын қиын істерді меңгерген» деп аударылған. Бұл жөнінде қараңыз: Малов С. Е. Шаманский камень «яда» у тюрков Западного Китая // Советская этнография. 1947. № 1. С. 131—160.

²² **Altai** — Алтай. Қазіргі Алтай тау сілемдері.

²³ **Uluq-taq** — Ұлуқ тақ. Кейбір зерттеушілер қазіргі Моңғолияның Алтай тау сілемдері дейді.

²⁴ **turastan** — тұрастан. Көне түрік бітік: tuga — қамал, қорғаныс. Қыт: «төртбұрыш қалқалар» деп аударылған. «Тұрақты қамал» деген сөз.

²⁵ **malaqai** — малақай. Сөзбе-сөз: «баскиім». Моң: malaqai > малғай — «тымақ, бөрік, баскиім». Қаз: малақай — «құлағы бар жылы баскиім».

²⁶ **žarbiyal** — жарбийал. Көне түрік тілінде jağr — «қатты, берік». Қаз: жарма ағаш. Өгіздің мойынтұрығы деген сөз.

²⁷ **žebele^ü** — жебелеу. Сөзбе-сөз: «соғыс аты».

²⁸ **Soyuqqaqda⁷asu** — сойұрқақдаасу. Моң: соуиқа — ұлықтар тарапынан бұйырылу, тарту етілу, рұқсат етілу, құрмет берілу, соуиқал — тарту, бұйрық, рұқсат, құрмет, соуиқақи — тарту, бұйыру, рұқсат ету деген мағынада жиі кездеседі. Қаз: сый, сый-сыяпат, сыйлау және т. б. қолданыстарда байырғы мағынасы сақталынған.

Бесінші дәптер

148-бөлім

1497. Čingis-qayan tende Tayiči'ut-i da'uližu Tayiči'utai
1498. yasutu kü^sün-i A'uču-Ba'atur, Qotan-Orçaң, Qudu'udar-tan
1499. Tayiči'ut-i uruq-un uruq-a kürtele hunesü-er
1500. keyisgen qiduba. Ulus irkin-i an-u ködölgežü
1501. irežü Čingis-qayan Qubaqaya übülžeba

Шыңғыс қаған сонда Тайычығұтты жаулап алып Тайычығұттай рулы (сүйекті) кісіні Ағұчү батыр, Қотаң-Орчаң, Құдұғұдар бастаған тайычығұттарды ұрпағынан ұрпағына жеткенше күл-талқан етіп қырды. Ұлыс елді көшіріп келіп, Шыңғыс қаған Құбақайда қыстады.

149-бөлім

1502. Ničü^süt-Baqarin-u Širgü^setü-ebügen, Alaq, Nayaya
1503. kö^süt-lü^se-ben Tayiči'ut-un noyan Tarγutai Kiriltuy
1504. hoyilažu бүкүй-i öšitü kü^sün бүле^se ке^sen morilan үлү
1505. čidaqu Tarγutai-i barižu tergen-tür unu'ulžu
1506. Širgü^setü ebügen Alaq, Nayaya kö^süt-lü^se-ben
1507. Tarγutai-Kiriltuy-i barižu ayisuqu-tur Tarγutai-Kiriltuy-un
1508. kö^süt de^sü-ner-inü buližu abuya ке^sen küyičežü
1509. irežü^sui. Kö^süt de^sü-ner-i-inü küyičežü ireküi-lü^se
1510. Širgü^setü-ebügen bosun yadaqu Tarqutai-i tergen
1511. dekere unužu gedergü dekere-inü aqtalan sa'uzu
1512. qituqai qaryažu үкүлерүн: «Kö^sün de^sü-ner čin-u
1513. čimai buližu abura irebe. Čimai qan-iyen
1514. qardaba ке^sen ese-teqi ala'asu qan-iyen qardaba
1515. ке^sen alaqu-gu. Ala'asu-taqi mün-gu alaqdaqu-gu bui
1516. Mün-ele үкүкүй-dür-iyen **dere abun үкүсү¹**» ке^se^set
1517. aqtalažu yeke qitu'ai-yar-an qo'ulai-inu ququlura
1518. күркүй-tür Tarγutai-Kiriltuq yeke da'u-γar de^sü-ner

1519. kö^süt-iyen qayılažu ke^selerün: «Širgü^setü namai
 1520. alan buyu, alan bara^γasu, üküksen amin üküi beye min-ü
 1521. abču otču yekiyüžei ta, nama-i ala^γai üdü^süy-e
 1522. öter qaritqun. Temüžin namai ülü alaqu. Temüžin-i
 1523. üçü^sen čaq-tur:
 1524. «Nidün-düriyen γaltu Ni^γur-dur-iyen
 1525. keriyetü büle^se ke^sen ezen üküi-yi nuntuq-tur qočorču
 1526. amui ke^sen abura otču abčiražu, «Surya^γasu surqu
 1527. metü buyu ke^sen Sona üre daqa^γan Surtaqu metü
 1528. Suryan suyin yabula^γa Ükü^sülsü ke^sesü, Ükü^sülün
 1529. yadaqun büle^se bi. Edü^se oi-inu orožu amu
 1530. Setkil-inü Senteležü amu ke^sekdemüi. Temüžin nama-i
 1531. ülü ükü^sülgü Ta, kö^süt de^sü-ner min-ü öter qaritqun
 1532. Širgü^setü nama-i alažu ile^süžei» ke^sen yeke da^γu+qar qayilaba.
 Kö^süd de^sü-ner inü ügüleldürun: «Ečike-in
 1533. amin-inu aburaya ke^sen irebe bida. Širgü^setü
 1534. amin inu ükü^sülün barayasu qo^γusun amin-üküi
 1535. beye-inü yekikün bida. Münde ala^γai-üdü^süi-e öter
 1536. qariya» ke^seldüžü qariba. Teden-i ireküi-tür
 1537. Alaq, Nayaya tan Širgü^setü-ebügen-ü kö^süt-inü
 1538. heyilükset irebe. Teden-i ire^sülü^set ködölžü
 1539. ayisurun ža^γura Qutuqul-nu^γud-a kürü^sesü tende
 1540. Nayaya ükü^sülerün: «Bida ene Taryutai-i barižu
 1541. kürü^sesü Čingis-qayan bidan-i «tus qan-iyen qardažu
 1542. irežü^süi ke^sen Čingis-qayan bidan-i tus-iyen qardažu
 1543. irekset ya^γun itegelten haran. Ede bidan-tur
 1544. basa ker nököčekün. Nököčel üge^sün haran, tus
 1545. qan-iyen qardaqsat haran-i mököri^süldekün ke^sežü
 1546. mököri^süldekün-ü^sü bida. Münde Taryutai-i endeče talbižu
 1547. ile^sežü, bida beyes-iyen Čingis-qayan-a kücü öküre
 1548. irebe ba ke^sežü oduya. Taryutai-i barižu ayisula^γa
 1549. tus qan-iyen tebčin yadažu üže^set ker ükü^sülkün
 1550. ke^sežü talbižu iležü ba büširen kücü öksü ke^sen
 1551. irebe ba ke^seye» ke^sebe. Nayaya-in ene üge
 1552. ečikes-kö^süt žöbšiyeldüžü Taryutai-Kiriltuy-i
 1553. Quduqul-nu^γud-ača talbižu iležü müt Širgü^setü
 1554. ebügen Alaq, Nayaya kö^süt-lü^se-ben ire^sesü
 1555. «Jekin irežü» ke^sebe. Širgü^setü-ebügen Čingis-qayan-a
 1556. ügülerun: «Taryutai-Qiriltuy-i barižu ayisurun žiči
 1557. tus qan-iyen üže^set ker ükü^sülküi ke^sežü tebčin
 1558. yadažu talbižu iležü, Čingis-qayan-a kücü öksü ke^sen
 1559. irebe» ke^sebe. Te^sün-tür Čingis-qayan ükü^sülerün:

1560. «Qan-iyen Tarγutai-i qardažu irekset bö⁸esü tus
 1561. qan-iyen qardaqsat haran-i tan-i uruq-iyar mökörü⁸ül
 1562. dekün büle⁸e. Ta tus qan-iyen tebçin yadaγsan setkil
 1563. tan-u žöb bi» ke⁸en Nayaya-i soyurqaba.

Нічүгүт Бағарынның Шіргүгетү шалы Алақ, Найаға ұлдарымен Тайычығұтай нояны Тарғұтай Кірілтүгты орманда жүргенінде өш, қас адам деп ұстап алып арбаға мінгізіп алып келе жатқанында Тарғұтай Кірілтүгтың ұлдары, інілері тартып алайық деп жетіп келіпті. Ұлдары мен інілері жақындап қалғанда Шіргүгетү шал арбаның үстінде әрең-әрең аяқта тұрған Тарғұтайды жығып, қарнына мініп алып пышағын шығарып: «Ұлың, інілерің сені тартып алуға келе жатыр. Сен ұлық ханға қол тигізгенің үшін хан сені өлтірмесе де мені олар өлтіреді. Сені өлтірмесем де мені өлтірер. Бәрібір өлмек болған соң есемді бермей өлейін» деп пышағын тамағына таятқанда Тарғұтай Кірілтүг қатты дауыспен айқайлап ұлы, інілеріне: «Шіргүгетү мені өлтірді! Өлтірсе менің сүйегімді не қыласыңдар. Мені өлтірмей тұрғанда қайтыңдар. Темүжін мені өлтірмес. Темүжіннің балалық шағында: «Көзінде оты бар, жүзінде нұры бар» деп иен далада жатқанда тауып әкеліп үйретсе үйренетін қабілеті бар деп құлын-тайдай үйретіп тәрбиелеген едім. Сол кезде өлтірсем несі бар еді. Енді оның ақыл-есіне кірермін. Темүжін мені өлтірмейді. Сендер, ұлдарым мен інілерім, тез қайтыңдар. Шіргүгетү мені өлтіріп жіберер» деп қатты дауыспен айғайлады.

Ұлы мен інілері: «Әкеміздің жанын сақтаймыз деп келдік емеспе. Шіргүгетү оны өлтірсе жансыз сүйегін не қылармыз. Өлтірмей тұрғанында тезірек қайтайық» деп қайтып кетеді. Олар кетісімен қашып кеткен Шіргүгетү шалдың ұлдары Алақ пен Найаға қайтып оралып келеді. Олар сол жерден қозғалып, Құдұқұл ормандарына жеткенде Найаға: «Біз осы Тарғұтайды ұстап жеткізсек, Шыңғыс қаған ұлық хандарына қол тигізген сатқын қаралар деп қалай сенер бізге. Бізбен қалай дос болып жүрмек деп, достасарлық сенімсіз деп бізді жойып жібереді ғой. Тарғұтайды осы жерден босатып жіберейік те, біз өздеріміз Шыңғыс қағанға күш беруге келдік деп барайық. Ал Тарғұтайды ұстап алып келе жатып, батылымыз бармай босатып жіберіп, сізге бас иіп күш берейік деп келдік дейік» дейді. Найағаның бұл сөзін әке, ұлы қостап, Тарғұтай Кірілтүгты

Құдүқұл орманына босатып жіберіп Шіргүтетү шал Алақ, Найаға ұлдарымен қағанға жетеді. Олардан Шыңғыс қаған «Не үшін келдіңдер» деп сұраса, Шіргүтетү шал «Біз Тарғұтай Кірілтұқты ұстап келе жатып батылымыз бармай басқаға қалай апарамыз деп босатып жібердік те, Шыңғыс қағанға күш қосайық деп келдік» дейді. Ол сөзіне Шыңғыс қаған бұй дейді:

«Өз хандарың Тарғұтайды

Қолмен ұстап әкелсеңдер

Ханға тиген қара деп

Ұрпақ түбіне жетер едім,

Хандарыңды қорғаған

көңілдерің жөн екен» деп Найағаны сыйлап, тарту жасады.

150-бөлім

1564. Te^sün-ü qoyina Čingis-qayan-tur Kereyid-ün **Žaqa-Qambu**²

1565. Tersüt-te бүкүй-түр нөкөчере irebe. Tere ireksen-tür

1566. Merkit qatquldura ire^sesü Čingis-qayan, Žaqa-Qambu

1567. kiget qatquldužu ičuqaba. Tende Tümen-Tübegen, olon

1568. Duңqait, butaraysan Kereyit irkin-ber Čingis-qayan-tur

1569. orožu ire^süle^sei. Kereyid-ün Оң-qan бүрүн urida

1570. Jesükei-qayan-u čaq-tur sayibar el **alduqsan**³-tur

1571. Jesükei-qan-lu^γa anda ke^seldüksен азу^γu. Anda ke^seldükүй

1572. yosun-inu: «Оң-qan еңке-үй^sен **Qurčaqus-Buyıruq-qan**⁴-u

1573. de^sü-ner-iyen alaqu-in tula **Gür-qan**⁵ abaqa-lu^γa-ban

1574. bulqa bolulčažu, Qara^γun-qabčal širqu^γuldažu

1575. ža^γun kü^sün qarču Jesükei-qan-tur ire^sesü Jesükei-

1576. qan ima-i öker-dür-iyen irekdežü ö^sesün čerik

1577. moñlažu Gür-qan-i **Qašin**⁶-žük hüldežü irge urγa-inu

1578. Оң-qan-na abču öкүksen-ü tula anda bolulčaqu

1579. tere.

Содан кейін Терсүт деген жерде отырған Шыңғыс қағанға Керейдің Жақа Қамбұсы достасуға келеді. Осы кезде Меркіт соғысуға келген еді. Шыңғыс қаған мен Жақа Қамбұ қосылып соғысып, оларды қайтарып жеңді. Сонда Түмен-Түбеген, қалың Дұңқайыт, бытыраған Керей елі Шыңғыс қағанға қосылып келеді. Керейдің Оң ханы бұрын Иесүкей қағанның кезінде жақсы жарасқан, Иесүкей ханмен аңда болысқан еді. Аңда делінген жосығы:

«Оң хан әкесі Құрчақұс Бұйрық ханның інілерін өлтіргені үшін Гүр хан деген немере ағасымен жанжаддасқан екен. Қарағұн шатқалда қамалып жүз кісі аман шығып Иесүкей ханға келсе, ол өздеріне келгендері деп өзі әскер аттанып Гүр ханды Қашын жаққа қарай қуып, ел-жұртын Оң ханға алып берген үшін анда болысқаны сол екен.

151-бөлім

1580. Te⁸ün-u qoyina Oң-qan-nu de⁸ü Erke-Qara⁷ Oң-qan aqa-da⁷an
 1581. alaқdarun buru⁷utču otču Nayman-u Inanča-qan⁸-tur
 1582. orožu⁷ui. Inanča-qan čerigüt iležü žiči Oң-qan qurban
 1583. balaqat⁹ bitün yorčižu Qara-Qitad-un Gür-qan¹⁰-tur
 1584. oduqsan ažu⁷u. Tendeče bulqa bolun Uyiyud¹¹-un Taңyud¹²-un
 1585. balaqat daqari⁷at, tabun ima⁷at širgü⁸eležü sa⁷aldužu
 1586. teme⁸en-ü čišun qanažu ide⁸et yadažu
 1587. Ыse⁸ür-na⁷ur-a ire⁸esü, Čingis-qayan uridu Jesükei-qan-lu⁷a
 1588. anda ke⁸eldüksen yosu-qar Тақай-Ба⁷atur
 1589. Sükegei-Že⁸ün qoyar-i elči ile⁸et Kelüren-ü ten⁸ün-eče
 1590. Čingis-qayan ö⁸esün esergü otču, ölesčü
 1591. turužu irebe ke⁸en Oң-qan-na qubčir-i qubčižu¹³
 1592. ökcü, küre⁸en dотора oru⁷ulžu težigebe. Tere
 1593. übül žergeker ne⁸üzü Čingis-qayan Qubqaya-i
 1594. übülžeba.

Содан кейін Оң ханның інісі Ерке-Қара Оң хан ағасына өлтірілер деп жалтарып қашып, Найманның Ынанча ханына барады. Ынанча хан әскерлерін жіберіп, Оң хан үш қаланы өтіп кетіп Қара-Қытайдың Гүр ханына барған екен. Содан бүлініп Ұйғырдың, Таңғұттың қалаларынан өтіп бес ешкінің сүтін суалғанша сауып, түйенің қанын қанап (тамырын тесіп) ішіп, әбден шалдығып Күсегүр көліне келсе, Шыңғыс қаған бұрын Иесүкей ханмен анда болған жосынымен Тақай-батыр, Сүкегей-Жеуін екеуін елші етіп жіберіп Керленнің басынан Шыңғыс қаған өзі қарсы алып, шаршап-шалдығып келді деп Оң ханға алым-салық жинап беріп, қоршау қалаға кіргізіп бақты. Сол қыста олар қатарласа көше отырып, Шыңғыс қаған Құбақайда қыстапты.

152-бөлім

1595. Tende Oң-qan-nu de⁸ü-ner noyat kiget ükülerün:
 1596. «Ene qan aqa bidan-u Ükügü abüntu Hüme⁸ei helige

1597. Ebüritcü yabuyu Aqa de^{sü}-i baraba. Qara-Qitad-tur
 1598. ba oroba-gü Ulus ba žöb a^γamu, edü^e e^{sü}ni
 1599. ker kikün bida. Erte üdür ke^eesü dolo^γan nasutu-i
 1600. Merkit irkin da^γulıžu otçu qara alağ ešige
 1601. daqu emüsgežü otçu Selenge-in Bu^γura-keker-e Merkid-ün
 1602. ayur nüdübe-gü. Qurçaqus-Buiruq-qan, ečike-inü
 1603. žiči Merkit irge qa^γulžu kö^{sü}-ben tende aburažu
 1604. ire^eesü basa Tatar-un Ažai-qan harban qurban
 1605. nasuta-i eke selte basa da^γulıžu otçu
 1606. temegedi-yen adula^γulun yabuqui-tur Ažai-qan-u
 1607. qoniči abu^γat horqužu irebe že. Basa te^{sün}-ü
 1608. qoyina Nayman-ača ayužu buru^γutçu **Sarta^γul¹⁴**-un qažar-a
 1609. **Čüi-müren¹⁵**-e Qara-Qitad-un Gür-qan-tur otba že. Tende
 1610. niken hon ülü da^γusun žiči dayižin ködölžü Uyiğud-un
 1611. Tañğud-un qažar-iyar bitužu yaburun yadažu tabun
 1612. imayat širgü^eeležü sa^γažu, teme^een-ü čišun qanažu
 1613. idežü qağča čoqor qali^γun moritu yadažu
 1614. Temüžin kö^{sün}-tür ire^eesü qubčir-i qubčižu teži^eebe že.
 1615. Edü^e Temüžin kö^{sün}-tur ire^eesü teyin yabuqsan-
 1616. iyen umartažu hüme^eei helige ebüritcü yabumu. Ker
 1617. kikun bida» ke^eeldübe. Teyin ügüleldüksen üges-i
 1618. **Altun-Ašuq¹⁶** Oñ-qan-a ayilatqažu^γu. Altun-Ašuq
 1619. ükülerün: «Bi ber ene eye-tür oroldula^γa-gü
 1620. žiči qan-iyar čima-i tebčin yadaba» ke^eežü tende
 1621. Oñ-qan eyin ügüleldükset El-qutur, Qulbari
 1622. Arin-taiži-tan de^{sü}-ner-iyen noyad-iyar bari^γulžu^γui. De^{sü}-ner-
 1623. -eče Žaqa-Qambu buru^γutçu Nayman-tur orožuγu. Tedeni
 1624. bari^γas selte ker-tür oruğulžu, Oñ-qan ükülerün:
 1625. «Bida Uyiğud-un, Tañğud-un qažar-iyar ayisuqu-tur, yağu
 1626. ke^eeldüle^eei. Tan-u metü ya^γu setkigü bi» ke^ee^eet
 1627. ni^γur-tur an-u nilbužu bari^γas an-u talbi^γulba.
 1628. Qan-a ele nilbuqdažu, ker-tür bükün haran bügüde-^eer
 1629. bosçu nilbužu^γui.

Сонда Оң ханның інілері мен нояндары бүй дейді:

«Осы біздің хан ағамыз!

Қырсық мінезді,

Пасық ойлы,

Пиғылын қойнына тығып жүр!

Аға-інілерін құртты ғой.

Қара-Қытайға кірдік тағы біз,

Біздің ұлысымыз қиналды ғой.
Енді мұны қайтеміз-ау
Ерте күнде жеті жасыңда
Меркіт елін жаулап кетіп
Қара ала ешкі тонын
Кигізіп жібердік.
Селеңге өзені Бұғұра даласыңда
Меркіттің келісін ұрды ғой,
Құрчақұс Бұйрық хан әкесі
Меркіт елін жаулап
Ұлын содан әкелген еді ғой,
Татардың Ажай-хан
Он үш жасар кезінде
Шешесімен бірге алып кетіп
Түйе малын қайыртқан еді ғой,
Ажай-ханның қойшысын алып
Қайтып келген емес пе.
Кейін Найманнан
Қорқып бұзылып,
Сартағұл жеріне
Шу өзенінде
Қара-Қытайдың
Гүр ханына кетті ғой.
Сонда бір жыл болмай
Үркіп көшіп Ұйғырдың,
Таңғұттың жерінде

қаңғырып жүргенде бес ешкінің сүтін сауып, түйенің қанын қанап, жаңғыз шұбар құла атын мініп Темүжін ұлға келгенде, ол алым-салық жинап бақты ғой. Енді Темүжін ұлға келіп сондай халде жүргенін ұмытып жаман ой ойлап жүр. Қайтсек болармыз» деді. Осылайша сөйлеген сөзін Алтын Ашұқ Оң ханға жеткізіпті.

Алтын Ашұқ бұй дейді: «Мен де бұл сөздің жиналысына қатыстым-ау, ханым саған батылым бармады» деп сонда Оң хан солай келіскен Елқұтұр, Құлбары, Арын тайыжы інілері мен нояндарын ұстатыпты. Інілерден Жақа-Қамбұ қашып Найманға кіріп кетіпті. Сол ұсталғандарды Оң хан үйге кіргізіп бұй дейді:

«Біз Ұйғырдың, Таңғұттың жерінен келгенде не дестік. Сендер сияқты мен не ойлап жүр дейсіңдер» деп беттеріне түкіріп баула-

рын шештіріпті. Хан түкірген соң үй ішіндегілер барлығы түрегеліп түкіріпті.

153-бөлім

1630. Tere übül übülžežü noqai žil¹⁷ namur-inu Čingis
 1631. qaγan Čaqaγan-Tatar, Alči-Tatar, Tutayut-Tatar, **Aluqai-Tatar**¹⁸,
 1632. tede Tatar-tur, Dalan-nemürges bayildužu qatqulduqui-in
 1633. urida Čingis-qaγan žasaγ¹⁹ ügüleldürün: «Dayisun kü⁸ü
 1634. daruγasu olža-tur bü bayiya. Darun baraγasu, tere
 1635. olža bidan-uγai buy-že, qubiyaldut-že bida. Nökör kü⁸ün-e
 1636. ičuγaqdaγasu türün-ü dobtuluqsan qažar-düriyen
 1637. eke⁸ürüye. Türün-ü dobtulyan-tur ese eke⁸ürüksen
 1638. kü⁸ün-i mököri⁸ülüye» ke⁸en žasaγalduba. Dalan-nemürges
 1639. qatquldužu, Tatar-i ködölgebe. Daružu Ulqui Šilügelžit-te
 1640. ulus-tur an-u neyile⁸ülzü daγuliba
 1641. Čaγan-Tatar, Alči-Tatar, Tutayut-Tatar, Aluqai-Tatar
 1642. erkit irge tende muqutqažu žasaγ üküleldüksen
 1643. üges-tür ülü kürün Altan, Qučar, Daritai qurban üges-tür
 1644. ülü kürün olža-tur bayižuγui. Üges-tür ese kürbe
 1645. ke⁸en Žebe, Qubilai qoyar-i iležü olžalaqsat aduγun
 1646. yaγu-ke abuqsad-i bügüde-i abqaγulba.

Сол қысты қыстап, ит жылы (1202 жылы) күзде Шыңғыс қаған Чаған (Ақ) Татар, Алчы Татар, Тұтағұт Татар, Алұқай Татар осы Татарға Далан-Немүргес («Жетпіс Жабылғы») деген жерде соғысуға аттанар алдында Шыңғыс-қаған: «Жау адам жеңілсе, олжаға тоқтамаңдар. Жауды толық басып алсақ олжа бізден қашпайды, оны да бөлісерміз. Дос адамға жеңіліп қуылсақ, алғашқы шабуылдаған жерімізге қайтып оралайық. Алғашқы шабуылдаған жеріне оралмаған адамды өлтірейік» деп тыйым сөз айтты.

Далан-Немүргесте соғысып, Татарды ығыстыра бастады. Оларды жеңе келе Ұлқұй Шілүгелжіт деген жерде ұлыс аймағын қоса жаулады. Чаған Татар, Алчы Татар, Тұтағұт Татар, Алұқай Татар елдері сонда жеңіліп тынды. Тыйым салынған сөзді Алтын, Құчар, Дарытай үшеуі тыңдамай, айтқанға көнбеді деп Жебе, Құбылай екеуін жіберіп олжалаған жылқыларын, зат, бұйымдарын барлығын қайтарып алдырды.

154-бөлім

1647. Tatar-i muqutqažu da'ulin baražu, ulus irkin an-u
 1648. ker kikün ke^{en}, Čingis-qayan Jeke Eye²⁰ uruq-iyar-iyar
 1649. yağça ker-tür orožu eyetüldüba. Eyetüldürun: «Erte üdür-eče
 1650. Tatar-irkin Ebüges-ečikes baraysan büle^e. Ebüges-
 1651. ečikes-ün Ösü^{el} ösü^{ežü} Kisal kisažu Či^{ün}-tür üližü
 1652. Qidužu alažu ögüye Ülittele qiduya Hüleksed-i
 1653. bo'uliduya, Žük-žük qubiyalduya» ke^{en} eye baraldužu kerteče
 1654. qaru'asu Tatar-un Jeke-Čeren Belgütei-eče: «Jambar
 1655. eye eyetüldüba» ke^{en} asažuyu. Belgütei ükülerün:
 1656. «Tan-i bü^{üde}-i čigün-tür üližü qiduya» ke^{eldübe}
 1657. ke^{ežü^{sü}}. Belgütei-in ene üge-tür Jeke-Čeren Tatar-dur-iyen
 1658. tuñqaq talbižu qorqaqlažu'u. Qorqaqsat Tatar-tur
 1659. bidan-u čerigüt ekerekün bolun, maši samšiču'u²¹. Qorqalaqsat
 1660. Tatar-i žobožu ülütken či^{ün}-tür üližü
 1661. qiduqui-tur Tatar ügüleldürün: «Kü^{ün} tutun qančun-dur-iyen
 1662. qituğai qančulažu dere abun üküye²²» ke^{eldüžü} basa
 1663. maši-gu sanšiču'u. Tedüi Tatar-i čigün-tür üližü qidun
 1664. baražu Čingis-qayan žarlıq bolurun: «Bida uruq-iyar-iyen
 1665. Jeke Eye baralduqsan-i Belgütei-in ža'acu-in tula bidan-u
 1666. čerigüt maši sanšiyaba. Egün-ü qoyina Jeke Eye-tür
 1667. Belgütei bü orotuğai. Eye baratala qadan-a bükün-i
 1668. žasatuğai. Žasa'at kere^{ür}-i qulağai qudal üyiletin-i
 1669. žarğulatuğai. Eye bara'asu ötok uqsan²³-u qoyina Belgütei,
 1670. Daritai qoyar tende orotuğai» ke^{en} žarlıq bolba.

Татар елін жеңіп, жаулап алған соң ұлыс елді қалай құрамыз деп Шыңғыс қаған Ұлық Жиын ұрпақтарымен жеке үйге кіргізіп кеңесті:

«Ерте күннен Татар елі
 ата-бабаларымызды құртқан еді.
 Ата-бабаларымыздың
 Өшін өштеп,
 Кегін кектеп,
 Шығырыққа теңестіріп
 Қырып өлтіріп берейік.
 Таусылғанша қырайық,
 Қалған-құтқандарын
 Құл-құтан етейік.
 Жан-жаққа бөлейік» деп кеңес сөзге бекініп үйден шығады.

Сол кезде Татардың Ұлық Черені үйден шыққан Белгүтейден: «Не кеңесіп бекістіңдер» деп сұрапты. Белгүтей: «Сендерді барлықтарыңды шығырыққа теңестіріп қырайық дестік» дейді. Белгүтейдің бұл сөзін Ұлық Черен татарларға таратып жіберіп, олар қоршау салып бекініпті. Біздің әскерлер қоршаудағы татарларды бағындырмақ болып өте көп шығынға ұшырады. Қоршаудағы татарларды қинап қырар, шығырыққа теңестіріп өлтірмек болғанда татарлар: «кісі сайын жеңдеріңе пышақ тығыңдар, есемізді алып өлейік» деп тағы да көп адамды өлтірді.

Сөйтіп, Татарды шығырыққа теңестіріп қырып тауысқан соң Шыңғыс қаған жарлық етті:

«Біздің ұрпақтарымыз Ұлық Жиын жасағанын Белгүтей ауыз ашып айтқан соң өте көп әскер қырылды. Бұдан былай Ұлық Жиынға Белгүтей қатыспасын. Жиын біткенше сырттағы шаруаны қарасын. Ол тыйым жасап, ұрлық, өтірік істілерді жарлық етіп жаза берсін. Жиын бітіп, ішімдік ішілген соң ғана Белгүтей, Дарытай екеуі сонда кірсін».

155-бөлім

1671. Tende Tatar-un Jеke-Čeren-ü ökin Jesügen-qatun-i Čingis-qayan
 1672. tende abuba. Та'alaqdarun Jesügen-qatun üküлерүн: «Qayan
 1673. soyurqa'asu nama-i kü'ün-e boda-da bolyažu asaramu.
 1674. Nadača egeči Jesüi neretei nadača dekere qan kü'ün-e žoqiqui
 1675. aži'ai že. Sai küregen küregelen²⁴ büle'e. Edü'e maqa ene
 1676. bodulyan-tur qa'aqši žorčibi» ke'ebe. Ene üge-tür
 1677. Čingis-qayan üküлерүн: «Egeči čin-ü čimadača sayin бүksen
 1678. bö'esü eri'ülüye egeči-en ire'esü žayilažu
 1679. ökgüyü či» ke'ebe. Jesügen-qatun üküлерүн: «Qayan soyurqayasu
 1680. egečiken-ele üže'esü, egeči-de'en žayilasu» ke'ebe.
 1681. Ene üge-tür Čingis-qayan žarliq tuᅇqa'ažu
 1682. eri'ülü'esü ökteksen küregen-lü'e qamtu hoilažu
 1683. yabuqu-i bidan-u čerigüt žolqazu'ui. Ere-inü tuta'ažu
 1684. Jesüi-qatun-i tende abčiraba. Jesügen-qatun egečiken üže'et
 1685. urida üküleksen üge-tür күrүн, bosču sa'уqsan sa'urin-dur-iyан
 1686. sa'ulžu mün ö'esün doro sa'ubi. Jesügen-qatun-u
 1687. üge-tür adali **bolqazu**²⁵ Čingis-qayan oyin-dur-iyан
 1688. oru'ulžu Jesüi-qatun-i abču žerge-tür sa'ulba.

Сонда татардың Ұлық Черенінің қызы Йесүген қатұнды Шыңғыс қаған алды. (Ханға) ұнаған Йесүген қатұн бүй дейді:

«Қаған сыйласа мені бір кісідей асырар еді-ау. Менен үлкен әпекем Иесүй деген менен де артық, хан адамға лайық сұлу бар. Жаңа ғана күйеуге атастырған еді. Қайда екені белгісіз. Манағы соғыс кезінде айырылысып қалдық» деді. Бұл сөзді естіп Шыңғыс қаған: «Сенің әпекең сенен жақсы болса іздестірейік, әпекең келсе орныңды сен бересің бе?» дейді.

Иесүген қатұн: «Қаған бұйырса, әпекемді көрсем, оған орнымды беремін» дейді.

Осы сөзін естіп Шыңғыс қаған жарлық етіп іздестірсе, әлгі әпекесі күйеуімен бірге орманда жүргенде біздің әскерге кезігіп қалыпты. Ері қашып кетеді де, Иесүй қатұнды алып келеді. Иесүген қатұн әпекесін көргесін айтқан сөзінде тұрып өз орнына әпекесін отырғызады, өзі одан төменірек отырды. Иесүген қатұнның сөзі рас болып шықты, Шыңғыс қаған Иесүй қатұнды алып, өте ұнатып қасына отырғызды.

156-бөлім

1689. Tatar-irkin-i da'ulin baražu niken üdür Ćiŋgis-qayan
 1690. qada sa'uzu undalaldurun Jesüi-qatun, Jesügen-qatun žirin-u
 1691. dunda sa'uzu undalaldun бүкүй-түр Jesüi-qatun yeke-de
 1692. se^sürelbi. Tende Ćiŋgis-qayan dotora-yan setkižü Bo'urču,
 1693. Muqali tan noyad-i urižu ire^sülžu ükülerün: «Та ede
 1694. ele ĉi'uluqsat haran бүгүде-ker аймақ аймақ
 1695. sayitqun. Ökereče busu аймай^sü-un кү^sün-i ökere
 1696. böldeyitketkün» ke^sen žarliq bolba. Tedüi аймақ
 1697. аймақ-iyar-iyан байи'asu niken žala'ui sain кү^rümele²⁶
 1698. кү^sün аймауд-ача ökere bayiba. «Ći ya'un кү^sün bui»
 1699. ke^se^sesü tere кү^sün ükülerün: «Tatar-un Jeke-Ćeren-ü
 1700. Jesüi neretei ökin ökdeksen күregen кү^sün бүле^se bi.
 1701. Dayisun-a da'uliqdarun ayuzu buru'utču yabuzu edö^se
 1702. amurliba že, ke^sen irežü olon haran dotora ya'u
 1703. taniqda'u ke^sežü yabula'a» ke^sebe. Ene üge-i
 1704. Ćiŋgis-qayan-a öči^sesü žarliq bolurun: «Mün-gü dayisu setkižü
 1705. o'urča²⁷ bolžu yabuzu edö^se ya'u körür-e irežü^sü.
 1706. Inü metüs-i ĉi^sün-tür üliba. Ja'u saqaramui²⁸. Nidün-ü
 1707. eĉine getkün» ke^sebe. Tedüi-gü mököri^sülba

Татар елін жаулаған Шыңғыс қаған бір күні сыртта отырып су-сын ішерде Иесүй қатұн мен Иесүген қатұн екеуінің ортасында отырады. Иесүй қатұн қатты күрсінеді. Шыңғыс қаған оның се-

бөбін түсіне қойып Боғұрчү мен Мұқалы бастаған нояндарын шақырып әкелтіп бүй дейді: «Сендер осындағы жиналған барлық халықты аймақ-аймағымен санаңдар. Өздерінен басқа аймақтың адамы болса бөлек шығарылсын» деп жарлық етеді. Сөйтіп, аймақ-аймақпен саналғанда бір бөтен келбетті жігіт оңаша қалыпты.

«Сен не қылған адамсың?» деп сұраса ол: «Татардың Ұлық-Черенінің Иесүй атты қызының күйеуімін. Жау шапқанда қорқып қашып жүріп енді тынышталған осы қалың жұрт ішінде білінбеспін деп жүрдім» дейді. Бұл сөзін Шыңғыс қағанға жеткізсе ол жарлық етті:

«Өзі жау бола тұрып, оңаша жүріп не көру үшін келіпті. Мұндайларды шығырыққа теңестірдік емес пе. Ойланатын не бар. Көзден таса қыл» деді.

Сөйтіп, оны өлтірді.

157-бөлім

1708. Mūn noqai žil²⁹ Čingis-qayan-ni Tatar-irkin-tür morilaysan-tur

1709. Oñ-qan Merkit-irkin-tür morilažu Toqtoya-beki-i

1710. Baryužin-Töküm žük hüldežü Toqtoya-in yeke kögün Töküs-beki-i

1711. alažu, Toqtoya-in Qutuqtai Čaqar-un žirin ökit-inü

1712. qatut-inu abču Qutu, Čilayun qoyar kö⁸üti-inü irkin

1713. selte da⁷ulizu Čingis-qayan-a ya⁷u-ber ese ökbe.

Сол ит жылы (1202 ж.) Шыңғыс қаған татар еліне аттанғанда Оң хан Меркіт еліне аттанып, Тоқтоға бекті Барғұжын-Төркін жаққа қарай қуалап, Тоқтоғаның үлкен ұлы Төкүс бекті өлтіріп, Тоқтоғаның Құтұқтай, Чақар екі қызын қатұн етіп алып, Құтұ, Чылағұн екі ұлын қара халықтай жаулап, Шыңғыс қағанға ешқандай үлес бермеді.

158-бөлім

1714. Te⁸ün-ü qoyina Čingis-qayan Oñ-qan qoyar Nayman-u Küčügüd-ün

1715. Buyriq-qan-tur morilažu Uluq-taq-un Soqoq-usun³⁰-a büküi-tür

1716. kürčü Buyruq-qan bayildun yadažu Altai daban ködölba.

1717. Soqoq-usun-ača Buyruq-qan-ni nekežü Altai daba⁷ulun

1718. Qumšinyir-un Urungu³¹ huru⁷u hüldežü yabuqui-tur

1719. Jedi-Tubluq³² neretü noyan-inu qara⁷ul yabužu bidan-u

1720. qara⁷ul-a üldegdežü a⁷ula ö⁸ede tuta⁷aqu bolun olan-niyan

1721. asuraqdažu tende bariqdalua. Urungu huru⁷u

1722. hülde⁸et **Kišil-baši-na⁷ur³³**-a güičežü Buуruq-qan-ni tende
1723. muqutqaba.

Содан кейін Шыңғыс қаған Оң хан екеуі Найманның Күчүктердің Бұйрық ханға аттанып, оны Ұлық-таудың Соқоқ (Суық) суында отырғанда жетіп соғысып, Бұйрық хан Алтай жотасын асып кетеді. Соғұқ суынан Бұйрық ханды қуалап Алтай тауын асырып, Құмшыңғырдың Ұрұңғұ деген жерге қарай қуалап жүргенде Иеді-Тұблұқ деген қарауыл болып жүрген оның ноянын біздің қарауыл қуады, ол тау үстіне қарай қашпақ болғанда атының айылы үзіліп кетіп, сонда ұсталады. Ұрұңғұға қарай қуылған Бұйрық ханды Қызылбас деген көлде қуып жетіп, сонда өлтіреді.

159-бөлім

1724. Tendeče Čingis-qayan Oң-qan qoyar qarīžu ayisuqu-tur
1725. Nayman-u qatqulduqči **Kökse⁸ü-Sabraq³⁴**, **Baydaraq-belčir³⁵**-e
1726. čerik žasažu qatqulduqu bolun ažu⁷u. Čingis-qayan Oң-qan
1727. qoyar qatqulduya ke⁸en čerik žasažu kürčü žilda
1728. boldažu manaqaru qatqulduya ke⁸en, žergeker qonuba
1729. Tende Oң-qan baidal-dur-iyān yalu⁷ut tülegülžü süni
1730. böged Qara-se⁸ül ö⁸ede ködölžügüi.

Содан Шыңғыс қаған Оң хан екеуі қайтып келе жатқанда Найманның қолы Көкsegү (Көксау)-Сабрақ Байтарақ алқабында әскер жасақтап соғыспақ болып тұр екен. Шыңғыс қаған Оң хан екеуі соғысайық деп әскер жасақтап жетіп келеді, кеш болғандықтан ертең соғысайық деп қатарласа қонады. Сонда Оң хан түнеген орнына от жағып, түнде Қара-сегүл (құйрық) (өзен?) деген жерге қарай көшіп кетеді.

160-бөлім

1731. Tende Žamuqa, Oң-qan-lu⁷a qamtu ködölülčežü yaburun Oң-qan-na
1732. Žamuqa ükülerün: «Temüžin, anda min-ü uridača Nayman-tur
1733. elčitü bülege. Edü⁸e ese irebe. Qan qan
1734. aqu Qairuyana bi buyu že Ažiraqu bilduyur — Anda
1735. min-ü buyu Naiman-tur otču⁷ui že Oroqu bolun qočorba»
1736. ke⁸ežü⁸üi. Žamuqa-in tere üge-tür Ubčiqtai Gürin-
1737. Ba⁷atur ükülerün: «Žusuritču yekin teyin šili⁷un aqa
1738. de⁸ü-yü⁸en ulqin žinčün ügüleyü» ke⁸ebe.

Сонда Жамұқа мен Оң хан бірге көшіп бара жатқанда Жамұқа Оң ханға бұй дейді: «Темүжін менің аңдам ежелден Найманмен елші алмасқан еді. Енді бізбен бірге келмеді.

Хан хан болғанда
 Дала торғайы мен едім,
 Айырылып кетер торғайы
 Андасы мен болармын,
 Найманға барыпты жә
 Оларға кірмек болып мен кеттім».
 Жамұқаның сол сөзіне Ұбчықтай-Гүрүн батыр:
 «Неліктен жағатсынып
 Олай-бұлай сөйлейсің,
 Адал аға-інілеріңді
 Өсек-аяң етесің» депті.

161-бөлім

1739. Čingis-qayan süni mün tende qonužu, qatqulduya
 1740. ke^{en} manaqar erte üdür geyi^{ülün}, Oң-qan-nu baidaltur üze^{esü}
 1741. üküi boldažu: «Ede či bidan-i tüleşilen ažu^u» ke^eet tendeče
 1742. Čingis-qayan ködölzü Eder **Altai**³⁶-in belčir-iyer
 1743. ketülžu tere ködölükseker ködölzü Saqarı-keker
 1744. ba^uba. Tendeče Čingis-qayan Qasar qoyar Nayman-u
 1745. tübü^{üd}-i uqažu haran-a ese to^{ulai}.

Шыңғыс қаған сол түні сол жерде қонып соғысайық деп ертеңі ерте таң атқанда Оң ханның қонған орнына қараса, жоқ екен. «Бұлар бізді отқа тастап кетіпті ғой» деп сол жерден Шыңғыс қаған қозғалып Едер-Алтайдың жайылымымен өтіп, көше отырып Сақары-даласына түседі. Содан Шыңғыс қаған Қасар екеуі Найманның түпкілікті ойын білсе де ешкімге үн қатпады.

162-бөлім

1746. Kökse^ü-Sabraq Oң-qan-nu qoyınača nekežü Seңgüm-ün eme-kö^ü
 1747. irge-urqa selte da^uližu abču Oң-qan-nu Telegetü
 1748. amsar-a бүкүн žarimut irge, aduyun, idege da^uližu
 1749. abu^{at} qarizu^{ui}. Tere so^{ur}-tur Merkid-ün Toqtoya-in
 1750. Qutu, Čila^{un} qoyar kö^{üt} tende бүрүн irge-ben abu^{at}
 1751. qayačažu ečike-dür-iyen neyilen Seleңge huru^u
 1752. ködölžügüi

Көксегү-Сабрақ Оң ханның артынан қуалап Сеңгүмнің әйел, баласын, ел-жұртын жаулап алады. Оң хан Телегетү тауының аузында отырғанда ол оның жарты ауыл жұртын, жылқысын жаулап алып қайтады. Сол арада Меркіттің Тоқтоғаның Құтү, Чылағұн екі ұлы сол жерде болған ел-жұртын алып, айырылып, әкесіне қосылып Селеңге өзеніне қарай көшіп кетеді.

163-бөлім

1753. Köksegü-Sabraq-a da'uliqdažu Oñ-qan Čingis-qayan-tur elči
 1754. iležü⁸üi. Elči ilerün: «Nayman-a irge-urqu-ban, eme-kö⁸ü-ben
 1755. da'uliqdaba bi. Kö⁸ün-neče-iyen dörben külüküd-i³⁷ čin-u quyužu
 1756. ilebe bi. Irge-urqu min-ü aburažu öktüküi»
 1757. ke⁸ežü iležü⁸üi. Čingis-qayan tende Bo'urču, Muqali,
 1758. Boroqul, Čila'un-Ba'atur ede dörben külüküt-iyän čerik
 1759. žasažu ilebe. Ede dörben külüküt-i kürkü-yin urida Hula'an
 1760. Qut-da Seңgüm bayilduqu bolun morin-u'an γuya qaқdažu
 1761. abdaqu bolžu бүкүi-tür ede dörben külüküt kürčü
 1762. abura'at, irge-urqu, eme-kö⁸ü бүгүde-i aburažu öкbe.
 1763. Tende Oñ-qan үкүlerün: «Erte sayin Ečike-de-
 1764. inu ene metü odun baraysan ulus-iyän aburažu
 1765. öktele⁸e. Edü⁸e basa kö⁸ün ögen odun baraysan ulus-i
 1766. min-ü dörben külüküt-iyen iležü aburažu ökteba
 1767. Наči қап'ulqu-i Теңgeri Qažar-un ihe⁸el medetüküi»
 1768. ke⁸ebe.

Көксегү-Сабраққа жаулатқан Оң хан Шыңғыс қағанға елші жіберіпті. Елші келіп:

«Менің ел-жұртымды, әйел-баламды Наймандар жаулап кетті. Ұлдарыңнан төрт күлік батырларыңды көмекке сұрап елші жібердім. Ел-жұртымды құтқарып бергейсің деп жібердім» дейді. Шыңғыс қаған сонда Боғұрчү, Мұқалы, Бороқұл, Чылағұн батыр төрт күлік батырларын әскер жасақтап жібереді. Бұл төртеуі жетпес бұрын Хұлаған (қызыл)-Құт деген жерде Сеңгүм соғысып жүріп атының санына оқ тигізіп алып ұсталар болып жатқанда, осы күлік төртеуі жетіп барып құтқарады. Ел-жұртын, әйел, балашағасын барлығын құтқарып береді. Сонда Оң хан:

 3309. qonun atuqai. Qorčın qor, baʔurčın ayaya-saba kebte^sül-e
 3310. taʔulžu ottuqai. Qadana qonuqsat qorčın, turqaʔut, baʔurčın
 3311. bidan-i šilen idetele kilü^setür saʔužu, kebte^sül-tür keleciležü
 3312. šilen iden baraʔasu, qorčın qor-tur, turqaq saʔurin-türi^sen,
 3313. baʔurčın ayaya-saba-duriʔan taqaraldutuqai. Kešik kešik oroqun
 3314. mün mün yosuqar ene qaʔuli¹⁹-bar teyin kitüküi» ke^sen žarliq
 3315. bolba. Naran šingeksen-ü qoyina Ordo-in qoyinaʔun uridaʔun
 3316. ketü^selžen yabuqu kü^sün-i barižu kebte^sül barižu manaqari
 3317. kebte^sül üges inu asaqtuqai. Kebte^sül kešik ye^sütgeldürün
 3318. belge an-u taʔulžu orožu iretüküi. Je^sütkežü qarqun
 3319. kebte^sül taʔulžu-gu qarču ottuqai ke^sebe Kebte^sül süni Ordo
 3320. horčın kebtežü e^süden daružu baiqsat kebte^sül süni oroqun
 3321. haran-i ekit an-u dalbaru müris an-u baʔutala čabčižu oʔurutqun.
 3322. Jaqaral keleten haran süni ire^sesü, kebte^sül-tur keleležü ker-ün
 3323. ümereče kebte^sül-lü^se qamtu baižu kelele^sültüküi» ke^sebe.
 3324. Kebte^sül-eče dekere saʔuri ken-ber bü saʔutuqai. Kebte^sül-eče
 3325. kelen üküi ken-ber bü orotuqai. Kebte^sül-ün de^se^sün ken-ber
 3326. bü yabutuqai. Kebte^sül-ün žaqaʔun bü yabutuqai. Kebte^sül-ün
 3327. toʔa bü asaqtuqai. Kebte^sül-ün de^se^sün yabuqun haran-i
 3328. kebte^sül barituqai. Žaqaʔun yabuqun haran-i kebte^sül barituqai.
 3329. Toʔa asaʔuqsan kü^sün-i kebte^sül tere kü^sün-i tere-gü üdür-ün
 3330. unuqsan aqta, eme^seltu qadartu, emüsüksen qubčasun selte
 3331. kebte^sül abtuqai» ke^sen žarliq bolba. Elžigedei itegeltu bö^sedele
 3332. žilda kebte^sül-ün de^se^sün yabuqu bolun kebte^sül-e ker bariqdalaʔa.

Тағы Шыңғыс қаған кезекші кезекшілердің нояндарына жарлық етерде:

«Садақшы, тұрқақтар кезекке келіп күндіз өз істерімен жан-жақта тиісті орындарында болып, ал күн бата түнгі күзетшілерге орындарын беріп, сыртқа шығып қонсын. Түнде бізде түнгі күзетшілер түнеп жүрсін. Садақшы оқтарын, бауыршы асшы ыдыс-

аяқтарын түнгі күзетке тапсырып кетсін. Сыртта қонған садақшы, тұрқақтар, бауыршы асшылар біздің ас тамақ жеп болғанша жел бауда отырып түнгі күзетшілерге хабарлап, біз ас тамақ жеп болған соң садақшы оқтарын, тұрқақтар орын отырыстарды, бауыршы асшы ыдыс-аяқтарын иеленіп алсын. Кезекші кезекшіге кірерде дәл осы жосықпен, осы ережемен жасасын» деп жарлық етті. Күн батқан соң Орданың атынан алдымен жымысқылап жүрер адамды түнгі күзет ұстап, ертеңгі күні сол түнгі күзет жауап алсын. Түнгі күзет кезек алмастырарда белгі беріп тексерген соң кірсін. Алмасып шығарда түнгі күзет ертіп шығып кетсін» деді. Түнгі күзет түнде Орданың айналасында жатып есікті күзетіп жатушы түнгі күзеттер түнде кірмекші болған кісі-қараның бастары іскенше, иықтары үзілгенше шауып тастасын. Асығыс тіл хабар әкелген кісі-қара түнде келсе түнгі күзетшіге хабарласып, үйдің артқы жағынан түнгі күзетпен бірге болып хабарласын» деді.

Түнгі күзеттің орнына ешкім отырмасын. Түнгі күзеттен хабар алмаспай ешкім кірмесін. Түнгі күзеттің үстінен ешкім аттап кетпесін. Түнгі күзеттің арасымен ешкім жүрмесін. Түнгі күзеттің санын ешкім сұрамасын. Түнгі күзеттің үстінен аттап кеткен кісі-қараны түнгі күзет қана ұстасын. Түнгі күзет аралығында жүрген кісі-қараны түнгі күзет қана ұстасын. Түнгі күзеттің санын сұраған кісінің мінген атын, ер-тоқымын, киген киімін түнгі күзет алсын» деп жарлық етті.

Елжігедей сенімді адам болғанымен түнгі күзеттің үстінен түнде аттап өтемін деп қалай ұсталып еді?

Түсіндірмелер

¹ *gürü* — гүрү. Сөзбе-сөз: «Гүрү тас».

² *čegü⁸en* — шегуен. Сөзбе-сөз: «шеген тас». Қаз: шеген — құдықты шегендейтін құрсау тас.

³ *bosu* — босу. Сөзбе-сөз: «бос». Қаз: бос, басқа деген мәнде. Қыт: аударылмаған.

⁴ *Žoči* — Жочы. Сөзбе-сөз: «Жочы». Моң: *Yoči // Žoči // Žöči // Žüči* > *Йочы, Жочы, Жөчі, Жүчі (Зүчи)* деп қарастырылып келеді. *Yoči* > *Žoči* > *Йочы // Жочы // Жошы* — Шыңғыс қағанның Бөрте-үжін қатұннан туған үлкен ұлы. Жошы — өз ұлысы мен Алтын Орда империясының негізін қалаушы.

Қазақ хандарының арғы атасы. Жошы 1187 жылы туған. 1227 жылы 40 жасында қайтыс болған. 1223—1227 жылдары өз ұлысын дара басқарған.

Рашид ад-Дин былай дейді: «...Первая жена (Чингис хана) была — Борте-фуджин, дочь Дай-нойона, предводителя (мукаддам) и государя племени кунгират. В то время когда Чингис хан воевал с племенем меркит и оно одержало (над ним) верх, Борте-фуджин была беременна Джочи. Племя меркит увело ее в полон. Так как в ту пору между (племенами) меркит и Он-ханом были мирные отношения, они отослали ее к Он-хану. Он-хан держал ее в почете и уважении и из-за старой дружбы, который он имел с отцом Чингис хана, смотрел на нее как на невестку, Чингис хана же называл сыном. Когда Чингис хан узнал об этом обстоятельстве, он послал к Он-хану Саба, деда Сартак-нойона из племени джалаир, и потребовал (к себе) эту жену. Он-хан оказав должное уважение, вручил ее ему (Саба). Когда они направились к Чингис хану, в пути появился на свет Джочи... Назвали его Джочи потому что он появился на свет неожиданно» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 68—69).

«(Ее) старший сын был Джочи, от потомков которого происходят все государи и царевици Дешт-и Кипчака» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 115). «Первый сын — Орда, второй сын — Бату, третий сын — Берке...» (Рашид ад-Дин — СЛ, II. 66).

Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесінде» былай дейді: «Жошы (Үожі) хан ұлдарының ұлығырағы (үлкені) еді. Ол (Шыңғыс хан) (оған) үлкен әскер берді де, Дешті Қыпшақ уәлаятына тағайындап жіберді: «Аттарыңа жайылым-жем болсын деп Хорезм уәлаятын берді. Сөйтіп, Жошы хан Дешті-Қыпшаққа ие болды, мәшһүр Ұлы-Тау болатын, оған жеттілер. Бір күні тау арасында аң аулап шығып еді. Бір үйір (бөлік) марал-киіктер жолықты. Оларды қуалап, атарда аттан жығылып, мойны сынып (үзіліп) опат болды» (Өтеміс қажы. «Шыңғыс-наме» (Факсимилесі, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В. П. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М. Қ. Әбусейітова) / Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, I том. Алматы, 2005. 156—157, 200-66.).

⁵ **bura-tara** — бұра тара. Сөзбе-сөз: «бытыраңқы-шашыраңқы». Моң: бутарсан, тархсан, бытыраңқы-таралыңқы деген мағынада болу керек дейді (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 328). Қаз: бұратана — бағынышты, кіріптар деген мағынада.

⁶ **Tolui** — Толұй. Сөзбе-сөз: «Толұй». Шыңғыс қағанның Бөрте-үжін қатұнынан туған төртінші ұлы (1193—1229 (1232—?) жж.). Рашид ад-Дин бойынша: «...его прозвище было Йеке-нойон и Улуг-нойон, то есть великий эмир, он был общеизвестен под этими (именами), а Чингис хан называл его другом. По храбрости и отваге, по распорядительности и умению высказать суждение он не имел равного. Его отец просватал за него, когда он был (еще) в детском возрасте, дочь Джакамбу, брата Он-хана, государя племени кераитов, по имени Соркуктани-беги. Первый сын — Менгу(-каан), второй — Джурика, третий — Хутухту, четвертый — Кубилай, пятый — Хулагу, шестой — Ариг-Бука...» (Рашид ад-Дин — СЛ, II. С. 103—104).

⁷ **zöldü** — жүлдү. Сөзбе-сөз: «жүлде». Моң: **zöldü** > зүлд — 1) өлтірген малдың басы, жүтқыншағы; 2) негізгі заты деген мағына білдіреді (Цэвэл — МХТТТ, 1966. 290). Қаз: жүлде — сыйлық, сый, бәйге деген сөз. Бұл ретте де дәл осы қаз. мағынасында қолданылған.

⁸ **Mög beki** — мөр бекі. Сөзбе-сөз: «Мөр бек». Моң: **mög** > мөр — «лауазымдық атақ», **beki** > бекі — байырғы түрікше «бек» деп қарастырады (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 724; Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 330). Қаз: мөр (< *mohr* ? — парсыша — мөр, таңба) — таңба, жазудың таңбалануы деген мағынада. **Mög bek** > «Мөр бек» дегенге қарағанда мемлекеттік төреліктің мөр-таңбасын ұстаушы болуы да ықтимал.

⁹ **Beki mög** — Бекі мөр. Сөзбе-сөз: «Бек мөр». **Mög beki**-нің алмасқаны.

¹⁰ **darqat** — дарқат. Сөзбе-сөз: «тархандар». Мәтінде қорықтандыруға құқылы тарқандар деген мағынада қолданылған.

¹¹ **bilči'ur** — былжыұр. Сөзбе-сөз: «бозторғай». Қыт. аударылмаған. (Моң: бялзуухай — Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 733; Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 330).

¹² **Bara'un qar-un Tümen** — бараун қарун түмен. Сөзбе-сөз: «оң қолдың түмені». Ежелгі көшпелілердегі әскери-әкімшілік құрылымның оң қанаты. Он мың атты жауынгерлі қанат. Бұл дәстүр сонау Хүн дәуірінен жалғасып, Түрік Елі заманында да дәстүрлі болып бекіген тым қатаң үштік жүйе.

¹³ **Ze'ün qar-un Tümen** — жеун қарун түмен. Сөзбе-сөз: «сол қолдың түмені». Әскери-әкімшілік құрылымның оң қанаты. Он мың атты жауынгерлі қанат.

¹⁴ **Töb-ün Tümen** — төбүн түмен. Сөзбе-сөз: «ортаның түмені». Қаған және оның сенімді бекзаты басқарған он мың атты жауынгерлі орталық қанат.

¹⁵ **Mönke Teŋgeri-yin kücün-dür** — Мөңке Теңгерийін күчүндүр. Сөзбе-сөз: «Мәңгілік Тәңірінің күші-дүр». Моңғол империясы қағандарының жарлығының басы осылайша басталады.

¹⁶ **ula'a** — ұлаа. Сөзбе-сөз: «лау». Моң: **ula'a** > улаа — бір жерден екінші жерге қатынайтын ат-көлік жүйесі.

¹⁷ **Jeke qol** — Йеке қол. Сөзбе-сөз: «негізгі қол, басты күш, ортаңғы қанат».

¹⁸ **beries söitügei** — беріес сөйтүгей. Сөзбе-сөз: «ағаш таяқпен сөгілсін». Қателік немесе кемістік жасағандарды жазалау үшін қолданылатын, ағаштан жасалған ұрғылау құралы. Моң: **beriges** > бэрээ — аса, асатаяқ (Базылхан — МКТ, 1984. 108-б.).

¹⁹ **qa'uli** — қаулы. Сөзбе-сөз: «қаулы». Моң: **qa'uli** > хууль — «заң, ереже». Қаз: қаулы — шешім.

Оныншы дәптер

230-бөлім

3333. Čingis-qayan ükülerün: «E^sületei süni Erü^setei ker
3334. min-ü Ekeren kebtežü Erük nuta unta⁷ulžu, Ene oron-tur küргеksen
3335. Ötögüs kebte^sül min-ü Hodutai süni Ordo ker min-ü Qorčın kebtežü
3336. Oron dotora ese oqžatqaysan Ölžeyiten kebte^sül min-ü
3337. Üндүр oron-tur күргебе Šilžirin бүкүи boro⁷an-a Šilgүtkүн бүкүи
3338. žүken-e Čitqun бүкүи qura-da Šiltesü+tei ker¹ min-ü horčın Žirim
3339. ülü kin baižu Žirüke amu⁷uluqsan Čin setkilten kebte^sül
3340. min-ü Žirqalaŋ oron-tur күргебе Ibүlүн бүкүи dayisun dotora
3341. Irge+tei ker² min-ü horčın Hirmes ülü kin Itqazu baiqsat
3342. Itegelten kebte^sül min-ü Üyilsүн qor Ubis-kiküi-tür Udal-üküи
3343. baidaltan Uriyarqun kebte^sül min-ü Qutan qor Qubis-kiküи-tür
3344. Qožit ese baiqsat, Qurdun yabudaltan kebte^sül min-ü Ölžeyiten
3345. kebte^sül min-ü Ötögüs kebte^sül ke^setkün Ögöle-čerbi-lü^se
3346. Oroqsat dalan turqay-i Jekes turqa⁷ut ke^setkün Arqai-in ba⁷atud-i
3347. Ötögüs ba⁷atut ke^setkün Jesüntege, Bүgidei-ten Qorčın-i Jekes
3348. Qorčın ke^setkün» ke^sen žarlıq bolba.

Шыңғыс қаған:

«Бұлтты түнде

Түндікті үйімде

Иіріліп күзетші жатып

Тып-тыныш ұйықтатып

Осы орынға жеткізген

Ардақты түнгі күзетім менің.

Жұлдызды түнде

Орда үйімде

Садақшы болып жатып

Төсегімде шошытпаған

Ырысты түнгі күзетім менің.

Биік таққа жеткізген

Сілбілеген жаңбырда,
 Қалтыратқан аязда,
 Құйылып тұрған жауында,
 Керегелі үйімді айнала қоршап
 Тыным таппай күзеткен
 Жүрегімді тыныштап
 Шын көңілді түнгі күзетім менің.
 Бақытты орынға жеткіздің
 Шабуылдап келер жау ішінде
 Іргелі үйімді айнала қоршап
 Кірпік қақпай бақылап
 Сенімді түнгі күзетім менің.
 Қайыңды оқтар суылдағанда
 Қашаңда орнынан табылған
 Ұрымтал түнгі күзетім менің.
 Үйеңкі оқтар суылдағанда
 Кешікпей орнынан табылған
 Желден жүйрік түнгі күзетім,
 Жарасқан түнгі күзетім деңдер,
 Ардақты түнгі күзетім деңдер,
 Өгөле-чербі басқарған
 Жетпіс тұрқақтар олар
 Ұлы тұрқақтар деңдер.
 Арқайдың батырларын да
 Ардақты батырлар деңдер,
 Иесүнтеге, Бүгідей басқарған
 Садақшылар ұлы садақшы деңдер» деп жарлық етті.

231-бөлім

3349. Jeren tabun miñyad-aça min-ü bey-e çaqada enčülen
 3350. ilyažu ilekset tümen enčü keşikten-i min-ü möne qoyina
 3351. oro sa'уqсан көsüt uruq-un uruq-a min-ü ede kesikten-i **keri^ses³**
 3352. metü setkižü ülü gemüriгүlүн saitur asaratqun. Ede tümen
 3353. keşikten-i min-ü neңdүsüt qutuq ke^sežü ülüsü aqdu'ai ke^sebe

«Тоқсан бес мыңдықтардан менің қасымда еншілеп іріктеген түмен енші кезекшіні менен кейін таққа отырған ұлдар ұрпақтан ұрпаққа дейін менің осы кезекшілерімді өсиет сынды ойлап, кем-

сітпей жақсылап асырап, бағыңдар. Осы түмен кезекшіні менің нақты құтым деп артық санаңдар» деді.

232-бөлім

3354. Basa Čingis-qayan ükülerün: «Ordo-in čerbin ökid-i
 3355. ker-ün kö^süt teme^ečin-i, hūkerčin-i kebte^sül basa^ʔalažu, Ordo-in
 3356. ker tergen-i asaratuqai. Туу⁴, кү^sürge⁵, дөрө žida⁶ kebte^sül asaratuqai.
 3357. Ayaya-saba kebte^sül-gü asaratuqai. Bidan-u undan idegen-i
 3358. kebte^sül daru^ʔalatuqai. Ötken ber miqan ide^een-i kebte^sül
 3359. daru^ʔalažu bolıyatuyay. Umdan ide^een-i qor qomsa bolu^ʔasu
 3360. daru^ʔalaqsat kebte^sül-eče eriya» ke^eebe. Qorčın undan ide^een
 3361. tü^eekerün daru^ʔalaqsat kebte^sül-eče ey-e üküi bü tüge^eetüküi.
 3362. Ide^e tügekerün urida kebte^sül-eče teri^sülen tüge^eetüküi ke^eebe.
 3363. Ordo ker-tür oroqu qarqu-i kebte^sül žasatuqai. E^süden-tür kebtegül-
 3364. -ün e^südečın ker ča^ʔada baituyai. Kebte^sül-eče qoyar orožu
 3365. yeke tüsürge barın atuqai. Kebte^sül-eče nuntuıučin yabužu
 3366. ordo ker ba^ʔultuqai ke^eebe. Bidan-i šiba^ʔulaqui abalaqui-tur
 3367. kebtegül bidan-lu^ʔa šiba^ʔulaldun yabutuqai.
 3368. Tergen-tür žarımud-iyan čaqlažu talbituyai» ke^eebe.

Тағы Шыңғыс қаған:

«Орданың чербілерінің қыздары, үйдің ұл түйешілері, сиыршы түнгі күзет басқарып, Орданың үй арбасын бақыласын.

Ту, даңғыра, үзеңгі басты найзаларды түнгі күзет бақыласын. Ыдыс-аяқты түнгі күзет бақыласын. Біздің ас-тамағымызды түнгі күзет басқарсын. Ет-асты түнгі күзет басқарып жүрсін. Сусын, азықтар қоры қомсы болса басқаратындар түнгі күзеттен сұрасын» деді. «Садақшылар сусын, азық таратып берерде түнгі күзеттің рұқсатынсыз таратпасын. Ас-тамақ таратарда алдымен түнгі күзеттен бұрын таратпасын» деді.

«Орда үйге кіріс-шығысты түнгі күзет жасасын. Есікті күзетер түнгі күзеттің есікшісі үйдің қасында болсын. Түнгі күзеттен екеуі ғана үлкен күбі саба алып кірсін. Түнгі күзеттен жерші барып орда үйді жығып жүрсін» деді.

«Біз аңға, құс аулауға шығарда түнгі күзет бізбен бірге аулап, еріп жүрсін. Арбаға жартысын күзет етіп қойсын» деді.

233-бөлім

3369. Basa Čingis-qayan ükülerün: «Bidan-u beye čerik ese
 3370. qaru^ʔasu kebte^sül bidan-ača aıyıda čerik bü qartuyai» ke^eebe.

3371. Eyin ke^eül^eet, žarlik dabažu kebt^eg^{ül}-i naidažu čerik qaryaqu
 3372. čerik mede^ü čerbin aldaltan boltuqai» ge^een žarliq bolba
 3373. Kebte^{ül}-ün čerik ker ülü qaryaquadamui ke^eem^üi že ta. Kebte^{ül}
 3374. lü min-ü Altan amin saqimui. Šiba^{ulan}, abalan yabuqui-tur
 3375. žobuldumui. Ordo qada^{ala}uldažu nü^{ükü}i-tür örük-tür terge
 3376. asaramui. Min-ü beye saqižu qonuqu qilbar-u bui.
 3377. Ker-tergen Jeke-A^{uruq} nü^{ükü}i-tür asaraqui qilbar-u bui. Teyin
 3378. dabqur qaças qaças yabudaltan ke^ežü, bidan-ača aŋyida ökere
 3379. čerik bü yabutuŋai ke^eek^üi tejimü bui že» ke^ežü^üi.

Тағы Шыңғыс қаған:

«Біздің бойымыздан әскер шықпаса, түнгі күзет бізден оңаша шықпасын» деді. Осылай айтқанымен жарлықты асып түнгі күзетті қызғанып әскер шығарып, әскерді білетін шербі қателікті болады» деп жарлық етті. Түнгі күзеттен әскер неге шығарылмас дерсің сендер. Түнгі күзет менің алтын жанымды сақтайды. Құс, аңға жүрерде қиналады. Орданы қадағалап көшерде түндік арбаны сақтайды. Менің денемді сақтап, қорғап қону оңай ма? Арба үйде Иеке-Ағұрұқ көшерде сақтау оңай ма? Олай болса қабат-қабат, жарты-жарты жүрісті деп бізден оңаша басқа әскерлер секілді жүрмесін дегенім сол еді» депті.

234-бөлім

3380. Basa žarliq bolurun: «Šiki-Qutuqu-lu^a žaryu kebt^eg^{ül}-eče
 3381. žaryu sonusulčatuqai ke^eebe. «Kebte^{ül}-eče qor, numu,
 3382. quyaq, žebe asaražu tüge^eeldütüküi. Aqtas-ača ačaražu hö^üšün
 3383. ačižu yabutuŋai ke^eebe. Kebte^{ül}-eče čerbin-lü^e a^{urasu} tüge^eeldütüküi.
 3384. Qorčın turqa^{ud}-un nuntuq žiqarun, Jesün-tege,
 3385. Bügidei-ten qorčın, Alčidai, Ögöle, Aqutai tan turqa^{ut} Ordo-in
 3386. bara^{un} ete^eet yabutuqai» ke^eebe. «Buqa, Dodai-čerbi, Doqolqu
 3387. čerbi, Čanai tan turqa^{ut} Ordo-in že^{ün} ete^eet yabutuqai» ke^eebe
 3388. «Arqai-in ba^{atut} Ordo-in urida yabutuqai» ke^eebe. «Kebte^{ül}
 3389. Ordo ker terge asara^{at}, Ordo-in dergede že^{ün} ete^eet yabutuqai
 3390. ke^eebe. «Bürin keşikten, turqa^{ud}-i Ordo horčın Ordo-in ker-ün
 3391. kö^{üt}-i, adu^{učin}, qoničın, teme^ečın, hümerčın-i Ordo darun Dodai-
 3392. čerbi uqažu atuqai» ke^een tušiba. Dodai-čerbi darun ažu
 3393. Ordo-in qoyin-ača Qoq idežü, Qoma^{ul} tüležü yabutuqai» ke^een
 3394. žarliq bolba.

Тағы жарлық етіп:

«Шікі-Құтқүмен жарғыны түнгі күзеттен жарғы етсін» деді.

«Түнгі күзеттен оқ, садақ, сауыт, жебе сақтап таратылсын. Ат жылқыны сақтап, шалма бау артып жүрсін» деді. Түнгі күзеттен шербімен бірге зат бұйымдар таратылсын. Садақшы, тұрқақтардың жерін көрсеткенде Иесүнтеге, Бүгідей басқарған садақшылар, Алчыдай, Өгөле, Ақұтай басқарған тұрқақтар Орданың оң жағында жүрсін» деді.

«Бұқа, Додай-чербі, Доқолқұ-чербі, Чанай басқарған тұрқақтар Орданың сол жағында жүрсін» деді.

«Арқайдың батырлары Орданың алдында жүрсін» деді.

«Түнгі күзет Орда үй арбаны сақтап, Орданың жанында сол жақта жүрсін» деді.

«Бүкіл кезекшілер, тұрқақтар Орданың айналасы, Орда үйдің ұлдарын, жылқышыларын, қойшыларын, түйешілерін, сиыршыларын Орда үшін тұрақты түрде Додай-чербі біліп жүрсін» деді.

Додай-чербі тұрақты болып орданың артқы жағынан

Қоқ қалдық жеп,

Тезек жағып жүрсін» деп жарлық етті.

235-бөлім

3395. Qubilai-noyan-i **Qarlu⁷ut**-tur ča⁷urayulba. Qarluyud-un

3396. **Arslan-qan⁸** Qubilai-tur elsen irežü⁸üi. Qubilai-noyan Arslan-

3397. qan-i abu⁷at irežü Čiŋgis-qayan-tur a⁷ulža⁷ulba. Ese bulqaba

3398. ke⁸en, Čiŋgis-qayan Arslan-i soyurqažu öki ögüye ke⁸en žarliq bolba.

Құбылай ноянды Қарлұқтарға шабуылдатты. Қарлұқтардың Арслан ханы Құбылайға ілесіп келіпті. Құбылай ноян Арслан ханын алып келіп Шыңғыс қағанмен кездестіріпті. Қарсылық көрсетпедің деп Шыңғыс қаған Арсланға сый тарту беріп қыз берейін деп жарлық етті.

236-бөлім

3399. Sübe⁸etei-Ba⁷atur **temür tele⁸etü⁹** Merkid-ün Тоқтоға-in

3400. Qutu, Čila⁷un ten⁸üten kö⁸üt-i inü neken ča⁷uražu Čüi

3401. müren-e güyičežü muqutqažu irebe.

Сүбегетей батыр темір арбалы Меркіт Тоқтоғаның Қуту, Чылағұн бастаған ұлдарын іздеп Шу өзеніне жетіп, басып кірді.

237-бөлім

3402. Žebe Nayman-u Küčülük-qan-i nekežü **Sariq-qum / qun /¹⁰-a**
 3403. güyičežü muqutqažu irebe.

Жебе Найманның Күчүлүк ханын қуып Сары-Құмға жетіп, жаулап алып келді.

238-бөлім

3404. **Uyud-un Iduyut¹¹** Čingis-qayan-tur elčin iležü⁸
 3405. Atqiraq, Darbai qoyar elčin-iyer öčižü ilerün «Egülen arilžu Eke
 3406. naran üžeksen metü. Mölsün arilžu Müren usun oluqsan metü
 3407. Čingis-qayan-u nere aldar sonusču maši bayasba. Čingis
 3408. qayan soyurqayasu Altan büse-in qoryi-dača, Al de⁸el hürtesün-eče
 3409. olu⁷asu dabtuqar kö⁸ün čin-u bolžu kücü öksü» ke⁸en öčižü
 3410. iležü⁸üi. Tere üge-tür Čingis-qayan soyurqažu qar⁷u ügüležü
 3411. ilerün: «Öki-ber ögüye dabtuqar kö⁸ün boltuqai. Altan, möngü,
 3412. subut, tanas, načit, dardas, toryat abu⁷at Idu⁷ut iretüküi» ke⁸ežü
 3413. ilegesü, Iduyut soyurqaqdaba ke⁸en bayasču altan, möngü, subut
 3414. tanas, toryot, načit, dardas, a⁷urasun abu⁷at Idu⁷ut irežü
 3415. Čingis-qayan-tur a⁷ulžaba. Čingis-qayan Idu⁷ud-i soyurqažu
 3416. Al-Altun-i ökbe.

Ұйғырлардың Ыдүқұты Шыңғыс қағанға елші жіберіпті. Атқырақ, Дарбай деген екі елшісі арқылы өтініп жіберерде:

«Бұлт арылып,
 Анаңдай күн көрген сыңды.
 Мүз еріп,
 Дария өзен тапқан сыңды.

Шыңғыс қағанның ат атағын естіп өте қуандық. Шыңғыс қаған бұйырса

Алтын белдіктің ілмегінен
 Қызыл шапанның үгіндісінен

Табылса егер, қатардағы ұлың болып күш қызмет берейін» деп өтініш жіберіпті.

Сол сөзге Шыңғыс қаған сый тарту беріп жауап қайтарып:

«Қызымды берейін, бесінші ұлым болсын. Алтын, күміс, маржан, тана, алтыңдалған мата, торғын алып, Ыдүқұт келсін» деп елші жіберсе Ыдүқұт сыйландым деп қуанып алтын, күміс, маржан, тана, торғын, алтыңдалған мата, дардас мата, бұйымдар алып келіп, Шыңғыс қағанмен кездесті.

Шыңғыс қаған Ыдүқұтты сыйлап,
Ол Ал-Алтынды берді.

239-бөлім

3417. Та⁷ulai žil¹² Žoči-yi bara⁷un qar-un čerigüd-iyer **Hoi-in**
 3418. irkin¹³-tur morila⁷ulba. Buqa qažarčilažu otba. Oyrad-un Quduqa-
 3419. beki tümen Oyrad-un urida elsen orožu irebe. Irežü Žoči-yi
 3420. uduridutču tümen Oyrat-tur-iyen qažarčilažu Šiqšit-tur oru⁷ulba.
 3421. Žoči Oyirat, Buriyat, Barqun, Ursut, Qabqanas, Qaңqas, Tubas-i
 oroulu⁷at
 3422. tümen **Kirgisut**¹⁴-tur kürü⁸esü Kirgisud-un noyat **Edi — Inal**¹⁵, Aldiker
 3423. Örebek-digin Kirgisud-un noyat elsen orožu čaqa⁷a-nu⁷ut
 3424. šinqot čaqa⁷a-nu⁷ut aqtas qara-nu⁷ut buluqat abu⁷at irežü Žoči-
 3425. da a⁷ulčaba. Šibir, Kesdim, Bayit, Tuqas, Teңlek, Tögeles, Tas,
 Bažiqid
 3426. ača inaqši Hoi-in irkin-i Žoči oru⁷ulžu Kirgisud-un tümed-ün,
 3427. miңyad-un noyad-i hoy-yin irgen-ü noyad-i abu⁷ad irežü Čingis
 3428. qayan-tur čaqa⁷an-u⁷ut šinqod-iyar čaqa⁷a-nu⁷ut aqtasiyar qara-nu⁷ut
 3429. buluqat-iyar a⁷ulža⁷ulba. Oyrad-un Quduqa-beki-i uqtun
 3430. urida elsen tümen Oyrad-iyen uduridun irebe ke⁸en soyurqažu
 3431. kö⁸ün-e inu Inalči-da Čečeigen-i ökbe. Inalči-in aqa
 3432. Törelči-da Žoči-yin öki Qoluiqan-i ökbe. Alaqa-beki-i Oңyut-da
 3433. ökbe. Čingis-qayan Žoči-yi soyurqažu ükülerün: «Kö⁸üd-ün
 3434. min-ü aqa či ker-teče sai qarčuуу mör saitu oduqsan qažar-a
 3435. ere aqta-yi ülü širqan ülü žoba⁷an ölžeyitü hoy-yin irgen-i oro⁷ulžu
 3436. irebe či. Irge čimada öksü» ke⁸en žarliq bolba.

Қоян жылы (1207 жыл) Жошыны оң қол қанат әскерлерімен Ой-еркінге (Орман еліне) аттандырды. Бұқа оған жерші болып барды. Ойраттың Құдұқа бек түмен Ойраттан бұрынырақ ілесіп кіріп келді. Ол келіп Жошыны басқарып түмен Ойрат жеріне жерші болып, Шықшытқа дейін апарды. Жошы Ойрат, Бұрыйат, Барқұн, Ұрсұт, Қабқанас, Қаңқас, Тұбасты бағындырып Түмен Қырғыздарға жеткенде қырғыздың нояндары Еді-ынал, Алдыгер, Өребек-тегін ілесіп бағынып, ақсұңқар, ақ жылқы, қара бұлғын алып келіп Жочымен кездесті.

Шібір, Кесдім, Байыт, Тұқас, Теңлек, Төгелес, Тас, Бажықыттан бергі орман ел-жұртын Жочы бағындырып, қырғыздардың түмендік, мыңдық нояндары мен орман елінің нояндарын ертіп алып Шыңғыс қағанға ақсұңқар, ақ жылқы, қара бұлғындарымен

кездестірді. Ойрат Құдұқа бекті алдымен ілесіп бағынып, ойратты басқарып ертіп келдің деп Шыңғыс қаған сый тарту ретінде оның ұлы Ыналшыға Чечейкенді берді. Ыналшының ағасы Төрелшіге Жошының қызы Қолұйханды берді. Алақа бикені Оңғұтқа берді.

Шыңғыс қаған Жошыға сый тарту етіп:

«Ұлдарымның ағасы сен үйден енді ғана шыға сала жолың болып, барған жеріңде ерді де, ат жылқыны да жарақаттамай, қинамай, ырысты Орман ел-жұртын бағындырып келдің. Осы ел-жұртты саған берейін» деп жарлық етті.

240-бөлім

3437. Basa Boroqul-noyan-i Qori-Tümet irkin-tur ča'ura'ulba
 3438. Tümet-irkin-ü noyan Daiduqul-Soqor-i ükü'esü eme inü Botoqui
 3439. Taryun Tümet-irkin-i medežü ažu'u. Boroqul noyan kürčü
 3440. qurban haran yeke čerig-eče urida yabur-a otču üde žilda uqamsar
 3441. berke hoi-tur horum-iyar yabuqun bolun, qara'ul-a an-u
 3442. qoyina'un dermettežü horum bo'uzu, Boroqul-noyan-i barižu
 3443. alažu'ui. «Tümet Boroqul-i alažu'ui» ke'en medežü Čingis
 3444. qayan maši kiliŋlažu ö'esün morilan tu'urbi'asu Bo'urču, Muqali
 3445. qoyar Čingis-qayan-i bayitala itqaba. Žiči Dörbetei Dörbei-
 3446. -Doqšin-i tuširun: «Čerik qataŋquya žasažu Mönke Tengeri-i
 3447. žalbarižu Tümet-irkin-i oro'ulun sori» ke'en žarliq bolba.
 3448. Dörbei čerik žasarun urida čerik-ün yabuqu qara'ul-un saqiqu
 3449. mör horum sübes-tür hoqtor'ui erbe'elže'ülžü hula'an buqa-in
 3450. yabuqsan mör-iyer čerigüt-tür žasaylarun čerig-ün to'utu kü'ün
 3451. žirüke yada'asu nišiquya ere-tür harban mösüd ürge'ülžü
 3452. süke, uqali, kirü'e, ši'üči, ere-in žer-žebsek žasa'ulžu, hula'an buqa-in
 3453. yabuqsan mör-iyer mör-tür baiqsan modut hoqtočin čabči'ulžu
 3454. kirü'ede'ülžü mör bolyažu a'ula dekere qaru'asu Tümet-
 3455. irkin-ü erüge dekereče kenet qurimlan sa'uqui-tur da'uliba.

Тағы Бороқұл-ноянды Қоры Түметтің еліне шабуылдатты. Түмет елінің нояны Дайдүкұл-Соқыр өлген соң оның әйелі Ботоқұй Тарғұн-Түмет елін билеп тұрыпты. Бороқұл-ноян оларға жетіп, үш кісі қараны үлкен қол қанаттан алдыға салып жіберіп, ымыртта қалың ну орманмен жүруге тура келіп, қарауылдары оларды артынан шабуылдай қоршай бастап, Бороқұл-ноянды ұстап алып өлтіріпті.

«Түмет Бороқұлды өлтірді» деп біліп Шыңғыс қаған қатты ашуланып, өзі аттанбақшы болып бұлқынғанда Боғұрчү, Мұқалы

екеуі Шыңғыс қағанды әрең дегенде азғырып тоқтатыпты. Және Дөрбетей Дөрбей Доғшынды тағайындап:

«Әскерлерді айрықша қатаң жасақтап Мәңгілік Тәңіріге жалбарынып, Түмет елді бағындырып кел» деп жарлық етіпті.

Дөрбей әскерлерін жасақтарда алдымен қарауылдың жүрер жол іздеріне әуелі қалың қызыл бұқаларды жүргізіп, олардың ізімен әскерлерін жасақтап, жолда қорқып жүрексігендерін шауып тастайтын болып, әрбір әскерге он оқ тиетіп, балта, шот, қашау, ердің қару-жарағын молынан дайындатыпты. Сөйтіп, қызыл бұқаның жүрген жолымен ағаштарды кесіп, шауып, аралатып, жол жасап тау үстіне шығады. Сонда Түмет елінің той жасап жатқанында түндік үстінен төбесінен кенеттен шабуылдады.

241-бөлім

3456. Urida Qorči-noyan, Quduqa-beki qoyar Tümet-te
 3457. bariqdažu Botoqui-Taryun-tur tende ažu'u. Qorči-in bariqdaqu
 3458. yosun Tümet-irkin-ü ökit qo'astan qučın emes abtuγai
 3459. ke⁸en žarliq boluqsan-tur Tümet-irkin-ü ökit abqu ke⁸en odqu
 3460. bolun, urida elsekset irkin žiči bulqa bolžu Qorči-noyan-i
 3461. barižu'ui. Qorči Tümet-de bariqdažu'u ke⁸en Čingis-qayan
 3462. medežü Hoi-in irkin-ü yabudal Quduqa medemü-že ke⁸ežü ilegesü
 3463. Quduqa-beki basa bariqdažu'u. Tümet-irkin-i oro'ulun bara'asu
 3464. Boroqul-un yasun-u tula ža'un Tümet-i ökbe. Qorči qučın ökid-i
 3465. abuba. Quduqa-beki-de Botoqui-Taryun-i ökbe

Бұрын Қорчы-ноян, Құдұқа бек екеуі Түметке ұсталғанда Ботоқұй-Тарғұн болған еді. Қорчы ұсталғаны себебі — ол Түмет елінің қыздары сұлу деп отыз әйел алсын деген жарлық болған соң Түмет елінен қыз алмақшы болып барып, бұрын бағынған ел-жұртында көтеріліс шығып, Қорчы-ноян сонда ұсталыпты. Қорчы Түметке ұсталыпты деп Шыңғыс қаған біліп Орман елінің жай-күйін Құдұқа білер деп жіберсе, Құдұқа бек тағы ұсталыпты. Түмет елін бағындырған соң Бороқұлдың сүйегі кегі үшін жүз Түметті берді. Қорчы отыз қыз алды. Құдұқа бекке Ботоқұй-Тарғұнды берді.

242-бөлім

3466. Čingis-qayan žarliq bolžu eke-de, kö⁸üt-te, de⁸üner-e
 3467. irge qubiyazu ögüye ke⁸en ö⁸ürün ulus quniya'an žobaqsat

3468. Eke buyu že. Kö^süd-ün min-ü aqa Žoči bui že. De^süner-ün min-ü
 3469. nilqa Otčiyin bui že ke^sežü eke-de Otčiyin-u qubi kiget tümen
 3470. irge ökbe. Eke čimatču ese duŋqotba. Žoči-de yesün miŋyat
 3471. irge ökbe. Ča^ʔatay¹⁶-a naiman miŋyat irge ökbe. Ögödey-e tabun
 3472. miŋyat irge ökbe. Toluy-a tabun miŋyat irge ökbe. Qasar-a
 3473. dörben miŋyat irge ökbe. Alčitay-a qoyar miŋqat irge ökbe.
 3474. Belgütei-ye niken miŋyan tabun ža^ʔut irke ökbe. Daqaritai
 3475. Kereyit-lü^se bolulčaba ke^sen nidün-ü ečine ečitgeya ke^sebesü
 3476. Bo^ʔurču, Muqali, Šiki-Qutuqu qurban ükülerün: «Ökerün qal-iyān
 3477. Sönö^sekü metü Ökerün ker-iyen Ebdekü metü Sain ečike-in
 3478. Čin-u ke^ses qayča abaqa Čin-u qočorču amu. Ker tebčikü inu
 3479. Ese uqaysan-tur, bütü^sei Sain ečike-in Čin-u nilqa nuntuq Hüni
 3480. butara^ʔulčažu atuqai» ke^sekdežü qabar-ača hüni kaŋšitala
 3481. qaqaš kelelekdežü: «Že, teli» ke^sen Sain ečike-i setkižü, Bo^ʔurču
 3482. Muqali, Siki-Qutuqu qurban-u kelen-tur amurliba že.

Шыңғыс қаған жарлық етіп анаға, ұлдарға, інілерге ел бөліп берейін деп өзінің ұлыс жинап қиналғандар

анам еді ғой,

ұлдарымның ағасы Жошы еді ғой,

інілерімнің кенжесі Отчығын еді ғой деп шешесіне Отчығынның үлесі түмен ел берді. Шешесі азсынып үн қатпады.

Жочыға тоғыз мыңдық ел берді. Шағатайға сегіз мыңдық ел берді. Өгөдейге бес мыңдық ел берді. Тұлұйға бес мыңдық ел берді.

Қасарға төрт мыңдық ел берді.

Алчытайға екі мыңдық ел берді.

Белгүтейге бір мың бес жүз ел берді.

Дақарытай Керейлермен болысқан деп көздің тасасы етейік деп еді, Боғұрчү, Мұқал, Шікі-Құтүкү үшеуі:

«Өз отыңды өшіргендей,

Өз үйінді өртегендей,

Жақсы әкеңнің өсиеті

Жалғыз немере ағайыныңды

Қалай қиып барасың,

Қалғаны осы ғой, бұйтпеңіз,

Жақсы әкеңнің

Туған жерінде түтіні жалғасып,

Үзілмей жүрсін» делініп күрсінгенде қатты сөз естіп, «Жә, жарайды, дұрыс» деп жақсы әкені ойлап Боғұрчү, Мұқалы, Шікі-Құтүкү үшеуінің тілін алыпты.

243-бөлім

3483. «Bi eke-de Otčiyin-a tümen irge ökcü, noyad-ača Kücü,
 3484. Kököcü, Žuṅsai, Qorqasun dörben-i tušiba. Žoči-da Qunan
 3485. Mönkegür, Kete qurban-i tušiba. Čayatai-tur Qaračar, Mönke,
 3486. Iduqudai qurban-i tušiba». Basa Čingis-qayan ükülerün: «Čayatai
 3487. keče⁸ü buyu, narin aburitu buyu Kökö-Čos üde manaqar
 3488. dergede ažu setkixsen-iyen keleden atuqai» ke⁸en žarlıq bolba.
 3489. Ögödei-tür Ilüge, Degei qoyar-i tušiba. Tolui-tur Žedei, Bala
 3490. qoyar-i tušiba. Qasar-tur Žebke-i tušiba. Alčidai-tur Ča'urqai-i
 3491. tušiba.

«Мен шешеге, Оттегінге түмен ел беріп, нояндардан Күчү, Көкчү, Жүңсай, Қорқасун төртеуін тағайындадым. Жошыға Құлан, Мөңкегүр, Кете үшеуін тағайындадым. Шағатайға Қарашар, Мөңке, Ыдүқұтай үшеуін тағайындадым».

Тағы Шыңғыс қаған:

«Чағатайдың мінезі қиындау, кірпияз мінезді болар. Көкө-Чос сен қасында болып, ойыңды айтып жүр» деп жарлық етті.

Өгөдейге Ілүге, Дегей екеуін тағайындады. Тұлұйға Жедей, Бала екеуін тағайындады. Қасарға Жебкені тағайындады. Алчытайға Чағұрқайды тағайындады.

244-бөлім

3492. Qoṅqotadai Mönlik-ečike-in kö⁸üt dolo'an büle⁸ei.
 3493. Dolo'an-u dumdadu Kököcü **Teb-Tengeri**¹⁷ büle⁸e. Tede dolo'an
 3494. Qoṅqotan Qasar-i ömerezü žančižu'ui. Qasar dolo'an Qoṅqotan-a
 3495. ömerezü žančiqda'a ke⁸en, Čingis-qayan-a sögödü⁸esü Čingis-
 3496. qayan busut-tur kiliṅlažu aqui-dunda kelele⁸ü bolun, Čingis-
 3497. -qayan kiliṅ-duriyen Qasar-i ükülerün: «Amitu-da ülü ilaqdaqu-ača
 3498. büle⁸e či. Ker ilaqda'a či» ke⁸ekdežü Qasar nilbusu
 3499. alda'at bosču yorčižu. Qasar ma'uilažu qurban üdür ese irebe
 3500. Tende Teb-Tengeri Čingis-qayan-a ükülerün: «Mönke Tengeri-in
 3501. žarlıq qan **žaqarit**¹⁸ ügülemü: «Nikente Temüžin ulus barituqai
 3502. ke⁸emü. Nikente Qasar-i ke⁸emü. Qasar-i ese neṅde⁸esü
 3503. mede⁸e üküi bui že» ke⁸ekdežü Čingis-qayan mün süni morilažu
 3504. Qasar-i barira odu'asu Kücü, Kököcü qoyar Qasar-i barira
 3505. otba ke⁸en eke-de ža'ažu'u. Eke mede⁸et süni bö⁸ed udaqaran
 3506. čaqa'an teme⁸en köližü qara'utai tergetei süni-de dülin yorčižu
 3507. naran uryuqui-lu'a kürü⁸esü Čingis-qayan Qasar-un qančut
 3508. huyažu maqalai büse inü abču, üge inu asaқun бүкүй-түр

3509. eke-de kürtežü Čingis-qayan geyekčü eke-deče emi^eebe. Eke
 3510. a^ʷurlažu kürčü tergen-eče ba^ʷuyat eke ö^eesün Qasar-un huyaqsat
 3511. qančut dalžu talbi^ʷat maqalai büse inü Qasar-a ökcü eke
 3512. kiliŋlažu a^ʷuriyan darun yadan žabilan sa^ʷužu qoyar kököd-iyen
 3513. qaryazu qoyar ebüdük de^ee^sün bisari^ʷulžu ükülerün: «Üžebe yu
 3514. Kökö^esen kökön tan-u ene bui ede Qadalun da^ʷun Qarbisuyan
 3515. Qazaqsat Küi-iyen tasuluqsat Qasar yekibe! Temüžin
 3516. ene niken kökö min-ü baraqu büle^ee. Qaci^ʷun, Otčiyin qoya^ʷula
 3517. bolžu niken kökö ülü baraqu büle^ee. Qasar бүрүн qoyar бүри
 3518. kököt min-ü baražu če^eeži min-ü a^ʷui boltala amurli^ʷulžu če^eeži a^ʷui
 3519. bolyaqu büle^ee. Te^eüber erdem-tü Temüžin min-ü če^eeži erdemtü
 3520. Qasar min-ü qabu kücü erdemtü tula Qarbučažu qaruqsan-i
 3521. Qarbužu oru^ʷulqu büle^ee. Oqžatču qaruqsan-i Hontosazu
 3522. oru^ʷulqu büle^ee. Edö^ee, dayisun kü^eün-i muqutqaba ke^eežü, Qasar-i
 3523. üžen yadamui ta» ke^eebe. Eke-i amurli^ʷulun baražu Čingis
 3524. qayan ükülerün: «Eke-i qiliŋlaqdažu, Ayun ba ayuba Hičen ba
 3525. hičeba bi» ke^eežü «Ičuya bida» ke^eežü ičuba. Eke-de ülü mede^eülün
 3526. ečine^eün Qasar-un irge inu abču Qasar-a miŋyan dörben ža^ʷut
 3527. irge ökbe. Eke medežü tere setkil-tür ötör dötöleksen yosun
 3528. tejimü. Žalayirtai Žebke tende qulažižu Baryužin oron buru^ʷutba

Қоңқотадай Мәңлік әкейдің жеті ұлы болатын. Жетінің ортаншысы Көкөчү Теп-Тәңірі болатын. Сол жетеуі Қоңқотан Қасарды бәрі жабылып сабапты. Қасар жеті Қоңқотан жабылып сабады деп Шыңғыс қағанға бас иіп айтса, ол басқаларға ашуланып тұрғанда айтылғандықтан Шыңғыс қаған оған ызалана:

«Кісі-қараға жеңілмеуші едің. Қалайша жеңілдің» депті. Қасар көз жасын төгіп шығып кетіпті. Қасар ренжіп үш күн келмеді.

Сонда Теп-тәңірі Шыңғыс қағанға:

«Мәңгілік Тәңірінің жарлығы хан, жауырыншылар бүй дейді: Бірде Темүжін ұлысты билесін дейді. Бірде Қасарды сілтейді» депті. Шыңғыс қаған сол түні аттанып Қасарды ұстауға барса, Күчү, Көкөчү екеуі Қасарды ұстауға кетті деп шешесіне айтыпты. Шеше біліп сол түні артынан ақ түйе көліктеп қарауытты арбамен түңделетіп таң атарда жетсе Шыңғыс қаған Қасардың жеңдерін байлап, малақай, белдігін алып сөз сұрап тұр екен. Шешесі келген соң Шыңғыс қаған именді. Шешесі ашуланып арбадан түсіп Қасардың жеңдерін шешіп, малақай, белдігін Қасарға алып берді. Сөйтіп, ана ашуын баса алмай малдас құрып отырып екі емшегін шығарып тізесіне тіреп

«Көрдiңдер ме!
 Емiп өскен емшектерiң осы,
 Қатты дауыспен
 Қабырғасын қабушылар,
 Кiндiк құрсағын үзушiлер,
 Қасар не iстедi,
 Темүжiн сен бiр омырауымды
 Бiтiрiп емушi едiң,
 Қашығұн, Оттегiн екеуi
 Бiр омырауымды бiтiрмеушi едi,
 Қасар болса екi омырауымды
 Емiп, уыз сүтiн бiтiрiп,
 Кеудеме кеңдiк берушi едi.
 Сол едi оның қасиеттi күшi.
 Темүжiнiмнiң көкiрегi ояу,
 Қасарымның күшi асып-тасқан.
 Қарғып шыққанда
 Атып тесiп беретiн,
 Ырғып шыққанда
 Ойып тесiп беретiн Қасарым!

Ендi жауды бағындырдық деп Қасарды неге жек көресiңдер сендер» — дептi. Шешесiнiң көңiлiн тауып тыныш еткен соң Шыңғыс қаған:

«Шеше ашуланғанда қатты қорықтым. Ұялғанымша ұялдым. Ендi «қайтайық» деп қайтып кетедi. Шешесiне бiлдiрмей Қасардың елiн алып, оған мың төрт жүз ел бердi. Шешесi бiлiп қойып қатты қиналып, тез қартайған жосығы сол екен. Жалайырдың Жибке содан бүлiнiп, Барғұжын елiне кеткен екен.

245-бөлім

3529. Te^sün-ü qoyina yesün keleten irkin Teb-Tenğeri-tür
 3530. qurıžu Ćiŋgis-qayan-u kilü^e-deče olon Teb-Tenğeri-tur qurıqun
 3531. bolba. Teyin quriqui-tur, Temüge-Otčiyin-u qarıyatan irkin
 3532. Teb-Tenğeri-tur otču⁷ui. Otčiyin-noyan oduqsan irge-ben quyuirā
 3533. Soqor neretü elči-en iležü^süi. Teb-Tenğeri Soqor elči-de
 3534. ükülerün: «Otčiyin ta žirin elčiten bolžu⁷ui» ke^sežü Soqor elčīn
 3535. inu aši⁷ižu yabuqan eme^sel inü ürgežü qarı⁷ulžu⁷ui. Otčiyin Soqor
 3536. elčīn ači⁷ižu yabu⁷an ilekdežü manaqarši Otčiyin ö^sesün
 3537. Teb-Tenğeri-tur otču ükülerün: «Soqor elči-en ile^sesü aši⁷ižu

3538. yabuʻan iležüʻüi. Edüʻe bi irge-ben quira irebe» keʻekdežü, doloʻan
 3539. Qoŋqotan Otčiyin-i endeče tendeče qaʻažu: «Soqor elčin-iyen
 3540. ileʻü čin-u žöb bui» keʻežü bariqu-ača tusqu-ača kikderun
 3541. ayužu Otčiyin-noyan ükülerün: «Elči ileʻü min-üküi buruʻu» keʻežüʻüi.
 3542. Doloʻan Qoŋqotan ükülerün: «Buruʻu böʻesü namančilan
 3543. sögöt» keʻežü Teb-Tenġeri-in qoyinača sögötgežüʻüi. Irge-ben
 3544. ba ese öktežü Otčiyin manaqarši erte Čingis-qayan-i bosuqai
 3545. üdüʻü-e oron dotora büküi-tür orožu uyilaʻat sögetčü ükülerün:
 3546. «Jesün keleten irkin Teb-Tenġeri-tür čiʻuldažu nada qariyatan
 3547. irge-ben Teb-Tenġeri-deče quyura Soqor neretü elči ilelüʻe.
 3548. Soqor elči-i min-ü ašiʻižu yabuʻan emeʻel ürgežü ilekdežü, bi
 3549. ögesün quyura oduʻasu Doloʻan Qoŋqotan-a endeče tendeče
 3550. qaʻažu namančilaʻulžu, Teb-Tenġeri-in qoyinača sögökeʻüldeba»
 3551. keʻeʻet uyilaba. Čingis-qayan-i duŋqaduyai üdüʻü-e Börte
 3552. Üžin oron dotora öŋdeyižü saʻužu könžile-iyen žaqa-bar ebčeʻü-ben
 3553. tuyitču Otčiyin-u uyilaqu-i üžežü nilbusu aldaʻat ükülerün:
 3554. «Jekikset Qoŋqotan tede Öčiʻen Qasar-i ömörežü žančižuʻu
 3555. büleʻei. Edüge basa ene Otčiyin-i yekin qoyinačaʻan sögötgemüi.
 3556. Janbar yosun bolumu Bel ede, čiʻöt, narat metüs deʻü-ner-i čin-u
 3557. eyin oyisulaldumui Ünen-ber möna qoyina Neʻüle metü beye
 3558. čin-u Neküs oduʻasu Netkel metü ulus čin-u Ken-e medeʻülkün
 3559. tede Tulu metü beye čin-u Tulbas oduʻasu Tuyał metü ulus čin-u
 3560. Ken-e medeʻülkün tede Čiʻöt, narat metü deʻüner-i čin-u eyin
 3561. oyisulatqun haran min-ü qurban-dörben üçüʻet maʻun mandutula
 3562. min-ü yaʻu medeʻülkün tede. Jekikset Qoŋqotan
 3563. büleʻei. Tede deʻüner-iyen teden-e teyin kiʻülžü ker üžežü amu či»
 3564. keʻeʻet Börte-Üžin nilbusun aldaba. Börte-Üžin-u ene üge-tür
 3565. Čingis-qayan Otčiyin-a ükülerün: «Teb-Tenġeri edöʻe irekü
 3566. Čidaqui-ača kerba üyiletdüʻesü či mede» keʻebe. Teʻün-tür
 3567. Otčiyin bosuʻat nilbusuʻan arčiʻat qarču qurban bökös-i
 3568. beletčü baiba. Qurumut atala Mönlik-ečike doloʻan köʻüt
 3569. lüʻe-ben irežü doloʻan büri orožu Teb-Tenġeri tüsürge-in baraʻun
 3570. eteʻet saʻuqui-luʻa Otčiyin Teb-Tenġeri-in žaqa inu barižu:
 3571. «Öčiʻen üdür nama-i namančilan büleʻe či. Sorilduya» keʻežü
 3572. žaqa inu barižu eʻüden žük irebe. Teb-Tenġeri Otčiyin-u esergü
 3573. žaqa barižu barilduba. Teb-Tenġeri-in maqalai barilduqui-tur
 3574. qolumta teriʻün-e unaba. Mönlik-ečike maqalai inu abču
 3575. hünüsčü ebür-tür-ijen talbiba. Čingis-qayan ükülerün: «Qarču bökö
 3576. küčü temečeldütkün». Otčiyin Teb-Tenġeri-i čirčü
 3577. qarurun eʻüde bosuqa žaʻura urida beledüksen qurban bökös
 3578. esergü Teb-Tenġeri-i bariʻat čirču qarču niruʻu inu ququlžu žeʻün
 3579. eteʻed-ün terged-ün üzüʻür-e oʻurču Otčiyin orožu ükülerün:

3580. «Теп-Тенҗери нама-и наманчилан бүле^е. Сорилдуйа ке^есү үлү
 3581. болун арылажу кебтемү. Чаqtу нөкөр азу^у» ке^есү Мөңлик-
 3582. еңке уқажу nilbusu алда^ат үкүлерүн: «Dayir Etügen-i Daңlasun-u
 3583. tedüi бүкүи-еңе Dalai müren-i Qoroqon-u tedüi бүкүи-еңе нөкөңеба
 3584. би» ке^екүи-лү^е žiryu^уan Qoңqotan көгүт инү е^еүден босожу
 3585. qolumta to^уurin baiжу qančudiyан šimali^аqдарун Čiңgis-
 3586. qayan керелжу šiqaqдажу: «Žayila, qaruya» ке^еет qarqu-lu^а
 3587. Čiңgis-qayan-i horčin qorčin turqa^уut to^уurin baiba. Теп-Тенҗери-yi
 3588. terged-үн үзү^еür-e niru^у ququlжу o^уuruqsan-i Čiңgis
 3589. qayan үжежу qoyitu^у-аңа niken боро qošiliq abčira^улжу Теп-Тенҗери
 3590. -yin dekere inu talbi^улжу: «Kölge oro^уulutqun, ne^еüye» ке^еежу
 3591. tendeңе ne^еübe.

Содан кейін тоғыз тілді ел Теп-Тәңіріге жиналып Шыңғыс қағанның жел бауынан көп болып жиналатын болды. Сөйтіп, жиналып жатқанда Темүге Отчығынның қарасты елі де Теп-Тәңіріге кетіпті. Отчығын кеткен ел-жұртты қайтарайын деп Соқыр деген елшісін жіберіпті. Теп-Тәңірі Соқыр елшіге:

«Отчығын, сіз қос елшілі болыпсыз» деп, Соқыр елшіні басынып ер-тоқымын арқалатып жаяу қайтарыпты. Отчығын Соқыр елшісін басынып жаяу келді деп ертеңінде Отчығын өзі Теп-Тәңіріге барып:

«Соқыр елшіні жіберсем басынып қайтарыпсыңдар. Енді мен ел-жұртымды жинайын» десе, жеті Қоңқотандар Отчығынды о жақ, бұ жағынан қамап «Соқыр елшіңді жібергенің дұрыс па?» деп ұстауға таяғанда Отчығын қорқып, «Елші жібергенім бұрыс» депті. Жеті Қоңқотан:

«Бұрыс болса табынып шөк» деп Теп-Тәңірінің артынан тізе бүктіріпті.

Отчығын ертеңінде таң ата Шыңғыс қаған тұрмай төсек үстінде жатқанда «ел-жұртымды бермеді» деп жылап-сықтап:

«Тоғыз тілді ел Теп-Тәңіріге жиналып маған қарасты ел-жұртымды Теп-Тәңіріден сұрайын деп Соқыр деген елшіні жібердім. Соқырды басынып жаяу келген соң, өзім барып сұрайын деп барсам, жеті Қоңқотандар одан-бұдан қамап бағындырып, Теп-Тәңірінің артынан тізе бүктірді» деді.

Шыңғыс қаған үндемей жатқанда Бөрте үжін басын көтеріп көрпесінің шетімен төсін тасалап Отчығынның жылағанын көріп көз жасын көлдетіп:

«Неткен Қоңқотандар олар!

Кеше ғана Қасарды жабылып сабады. Енді Отчығынды неге артқы жағынан тізе бүктіреді. Қандай жосын бұл? Сөйтіп, сірә бұйым, шырша, самырсын сынды інілеріңе қастық жасап жүр ғой.

Шыңдығында бұдан кейін

Бәйтеректей бойың сенің

Мұлт етіп кетсе дағы,

Біріккен ұлысыңды

Кімге тапсырарсың сен.

Тұғырдай тұлғаң сенің

Тайып кетсе,

Тұйғындай ұлысыңды

Кімге білгізерсің сен!

Шырша, самырсындай інілеріңе қастық жасап тұрғандар менің үш-төрт кішкентайларым өсіп жеткенде не болмақ? Неткен Қоңқотан олар! Інілеріңді солай басындырып қалай қарап отырсың сен» деп Бөрте үжін жылапты. Шыңғыс қаған Отчығынға:

«Теп Тәңірі енді келеді. Шамаңа қарай қалай жасауды сен біл» деді. Сөйтіп, Отчығын тұрып көз жасын сүртіп, үш палуан күресші дайындап тұрады.

Көп кешікпей Мөңлік әкей жеті ұлын ертіп, жетеуі де үйге кіріп, Теп-Тәңірі сабаның оң жағында отырғанда Отчығын оның жағасынан ұстап алып «Кеше мені тізе бүктірген едің, күш сынасайық» деп есікке қарай сүйретіп әкетті. Теп-Тәңірі Отчығынның жағасынан ұстап күресе бастады. Теп-Тәңірінің малақайы ошақтың басына түсті. Мөңлік әкей малақайын алып иіскеп, тізесіне қояды.

Шыңғыс қаған:

«Күресшілер үйден шығып күш сынасын» дейді. Отчығын Теп-Тәңіріні сүйретіп шыға бергенде босағада дайын тұрған үш палуан Теп-Тәңіріні ұстап алып сүйретіп алып белін үзіп, шығыс жақтағы арбаның қасына апарып тастады. Отчығын сырттан кіріп келіп:

«Теп-Тәңірі мені тізе бүктірген еді. Сынасайық деп едім болмай амалдап жатыр. Шамасы келмейтін нөкер екен» дейді. Мөңлік әкей мұны ұғып көз жасын төгіп:

«Жауыр болған Өтүкенді

Жалпақ болғаннан бері,

Теңіз суы

Бұлақ болғаннан бері

Нөкерлестім мен» деп алты Қоңқотан ұлдары түрегеліп жеңдерін қайырып келгенде Шыңғыс қаған амалсыздан жылыстап, «кеңдер, шығайық» деп шыққан кезде қағанның айналасындағы садақшы, тұрқақтар оны айнала қоршады. Теп-Тәңірі арбалардың қасында белі үзіліп жатқанын Шыңғыс қаған көріп солтүстік таудан бір қоңыр үй әкелтіп Теп-Тәңірінің үстіне тіктіріп, «Көлік әкеліңдер, көшейік» деп сол жерден көшті.

246-бөлім

3592. Teb-i talbiqsan qošiliq-un erüke tülizü e^süden daružu
 3593. qara saqiulu^γasu qutuqar süni üdür šira-da ker-ün erü^e ne^ežü
 3594. beye selte qarču^γu. Bolya^γasu ma^γat Teb inu tende bolyaqdaba.
 3595. Čingis-qayan ükülerün: «Teb-Tenģeri de^süner-tür min-ü qar köl
 3596. kürgexen-ü tula de^süner-ün min-ü ža^γura oro-üküi žingü^sü-yin
 3597. tula Tenģeri-de ese ta^γalaqdažu ami-yan beye selte abču
 3598. otba že» ke^sebe. Čingis-qayan Mönlik-ečike-i tende duŋqadurun:
 3599. «Kö^südü^sen aburi ülü itqan deŋgečen setkikün bolun
 3600. Teb-Tenģeri-in teri^sün-tür kürbe ta. Tan-u tejimü aburi
 3601. uqaysan bö^sesü Žamuqa, Altan, Qučar tan-u yosutan bolyaqdaqun
 3602. büle^sei ta» ke^sežü Mönlik-ečike-i duŋqatču duŋqatun
 3603. baražu žiči: «Manaqaru ügüleksen-i Üdeži hudaru^γasu Üde-in
 3604. ügüleksen-i Manaqar hudaru^γasu hičele maqa ke^sekde^sü-ele
 3605. urida üge baraqdalü^γa. «Že, teli» ke^sen soyurqažu žiči žaliraba.
 3606. «Alus aburi-yan tataysan bö^sesü Mönlik-ečike-in uruq-tur ken
 3607. deŋgečekun büle^sei» ke^sebe. Teb-Tenģeri-i üküi bolya^γat
 3608. Qoŋqotan čirai žibturažu^γui že.

Теп-Тәңіріні қойған үйдің түндігін жауып, адаммен күзеттіреді, үшінші күні түнде таң бозарарда үйдің түндігін ашып оның бойы (аруағы) шығып кетіпті. Сөйтіп, сірә, Теп сонда болдырыпты (көз жұмыпты). Шыңғыс қаған:

«Теп-Тәңірі інілеріме қол-аяғын тигізіп, інілерімнің арасына бос бекерден өсек таратқаны үшін Тәңіріге жақпай жаны тәні озды» деді. Шыңғыс қаған Мөңлік әкейді сонда ұрысып:

«Ұлдарыңның мінезін тыймай, сергелдеңге салып жүре-жүре Теп-Тәңіріңнің жанына тидіңдер. Сендердің сондай қылықтарыңды ұғып білген болсам Жамұқа, Алтын, Құчар сыңды болдырармын» депті. Ұрысып болған соң:

«Таңертең айтқанды

Кешке тарқатсаңдар,

Күндіз айтқанды

Таңертең тарқатсаңдар, сірә, ұят дегеннен бұрын сөз бітер.
«Жә, сол-ақ болсын» деп сыйлап тыныштандырды.

«Өркөкірек мінезін тартып алған болса Мөңлік әкейдің ұрпағына кім теңесер» деді. Теп-Тәңірі жоқ болған соң Қоңқотандардың мысы басылыпты.

Түсіндірмелер

¹ *šiltesü+tei ker* — шілтесү+тей кер. Сөзбе-сөз: «ағаш үй». Моң: *siltesü* — шилтэс од «жаңғыз ағаш» (Цэвэл — МХТТТ, 1966. 847). Қаз: шілтер (селдір), шелді сөздерімен төркіндес болуы мүмкін. Қыт: «өрмелі кереге» деп аударылған.

² *irge+tei ger* — ірге+тей кер. Сөзбе-сөз: «іргелі үй». Қаз: *irge* — үйдің қабырғасының төменгі жағы, іргелік, іргенек (қалқан), «есіктен іргенек кетсе иттен иба кетеді» (Қазақ тілінің сөздігі. 1999. 767-б.). Моң: *irge* > ирэг іргелес үй, жанама үй деген мағынада (Цэвэл — МХТТТ, 1966. 308).

³ *keri^ses* — керіес. Сөзбе-сөз: «өсиет». Моң: *keriges* > гэрээс — «арыз, өсиет» деген мағынада. Қаз: атау «кере» — адамның өлер алдындағы соңғы асы. Арыз өсиет, өтініш.

⁴ *tuγ* — түғ. Сөзбе-сөз: «ту».

⁵ *kü^sürge* — күүрге. Сөзбе-сөз: «дауылпаз, даңғыра».

⁶ *dörö žida* — дөрө жыда. Сөзбе-сөз: «үзеңгі басты сүңгі, найза». *doora žida?* (Irinčin — MNT, 1987. P. 220); *dörö žida* — «үзеңгі басты сүңгі» (Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 761); *doro žida* — «дөр жад» (Цэрэнсодном — MNT, 2000. 334).

⁷ *Qarlu^γut* — қарлұт. Сөзбе-сөз: «қарлұқтар». Көне түрік бітік: *qarluq* // *qarluγ* тұлғасында кездеседі. Түрік тілдес көшпелі тайпалардың атауы. «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде *qarluq* — қарлұқ, *ol anı qarluqladı* — ол оны қарлұқтан санады, түрікмендердің бір тайпасы дейді (DLT, III. 351). Моң: *qarluγ* «қарлұғ»+ *ut* «көптік жалғауы» > *qarlu^γut* «қарлұқтар». Рашид ад-Дин бойынша: «...имя карлук, означает «обладатель снега, снежный» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 85).

⁸ *Arslan-qan* — Арслан хан. Сөзбе-сөз: «Арыстан хан». Қарлұқтардың билеушісі. Рашид ад-Дин былай дейді: «...в эпоху Чингис-хана у правителя государства карлуков имя было Арслан-хан. Когда Чингис-хан послал в те пределы Кубилай-нойона из племени барулас, Арслан-хан подчинился и явился к Кубилаю. Чингис-хан дал ему девушку из (своего) рода и повелел, чтобы называли Арслан-сартактай, т. е. таджик и соизволил сказать: «Как можно звать его Арслан-хан!» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 151).

⁹ *temür tele^setü* — темір телестү. Сөзбе-сөз: «темір арбалы».

¹⁰ **Sariq-qum (qun?)** — Сарық құм. Сөзбе-сөз: «Сары құм». Рашид ад-Дин бойынша «В том же упомянутом году барса, в пределах гор Бадахшана войска Чингис-хана под предводительством Джэбэ-нойона захватили ушелье Сарыколь Кушлук-хана и убили» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 179).

¹¹ **Uyud-un Idu'ut** — Ұйғұдун Ыдыұт. Сөзбе-сөз: «Ұйғырлардың Ыдықұты». Байырғы түрікше **idi qut** > ие құт. Рашид ад-Дин бойынша: «...своего государя они называли иди-кут т. е. «господин счастья». В эпоху Чингис-хана иди-кутом был Бараджук» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 147—148).

¹² **Ta'ulai žil** — таулай жыл. Сөзбе-сөз: «қоян жылы». 1207 жыл. Көне түрік бітік: **tabišyan jil** > қоян жылы.

¹³ **Hoi-in irgen** — һойин ірген. Сөзбе-сөз: «Ой-орман еркін елі».

¹⁴ **Kirgisut** — кіргісүт. Сөзбе-сөз: «қырғыздар». Көне түрік бітік: **qırqız** // **qırgüz** > қырғыз. Рашид ад-Дин былай дейді: «Киргиз и Кем-кемджиут две области смежные друг с другом; обе они составляют одно владение (мамлакат)» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 150—151).

¹⁵ **Edi Inal** — Еді Ынал. Сөзбе-сөз: «Едінің Ыналы». Байырғы түрікше: **İdi Inal** > Ие Ынал. Қырғыздардағы билік иесінің лауазымдық атағы. «В этих областях много городов и селений и кочевники многочисленны. Титул (каждого) их государя, хотя бы он имел другое имя, — **инал**, а родовое имя тех из этой области, кто пользуется уважением и известностью — **иди**. Государь ее был ...Название другой области — **Еди-Орун**, государя тамошнего называли **Урус-Инал**... Жочи прошел по льду и, покорив и подчинив киргизов вернулся назад» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—1. С. 150)

¹⁶ **Ša'aday** — Чаадай. Сөзбе-сөз: «Чағатай». Моң: **Šayatay** // **Šayaday** > Цагаадай (Чағадай) деп қарастырылып келеді. **Šaqa+tay** > Чақа+тай // Шағатай — Шыңғыс қағанның Бөрте-үжін қатұнынан туған екінші ұлы.

¹⁷ **Kököcü Teb-Teңgeri** — Көкөчү Теб Теңгері. Сөзбе-сөз: «Көкөчү Тек / Төбе / Тәңірі». Түрік тілдерінде: **Kökö** — «көк, от шөп» + **cü** > **Kököcü** — «көкші, оташы» (Радлов — ОСТН, II—2. С. 1229; Eldengtei, Ardajab — MNT, 1986. P. 785). Қыт: «бақсының аты» деп аударған. Моң: **Teb-Teңgeri** > **Тэб Тэңгэр** «төбе / жоғарғы тәңірі» болуы ықтимал дейді (Цэрэнсодном — МНТ, 2000. 548). «Утвердившим это звание (Чингис-хан) был Кокечу, сын Мунлик-беки эчигэ из племени конкотан, его звали **Тэб-тэңгри**» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 150).

¹⁸ **ža'arit** — жаарыт. Сөзбе-сөз: «жауырыншылар». Моң: **ža'arin+t** **ža'arit**.

Он бірінші дәптер

247-бөлім

3609. Tegün-ü qoyina Čingis-qayan qonin žil¹ Qitat-irkin-tür
3610. morilaba. Bu-žu^u-i abču Hünegen daba-qar dabažu Sündeibü-i
3611. abču, Žebe, Küyünek-Ba^ʔatur qoyar-i maqlai ilebe. Čabčiyal
3612. kürčü Čabčiyal daba^ʔan-i bekilekdežü tende Žebe ükülerün:
3613. «An-i udužu ködölgežü ire^ʔülün tende soriya» ke^ʔežü qariba. Qariqdažu
3614. Qitad-un čerigüt «nekeya» ke^ʔen žölke a^ʔula bütetele nekežü
3615. ayisi Sündeibü-in qoši^ʔun-a kürčü Žebe qoyinaqši hurban
3616. tatažu dobtulžu sundurču ayisuqun dain-i daruba. Čingis
3617. qayan qol čerik daručažu Qitad-i ködölgežü Qara-Qitad-un
3618. Žürčed²-ün žüyin-ü erekün omoqun čerigüd-i daružu Čabčiyal-a
3619. kürtele hünzi^ʔü baitala qidužu Čabčiyal-un qa^ʔalğa
3620. Žebe abču, daba^ʔat buližu dabažu, Čingis-qayan Šira-dek-tür
3621. ba^ʔuba. Žündü³-i ekerežü qotot-qotot balaqat-tur čeri^ʔüt
3622. iležü ekere^ʔülba. Žebe-i Duñçañ balaqasun ekere^ʔülün ilebe
3623. Duñçañ balaqasun-tur kürčü ekerežü abun yadažu qarižu
3624. žiryu^ʔan qonuq qažar-a kürčü kenetgežü žiči qarın tata^ʔat
3625. qar kötölten süni düli^ʔežü kenet бүкүй-tür kürčü Duñçañ
3626. balaqasu abu^ʔai.

Содан кейін Шыңғыс қаған қой жылы (1211 жылы) Қытай еліне аттанды. Бұжуыды (Фу Чжоу) алып, Үнеген асудан асып, Сүндейбүді (Сюаньдэ фу) алып Жебе, Күйкүнек батыр екеуін маңдай алды етіп жіберді. Шапшыйал жетіп, Шапшыйал асуында қамалған кезде Жебе:

«Оларды қоздырып шығарып барып сынайық» деді. Олар кері кеткенде қытай әскерлері «артынан қуалайық» деп орманды таудан өтіп Сүндейбү тұмсығына жетеді. Сол кезде Жебе артқа қарай бұрыла шауып, шұбырып келе жатқан жауды басып алады. Шыңғыс қаған орталық әскерді бастап қытайларды шегіндіріп, Қара-Қытайдың, Шүршіттің өр кеуделі атты қорғаушыларын ба-

сып алып, Шапшыйалға жеткенше күл-талқанын шығарып қырып, Шапшыйалдың қақпасында Жебені алып, асуларды орап асып, Шыңғыс қаған Шыра тек деген жерге түсті. Жүндүні (Чжун ду) иеленіп қала қалашықтарға әскерлерін жіберіп иемденді. Жебені Дұңшаң қаласын жаулауға жіберді. Дұңшаң қалаға жетіп иеленіп ала алмай, қайтып алты күндік жерге шегініп, одан кенеттен қарсы шабуыл жасап жетек аттарымен түнде келіп Дұңшаң қаласын басып алды.

248-бөлім

3627. Žebe Duŋçaŋ balaqasun-i abču qarīžu irežü Čiŋgis-
 3628. qayan-tur neyilebe. Žüŋdü-i ekerekderün Altan-qan-u Jeke
 3629. noyan Oŋyin-Čiŋsaŋ Altan-qan-a duratqarun: «Tengeŋi
 3630. qažar-un žaya'an čaq yeke oro ye^sütge^küi čaq-u^γu kürbe Moŋyol
 3631. maši küčütey-e irežü bidan-u erekün omoqun Qara-Qitad-un
 3632. Žürced-ün žüyinü erkit čerigüd-i daružu, büreltele qidužu^γui.
 3633. Itegeltü Čabčiyal-i ber buližu abču^γui. Edü^e bida basa čeri^süt
 3634. žasažu qarya^γasu basa Moŋyol-a daruqda^γasu qalaqar balaqat
 3635. balaqat-duriyan butaraqun tede. Žiči bidan-a qura^γulu^γasu
 3636. ülü bolun bidan-tur dayisun bolžu ülü nököčekün tede. Altan
 3637. -qan soyurqa^γasu Moŋyol-un qan-tur edö^eet-tür elsen
 3638. eyetüye. Eye-tür orožu Moŋyol-i iču^γasu ičuqa^γsan-u qoyina basa
 3639. busu setkil bida tende eyetüldüt že. Moŋyol-un ba ere, aqta
 3640. qažar he^süši^ežü kölčir^eemüi ke^sekdemüi. Qan-a inu öki ögüya
 3641. altan, möŋgün a^γurasut-et čerik kü^sün-e күндүте qaryažu
 3642. ögüya. Ene eye-tür man-u oroqu ülü^sü-i ker medekü»
 3643. ke^sen duratqa^γasu Altan-qan Oŋyin-Čiŋsaŋ-un ene üge
 3644. žöbši^ežü: «Eyin bö^eed boltuyai» ke^sen elsen Čiŋgis-qayan-a **Günzü**⁴
 3645. neretei öki qaryažu, altan, möŋgün a^γurasun et tabar čerig-ün
 3646. kü^sün-e küčüne mede^sülün da^γaqui-ača Žüŋdü-ača qaryažu
 3647. Čiŋgis-qayan-tur Oŋyiŋ-Čiŋsaŋ kürgežü ilebe. Elsen
 3648. ilekdežü Čiŋgis-qayan eye-tür an-u orožu qotat qotat-tur ekeret
 3649. ba^γuqsat čeri^süd-i qarīulžu ičuba. Oŋyiŋ-Čiŋsaŋ Moži^γu
 3650. Bužu^γu neretü qoši^γun-a kürtele Čiŋgis-qayan-i hūdežü qariba.
 3651. A^γursun-et bidan-u čeri^süt da^γaqui-ača ačižu kib-u^γud-iyar ači^γa-
 3652. -ban tatažu yabuba.

Жебе Дұңшаң қаласын жаулап алып Шыңғыс қағанға қайтып келіп қосылды. Жүндүге шабуылдағанда Алтын ханның үлкен нояны Оңгін Чыңсаң Алтын ханына:

«Тәңірі жердің тағдырлы шағы үлкен тақ ауысу кезі келді. Моңғолдар өте мықты, қуатты келіп біздің өр кеуделі Қара Қытайдың, Шүршіттің атты қорғаушыларын басып алып быт-шытын шығарып қырыпты. Сенімді берік Шапшыйалды тартып алыпты. Енді біз әскер жасақтап шығарсақ та моңғолдарға жеңілесек қала, қалашықтарға бытырап кетеді. Бізбен қосыл десек келіспей жау болып кетер олар. Алтын хан бұйырса, Моңғолдың ханына енді ілесіп бағынып кетейік. Келісіп кірсек моңғолдар қайтып, олар қайтқан соң біз басқа ойымызды ақылдасайық. Моңғолдың ерлері, аттары жерсінбей терлеп жүр делінеді. Ханына қызымызды берейік, алтын, күміс бұйымдарды әскерлеріне аяусыз берейік. Осы айлама көнер-көнбесіңізді біліңіз» деп айтса, Алтын хан Оңгін Чыңсаңның сөзін мақұлдап, «Олай болса, болсын» деп көніп, Шыңғыс қағанға бағынып Күнжі атты ханшайымды беріп, алтын, күміс бұйымдарды әскерлерге ауыр жүк етіп артқызып Жүндүден шығарып, Шыңғыс қағанға Оңгін Чыңсаң өзі жеткізіп берді. Көніп бағынған айналасына мақұлдап, қала, қалашықтарға шабуылдаған әскерлер қайтарылды. Оңгін Чыңсаң Можығұ, Бұжұғұ деген тұмсыққа жетіп, Шыңғыс қағанды шығарып салды. Бұйым жүктерін біздің әскерлер көтергенінше үлбірек торғынмен байлап артып алып жүрді.

249-бөлім

3653. Tere monlaqsaqar Qašin-irkin-tur yorčiba. Žorižu kürü⁸esu

3654. Qašin-irkin-ü Bur qan elsen: «Bara⁷un qar čin-u bolžu küčü öksü»

3655. ke⁸en Čaqa neretei öki Čingis-qayan-a qaryažu ökbe. Basa

3656. Bur qan ükülerün: «Čingis-qayan-u nere aldar sonusču

3657. ayužu ala⁷ai ba. Edü⁸e süldertü beye čin-u kürčü irekdežü sülder-eče

3658. ayuba. Ayužu ba, Taŋyut-irkin bara⁷un qar čin-u bolžu

3659. küčü öksü» ke⁸ebe. «Küčü ögürün Nunži nuntuqtan Nüdüksen

balaqasutan

3660. bui že Nököčežü Qurdun aya ayalaqui-tur, Qurča bulqa

3661. bulqalduqui-tur Qurdun aya-tur Güyičen že yadamui že Qurča

3662. bulqa-tur Bulqaldun že, yadamui že, ba Čingis-qayan-a soyurqa⁷asu

3663. ba Taŋyut-irkin Ündür deresün Nemürete ösgežü Olon teme⁸et

3664. qaryažu Qa bolyažu öksü Örmege nekežü A⁷urasun bolgažu

3665. öksü O⁷orqu šiba⁷un suryažu qura⁷ulžu Saidi inu kürge⁸ülün

3666. asuyai» ke⁸en öčiba. Ügüležü üge-düniyen kürün Taŋyut-irkin-

3667. -eče⁸en teme⁸et qubčižu ta⁷un yadataala abčiražu ökbe.

Сол аттанғанынан Қашын еліне жорық жасады. Жетіп барғанда Қашын елінің Бұр ханы бірден бағынып:

«Оң қолың болайын, күш қосайын» деп Чақа атты қызын Шыңғыс қағанға берді.

Тағы Бұр хан:

«Шыңғыс қағанның ат, атағын естіп қорқып жаттым мен. Енді сұсты бойыңмен жетіп келіп, сұсыңнан қорықтым. Біздер қорқып Таңғұт елі оң қолың болайық, күш қосайық» деді.

Күш қосарда:

«Жеріміз тұрақты
қаламыз салынған
дос болып,
жедел жорық болғанда
қатты соғыс шыққанда
жедел жорыққа жете алмаспыз,
қатты соғысқа төтеп бере алмаспыз,
Шыңғыс қаған бұйырса,
Біз, Таңғұт елі,
Биік шидің қалқасында
түйелерді өсіріп бағайық,
қағанның еншісі етейік,
өрме өріп тоқып
Торғын бұйымдар берейік.

Аң-құстарды аулап,

Жақсыларын жіберейік» деп өтінді. Айтқанын орындап, Таңғұт елінен түйе алып отырды.

250-бөлім

3668. Čingis-qayan tere morilaysan-tur Qitat-irkin-ü Altan-qayan-i

3669. else^sülzü olon a^yursun abču Qašin-irkin-ü Bur qan-ni else^sülzü

3670. olon teme^set abču Čingis-qayan qonin žil tere morilaysan-tur

3671. Qitat-irkin-ü Aqutai neretü Altan-qan-i else^sülzü Tanğut-

3672. irkin-ü Ilaqu-Burqan-ni elsegülzü qanžu Saqari-keker ba^yuba.

Шыңғыс қаған сол аттанғанынан Қытай елінің Алтын ханын бағындырып, қыруар бұйымдарды алып, Қашын елінің Бұр ханын бағындырып, қалың түйе алып, қой жылы Қытай елінің Ақұтай атты Алтын ханын бағындырып, Таңғұт елінің Ылақұ Бұр ханды бағындырып, Сақары далаға келіп жетті.

251-бөлім

3673. Basa tegün-ü qoyina Ža'ugon-tur, elsen ilekset Žubqan teri^süten
 3674. olon elčin-iyen Qitat-irkin-ü Aqutai Altan-qayan-a žetgükdežü
 3675. Čingis-qayan noqai žil⁵ Qitat-irkin-tür basa monilaba. «Elsen
 3676. baražu Ža'ugon-tur ilekset elčin-i yekin žetkün büle^sei» ke^sen
 3677. monların Čingis-qayan Tuңgon amasar žorižu Žebe-i
 3678. Čabčiyal-iyar bolyaba. Čingis-qayan-i Tuңgon amasar-iyar
 3679. bolba ke^sen Altan-qan medežü Ile, Qada, Höbe^setür-i qurban-i
 3680. čeri^süt mede^sülžü čerik bökležü Hula'an-De^selen-i mañlailan
 3681. žasažu Tuңgon amasar-i temečen daba'a bü daba'ulutqun»
 3682. ke^sen Ile, Qada, Höbe^setür qurban-i čeri^süt qurduilan iležü^sui
 3683. Tuңgon amasar-i kürü^sesü Qitad-un čeri^süt qazar ke^sen da'ažu
 3684. irebe. Čingis-qayan Ile, Qada, Höbe^setür qurban-lu'a baildužu
 3685. Ile, Qada-i ködölgebe. Tolui, Čügü-küregen qoyar köndelen-eče dobtulžu
 3686. Hula'an-De^selen-i iču'ažu kürčü Ile, Qada-i ködölgežü
 3687. daružu, Qitad-i hünži^sü baitala qiduba. Qitat čeri^süd-iyen
 3688. qidužu baraqdaba ke^sen Altan-qan medežü, Žüñdü-dača qarču
 3689. buru'udun Namgiñ balaqasu orožu'ui. Hülekset čeri^süt an-u turužu
 3690. ükürün öker ža'ura kü^sün-ü miqa ideldüžü^sui. Tolui, Čügü-küregen
 3691. qoyar sayitur üyiletbe» ke^sen Čingis-qayan Tolui Čügü-küregen
 3692. qoyar-i maši soyurqaba.

Тағы содан кейін бағынышты Жағұғонға Жұбқан бастаған көп елшілерін жібергенде Қытай елінің Ақұтай Алтын қағаны оларды қамап қойыпты. Шыңғыс қаған ит жылы (1214 жылы) Қытай еліне тағы аттанды.

«Бағынып ілесіп неліктен Жағұғонға жіберген елшілерді қамайсыңдар» деп аттанып Шыңғыс қаған Тұңгон аузынан өтіп Жебені Шапшыйалда қалдырды. Шыңғыс қағанның Тұңгон аузындағы қамалда жатқанын Алтын хан біліп, Іле, Қада, Хөбегетүр үшеуін әскер бастатып жасақтап, Хұлаған Дегеленді маңдай етіп жасақтап «Тұңгон аузына қарай асу асырмаңдар» деп, Іле, Қада, Хөбегетүр үшеуін тездетіп жіберіпті. Тұңгон аузына жетсе қытайдың әскерлері жер қайыстырардай қалың қол келіпті. Шыңғыс қаған Іле, Қада, Хөбегетүр үшеуімен соғысып Іле мен Қаданы шегіндірді. Тұлұй, Чүгү күйеу екеуі қапталдан шабуылдап Хұлаған Дегеленге қайтып жетіп Іле, Қаданы шегіндіріп басып алып, Қытайды күлталқан етіп қырыпты. Қытай әскерлері қырылып біткенін білген Алтын хан Жүңдүден шығып бұрыла қашып Намғын (Нань цзин) қаласына кіріпті. Қалған әскерлері аштықтан өлуге айналғанда өзара адам етін жепті.

«Тұлғй, Чүгү күйеу екеуі жақсы жасады» деп Шыңғыс қаған ол екеуін өте сыйлап сый тарту берді.

252-бөлім

3693. Čingis-qayan Qosibu-i ba'uyat Žüñdü-in Šira-
 3694. keker ba'uba. Žebe Čabčiyal-un qalya ebdežü Čabčiyal-i bariqsat
 3695. čeri⁸üd-i ködölgežü irežü Čingis-qayan-tur neyilebe. Altan-qan
 3696. Žüñdü-dača qarurun, Žüñdü dотора Qada-i Ligu-šu'u bolyan
 3697. tušizu oduqsan ažu'u. Čingis-qayan Žüñdü-in altan, möngün,
 3698. et a'urasun ya'u ke inu to'ula'ulurun Öngür-ba'urči, Arqai-Qasar,
 3699. Šiki-Qutuqu qurban-i ilebe. Ede qurban-i aisai ke⁸en
 3700. Qada esergü uqtun altatai hartai a'ursu bari'at Žüñdü
 3701. dотороča qarču esergü irebe. Qada-da Šiki-Qutuqu üкүлерүн:
 3702. «Urida ene Žüñdü-in et, mün Žüñdü Altan-qan-u'ai ažu'u že.
 3703. Edü⁸e Žüñdü Čingis-qayan-u'ai bui že. Čingis-qayan-u et a'urasu
 3704. ečine⁸ün yekin qulaqču abčiražu ögümü či. Bi ülü abqu» ke⁸ežü
 3705. Šiki-Qutuqu ese abu'a. Öngür-ba'urči, Arqai qoyar abuba.
 3706. Ede qurban Žüñdü-in ya'uke to'ulažu irebe. Tende Čingis-
 3707. -qayan Öngür, Arqai, Qutuqu qurban-ača: «Qada ya'u ökbe ke⁸en
 3708. asaqba. Šiki-Qutuqu üкүлерүн: «Altatai hartai a'urasu abčiražu
 3709. ögülü⁸e. Bi üкүлерүн: «Urida ene Žüñdü Altan-qayan-u'ai
 3710. ažu'u že. Edü⁸e Čingis-qayan-u'ai bolba že. Či Qada, Čingis
 3711. qayan-u et ečine⁸ün qulaqču yekin ögümü či» ke⁸ežü, bi ese abuba.
 3712. Öngür, Arqai qoyar ögüksed-i inu abula'a» ke⁸ebe. Čingis
 3713. qayan tende Öngür, Arqai qoyar-i maši duñqatba. Šiki-Qutuqu-i:
 3714. «Jeke yosu setkižü⁸üi či» ke⁸en maši soyurqažu: «Üžekü-in min-ü
 3715. nidün Sonusqu-in min-ü čikin bolžu ülü⁸ü aqu či» ke⁸en žarliq bolba.

Шыңғыс қаған Қосыбұға түсіп, одан Жүңдүнің Сары даласына қонды. Жебе Шапшыйалдың қақпасын бұзып, Шапшыйалды қорғаушы әскерлерді қуып шегіндіріп, Шыңғыс қағанға келіп қосылды. Алтын хан Жүңдүден шығарда Жүңдүде Қаданы «Лүгү шүғү» (Лиу шиу) етіп тағайындап кеткен еді. Шыңғыс қаған Жүңдүнің алтын, күміс бұйымдарын санату үшін Өңгүр бауыршы, Арқай-Қасар, Шікі-Құтқу үшеуін жіберді. Бұл үшеуі келе жатыр деп Қада қарсы алдынан шығып, алтын апталған бұйымдарды алып, Жүңдүден шығып күтіп алады.

Шікі Құтқу Қадаға:

«Бұрын осы Жүңдүнің бұйымдары және Жүңдү қаласы Алтын хандікі болған еді. Енді Жүңдү Шыңғыс қағандікі. Шыңғыс қағанның бұйымдарын жасырын қалайша ұрлап әкеліп бересің сен! Мен

алмаймын!» деп Шікі-Құтұқу ештеңе алмапты. Өңгүр бауыршы, Арқай-Қасар екеуі алыпты. Бұл үшеуі Жүндүннің бұйымдарын санап келіпті. Сонда Шыңғыс қаған Өңгүр, Арқай, Құтұқу үшеуінен:

«Қада не берді» деп сұрапты. Шікі-Құтұқу:

«Алтыңдалған торғын әкеліп берді. Мен оған: «Бұрын осы Жүндү қаласы Алтын хандікі болған еді. Енді Жүндү Шыңғыс қағандікі болды. Сен, Қада, Шыңғыс қағанның бұйымдарын жасырын қалайша ұрлап әкеліп бересің!» деп мен алмадым, Өңгүр, Арқай екеуі бергенін алды» деді.

Шыңғыс қаған сонда Өңгүр мен Арқай екеуіне қатты ұрысты. Шікі-Құтұқұны «Ұлық жосынды ойлапсың сен» деп сый тарту етіп: «Көрер менің көзім, естір менің құлағым болып жүр сен» деп жарлық етті.

253-бөлім

3716. Altan-qan Namgiñ orožu ökeri^een elsen mörgüzü

3717. Tengeri neretü kö^eü-ben ža^γun nököttü-i Čingis-qayan-tur

3718. turqaq boltuqai ke^een iležü, imada elsekdežü Čingis-qayan

3719. ičuya ke^een Čabčiyal-iyar tende ičurun Qasar-i že^eün qar-un

3720. čeri^eüd-iyer dalai gižin ilerün Beigiñ balaqasun-i

3721. else^eülžu činana Žürčed-ün Buqan-u-i daqarin

3722. otču Buqan-u bulqa setki^eesü qa^γulutqun. Else^eesü inu qižiqar

3723. balaqat an-u daqarin Ula, Naγu möret gižin otču, Ta^γur-müren

3724. ö^eede dabažu, Jekke A^γuruq-tur neyilen iretkun ke^eežü ilebe.

3725. Qasar-lu^γa noyad-ača Žürčedei, Alči, Tolun-čerbi qurban-i ileldübe.

3726. Qasar Beigiñ balaqasun oru^γulžu Žürčed-ün Buqan-u-i else^eülzü

3727. mör-e бүкүн balaqasun-i oro^γulu^γat Qasar Ta^γur-müren ö^eede

3728. irežü A^γuruq-tur ba^γužu irebe.

Алтын хан Намғынға барып құм сүзіп тіреліп, Тәңірі атты ұлын жүз нөкерлерімен Шыңғыс қағанға тұрқақ болыңдар деп қарауына жіберіпті. Шыңғыс қаған қайтайық деп Шапшыйалмен өтіп, сонда Қасарды сол қол қанаттың әскерлерімен теңізге қарай жіберіп, «Бейгің қаласын бағындырып әрі қарай Жүршіттің Бұханын (Фухан?) басып өтіп, Бұхан соғысамын деп ойласа шабуылдаңдар, көніп бағынса шеткері жақтағы Ұла, Нағұ өзенін кешіп барып Тағыр өзені басынан өтіп Иеке Ағұрұқта қосылып келіңдер» деп жіберді. Қасармен нояндардан Жүрчедей, Алчы, Толун чербі үшеуін жіберіпті. Қасар Бейгің қаласын бағындырып, Шүршіттің

Бұханын бағындырып жолдағы қалаларды бағындырып Тағыр өзені басына қарай жетіп, Ағұрұққа келіп түсіпті.

254-бөлім

3729. Te^sün-ü qoyina Čingis-qayan Sartayul-irkin-e Uquna
 3730. teri^süten ža^γun elčiniyen žetgüžü alağdažu Čingis-qayan ügü-
 3731. -lerün: «Altan arıamžıyan Sarta^γul-irkin-e ker tasuldan büle^sei»
 3732. ke^sen Uquna teri^süten ža^γun elčin-iyen ösü^sel ösü^sen, kisal kisan
 3733. Sarta^γul-irkin-tur morilaya ke^sen morilaqui-tur tende Jesüi-
 3734. qatun Čingis-qayan-a duratqan öcirün: «Qayan Ündür daba^γa
 3735. daba^γan Örgen möret getülün Urtu ča^γur ča^γurun Olon ulus-irkin
 3736. žibšiyerün setkiba Töreksen ele amitan-tur möñke üküi ažu^γu
 3737. Negül-e metü beye čin-u Ne^süs udu^γasu Netkel metü ulus-iyan
 3738. Ken-e gemü Tulu metü beye čin-u Tulbas udu^γasu Tuyal metü ulus-iyan
 3739. Ken-e gemü Töreksen dörben külüküt kö^süt-ü^sen Ken-i inu
 3740. ke^semü Kö^süt-te, de^süner-e olon qaračus-a, mana ber ma^γun-a
 3741. uqažu aquya. Duratqaysan bolba. Žarliq medetükei» ke^sen
 3742. öči^sesü, Čingis-qayan žarliq bolurun: «Qatun ber kügün
 3743. bö^sesü Jesüi-yin üge žöb-eče žöb. Ket ber de^sü-ner kö^süt ta ber
 3744. Bo^γurču Muqali tan ese duratqaba. Bi ber Uridus-i ülü
 3745. Udaqaraqui-ača Umartažu ažu^γu Üküleñ-e ülü erüsteküi-eče
 3746. Untaražu ažu^γu» ke^se^set «Kö^süd-ün min-ü aqa Žoči bui že. Ja^γu
 3747. ke^semü či kelele» ke^sebe. Žoči-i duñqatqu-in urida Čayatai
 3748. ükülerün: «Žoči-i kelele kekerün Žoči-yu^γu tüšin ügülemüi.
 3749. Ene Merkidei čul/^γ/ulža^γura⁶ ker mede^sülkün bida» ke^seküi-lü^se
 3750. Žoči bosu^γat Čayatai-in žaqa-tur tusču ükülerün: «Qan ečike-de
 3751. busu ese ke^sekdelü^se. Či namai-i ker ilyamui. Janbar erdem-iyer
 3752. hüle^sü či. Qayča keče^sü-beriyen maya hüle^sü-ele či
 3753. Hontusažu čimada qarta^γasu Here^sei-en hoqtolžu o^γurusuqai
 3754. Abaldužu čimada ilağdayasu Unaysan qažar-ača bü bossuqai
 3755. Qan-ečike-in žarliq medetüküi» ke^sebe. Žoči, Čayatai qoyar žaqača baril
 3756. dužu bain бүküi-tür Žoči-in qarača Bo^γurču tatažu, Čayatai-in
 3757. qarača Muqali tatažu бүküi-tür Čingis-qayan sem sa^γun
 3758. bui. Tende Kökö-Čos že^sün ete^set baižu ükülerün: «Čayatai yekin
 3759. yaqarayu či. Qan-ečike čin-u kö^süt-ün dотора čimadača erežü büle^se.

Tan-i

3760. töre^sü-in urida Hodutai Tenğeri Horčižu büle^se Olon ulus bulqa
 3761. büle^se Oron-dur-iyan ülü oron Olžalaldun büle^se Körisütei Etügen
 3762. Körbežü büle^se. Gür ulus bulqa büle^se Könžile-de^sen ülü kebtен
 3763. Körüleldün büle^se Teyimü čaq-tur Küsežü ese yabuba že.

Kürülčeküi-

3764. -tur bolba že. Buru'utču ese yabuba Bulqalduqui-tur bolba že. Amaražu
 3765. ese yabuba že Alalduqui-tur bolba že. Boyda, qatun eke-yü^{en}
 3766. Tosun duran qoru'ulžu Sün žürüken e^{ede}ülžü Ügülemüi či Büle^{en}-eče
 3767. bület Mün ke^{eli}-deče Ese^ü törele^{ei} ta Qala'un-ača
 3768. qalat Qaqča qaqunaq-ača Ese^ü qarulaya ta Žürüken-eče
 3769. töreksen eke-yü^{en} Čimatqa'asu činar inu žekirčü Žalira'ulu'asu
 3770. ülü boli Ke^{eli}-deče töreksen eke-yü^{en} Gemüli^{ülü}esü Genüker inü
 3771. Gesge^{esü} ülü boli Qan-ečike tan-u Qamuq ulus-i bayi'ulurun
 3772. Qara teri^ü-ben qamtuqalažu Qara čisu-ban nambuqalažu Qara
 3773. nidün-ben hirmes ülü kin Qabtaqai čiki-ben dere-tür ülü talbin
 3774. Qanču-ban dereležü Qormai-ban debüsčü Šilüsün-iyān undalažu
 3775. Sigi-yen qonaqlažu Maqlai-in kölesün Ula-tur kürtele Ula-in
 3776. kölesün Maqlai-tur qartala Ölömlen kiči^{en} yabuqui čaq-tur
 3777. Eke tan-u qamtubar žoboldurun Horayitala boqtalažu Ho'užitala
 büseležü
 3778. Niyitaitala boqtalažu Niduratala büseležü
 3779. Tan-iyān öskerün Žalqiqi ža'ura Žarim-iyān ökcü Qo'ulai-iyān
 3780. qučižu Qotolai-iyān ökcü Qo'usun yabuqui büle^{ei} Egem-eče
 3781. tan-u tatažu Ere-lü^e sača'un Ken-e bolyaqu Küžü^{ün}-eče tan-u
 3782. tatažu Kü^{ün}-lü^e sača'un Ken-e bolyaqu ke^ežü Boyi tan-u
 3783. arilyažu Borbi tan-u ergü^{ülžü} Ere-in egem-tür Aqta-in qarqan-tur
 3784. kürgežü Edö^e tan-u'an Sai üžesü ke^{en} Setkižü ese^ü
 3785. amui Boyta, qatun bidan-u Naran metü gege^{en} Na'ur metü
 3786. delker setkiltü büle^e» ke^eebe.

Содан кейін Шыңғыс қаған Сартағұл елінде Ұқұна басқарған жүз елшісі қамалып өлтірілді деп естіп:

«Алтын арқанымды Сартағұл еліне қалай үздірттім» деп Ұқұна басқарған жүз елшінің кегін қайтарайық, Сартағұл еліне аттанайық» деп аттанарда Иесүй қатұн Шыңғыс қағанға өтініп:

«Қаған!

Биік асуларды асып,

кең өзендерді кешіп

ұзақ жорық жасап,

қалың ел-жұртты түзелтемін деп ойладың.

Туған жан бар кісі

мәңгі емес, өлмегі бар,

бәйтеректей денең

құлазып кетсе,

Біріккен ұлысыңды

кімге тапсырарсың,

тұғыр сынды бойың
тайып кетсе,
тұйғын сынды ұлысыңды
кімге тапсырарсың.

Туған төрт күлік батыр ұлдарыңды
кімге деп тапсырарсың,
ұлдарың, інілерің

қалың кісі-қара біздер, ақыл жетпей ұғып бітпей отырмыз.
Ойымдағыны айтқаным осы. Жарлық білсін» деді. Шыңғыс қаған
жарлық етіп:

«Қатұн адам болса дағы Йесүйдің сөзі дұрыс. Басқа біреуің де
інілер, ұлдар, Боғұрчұ, Мұқалы сендер осыны айтпадыңдар! Мен
болсам

байырғылар қалып қалмасын деп
ұмытып жүрген екенмін,
өлімге ұшырамаймын деп
өңшең ойлап жүрмеппін» деп

«Ұлдарымның ағасы Жошы бар ғой. Не дерсің сен, айт» депті.
Жошыдан бұрын Шағатай:

«Жошыны айт дейсіз, ал Жошыны несіне негіздеп айттыңыз?
Осы Меркітпен шатысқа не дерміз» дегенде Жошы түрегеліп
Шағатайдың жағасынан ұстап:

«Хан әке басқасын айтпай тұрғанда, сен мені қалай бөлектей-
сің? Қандай біліміңмен менен артықсың сен! Жалғыз ғана қиын
қырсықтығыңмен, сірә, артыларсың сен!

Оқ кернеп атыссақ сеніменен
тимей кетсе бармағым кесілсін,
ұстасып күресіп сеніменен
жеңілсем жатайын тұрмай,
жығылған жерімде сол күйі
хан әкенің жарлығы білсін» депті.

Жошы, Шағатай екеуі жағаларын ұстасып жатқанда Жошының
қолынан Боғұрчұ тартып, Шағатайдың қолынан Мұқалы тартып
тұрғанда Шыңғыс қаған үн-түнсіз отыра берді. Сонда сол жақта
отырған Көкө-Чос:

«Шағатай, неге аптығасың! Хан әкей ұлдарының ішінен сенің
тілеуіңді тілейді ғой. Сендер туардың алдында жұлдызды аспан
арпалысып жататын,
қалың ел соғысып жүретін,

төсекте ұйықтай алмай
олжаласып соғысатын,
топырақты Өтүкен
тозаң-тозаң болып
Құдіретті ұлыс соғысып жататын,
көрпесіне кіре алмай
қақтығысып жататын.
Сол кезде
ойдағыдай жүре алмадық,
қақтығысарға жеттік,
бұрылып жүре алмадық.
быт-шыт болып тартыстық,
тыныс ала алмадық.
өліспек шекіспек болдық.
Боғда ие, қатұн аналарымыздың
оттай көңілін суытып,
сүттей көңілін ірітіп,
жылы құрсақтан жылт етіп
тумадыңдар ма, бала болып
ыстық жатырдан домалап
тумадыңдар ма, ағайын болып
жүрек-жанын аямаған анаңды
теріс-бұрыс деп айтсаңдар көңілі
су сепкендей болады,
оны жылыта алмайсыңдар.
Хан әкелерің
күллі ұлысты орнатқанда
қара басын аямай
қызыл қанын ағызып,
қара көзінің кірпігін
қағып көрмей жорытты.
жарғақ құлағы жастыққа тимей,
жастанды да қолдарын
етегі оның сырмақ болып,
сілекейімен сусын етіп
кішкене етпен ас қылып,
маңдайынан аққан тері
ұлтанға жеткенше жорытты.
табаны тозып қара терге

шомылғанша тырмысты.
 алысып-жұлысып жүрерде
 шешесі бірге тозды ғой.
 бөрігін мықтап байлады,
 белдігін қатты таңды ғой,
 бөрігін бекітіп жүрді ғой,
 белдігін үзілгенше тақты ғой.
 сендерді өсіргенде
 шайнап, дәмдеп асын беріп,
 тамағын тыйып барын беріп,
 аш жүрсе де асырады ғой.
 бұғаналарың бекігенше
 ер жігіт етіп теңестірді.
 Мойындарыңнан тартып жүріп,
 адам етіп теңестірді ғой.
 Бойларыңды ұзартып
 ат жалына жеткізіп,
 ер айылын тартып мінгізді ғой.
 Енді сендердің жақсылықтарың
 асып-тассын деп жүр емес пе
 Боғда қатұн біздің шешей
 күндей жап-жарқын
 көңілі де кең ғой шешейдің» деді.

255-бөлім

3787. Tendeče Čingis-qayan ükülerün: «Žoči-yi yekin teyin ke⁸emüi ta
 3788. kö⁸üd-ün min-ü aqa Žoči ülü-ü bui. Qoina teyin bü ke⁸etkün»
 3789. ke⁸en žarlıq bolba. Ene üge-tür Čayatai mücilžežü ükülerün:
 3790. «Žoči-in küčütü-i erdem-ün qarı⁷u ülü ügülen Amaqar alaysan
 3791. Aci⁷asu ülü boli Ügeker ükü⁸ülüksen Übči⁸esü ülü boli Kö⁸üd-ün
 3792. aqa Žoči ba qoyar bui že. Qan-ečike-de Qolbaran kücü öksü
 3793. Daldariqsan-ıyan Dalbaru čabčildusu Qožidaysan-ıyan borbin-ıyan
 3794. Qınyuru čabčildusu Ögödei-lü örük bui Ögödei-i ke⁸eldüye
 3795. Ögödei Qan-ečike dergede ažu Bara⁷a jeke maqalai-in
 3796. Ba⁷uliya tani⁷ulu⁷asu bolu že» ke⁸ebe. Ene üge-tür Čingis-qayan
 3797. ükülerün: «Žoči ya⁷u ke⁸emü kelele» ke⁸ebe. Žoči ükülerün: «Čayatai-lu
 3798. ügülebe Čayatai ba qoyar Qolbaqaran kücü öksü Ögödei-i
 3799. ke⁸eldüye» ke⁸ebe. Čingis-qayan žarlıq bolurun: «Qolbaqaratala
 ya⁷un bui

3800. Ötügen Eke a'ui bui Möret-usut olon bui Salyu šitu nuntuq a'ut kin Qari
 3801. daru'ulun salyaya ke^eet Žoči, Čayatai qoyar Üges-tür-iyen
 3802. kürülčetkün Irgen-e bü ine^eegülütkün Haran-a bü qabqari'ulutqun
 3803. Erte Altan, Qučar qoyar Ene metü üge baraldužu Žiči üges-tür-iyen
 3804. ülü kürgü-in tula Ker kikedelüküi Janbar bolyaqdaluqai.
 3805. Edü^e Altan, Qučar qoyar-un uru'ud-ača Tan-luya salyalduya
 3806. Teden-i üzežü, Jayu osoldaqun ta» ke^eet «Ögödei, ya'yu kegemü kelele»
 3807. ke^eebe. Ögödei ükülerün: «Qayan ečege soyurqažu Ügüle
 ke^eekde^eesü
 3808. Jan-ban ügüle^eü bi. Ülü čidaqu ke^een ker ügüle^eü. Čidaqui-bar
 3809. Qata'učisuqai-gu ke^eemü že. Möna qoyina maqa Uruq-tur
 3810. min-ü Öleñ⁷-tür quči'asu Hüker-e ülü idekde^eü E^eükün-tür quči'asu
 3811. Noqay-a ülü idekde^eü töregesü Qandayai ketüs Qulayana
 3812. söres aldaquyu-u Edüi-yü^een lü ke^eemü Busu ya'yu ügüle^eü
 3813. bi» ke^eebe. Ene üge-tür Čingis-qayan žarliq bolurun: «Ögödei
 3814. eyimün üges ügüle^eü bö^eesü, bolu že» kegebe. Basa: «Tolui, ya'yu e^eemü
 3815. kelele» ke^eebe. Tolui ükülerün: «Bi Qayan-Ečike-in nereyidüksen
 3816. Aqa-yuan dergede ažu Umartaysan-i duratqažu Untaraysan-i
 3817. seri^eülzü Že-yin nökör Žekerde-in mina'a bolžu Že-deče ülü
 3818. qožidan Žerge-deče ülü čolaitan Urtu ča'ur ča'uražu Oqor
 3819. bulqa bulqažu öksü» ke^een ügüle^eesü Čingis-qayan žöbši^een žarliq
 3820. bolurun: «Qasar-un uruq niken-iyen mede^eül Alčidain uruq niken-iyen
 3821. mede^eül Otčiyin-nu uruq niken-iyen mede^eül Belgütei-in uruq
 3822. niken-iyen mede^eül Teyin setkižü, min-ü uruγ+i Niken-i mede^eülžu
 3823. Min-ü žarliq, busu ülü bolyan Ese hutaru'asu Ülü endekün
 3824. Ülü aldaqun ta Ögödei-in uruγ-i Öleñ-tur quči'asu Hüker-e
 3825. ülü idekde^eü E^eükün-tür quči'asu Noqay-a ülü idekde^eü tore^eesü
 3826. min-ü uruq-tur niken-ügü sain ülü tore^eü ažu'u» ke^een žarliq bolu'at

Содан Шыңғыс қаған:

«Жошыға қалайша солай дейсіңдер. Ұлдарым, сендердің ағаларың Жошы емес пе. Бұдан былай өйтіп айтпаңдар!» деп жарлық етті.

Осы сөзге Шағатай мысқылдап:

«Жошының күш-қуатын, білімін айтпай ақ

ауызбен айтсақ, ат

артып тиюге келмейді,

сөзбен сөйлесек те

сыдырып терісін алуға келмейді.

Ұлдардың ағасы Жошы және мен,

хан әкемізге қосылып

қамтыла күш берейік,
 айнып кетсек аямай
 басын шауып жіберейік,
 кешігіп қалсақ аямай
 аяқ санын шауып тастайық,
 Өгөдей өр мінезді кең ғой,
 Өгөдей болсын дейік. Өгөдей хан әкеміздің қасында жүріп
 ұлық биліктің бас-аяғын таныса болғаны» деді. Бұл сөзге Шыңғыс
 қаған:

«Жошы, не дерсің, айт» деді. Жошы:

«Шағатай бәрін айтты. Шағатай екеуіміз бірігіп, күш қосып
 жүрейік. Өгөдей болсын дейік» депті. Шыңғыс қаған жарлық етіп:

«Қамтыла жүрмек не болар,

Өтүкен ана кең ғой

су өзен көп қой

бар жерді ұлғайтып

жат елді басқарып жүрейік» деп «Жошы, Шағатай, екеуің
 айтқандарыңды орындаңдар!

Ел-жұртқа күлкі болмаңдар,

кісі-қараға өсек болмаңдар,

ерте кезде Алтын, Құчар екеуі осы секілді сөзге бекісіп, дегені-
 не жетпей не болғаны аян ғой. Ендеше Алтын, Құчар екеуінің
 ұрпақтарынан сен екеуіңе бөліп берейін. Соларды көріп жүрсеңдер
 ағаттық болмас» деп «Өгөдей, сен не дерсің, айт» деді. Өгөдей:

«Қаған әке бұйырып, айт деген соң не дермін. Шыдай алмай-
 мын деп қалай айтамын. Шама келгенше бекінейін демекпін.
 Бұдан кейін де ұрпағым менің

өлең көп болса,

сиыр жемес,

май көп болса,

ит жеместей туса,

бұлан тұрмақ

тышқаннан да айырылып қалар!

Енді не дейін. Өзге нені айтайын!» деді.

Осы сөзге Шыңғыс қаған жарлық етіп:

«Өгөдей, мұндай сөз айтқандықтан жарайсың, иә» деді.

Тағы «Тұлұй, не дерсің, айт» деді. Тұлұй:

«Мен қаған әкемнің айтқан ағамның қасында болып
 ұмытқанын ескертіп,

өшкендерін сергітіп,
жә дегеннің жолдасы
жиреннің қамшысы болып,
жә дегеннен кешікпей,
қатардан қалыспай
ұзақ жорыққа жүріп,

жақын соғысқа қатысып берейін» десе Шыңғыс қаған мақұлдап жарлық етті:

«Қасардың ұрпағын бірі ғана билесін! Алчыдайдың ұрпағын бірі ғана билесін! Оттегіннің ұрпағын бірі ғана билесін! Белгүтейдің ұрпағын бірі ғана билесін! Сол жосықпен менің ұрпағымды бірі ғана билесін, менің жарлығымды өзгертпей, мүлтіксіз орындасаңдар ағат баспайсыңдар, қате жүрмейсіңдер сендер!

Өгөдейдің ұрпағында
Өлең көп берсе, сиыр жемес,
Майды көп берсе, ит жемес
ұрпақ туса,
менің ұрпақтарымнан

бір мықты тумайды дейсіңдер ме!» деп жарлық етіпті.

256-бөлім

3827. Čingis-qayan morilarun Taγyut-irkin-ü Bur qan-tur elčin
3828. ilerün: «Bara'un qar čin-u bolsu ke^eelü^eei či Sarta'ul-irkin-i altan
3829. arγamži-ben tasuldažu olulčan morilaba bi. Bara'un qar bolun
3830. morila» ke^eežü ile^eesü Burqan-ni doŋqaduyai üdü^eüye urida
3831. Aša-Gambu ükülerün: «Küčü yadan bö^eedele qan boltala ya'un»
3832. ke^eežü čerik ülü nemen yeke üge ügüležü iležü^eüi. Tende Čingis-
3833. qayan ükülerün: «Aša-Gambu-de ker eyin ügülekden büle^eei»
3834. ke^een: «Aγača an-dur bö^eed kelbes žorižu ire^eesü ya'u berketü
3835. büle^eei. Ökere maqa kü^eün-tür žorižu бүкүй-түр же тели Мөңке
3836. Теңгеи-de ihe^eekde^eesü altan žilu'a batuda tatažu ire^eesü tende
3837. maγa boltuyai, teli» ke^eežü

Шыңғыс қаған аттанарда Таңғұт елінің Бұр ханына елші жіберіп: «Оң қол қанат болсам деуші едің сен, Сартағұл елінде алтын арқанымды үздіріп аттанып барамын. Оң қол қанат болып аттан» деп жеткізсе, Бұр хан сөйлемей жатып Аша Ғамбү:

«Күші жетпей жүріп неге хан болған» деп әскер қоспай, асыптасып сөйлеп жіберіпті. Сонда Шыңғыс қаған:

«Аша Ғамбұ қалайша осылай сөйлейді» деп «Амалдап оларға қырындап жорық жасасақ несі қиын еді. Басқа адамға жорытып бара жатқандықтан, әй тәйірі, Мәңгілік Тәңірі жарылқаса, алтын тізгінді берік етіп тартып келсек сірә, сонда көрейік, оларды» депті.

257-бөлім

3838. Та^γulai žil⁸ Sarta^γul-irkin-tür Arai-iyar daban morilarun Čingis
 3839. qayan qatun-ača Qulan-qatun-i abun ayalarun, de⁸üner-eče
 3840. Otčiyin-noyan-i Jeke A^γuruq-tur tušizu morilaba. Žebe-i
 3841. mañlai ilebe. Žebe-in kežige Sübegetei-i ilebe. Sübegetei-in
 3842. gežige Toqučar-i ilebe. Ede qurban-i ilerün: «Qada^γun otču
 sultan⁹-u
 3843. činana qarču bidan-i kürge⁸ülün qansatqun» ke⁸ežü ilebe.
 3844. Žebe tere otču Qan-Melik¹⁰-ün balaqat daqarižu ülü könden qada^γun
 3845. nökcizü⁸ü. Te⁸ün-ü qoyinača Sübe⁸etei mün yosuqar ülü könden
 3846. nökcizü⁸ü. Te⁸ün-ü qoyinača Toqučar Qan-Melik-ün qiziqar balaqat
 3847. qa^γulžu tariyažin-i inu da^γulizu^γui. Qan-Melik, balaqadiyan
 3848. qa^γulda^γa ke⁸en dayižin ködölžü
 3849. Žalaldin-Soltan¹¹, Qan-Melik qoyar Čingis-qayan-u
 3850. esergü morilažu^γui. Čingis-qayan-u urida Šiki-Qutuqu mañlai
 3851. yabužu^γui. Šiki-Qutuqu-lu^γa bayildužu Žalaldin-
 3852. Soltan, Qan-Melik qoyar Šiki-Qutuqu-i daružu Čingis-qayan-tur
 3853. kürtele daružu ayisuqu-tur Žebe, Sübegetei, Toqučar qurban
 3854. Žalaldin-Soltan, Qan-Melik qoyar-un qoyinača orožu žiči an-i daružu
 3855. qidu^γat Buqar¹², Semisgab¹³, Otirar¹⁴ balaqasun-tur an-i ülü neyile⁸ülün
 3856. daružu Šin-müren¹⁵-e kürtele hüldežü yabuydarun Šin-
 3857. müren-tür čübtüscü oroqun bolun olon Sarta^γul-iyar tende Šin
 3858. müren-tür sü⁸ebe že. Žalaldin-Soltan, Qan-Melik qoyar ami-yan
 3859. qoro^γun Šin-müren ö⁸ede tuta^γaba. Čingis-qayan Šin-müren
 3860. ögede yorčižu Batkesen¹⁶-i da^γulizu otču, Eke-qoroqan, Ge⁸ün-qoroqan
 3861. kürcü Baru^γan-kekeri ba^γužu, Žalayirtai Bala-yi Žalaldin-
 3862. -Soltan, Qan-Melik qoyar-i neke⁸ülün iležü Žebe Sübe⁸etei qoyari maši
 3863. soyurqažu: «Žebe, či žirqoyadai neretü büle⁸e. Tayiču^γud-ača
 3864. irežü «Žebe» bolba že či. Toqučar-i Qan-Melik-ün qižaqar balaqat
 3865. ökerün duraqar qa^γulžu Qan-Melik-i daiži^γulba, žasay bolyan
 3866. mököri⁸ülüya» ke⁸en baražu žiči ülü mököri⁸ülün maši duñqatču
 3867. čerik mede⁸ü-eče ere⁸ülžu ba^γulba.

Қоян жылы (1219 жылы) Сартағұл еліне Араймен асып аттанып Шыңғыс қаған қатұннан Құлан қатұнды алып жүрерде інілерден Отчығын ноянды Иеке Ағұрұққа тағайындап кетеді. Жебені

маңдай алды етіп жіберді. Жебенің артынан Сүбегетейді жіберді. Сүбегетейдің артынан Тоқұчарды жіберді. Осы үшеуін жіберерде:

«Сұлтан иелігінің сыртынан барып арғы жағына жетіп біз жеткенде қамтылыңдар» деп жіберді. Жебе Хан Мәліктің қалаларынан өтіп соқтықпай сыртынан айнала барыпты. Соның артынан Сүбегетей де дәл солай жасап барыпты. Соның артынан Тоқұчар Хан Мәлік иелігінің шетіндегі қалаларға шабуылдап егіншілерді бағындырыпты. Хан Мәлік қалаларына шабуыл жасалды деп қашып шегініп, Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік екеуі Шыңғыс қағанға қарсы аттаныпты. Шыңғыс қаған әуелі Шікі-Құтқұны маңдай алды етіп жіберді. Шікі-Құтқұ маңдай алды болып барып Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік екеуінен жеңіліп Шыңғыс қағанға дейін соғысып келгенде Жебе, Сүбегетей, Тоқұчар үшеуі Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік екеуінің артынан шабуылдап, оларды қырып салып Бұқар (Бұхара), Семізқап (Самарқанд), Отырар қалаларында оларды біріктірмей басып алып, Шін өзеніне дейін қуалап жеткенде олар өзен кешпекші болып қалың сартағұл сонда суға кетіп өліпті. Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік екеуі бас сауғалап Шін өзенінің басына қарай қашыпты. Шыңғыс қаған Шін өзені басына қарай жортып Баткесенді (Бадахшанды) басып өтіп Бас бұлақ, Бие бұлаққа жетіп Барұған далада түсіп, онда Жалайыр Баланы Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік екеуін қуалатып жібереді. Жебе, Сүбегетей екеуін қатты сыйлап: «Жебе сен Жұрғадай (Алтыншы ұл) деген атты едің. Тайычығұттан келіп Жебе болдың ғой! Тоқұчарды «Хан Мәліктің шет жақтағы қалаларын өз қалауыңмен иемденіп басынып Хан Мәлікті қашырып жібердің, жаса орнатып басайық» деп келіскенімен ол оны орындай алмаған соң қатты ұрысып, әскер билігінен қайтарып босатты.

258-бөлім

3868. Tedüi Čingis-qayan Baru'an-keker-eče qarızu Žoči, Čayatai,
 3869. Ögödei qurban kö^süt-i bara'un qar-un čerigüd-iyer **Amui-müren**¹⁷
 3870. ketülžu Örüñgeči¹⁸ balaqasu ba'utqun ke^sen ilebe. Tolui-i Iru,
 3871. **Isebür**¹⁹ teri^süten olon balaqat ba'utqun ke^sen ilebe. Čingis-qayan
 3872. ö^sesün Otirar balaqasu ba'uba. Žoči, Čayatai, Ögödei qurban
 3873. kö^süt öcizü ilerün: «Čeri^süt man-u bü^sütbe. Örüñgeči balaqasu
 3874. kürbe. Ken-ü^sen ügeker yabuqun ba» ke^sen öcizü ile^sesü Čingis-
 3875. -qayan žarliq bolurun: «Ögödei-yü^sen ügeker yabutqun» ke^sežü ilebe.

Сөйтіп, Шыңғыс қаған Барұған даладан қайтып Жошы, Шағатай, Өгөдей үш ұлына: «Оң қол қанаттың әскерлерімен Амүй (Әмудария) өзенін кешіп Өрүңгечі (Үргеніш) қаласына түсіңдер» деп жіберді. Тұлұйға: «Иру (Ілү?), Ісебүр (Нишабур) секілді көп қалаларға түсіңдер» деп жіберді. Шыңғыс қаған өзі Отырар қаласына түсті. Жошы, Шағатай, Өгөдей үш ұлы өтініп:

«Әскерлеріміз толықты. Үргеніш қаласына жеттік. Кімнің сөзімен жүреміз біз» деп сұраса, Шыңғыс қаған жарлық етіп: «Өгөдейдің сөзімен жүріңдер» деп жіберіпті.

259-бөлім

3876. Tedüi Ćingis-qayan Otirar balaqasu oru'ulžu Otirar balaqasun-ača

3877. ködölzü, Semisgab balaqasu ba'uba. Semisgab

3878. balaqasun-ača ködölzü Buqar balaqasu ba'uba. Tende Ćingis-

3879. -qayan Bala-i külicen Altan-qoroqon-u niri'un soltan-u žusalañ

3880. žusažu Tolui-tur elčin ilebe: «Hon qala'un bolba. Busut čerigüt ba'ut že

3881. či bidan-tur neyile» ke^ežü ile^esü Tolui Iru, Isebür tan balaqat abču

3882. Sisten²⁰ balaqasu ebdežü Čuq-čeren²¹ balaqasu ebden бүкүй-түр

3883. elčin ene kelen күрге^esü Tolui Čuq-čeren balaqasu ebde^eet qarın ba'užu

3884. ire^eet Ćingis-qayan-tur neyilebe.

Сөйтіп, Шыңғыс қаған Отырар қаласын бағындырып, одан қозғалып Семізқап (Самарқанд) қаласына түсті. Семізқап (Самарқанд) қаласынан қозғалып Бұқар (Бұхара) қаласына түсті. Сонда Шыңғыс қаған Баланы күтіп жатып, Алтын бұлақтың жоны сұлтанның жайлауында жайлап Тұлұйға елші жіберді:

«Осы жылы ыстық болды. Басқа әскерлеріміз түсіп орналасыпты. Сен бізге келіп қосыл». Тұлұй Ірү, Ісебүр сынды қалаларды алып, Сістен (Систан) қаланы бұзып, Шұқчерен (Шукшаран) қаланы да бұзып соғысып жатқанда елшінің тіл хабары жетіп, Тұлұй Шұқчерен қаланы талқандап қайтып оралып, Шыңғыс қағанға келіп қосылды.

260-бөлім

3885. Žoči, Čayatai, Ögödei qurban kö^eüt Örüңgeči balaqasu oru'ulžu

3886. qurba'ula balaqat irkin qubiyaldužu Ćingis-qayan-a qubi ese

3887. qarğažu. Ede qurban kö^eüt ba'užu ire^esü Ćingis-qayan

3888. Žoči, Čayatai, Ögödei qurban kö^eüt-i čimatču qurban üdür ese

3889. a'ulža'ulba. Tende Bo'urču, Muqali, Šiki-Qutuqu qurban öcirün:
 3890. «Öčin melžen aqsat Sarta'ul-irkin-ü Soltan-i doroida'ulžu
 3891. balaqat irge an-u abu'ai bida. Qubiyazu abdaqı Örüñgeci balaqasun
 3892. qubiyaldužu abqun kö'süt bü'süde Čingis-qayan-u'ai bui. Tengeri
 3893. qazar-a kücü nemekdežu Sarta'ul-irkin-i edüi doroida'uluqsan-tur
 3894. ba olon ere aqta čin-u bayasču ma'aižu amui Qayan yekin
 3895. eyin kilinlažu amu. Kö'süt buru'uyan uqažu ayuba, že. Qoyiči-yu'an
 3896. surtuqai. Kögüt aburi-yan alqasa'užai Soyurqa'asu ayulža'ulu'asu
 3897. bolqu-yu» ke'sen öči'esü Čingis-qayan žaliražu Žoči, Čayatai, Ögödei
 3898. qurban kö'süt-i a'ulža'ulžu doñqudurun: Ötögüs üges Örkitcü
 3899. Qa'učin üges Qadalču Bayiqsan qazar-a Baqta aldatała Mañlai-in
 3900. kölesün Arčin yadatała badarkižu čimariyar süyüker
 3901. du'ulyan büküi-dur Qoñqai-qorči, Qoñtaqar-qorči, Čormaqañ-
 3902. qorči ede qurban qorčin Čingis-qayan-a öcirün: «Boro šiba'un
 3903. ba'uliya-tur sayi oroqu metü kö'süt sai edüi ayalan surun büküi-tür
 3904. kö'süt-i šintalun mene metü yekin eyin donyudumu. Kö'süt ayužu
 3905. setkil-iyen alyasa'užai. Naran šinge'sü-eče uryuqu-da kürtele dayin
 3906. irkin bui. Mani töbüt noqod-ıyan tükircü ile'sü dayin
 3907. irkin-i ba Tengeri qazar-a kücü nemekdežu altan, möngü, a'urasun
 3908. -tabar irkin uryan čimada abčirasuqai. Ali irkin ke'sü, ene
 3909. höröne **Baqtat irkin-ü Qalibai-soltan**²² ke'se'sü bui ke'emüi. Te'sün-tür
 3910. ba ayalasuqai» ke'sen öči'esü qayan soyurqažu ede üges-tur
 3911. žaliražu Čingis-qayan žöbšiyezü žarliq bolurun: «Qoñqai,
 3912. Qoñtaqar, Čormaqañ qurban qorčin-i soyurqažu Adarqidai
 3913. Qoñqai, Doluñyirdai Qoñtaqar qoyar-i «min-ü dergede atuqai»
 3914. Ötegedei Čormaqañ-i Baqtat-irkin-tür Qalibai-Soltan-tur ayala'ulba.

Жошы, Шағатай, Өгөдей үш ұлы Өрүңгеші (Үргеніш) қаланы бағындырып алып үшеуі қала, ел-жұртын бөлісіп алып, Шыңғыс қағанға үлес шығарып бермеді. Бұл үшеуі келіп түскен соң Шыңғыс қаған Жошы, Шағатай, Өгөдей үш ұлын қомсынып үш күн кездеспеді. Сонда Боғұрчү, Мұқалы, Шікі-Құтқұ үшеуі қағанға өтініп:

«Өшті кекті Сартағұл елінің сұлтанын талқандап, қалаларын жаулап алдық. Бөлісіп алар Өрүңгеші қаланы бөлісіп алған ұлдар Шыңғыс қағандікі ғой. Тәңірі Жердің күші қосылып Сартағұл елді бағындырып алып, біз қалың ел, жылқы сенікі деп қуанып шаттанып тұрмыз. Қаған ашуыңызды басыңыз! Ұлдар бұрыстықтарын ұқты ғой! Бұдан кейін сабақ болып үйренсін! Ұлдарыңның көңіл-мінезін қалдырмағай! Бұйырсаңыз кездессеңіз болар» деп сұраса, Шыңғыс қаған көнігіп Жошы, Шағатай, Өгөдей үш ұлымен кездесіп қатты ұрсып:

«Аталы сөздерді өрбітіп, ескі сөздерді ұштап, кірер тесік таппастай етіп маңдай тері ағып қысылғанша» бадырайтып тұрып ұрсып жатқанда Қоңқай қорчы, Қоңтақар қорчы, Чормақан қорчы үшеуі Шыңғыс қағанға өтініп:

«Боз құстарды аулауға
жаңа ғана бастап үйренген
балғын ұлдар ғой.

Ұлдарыңның жүрегін тайсалдырып, тойтарып, неліктен осылайша ұрсасың! Ұлдар қорқып үрейі ұшып кетер! Шығар күннен бастар күн аралығында жау ел-жұрт көп.

Біз сынды төбет иттеріңді айтақтатып жіберсең, жау елдің барлығын Тәңірі Жердің күші қосылып алтын, күміс, бұйым, ел-жұртты саған әкелейік! Қай ел десең осы батыста Бағдат елі, Қалыбай (Халифат, Насир Халиф) сұлтан деген бар дейді. Соған біз аттанайық» деп сұраса, қаған сыйлап осы сөздерге тоқтап, Шыңғыс қаған мақұлдай жарлық етті:

«Қоңқай, Қоңқатар, Чормақан үш садақшыға сый тарту етіп, Адарқыдайдың Қоңқай, Долұңғырдай Қоңқатар екеуін «Менің қасымда болыңдар» деп Өтегедей Чормақанын Бағдат еліне Қалыбай сұлтанға аттандырды.

261-бөлім

3915. Basa **Hindus-irkin**²³, Baqtat-irkin qoyar-un ža'ura **Aru, Maru, Madasari**²⁴

3916. irkin-ü Abtu balaqasun-tur Dörbetei Dörbei-Doqşin-i ayala'ulba.

Тағы Хиндус елі (Үндістан), Бағдат елі екеуінің аралығында Арұ (Герат?), Марұ (Мерв?), Мадасары елінің Абтұ қаласына Дөрбетей Дөрбей Доғшынды (Асау) аттандырды.

262-бөлім

3917. Basa Sübe'etei Ba'atur-i ümereşi Qaqlin, Qibča'ut , **Bažiyit**²⁵ ,

3918. **Orosut**²⁶ , **Mažarat**²⁷ , **Asut**²⁸ , **Sasut**²⁹ , **Serkesüt**³⁰ , **Kešmir**³¹ , **Bolar**³² , **Raral**³³ ede harban

3919. niken ayimaq qarın irkin-tür kürtele **Idil**³⁴ , **Žayaq**³⁵ usutan möret

3920. ketülün **Kiwa men**³⁶ , **Kermen**³⁷ balaqasun-tur kürtele Sübe'etei

3921. Ba'atur-i ayala'ulba.

Тағы Сүбегетей батырды солтүстікке Қаңлылар, Қыпшақтар, Башқұрттар, Орыстар, Мажарлар, Асулар (авар), Сасұлар (осетин), Серкестер (Шеркес), Кешмір, Болар (Бұлғар), Рарал (?) он

бір аймақ жат еліне жеткенше Еділ, Жайық су өзендерін кешіп Кіуа мен (Киев), Кермен қалаларына жеткенше Сүбегетей батырды аттандырды.

263-бөлім

3922. Basa Sarta⁷ul-irkin-i abun baražu Čingis-qayan žarlıq

3923. bolurun: «Balaqat balaqat-tur **daruqačın**³⁸ talbižu, Örüñgeči

3924. balaqasun-ača **Jalawači**³⁹, **Masqut**⁴⁰ nereten ečike kö⁸üt qoyar Qurumši

3925. obuytan Sarta⁷ul irežü balaqasun-u josu törö Čingis-qayan-a

3926. ügüležü, josun-tur adali meden kelelekdežü kö⁸üt-i inu Masqut Qurumši-i

3927. bidan-u daru⁷as-lu⁷a Buqar, **Semisgen**⁴¹, Ürüñgeči, **Udan**⁴², **Kisqar**⁴³

3928. **Uriyañ**⁴⁴, **Güseñ daril**⁴⁵ teri⁸üten balaqad-i mede⁸ülün tušizu ečike-i inü

3929. Jalawači-i abčiražu Qitad-un Žüñdü balaqasu mede⁸ülün

3930. abčiraba. **Sartaqtai**⁴⁶ kü⁸ün-neče Jalawači, Masqut qoyar-un balaqasunu

3931. törö yosun čidaqu-in tula Qitat-irkin-i mede⁸ülün daru⁷as-lu⁷a tušiba.

Тағы Сартағұл елін басып алып Шыңғыс қаған жарлық етіп:

«Қалаларға дарұғашын (басшы) қойып Өрүңгеші (Үргеніш) қаласынан Иалабачы, Масқұт деген әкелі-бабалы Құрұмшы рулы екі сартағұл Шыңғыс қағанға келіп қаланың жөн-жосығын айтыпты. Қаланың мән-жайын екеуі де білетін болғандықтан ұлы Масқұтты біздің қала басшыларымен Бұхара, Самарқанд, Үргеніш, Ұдан, Ұрыйаң, Гүсендарыл секілді қалаларды білуге тағайындап әкесі Иалабачыны әкелтіп Қытайдың Жүңдү қаласын білуге бұйырды. Иалабачы, Масқұт екеуі қаланың жөн-жосығын білетін болғандықтан Қытай елін басқартып, біздің басшыларды тағайындады.

264-бөлім

3932. Sartayul-irkin-tür dolo⁷an hot yabužu tende Žalayirtai Bala-i

3933. külicežü бүкүй-tür Bala Šin-müren-i ketülžu Žalaldin-Soltan, Qan-

3934. -Melik qoyar-i Hindus-un qazar-a күртеle nekežü Žalaldin-Soltan,

3935. Qan-Melik qoyar-i žabqazu Hindus-un qiziqar

3936. irkin-i da⁷uli⁷at olon teme⁸et, olon **serkes**⁴⁷-i

3937. abu⁷at irežü⁸üi. Tende Čingis-qayan qarizu ža⁷ura Erdiš-i žusažu

3938. doluduqar hon taqiya žil⁴⁸ namur Qara-Tün-e

3939. **ordos**⁴⁹-tur ba⁷uba.

Сартағұл еліне жеті жыл жүрген соң соңда Жалайыр Баланы күтіп жатқанда ол Шін өзенін кешіп өтіп Жалалдин сұлтан, Хан Мәлік

екеуін қуалай отырып, ол екеуінің ізін жоғалтып Үндістан шетіндегі елді жаулап алып көп түйе, көп ешкі алып келітті. Сонда Шыңғыс қаған қайтарда Ертіс өзенінде жайлап жетінші жылы — тауық жылы (1125 жыл) күзде Қара-Түн деген жерге Ордаларға келіп түсті.

Түсіндірмелер

¹ **qonin žil** — қонын жыл. Сөзбе-сөз: «қой жылы». 1211 жыл.

² **Žürčed** — Жүрчед. Сөзбе-сөз: «Жүрчіт». Қаз: шүршіт.

³ **Žüjüdü** — Жүңдү. Сөзбе-сөз: «үлкен астана». Қыт: «орталық астана» деп айтылады. Қазіргі Пекин қаласы.

⁴ **Güñzü** — гүнжү. Сөзбе-сөз: «ханшайым». Көне түрік бітік: qunču / / күңсүй > күнчүй, күнчүй — ханның қызы, ханшайым. Моң: güñzü > гүнж «ханшайым».

⁵ **noqai žil** — ноқай жыл. Сөзбе-сөз: «ит жылы». 1214 жыл.

⁶ **čuluʷul // čul ulžaʷura // čulʷul žaʷura** — зерттеушілер әртүрлі тұлғада қалпына келтірген. Қаз: «сыры, масқарасы біліну» деген мағынада болу керек.

⁷ **öleñ** — өлең. Сөзбе-сөз: «өлең». Моң: ölöñ > өлөн «аш, жарау», ölüñ > өлөн — «өлең (шөп)» (Базылан — МКТ, 1984. 386-б.).

⁸ **taʷulai žil** — таулай жыл. Сөзбе-сөз: «қоян жылы». 1219 жыл.

⁹ **sultan** — сұлтан. Сөзбе-сөз: «сұлтан». Мұсылман елдеріндегі билеушінің лауазымдық атағы. Арабша: sltan > sultan — «билік, әмірлік». Жәлел ад-Дин Сұлтанды айтып отыр.

¹⁰ **Qan-Melik** — Қан мелік. Сөзбе-сөз: «Хан Мәлік». Мұсылман елдеріндегі «сұлтан (хан), мәлік, әмір» деген лауазымдардың атауы. Арабша: mlk > malik — «билеуші, әмірші, патша». Мервті билеушінің өкілі Хан Мәлік.

Рашид ад-Дин бойынша: «После того Чингис-хан вместе с сыновьями и войсками проводил лето в предгорьях (дар пуштха) Таликана. В это время султан Джелал-ад-дин был в Газнине, к нему присоединился с сорока тысячами всадников Хан-мелик, который был наместником (вали) Мерва» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 220).

¹¹ **Žalaldin-Soltan** — Жалалдин-Солтан. Сөзбе-сөз: «Жәлел ад-Дин Сұлтан». Хорезм (Ирак, Хорасан, Ауғанстан, Мауераннахр («Түркістан») мемлекетінің билеушісі Хорезм шах Ала-ад-Дин Мұхаммедтің (1200—1220 жылдары билік еткен) ұлы Жәлел ад-Дин Сұлтан.

¹² **Buqar** — Бұқар. Сөзбе-сөз: «Бұхара». Қазіргі Өзбекстандағы Бұхара қаласы.

¹³ **Semisgab** — Семісғаб. Сөзбе-сөз: «Семізқап». Қазіргі Өзбекстандағы Самарқанд қаласы.

¹⁴ **Otirar // Otarar // Utirar // Udarar** — Отырар. Сөзбе-сөз: «Отырар». Қазақстан жеріндегі ежелгі Отырар қаласы.

¹⁵ **Šin-müren** — Шін мөрен. Сөзбе-сөз: «Шін өзені». Қазіргі Үндістан мен Пәкістан аралығындағы «Үнді // Сінді» өзені.

¹⁶ **Batkesen** — Баткесен. Сөзбе-сөз: «Баткесен».

¹⁷ **Amui-müren** — Амұй мүрен. Сөзбе-сөз: «Әму өзені». Әмудария өзені.

¹⁸ **Örüngeci** — Өрүңгечі. Сөзбе-сөз: «Үргенч». Қазіргі Өзбекстандағы Үргеніш қаласы. Рашид ад-Дин былай дейді: «Хорезм, — первоначальное имя которого Гурганч, а монголы его называют Ургенч...» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 214).

¹⁹ **Iru, Isebür** — Ірү, Ісебүр. Сөзбе-сөз: «Ірү, Ісебүр». Ирандағы Иру, Нишапур қалалары.

²⁰ **Sisten** — Сістен. Сөзбе-сөз: «Сістен», «Систан».

²¹ **Čuq-čeren** — Чұқ черен. Сөзбе-сөз: «Чұқчерен». Өзеннің аты. Рашид ад-Дин былай дейді: «По пути он (Тулуй) совершил набег на область **Кухистан**, переправился через реку **Чукчаран** и захватил город Херат и его области, оттуда присоединился к (войскам) Чингис-хана» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 219).

²² **Baqtat irkin-ü Qalibai-soltan** — Бақтат еркінү Қалыбай-Солтан. Сөзбе-сөз: «Бағдаттың Халифат сұлтаны».

²³ **Hindus-irgen** — Һіндүс-ірген. Сөзбе-сөз: «Хіндүс еркін елі». Қазіргі Үндістан мемлекетінің жері. Моң: Hindu+s «көптік жалғауы» > Hindus — Хіндүстер. Моң: «Энэтхэг» деп те атаған.

²⁴ **Aru, Maru, Madasari** — арү, марү, мадасары. Сөзбе-сөз: «Арү Марү Мадасары». «Арү» — Герат, «Марү» — Мерв қаласы деп қарастырылады. «Madasari» — белгісіз.

²⁵ **Bažiyt** — бажығыт. Сөзбе-сөз: «Бажықтар». *Bažiyt+t > Bažiyt — Башқұрттар. «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде **Bašqirt // Bašyirt** > башғырт (башқұрт) деп кездеседі (DLT, I. 28).

²⁶ **Orosut** — оросұт. Сөзбе-сөз: «орыстар».

²⁷ **Mažarat** — мажарат. Сөзбе-сөз: «мажарлар». Mažara+t > Mažarat — мажарлар. Қазіргі Һунгар // унгар // венгер — осылай аталған.

²⁸ **Asut** — асұт. Сөзбе-сөз: «асұлар // астар». Asu+t > Asut — «Аварлар, аландар, осетиндер» деп қарастырылады.

²⁹ **Sasut** — сасұт. Сөзбе-сөз: «сасұлар // састар». Sasu+t > Sasut. «Осетиндер» деп қарастырылады. «Сасұт» негізінен Кавказ халықтары армян, грузиндер болу керек.

³⁰ **Serkesüt** — серкесұт. Сөзбе-сөз: «серкестер». Serkes+üt > Serkesüt. Черкестер (қарашай, балқарлар мен адыгелер). Қазақтың кіші жүзі Байұлының құрамындағы тайпа да осылай «серкеш, шеркеш» деп аталады.

³¹ **Kešmir** — кешмір. Сөзбе-сөз: «Кешмір». Кешмір?

³² **Bolar** — болар. Сөзбе-сөз: «Болар». Еділ бойындағы бұлғарлар.

³³ **Raral ? // Kerel ?** — рарал ? // керел ? (келер). Екі тұлғада оқылып келеді. Рашид ад-Дин бойынша «Келар» (Рашид ад-Дин — СЛ, I—2. С. 67). (Raral — Iginčin — MNT, 1987. P. 259; Sayisiyal-Čingyis qaγan-u tobčiyān, 1987. P. 890; Raral-Lala — Цэрэнсодном — MNT, 2000. 175; керел — «король» — Шастина — АТ, 1973. С. 368).

³⁴ **Idil** — Іділ. Сөзбе-сөз: «Еділ». Қазіргі Еділ өзені.

³⁵ **Žayaq** — жайақ. Сөзбе-сөз: «Жайық». Қазіргі Жайық өзені.

³⁶ **Kiwa men** — кіуа мен. Сөзбе-сөз: «Кіуамен». Киев қаласы.

³⁷ **Kermen** — кермен. Сөзбе-сөз: «Кермен». Кермен (Керман) қаласы.

³⁸ **Daruqaçin** — даруқачын. Сөзбе-сөз: «басшы, бастық». Моң: *daruqa+çin* > *daruqaçin*. Жергілікті қаланы немесе белгілі бір ауданды басқарушы осылай аталған.

³⁹ **Yalawaçi** — Ялауачы. Сөзбе-сөз: «Ялабач». Адамның аты. Көне түрік бітік: *yalabaçi* > елші. «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде: *yalawaçi* // *yalabaçi* — 1) елші, 2) пайғамбар, қап *yalabaçiy boşudī* — «хан ялабачыны босатты» деген мағынада кездеседі (DLT, I. 66, III. 47, 266-б.). Рашид ад-Дин бойынша: «Все китайские владения каан поручил в управление **сахибу Махмуду Ялавачу**, а (области) от Бишбалыка и Кара-Ходжо, составляющих владение Уйгуристан, (от) Хотана, Кашгара, Алмалыка, Киялыка, Самарканда и Бухары (вплоть) до берегов Джейхуна — **Масуд-беку, сыну Ялавача**, а (области) от Хорасана до границ Рума и Диярбекра — **эмиру Куркузу**. Все налоги, которые они собирали со всех этих областей, они ежегодно доставляли в казну» (Рашид ад-Дин — СЛ, II. С. 64).

⁴⁰ **Masqut** — Масқұт. Сөзбе-сөз: «Масқұт». Ялабачының ұлы Масқұт // Масуд.

⁴¹ **Semisgen** — Семісген. Сөзбе-сөз: «Семісген» // **Semisgab** — Семісғаб. Қазіргі Өзбекстандағы Самарқанд қаласы.

⁴² **Udan** — Ұдан. Сөзбе-сөз: «Ұдан». Қотан.

⁴³ **Kisqar** — Кісқар. Сөзбе-сөз: «Қысқар». Қашғар.

⁴⁴ **Uriyañ** — Ұрыйың. Сөзбе-сөз: «Ұрыйаң». Яркенд?

⁴⁵ **Güseñdaril** — Гүсеңдарыл. Сөзбе-сөз: «Гүсеңдарыл». Рашид ад-Дин бойынша: «В пределах Хотана и Кашгара есть страна, называемая **Кусан**» (Рашид ад-Дин — СЛ, I-1. С. 133), «...в пределах страны Хотан и Кашгара, название которой **Кусегу-Чергешме**» (Рашид ад-Дин — СЛ, I-2. С. 134). (**Güseñ Tarim** — Irinçin — MNT, 1987. P. 260-261).

⁴⁶ **Sartaqtai** — сартақтай. Сөзбе-сөз: «сарттылы». Қаз: сарт секілді, сарт + тылы.

⁴⁷ **serkes** — серкес. Сөзбе-сөз: «Серкелер». Моң: *serke + s* > *serkes* — «үш жастан жоғары текелер, серкелер». Қаз: **серке** — бес-алты жастағы тарттырылған теке.

⁴⁸ **doloduqar hon taqiya žil** — долодуқар һон тақыйа жыл. Сөзбе-сөз: «жетінші жыл тауық жылы». 1125 жыл.

⁴⁹ **ordos** — ордос. Сөзбе-сөз: «ордалар». Моң: *ordo* (орда) + *s* (көптік жалғауы) > *ordos* — «ордалар». Көне түрік бітік: *ordu* > **орда** — «қағанның немесе ханның ордасы».

Он екінші дәптер

265-бөлім

3940. Tere übül übülžežü «Tañyut-irkin-tür morilaya» ke^{en} šini
3941. to^{ʔa} to^ʔulažu **noqai žil¹** namur Čingis-qayan Tañyut irkin-tür
3942. morilaba. Qatun-dača Jesüi-qatun-ni abču otba. Ža^ʔura übül
3943. **Arbuqa²**-in olon qulad-i abalaqasu Čingis-qayan žosotu
3944. boro-i unužu büle^e. Qulat daqarižu ire^eesü žosotu boro ürgüžü
3945. Čingis-qayan-ni morinača una^ʔasu mariya-ban maši ebetčü
3946. Čo^ʔurqat ba^ʔuba. Tere süni qonu^ʔasu manaqar Jesüi-qatun ükülerün:
3947. «Kö^{üt}, noyat keleleldütkün. Qayan süni mariya qala^ʔun
3948. qonuba» ke^eebe. Tende kö^{üt}, noyat qura^ʔasu Qoñqotadai Tolun-čerbi
3949. duratqan ükülerün: «Tañyut-irkin Nödüksen balaqasutan
3950. Nunži nuntuq tan bui Nödüksen balaqasu-ban Ügürçü ülü otqun tede
3951. Nunži nuntuy-iyan kežü Ülü otqun tede Bida içüžü Qayan-nu
mara^{ʔa}
3952. seri^üdü^eesü basa žiči morilat že bida» ke^eesü bürin kö^{üt}, noyat
3953. ene üge žöbši^ežü Čingis-qayan-a öči^eesü Čingis-qayan
